

11-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БАҒДАРЛЫ КУРСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тұрлығұл Т.Т. – п.ғ.д., профессор (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Осы «Хабаршының» тарих сериясына ұсынып отырған біздің мақаламыздың тарихи және ғылыми-әдістемелік сипаты бар. Сондықтан да оны біздің институттың тарихшылары мен педагогика, оқыту әдістемесі мамандары ғана емес басқа да пәндерден сабақ беретін профессор-оқытушылары да оқиды-ғой деп ойлаймыз. Өйткені мақаланың мақсаты орта мектептің 10 – 11-сыныптарына енді ғана ендірілген бағдарлы курстардың бағдарламаларымен, оқулықтарымен, оқу-әдістемелік кешендермен (ОӘК) таныстыру, олардың ерекшеліктерін ғылыми-әдістемелік тұрғыда ашып көрсету. Демек мақала, болашақ мектеп мұғалімдері-студенттердің де, олардың оқытушыларының да назарын аударуы тиіс. Тағы бір ескеретін жағдай, біз әңгіме еткелі отырған 2007-2008 оқу жылының қарсаңында баспадан шыққан оқулық пен ОӘК-дердің 9 авторының 6-ы өздерімізбен қызметтес әріптестеріміз.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес /1/ 2006 – 07 оқу жылынан бастап Жалпы білім беретін орта мектептің 10 – 11 сыныптары бағдарлы курстарға арналған бағдарламалар бойынша оқуға кірісті. 2006-2007 оқу жылында 10-сынып, келесі оқу жылында 11-сынып осы бағдарламалармен оқиды. Бұл қандай курс, сипаты, мазмұны мен құрылымы, мақсат-міндеттері қандай деген мәселелер түсінікті болу үшін өзіміздің мамандығымыз тарих пәніне тоқталайық.

Өткен оқу жылында негізгі мектепті (9-сыныпты) бітірген оқушылардың өз білімін мектепте жалғастырамын дегендері 10-сыныпқа ауысты. Олар негізгі мектепте тарихтан да, басқа пәндерден де аяқталған білім алғандықтан. Демек тарихтың екі пәні де: дүние жүзі және Қазақстан тарихын да ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін оқиды. Бұл пәндердің «Тарихтың» Мемлекеттік стандартындағы /2/ ресми аттары: «Қазіргі дүние жүзі» және «Қазақстан тарихының аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері» деп аталады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғалы ел азаматтарына Отан тарихын оқытып үйретуге ерекше мән беріліп отыр. Бұл маңызды істің бастаушысы да, үлгі көрсетушісі де ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өзі болып келеді. Ол іргелі еңбектеріне қоса жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздерінде де тарихтың маңызын баса көрсетіп отырады. Тарихты оқу деген «бұл тәуелсіз Қазақстанның азаматы ғасырлар тоғысында өзінің арғы-бергі тарихи жолын ой елегінен өткізіп, Кеше кім едік? Бүгін кіміз? Ертең кіміміз? Деген төңіректе ойласын деген сөз. Бұл - әрбір азамат туған елінің, туған халқының тарихы ешкімнен де олқы еместігін түсінсін деген сөз.

Бұл - әрбір азамат тарих қойнауына ойша тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары осындай кең-байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын деген сөз» - деп айтқан еді Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев /3/. («Ежелгі Қазақстан тарихы», 5-сыныпқа арналған оқулық. Алматы, 2005, 2-басылымы, 4-бет.)

«Қазақстан тарихының аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері» курсы тектен-тек осылай аталмаған. Оқушылар жаңа бағдарлама бойынша тарих пәнін 5-сыныптан бастап оқып, 9-сыныпты – негізгі мектепті бітіргенде Қазақстан тарихынан аяқталған білім алады, дәлірек айтқанда, Отан тарихын алғашқы адамдар пайда болған ежелгі дәуірден бастап, қазіргі кезеңге дейін оқып, меңгереді. Толық орта мектепті – он бір жылдықты бітірген оқушылар мектептің оқу жоспарындағы барлық пәндерден толық орта білім алуы тиіс және де сол пәндердің бірқатарынан

мектепте алған білімін жоғары, т.б. оқу орындарында, сондай-ақ өздігінше жалғастыра алғандай біліктер мен дағдыларды меңгеруі қажет. Оның үстіне Қазақстан тарихының ең ерте дәуірлері 5-7 сыныптарда оқылғандықтан, 4-5 жылдан кейін ертедегі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының аса маңызды мәселелерін оқушылардың ұмыта бастайтыны белгілі. Мұның өзі олардың Отан тарихынан алған білімін одан әрі үзіліссіз және жүйелі түрде жалғастыруға белгілі дәрежеде қиындық келтіреді. Оның үстіне жоғары оқу орындарына түскенде Қазақстан тарихынан емтихан тапсыратынын ескерсек, ұсынылып отырған курстың қаншалықты маңызды екені түсінікті болады.

Енді шәкіртерімізбен бірлесіп осы курстың 11-сыныбы үшін дайындалған бағдарламасын /4/, оқулығын /5/, әдістемелік нұсқауын /6/, дидактикалық материалын /7/ және хрестоматиясын /8/ таныстырайық.

Курстың бағдарламасына қысқаша сипаттама. Бағдарлама негізгі үш бөлімнен құралады. Түсініктемеден кейін базалық білім мазмұны берілген. Соңғы бөлім – оқушылардың білімі мен біліктілік дәрежесіне қойылатын талаптар.

Курстың аты айтып тұрғандай, ол Қазақстан тарихының аса маңызды кезеңдері мен маңызды ғылыми мәселелерін қамтиды. Мұнда оқушылардың мектепте өткен кейбір тақырыптары ғылыми жағынан күрделеніп, толықтырылып беріледі.

Сонымен қатар негізгі мектепте уақыт тапшылығынан көп қысқартылған немесе онда оқытылмаған тақырыптар мен мәселелер де кездеседі. Бұған ұлт-азаттық қозғалыстарының 1940-1980 жылдардағы оқиғалары жатады. Ал қазақ диаспорасының тарихы, Қазақстан коммунистік партиясы мен Қазақстан комсомолының (Жастар одағының) тарихы, Қазақ этнографиясы сияқты тақырыптар негізгі мектепке арналған тарих бағдарламаларына енген. Бұлар негізгі мектепке арналған оқулықтардағы басқа тақырыптар құрамында шағын мәселе ретінде ғана қарастырылады.

Бұл курс жарастылыстану-математикалық бағдарлы мектептің 10-11 сыныптарында 68 сағат көлемінде оқытылады. Екі сыныпқа да 34 сағаттан уақыт бөлінеді. 10-сыныпта, негізінен, курстың XVIII ғасырға дейінгі кезеңі қамтылады да, кейінгі үш ғасыр тарихындағы маңызды оқиғалар 11-сыныпта баяндалады.

Олар:

I. Қазақ халқының XVII-XX ғасырларда азаттық, тәуелсіздік жолындағы қаһармандық күресі;

II. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, мәдени жағдайы;

III. Қазақстан компартиясы мен комсомолы тарихынан;

IV. Қазақ диаспорасы;

V. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси партиялар мен ағымдар;

VI. Қазақстан халықтарының этнографиясы;

VII. Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңіндегі этно-демографиялық ахуал;

VIII. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы 1991 – 2006 жылдарда.

Бағдарламаның түсінік хатында оның төмендегідей ерекшеліктері баса көрсетіледі.

Курстың білімдік маңызы сонда, ол халқымыздың 400 жылға созылған азаттық, тәуелсіздік жолындағы күресін, осы күрестер салдарынан қазақ диаспорасының пайда болып, қалыптаса бастағанын, төрт ғасырға созылған ауыр да қаһармандық күресінің кезеңдік оқиғаларын, сондай-ақ олардың рухтандырушы, жігерлендіруші рөлі туралы жан-жақты баяндайды. Осы күрестің нәтижесінде қол жеткен тәуелсіздік жылдарында болған тамаша өзгерістермен таныстырады.

Курстың тәрбиелік маңызы сонда, туған елінің, оның халықтарының, өз ұлтының бақытты болашағы үшін бар күш-жігерін, білімін аямаған, өзінің жеке

мүддесінен халық, ұлт мүддесін жоғары қойған, қажет болса, жеке басының құрбан болуынан қорықпаған халқымыздың біртуар жүздеген қаһарман ұл-қыздарының өмірі мен тарихи қызметі оқушылардың көз алдынан өтеді. Осының бәрі оқушыларды отаншылдыққа, жоғары адамгершілікке тәрбиелейді.

Курстың шәкірттердің таным, ойлау қызметін дамытушылық мүмкіндігі сонда, оның мазмұнында баяндалатын тарихтың түрлі қырлары: бейбіт халыққа жасалған басқыншылық шабуыл, басқа елді отарлық, құлдық жағдайда ұстау үшін жүргізілген соғыстар, миллиондаған халықты ашаршылыққа соқтырып, қырғынға ұшырату, атамекенінен үдере көшіп, азып-тозу, босқынға айналу, тәуелсіздік, оған жетудің барлық салаларында болып жатқан аса маңызды өзгерістер тағы басқа тарихта ерекше орны бар оқиғалар мен құбылыстар оларды ойландырады, олардың себептерін, тығырықтан шығу жолдарын іздейді. Оқушылар өткен мен қазіргіні салыстыруға, олардың ұқсастықтары мен айырмашлықтарын табуға, жоғарыдағыдай оқиғаларға тарихтан, өмірден мысалдар келтіруге жаттығады. Келеңсіз және жағымды өзгерістерді өздігінше талдауға, баға беруге, тағы да басқаларға дағдыланады.

Осы мақаланың келесі беттерінде біз курсты оқытудың әдістемелік мәселелеріне қысқаша тоқталамыз. Бірақ сол әдістемелік мәселелер қайткенде толық жүзеге асады, қалай еткенде оқушыларға Қазақстан тарихынан терең, сапалы білім береміз, ата тарихымыздың асыл мұраларын қайткенде шәкірттер санасына берік қалыптастырамыз деген сұрақ алдымыздан көлденең тұрады? Бұған – бұл міндетті жақсы тарихшы мұғалім ғана орындайды – деп жауап беруге болады.

11-сыныпта Қазақстан тарихынан сабақ беретін жақсы мұғалімнің бейнесін былайша елестетуге болады. Сыныптағы барлық оқушының жүрегіне жол табу, ол үшін өз Отанының тарихын барынша құрметтейтінін, оны терең де, жан-жақты білу үшін бар күш-жігерінді жұмсайтынынды, осы курстың мазмұнын шәкірттеріңе терең де, берік меңгерту үшін өз міндетіңе үлкен жауапкершілікпен қарап, еңбеккерлікпен қызмет ететінін, шәкірттеріңе терең білім беруге әдіскерлік өнерінді үнемі асқан шеберлікпен қолданатынынды шәкірттерің күн сайын байқап, сезіп отырса, мұндай ұстазды да, ол сабақ беретін пәнді де оқушылар құрметтейді.

Шәкірттер ұстаздың қамқоршы, әділ талапшыл, жан-жақты білімді, сабақты түсінікті де тартымды, сезімге әсер ететіндей етіп қызғылықты баяндағанын қалайды. Өзін шәкірттермен тең ұстайтын, өздерімен еркін, ашық пікір алысатын, керек кезінде ақыл-кеңес бере алатын т.б. тамаша адамгершілік қасиеттері бар мұғалімді оқушылар сыйлайды, құрметтейді, оның тапсырмаларын барынша дер кезінде, ұқыпты орындауға күш салады.

Жаңа оқулықтың ерекшеліктері. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған бұл оқулықтың ерекшеліктері мыналар:

1. Бағдарлама бойынша осы сыныпта Қазақстан тарихын оқытуға 34 сағат берілген, ал оқулықтың көлемі 14 баспа табақ.

Негізгі мәтін оқулықта жетекші орын алады. Ол дидактикалық, әдістемелік жағынан барынша ойластырылып, жүйелі жазылған. Қосымша мәтінге тарихи және басқа да құжаттар, көркем шығармалардан, естеліктерден, ғылыми көпшілік әдебиеттерден алынған үзінділер ендірілді. Бұл мәтіннің құрамында жеке қайраткерлер туралы өмірбаяндық, сондай-ақ ғылымтанушылық материалдар да кездеседі. Мұның да өзіндік себебі бар. Осы курс бойынша дайындалған хрестоматияда нақты тарихи құжаттардан гөрі жеке тарихи оқиға мен тарихи қайраткерлер туралы сипаттамалық материалдар басым. Оқулық авторлары оған қосымша материал іріктегенде осы жағдайды ескерді.

2. Оқулықтағы 34 параграфтың әрқайсысы бір сабаққа лайықталған, 2 – 3 сабақты қайталауға қалдыру қажеттігін ескерсек, негізгі мәтіннің өзіне уақыт жеткізу қиындығы туады. Осыған байланысты мынадай әдістемелік ұсыныстарды ескерген дұрыс. Біріншіден, жоғары сынып оқушыларының білім көлемі мен дайындық дәрежесінің жақсы екендігін, екіншіден, педагогикалық технологияларды тиімді пайдалана отырып, оқытудың ұйымдастыру формалары мен әдіс-тәсілдерінің ең нәтижелілерін пайдаланған дұрыс. Мәселен, дұрыс ұйымдастырылған бір мектептік семинарда 2 сабақ материалын өтуге болады. Немесе көлемді тақырыпты 7-8 сабақ етіп өтпей-ақ, блоктық тақырыптық жүйемен 5-6 сабақта да өте аламыз. Осылайша оқулықтың негізгі мәтінін пайдалануға шығармашылықпен қарап, негізгі мәтінді толық өтуге де, қайталау сабақтарына да уақыт табуға болады.

3. Ұстаздар оқулықта келтірілген қосымша мәтіндерді де, безендіру құралдарын (суреттер, карталар) да, әрбір параграф пен тақырыпқа қосымша берілген материалдар бойынша қойылатын сұрақтарды да оқыту процесінде үнемі пайдалану жолдарын қарастырғаны дұрыс. Қосымша материалдың молдығы және сипатының түрліше болуы олардың бірқатарымен оқушылардың сабақ үстінде, сабақтан тыс уақытта да өздігінше жұмыс орындауына мүмкіндік береді.

4. Оқулық авторлары мектеп оқулықтарына қойылатын талаптарды мүмкіндігінше ескеріп отырды. Соның бірі – оқулыққа берілген кіріспе. Ол оқушыларды оқулықтың мазмұнымен, оның түрлі ерекшеліктерімен және де оны оқып-меңгеру жолдарымен таныстырады. Бірқатар тақырыптардың бас жағында сол тақырыптарға да кіріспе берілген. Оларда сол тақырыптың негізгі мазмұны, оқушылардың көңіл аударатын мәселелері, кейбір оқиға туралы балама көзқарастар, осы тақырыптың зерттелу жайы баяндалады.

5. *Оқулыққа қоса беріліп отырған оқу-әдістемелік кешен туралы.* Тарих бағдарламасындағы оқушылардың біліміне, тәрбиелілігіне, таным қызметінің дамуына қойылатын талаптарды ойдағыдай орындау үшін оқулыққа қоса оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК) болуы қажет. 11-сынып үшін де тарихтан оқулыққа қоса үш-үштен қосымша құрал дайындалды. Олар:

Әдістемелік нұсқау. Бұл құралдың құрылымы мен мазмұны бұрынғылардан өзгешелеу.

Алғашқы «Кіріспе» бөлімнің бірінші тақырыпшасында осы курстың мазмұны мен білімдік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттері қысқаша ашылып көрсетіледі. «Кіріспенің» осыдан кейінгі негізгі тақырыбы «Курсты оқытудың өзекті ғылыми әдістемелік мәселелері» деп аталады. Осы тақырыптың құрамында беріліп отырған тақырыпшаларда осы курсты оқудың ең өзекті мәселелері – Қазақстан тарихын оқытудың әдіснамалық мәселелерінен, жаңа оқулықпен оған қоса беріліп отырған оқу-әдістемелік құралдарды пайдалануға дейінгі маңызды оқыту процесінің, оқыту формалары мен әдістерін пайдаланудың тиімді жолдары баяндалады. Осы нұсқаулар мен ұсыныстар мұғалімдерде шығармашылық шабыт туғызуы тиіс, олардың әдістемелік идеяларын, жобаларын жетілдіруге, ұштай түсуге себін тигізеді. Сол әдістемелік ұсыныстармен мұқият танысқаннан кейін кейбір ұстаз сабақ жоспарын, оларды ұйымдастыру жобаларын шығармашылықпен ойланып басқаша жасауы мүмкін. Осындай жағдайларды ескере отырып, авторлар оқулықтағы сегіз тарауды (тақырыпты) оқытудың тақырыптық-сабақтық үлгі жоспарларын түрлі нұсқалармен ұсынуды жөн көрді.

Бірінші тараудың алғашқы үш сабағын, тақырыпқа берілген кіріспені қоса үш сабақта өткен дұрыс және біз оларды дәстүрлі тарих сабақтарының типтерімен өткен тиімді деп есептейміз. Осы сабақтарда ұстаз шәкірттерімен жақынырақ танысады, оқытудың қандай формаларын, әдіс-тәсілдерін қолдайтындығын байқайды, білімі мен біліктілік деңгейлерін де аңғарады. Осыған орай біз үш сабақтың қысқартылған

сұлбалық жобасын ғана ұсынамыз. Сабақтың ішкі құрылымын жобалауды мұғалімнің шығармашылық шеберлігіне қалдырамыз.

Мұнан арғы сабақтардың үлгі жоспары түрліше.

Осы алғашқы тараудың қалған он сабағын блоктық-тақырыптық тәсілмен жоспарлап, 8-9 сағатта өтуге болады деп есептейміз. Ал 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс тақырыбын оқулықтың кіріспесінде және оқулықта сол тақырып туралы берілген нұсқауларға сәйкес өткен дұрыс. Бұл сабақтар туралы үлгі-жоспарда нақты ұсыныстар беріледі.

Оқулықтың екінші (§§14-17), үшінші (§§18-20) және төртінші (§§21-23) тараулары сабақтарының толық жоспарлары беріледі, бірақ ол жоспарлардың негізіне түрлі шығармашылық сұлбалар, тірек дабылдар, интерактивті әдістер сияқты оқытудың педагогикалық технологиялары алынған.

Бесінші (§§24, 25), алтыншы (§§6, 27) және сегізінші тараулары (§§30–34) сабақтарының толық үлгі жоспарлары ұсынылады. Оларда оқытудың дәстүрлі және дәстүрлі емес формалары мен әдіс-тәсілдері қатар пайдаланылады. Ал жетінші тараудың сабақтарын (§§28-29) мұғалімнің өздігінше шығармашылықпен өткізуіне қалдырдық.

Екінші қосымша құрал «Дидактикалық материал». Мұнда оқулықтағы барлық сабақтар бойынша оқушылардың өздігінше орындауына арналған түрлі сұрақтар мен тапсырмалар жинақталған. Олармен оқушылар мұғалім берген нұсқаулар негізінде сабақ үстінде, сабақтан тыс уақытта да өздігінше жұмыс істейді. Тапсырмалар сипаты түрліше: сөзжұмбақ, чайнворд, жеке қайраткерлер қызметіне баға беру, тақырыптар бойынша оқушылардың білімі мен біліктілігіне арналған сұрақтар, т.б.

Үшінші қосымша құрал – «Қазақстан тарихы хрестоматиясы». Оған негізінен 80-ге жуық тарихи құжаттар енгізілген. Оқулықтағы және хрестоматиядағы қосымша материалдың жалпы көлемі 17 баспа табақ шамасында. Бұл деректер тиімді пайдаланылған жағдайда оқу бағдарламасында көрсетілген кез келген негізгі мәселені жан-жақты әрі терең оқытып-үйретуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, оқулыққа қоса беріліп отырған үш құрал мұғалімдер мен оқушыларға нақты көмек беру мақсатын көздейді. Оларды барынша тиімді әрі шығармашылықпен пайдалану ұстаздардың әдіскерлік шеберлігін, оқушылардың білімі мен біліктілігін арттыруға лайықты үлес қосады.

Кейінгі жылдары халқымыздың, ұлтымыздың мәдениетін, тілі мен тарихын зерделуде, осы бағыттағы ұлттық құндылықтарды жинақтап, бүкіл жұртшылықтың игілігіне айналдыруда маңызды да ауқымды жұмыстар жүзеге асуда. Мысалы «Мәдени мұра» бағдарламасы мен Мемлекеттік тілді дамыту туралы құрылған Үкіметтік комиссияның қызмет нәтижелері аса маңызды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің қорытынды отырысында жасаған баяндамасында осы бағдарлама бойынша 2004-2006 жылдары жүзеге асқан қыруар жұмыс нәтижелерін бақайшағына дейін талдап берді. «Бағдарлама аясында, - деді Президент, - 218 аталым кітап шығарылды, олардың арасында тарих, археология, этнография бойынша бірегей сериялар, жаңа энциклопедиялық сөздіктер бар» /9/. Нұрсұлтан Әбішұлы мұнан арғы сөзінде, «Мәдени мұра» бағдарламасы өз жұмысын жалғастыра беретініне, әлі де тамаша құнды кітаптар өмірге келетініне назар аударып отырып, олардың барлық кітапханаларда болу қажеттігін және оны іске асыру жолдарын да көрсетіп берді. Студенттеріміз бен оқушы жастарымыздың мәдени мұра шығармалары мазмұнын терең білуі қажеттігіне назар аударып келіп, олардың жоғары және орта мектептің оқулықтары мен оқу бағдарламаларына енуі үшін жұмыс атқару айрықша маңызды. Бұл Білім және ғылым министрлігінің мәселесі – деп қадап айтты Елбасы.

Өз баяндамасын мынандай ойлы сөздермен аяқтаған Елбасының қорытындысы қай қазақты болса да тебірентеді:

«Ата бабаларының асыл сөзін жүз томға жинап, бастырып шығаратын ел – бақытты ел, бақуатты, болашағы кемел ел. *Қазақ елі* – сондай ел.

Әлем әдебиетіндегі әйгілі жүз кітапты емін-еркін, жатық етіп аударып, бар баяуымен, өзгеше өрнегімен төгілтіп түсіретін тіл – қуатты тіл, құнарлы тіл, құдыретті тіл. *Қазақ тілі* – сондай тіл» (бұл да, сонда).

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген, келешекте де баспадан шығатын ұлттық рухани құндылықтарымызды жоғары, орта оқу орындарындағы Қазақстан тарихы пәнінің, соның бірі біз әңгіме еткен курстың дәрістерінде, сабақтарында үнемі, әрі тиімді пайдалансақ, жастарымыз білімді, саналы, нағыз ұлт-елжанды азаматтар болып шығатынына күмән жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Респбликасы Білім және ғылым министрлігінің 18.10.2005 ж. №672 бұйрығы.
2. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. А., 2002; «Тарих» оқу пәні, 243 – 262 б.
3. Т.Тұрлығұл, Ж.Таймағанбетов, Б.Адырбек. Ежелгі Қазақстан тарихы. 5. «Атамұра», 2005, 2-басылымы, 4-бет.
4. Бағдарламалар, Қазақстан тарихы, 10 – 11, Алматы, 2006.
5. Т.Тұрлығұл, С.Жолдасбайұлы, Л.Қожакеева. Қазақстан тарихы, 11. Жаратылыстану-математикалық бағытына арналған. «Мектеп», А., 2006.
6. Т. Тұрлығұл, Қ. Адамбосынов, М. Райымбекова. Қазақстан тарихы, әдістемелік нұсқау, жаратылыстану-математикалық бағытындағы 11-сынып мұғалімдеріне арналған. Алматы, 2006.
7. Р.Құсайынова. Қазақстан тарихы, дидактикалық материал, жаратылыстану-математикалық бағытындағы 11-сыныпқа арналған А., 2006.
8. Қазақстан тарихы, Хрестоматия, жаратылыстану-математикалық бағытындағы 11-сыныпқа арналған. Құрастырушылар: Қ.Ж. Адамбосынов, Р.Б. Ахметова. «Мектеп», Алматы, 2006.
9. Н.Назарбаев: «Мәдени мұра» - мемлекетің соны стратегиялық ұстанымы. // Ана тілі, Ақпанның 15-і – 21-і Ит жылы, 2007.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируются научно-методические особенности нового профильного курса по истории Казахстана для 11 класса.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жалпы білім беретін мектептің 11 сыныбына 2007-2008 оқу жылында жаңадан ендірілетін Қазақстан тарихының бағдарлы курсының ғылыми-әдістемелік ерекшеліктері талданады.

ЕРТЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИЕ ОТНОШЕНИЯ XVII-XVIII веков**

Айтказина М. М. - к.и.н., и.о.доцента (г. Алматы, КазГосЖенПИ)

Казахско-джунгарские отношения - одна из ключевых проблем в истории международных отношений Центральной Азии XVII-XVIII вв. Эти взаимоотношения надолго определили внешнеполитический климат в этом регионе и оказали воздействие на историческое развитие. Они сыграли немалую роль в период включения некоторых районов Казахстана в состав Российской империи. Составной частью этой большой проблемы были джунгаро-казахские войны.

В XVI-XVII веках часть калмыцких племен были вынуждены откочевать в Западную Сибирь, где в последствии было образовано Калмыцкое ханство. В процессе присоединения калмыцкого ханства к России калмыки с поддержки русских начали совершать постоянные набеги на казахские земли. Взаимные набеги и походы перешли в целенаправленные военные нападения с целью захвата добычи, пленных и подчинения приграничных улусов.

После продолжительных междоусобных распрей внутри ойратских племен победу одержали князья тайши из рода Чорос, что привело в последствии к образованию Джунгарского ханства на территории Западного Китая в 1635 году. После образования Джунгарского ханства ойраты активизировали свою внешнюю политику на западе. В русских документах имеется сообщение о войне ойратов с казахами зимой 1635 года.

В 1646 году джунгары совершили крупное вторжение в Казахстан. В боях было взято много пленных, в том числе брат Жангира с семьей. Через некоторое время был заключен мирный договор между джунгарами и казахами. В джунгаро-казахских отношениях принимали активное участие тяньшанские киргизы, которые находились в отрядах Жангира. Известны имена киргизских батыров - участников Орбулакской битвы - Котен, Табан.

После смерти Батур-хунтайджи в 1654 году джунгарским ханом стал его сын Сэнгэ. В 1658 году джунгары продвинулись до реки Талас. Во второй половине XVII века ойраты во главе с Галданом трижды вторгались на территорию Казахского ханства (1681, 1683, 1684 гг.).

На рубеже XVII-XVIII веков в состав Казахского ханства входили 32 города, находившихся в основном в районе Сыр-Дарьи. Эти города были важными торгово-экономическими и военно-стратегическими центрами. Если рассматривать их в аспекте военно-оборонительных возможностей, то наиболее укрепленными были столицы казахских ханов: Туркестан и Ташкент. А все остальные города имели слабо защищенные форпосты, поэтому джунгарские армии легко захватывали их после непродолжительной осады. Военная оккупация этих городов не приносила никаких экономических дивидендов Галдану. Примерно, в начале 90-х годов XVII века они снова отошли Казахскому ханству.

В конце XVII века международная обстановка в Центральной Азии изменилась. Цинская империя захватила Восточную Монголию, приблизилась к границам Джунгарского ханства и стала представлять реальную угрозу его существованию. Таким образом, с 1635 по 1697 годы джунгары предпринимали неоднократные попытки военного разгрома Казахского ханства и насильственного включения казахских кочевий. После смерти Галдана в 1697 г. к власти приходит Цеван-Рабдан (1697-1727гг.).

В 1702 году казахи совершили ответный удар по Джунгарии за нападение в 1698 году. Поход был неудачным и уже в 1703 году от Тауке-хана и Каип-султана был направлен посол для заключения мира. В 1708 году ойраты вновь вторгаются в земли Старшего жуза. Опасаясь разгрома и истребления, значительная часть казахов была вынуждена покинуть свои земли. В 1710 году в Каракумах прошел съезд казахов, на котором обсуждался вопрос об отношении с Джунгарией, было принято решение собрать обще-казахское войско во главе с батыром Богенбаем из рода Канжигалы. Достигнув единства и согласованности военных действий, казахским ополчениям удалось одержать ряд побед над джунгарами в 1711-1712 годах.

Осенью 1717 года казахи сделали упреждающий поход против джунгар под руководством Абулхаир-хана и Каип-хана количеством 30 тысяч воинов. Сражение произошло на реке Аягуз. Казахское войско встретил всего лишь тысячный отряд джунгаров, который выполнял роль заслона (основная задача данного отряда задержать продвижение противника до подхода главных сил ойратского войска). Бой продолжался в течение дня и закончился безрезультатно. Ночью джунгары, сделали деревянный вал и держали осаду два дня. На третий день прибыли основные силы противника. Джунгарские военачальники нанесли два внезапных удара одновременно: по боевому лагерю и по расположению казахского войска. Инициатива боя была в руках джунгар.

В начале 20-х годов XVII века военные действия против Манчжурии проходили неблагоприятно для джунгар, но смерть китайского богдыхана Канси в декабре 1722 году на время остановила уничтожение джунгар. Воспользовавшись этим, Джунгарское военное командование начало ускоренно перебрасывать свои войска на запад к восточным и юго-восточным рубежам Казахстана и внезапно напала в феврале-марте 1723 года на казахские кочевья Старшего и Среднего жузов. Ойраты воевали крупными группировками на огромном фронте от Иртыша до рек Чу и Таласа. Значительное количество казахов погибло во время преследования джунгар и переправ через полноводные реки Талас, Боролдай, Арысь, Чирчик, Сырдарью и др. Казахи Старшего и части Среднего жузов ушли в Самарканд и Бухару. Младший жуз бежал в Хиву.

Нашествие джунгар изменило геополитическую карту Казахстана, Средней Азии и южной окраины Российской империи. Бежавшие казахи-кочевники заволокли территорию Средней Азии. Младший жуз потеснил кочевья волжских калмыков, каракалпаков и башкир. Джунгарская агрессия в 1723-1725 годах вошла в историю казахов под названием “Ақтабан-Шубрынды”.

Причины поражения: раздробленность и разрозненность казахских ханств; не устойчивая военная организация, слабое вооружение по сравнению с джунгарами.

Опасность разрушения целостности Казахского ханства заставила представителей трех жузов собраться в 1726 году в местности Орда-Бас, расположенного неподалеку от города Туркестан. Военная угроза на время примирила внутренние междоусобицы, возродила общее согласие.

В 1727 году войска трех жузов разбили джунгаров в местности Кара-сыир на реке Буланты, вблизи реки Сары-Су.

Факторы:

~ в 1727 году умирает Цеван-Рабдан, что вызвало кровавую борьбу за власть между сыновьями;

~ с 1728 г. началась третья цинско-джунгарская война и главные военные силы джунгаров были направлены в Западную Монголию. Джунгары не могли воевать на два фронта.

Второе крупное казахско-джунгарское сражение произошло в 120 км к юго-востоку от озера Балхаш в 1729 году. Казахи одержали победу. После прекращения

войны с китайцами джунгары приблизительно в 1735 году вторглись на территорию старшего жуза. Казахские владельцы были вынуждены признать джунгарское господство. В мае 1741 г. война была завершена. Неоднократные попытки джунгар захватить средний жуз и уничтожить основные военные силы казахов не увенчались успехом. События 1739-1741 гг. – последние конфликты в джунгаро-казахских отношениях XVII-XVIII вв.

Смерть Галдан-Цэрена в сентябре 1745 года положила начало падению военно-политического могущества Джунгарского ханства. В 1755-1758 годах Джунгарское ханство было полностью разгромлено и уничтожено цинскими войсками, а казахские жузы стали присоединяться к Российской империи.

Таким образом, джунгаро-казахские военные конфликты оказали непосредственное влияние на военно-политическое положение в Центральной Азии, на соседние имперские державы - Цинский Китай и Российскую империю, что привело к утрате политической независимости двух больших кочевых народов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Моисеев В. А. Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII веков. Алматы, 1991.
2. Тынышпаев М. Великие бедствия. Алматы, 1992.
3. Кляшторный, Султанов Т. Казахстан - летопись трех тысячелетий. А., 1998.
4. Аль-Халел Карпык. Белая кость прошлого. Наши современники. Алматы, 1994.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о казахско-джунгарских отношениях 17-18 веков, которые стали причиной присоединения казахских территорий к Российской империи.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада 17-18 ғасырларда қазақ-жонғар ара-қатынастары туралы сараланады.

ӘОК 930.2: 81134

ҚАЗАҚ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ XVII-XVIII ҒАСЫРЛАРДЫҢ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЛЫПТАСУ АЙМАҒЫ

Қабылшаев Қ.И. - т.ғ.к., доцент,
Бегімбаева Р.Х. - аға оқытушы (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Кез келген халықтың шығу тарихы күрделі және ұзақ процесс, нәтижесінде олардың белгілі бір аумағында жалпы халықтың тұрақты ортақ тілі, қатынастары пайда болады, және этникалық өзіндік саналары және атаулары, жалпы материалдық және әлеуметтік мәдениеті қалыптасады. Қазақ халқы негізінен, бұрынғы тайпалардан пайда болып, республиканың қазіргі аумағында тұрады. Этникалық процестердің түп төркіні қола дәуірінің Андрон мәдениеті деген кезеңінен басталады. Егер сол бұрынғы дәуір ескерткіштеріне көз жіберетін болсақ, онда керамикалық ыдыстардың өрнектерінің, қазіргі қазақтардың айшықты өнерімен салыстырып, көптеген ұқсастықты аңғарамыз. Ертедегі темір дәуірінде Қазақстан аумағында сақ тайпалары өмір сүрді. Олар: массагеттер, дайлар, исседондар және басқалары. Бұл заманға сай К.А. Акишевтің Есік қорғанынан тапқан жауынгердің алтыннан әшекейленген киімі жатады, ол аң стилінде жасалған, бұнда ертедегі сақ қолөнершілерінің жоғары дәрежедегі өнерінің /1/ қазақтардың қазіргі өнерінде кейбір элементтері қолданылған.

Көптеген оқымыстылар ертедегі темір және қола дәуірінің тұрғындарын сақтарды, үйсіндерді, кангюлерді үнді иран тайпаларымен еуропалықтарға жатқызады /2/. Осы уақыттан бастап түріктердің сақ, үйсін, кантуй тайпаларымен интенсивті байланысы жүріп және түрік тілі басымырақ бола бастайды /3/. Түрік қағанатының құрылуынан кейін бұдан Батыс түрік қағанатының бөлінуі (603 жылы) тайпалардың интеграциясының бірігуі мен тайпалық бірлестіктердің пайда болуына әкеліп соқтырды.

Батыс түрік қағанаты Қаратаудың шығыс жотасынан Жоңғарияға дейін қоныс тепті, енді олар “он тайпаны” құра бастайды (он ок будун) /7/. Бұл мемлекеттің астанасы Шу аңғарындағы Суяб қаласы болды. Феодалдық құрылыстар орныға бастады, Батыс түрік қағанатының құлауынан кейін (704 жылы) оның орнына Түргеш қағанаты (VII ғ.), Қарлұқтар мемлекеті (IX, X ғасыр), Оғыз мемлекеті (IX-XI ғ.ғ.) және басқалары құрылды.

Қазақтардың этногенезінде қимақтар мен қыпшақтар (VIII-XI ғ.ғ.) үлкен роль атқарды /4/. XI ғасырдың аяғында Ертістен Волгаға дейінгі аралығындағы Қазақстанның кең көлемді аумағын Қыпшақ тайпалары алып жатты және бұл Шығыс деректерінде Дешті-Қыпшақ деп аталады (Қыпшақ жері). XI ғасырдың ортасына таман Қыпшақтар оңтүстік орыс далаларында пайда бола бастады. Қазақтардың генетикалық құрылымында басқа да тайпалар үлкен роль атқарды, мысалы, наймандар мен және керейлер олар қазақ халқының қалыптасуындағы ірі компоненттерді құра бастады /5/. Түрік тайпаларының халықтарға бірігу процесі моңғолдардың шабуылы кезеңінде жазыла бастады. Қазақстанның аумағы моңғолдардың үштік ұлысының құрамына кірді: маңызды бөлігі Жошы ұлысына, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс – Шағатай ұлысына, Жетісудың Солтүстік-Шығыс бөлігі – Үгедей ұлысының құрамына кірді.

Қазақ хандығының Шу өзені мен Талас аңғарында құрылуы қазақ халқының құрылуы мен оған туыстас тайпалардың бірігуінің бастамасы болды /6/. Қазақтардың этникалық территориясының қалыптасуы XVI-XVII ғасырлар аралығында жүзеге асты. Қазақтардың үш жүзі қалыптасты:

1) Ұлы жүз Жоңғар Алатауының тау беткейлерін алып жатты, Оңтүстігінде Балқаш көлінен және одан әрі Оңтүстік Шығысында Шу өзенінің сол жақ жағалауы мен сырдарияның жоғарғы ағысына дейінгі жерді алып жатты. Бұған мынадай тайпалар кірді: дулат, албан, жалайыр, шапырашты, суан, қаңлы, сіргелі, жанышқылы, ысты, ошақты, сары үйсін.

2) Орта жүз – Оңтүстік Тарбағатай жоталарынан Балқаш көлі – Сары су өзенінің жоғарғы ағысы – Қаратау тауларына дейін және Солтүстікте Оңтүстік Сібірге дейінгі аралықта қоныстанды. Бұған мынандай тайпалар кірді: арғын, найман, керей, қыпшақ, уақ және қоңырат.

3) Кіші жүз – Оңтүстік Сырдариядан Каспийдің Шығыс жағалауына дейін, Солтүстікте – Орал өзені, Тобыл, Енбі, Ырғызға дейінгі аралықты қамтыды. Кіші жүзге үш ірі тайпа кірді: Байұлы, Әлімұлы және Жетіру /7/.

Қазақтар үш жүзге бөлінсе де біртұтас мемлекеттік құрылыстары болмады, әрбір жүзде өздерінің хандары болды. Феодалдық билеуші топтар Шыңғысханның ұрпақтары болды. XVI-XVIII ғасырларда қазақ хандықтары бола бастады, олар сұлтандар тұқымынан болды, бірақ үкімет барлық қазақтарды біріктіре алмады. Қазақтардың рулас тайпа құрылысы Кеңестік кезеңге дейін сақталған.

Ұлы жүз қазақтары Жетісуда қыстап, жазда Алатау жоталары және Шу жағалаулары, Сырдарияның жоғарғы ағысында және басқа жерлерді иеленді. Шығыстағы қазақтар Ертістен Есіл далаларына дейін, кері Жайсан аңғарына дейін – Алтай таулары мен Тарбағатай аралықтарында көшіп қонып жүрді. Олар Ұлы жүзді құрайды.

Олар орта жүз тайпаларының ірі этнотерриториялық бірігуін құрады. Сырдария жағалауындағы қазақтар қауымдары Торғай, Ырғыздан Тобылға, Үстірттен Ұя өзенінен Обағанға дейін және одан әрі Орал, Елек, Есеті, Сақморы жағалауларындағы жайылымдарға көшіп қонып жүрді. Бұл тайпа топтары Кіші жүз құрамына кіреді /8/.

XVII ғасырдан бастап бөлінген мемлекеттер қазақ тайпаларының территория бөліктерін өздерінің пайдасына шешуге бағыттала бастады /9/. Қазан, Астрахань және Сібір хандықтары жойылғаннан кейін XVIII ғасырда орыс мемлекетінің шекарасы қазақ көшпенділерімен байланысты. Қазақстанның Шығыс шекараларында жоңғар патшалығының агрессиясы туа бастады /10/. Қазақтардың Орта Азиялық хандармен қарым-қатынастары бір-бірімен соғыс және олардың үздіксіз шабуылдарын тудырып отырды.

XX ғасырдың басында авторлар орыстардың жерді отарлауы туралы жазды, бұдан екі кезенді аңғаруға болады: мұнда ерікті отарлаушылардың пайда болуы және олардың билеуші топтардың ізіне түсуі. Отарлаушы шаруалардың, қылмыскерлердің, сектанттардың (көпшіліктен қол үзген адам) пайда болуынан құрылды. Біздің Солтүстік Шығыс және Оңтүстік Орал жақсы жерлер болып саналады. XVI, XVII, XVIII ғасырларда бұл жерлерге мыңдаған адамдар ағылып келіп жатты /11/. Осындай жасақтардың (ежелгі ресей патшасының әскері және әскери қызметкерлері) бірден-бір басшысы Ермак болды. М.Қ. Қозыбаев Ермак жасақтарының басқыншылық жорықтарын деректерге сүйене отырып ашты. XVIII ғасырдың басында патша өкіметі өз саясатын Қазақстанда жүзеге асыра бастады. Отаршылдық екі бағытта дамыды: Қазақстанның Батыс бөлігі (Кіші жүзде) Солтүстік және Шығыста (Орта жүз). Барлық осы бөліктерде казак әскерлері бекініс жүйесін құра бастады. Бекіністерде редуттарда, Алабужинскі отрядынан Елек өзеніне дейін Оренбург казактары әскери қызметтерін атқарды. Бұл жүйенің құрамы Оренбург деп аталды, ал қалған бөлігі Орал казак әскерлерінен тұрды /12/. Оренбург линиясынан Сібір казак әскерлерінің бекініс линиялары созылып жатты. XIX ғасырдың жетпісінші жылдары ол жөнінде Ф.Усов былай деп жазды: “Сибир казак тұрғындарының үзілместей шынжыры, Оренбург казак әскерлерінің шекарасынан басталып, Сібір поселкісі мен қоса батыстан шығысқа Омск қаласына дейін тікелей бағытталды. Солтүстік ендікте бұл Ишим, Пресногорьковский немесе Горький линиясы деп аталды. Сонымен қатар әскерлердің оң қанаты Омскіден Шығысқа географиялық ендіктегі алты градустағы ең үлкен өзенінің Оңтүстік жағалауына дейін созылып жатыр. Сібір әскеріндегі казак селоларының негізделуі XVIII ғасырдан бастап тұтас ғасырға созылды. Ертістегі бекіністің құрылуында орыс әскерлері жан-жағындағы байырғы тұрғын халықтарынан қарсыласушылықты кездестіріп отырды.

Жоңғарлардың қазақтардан күштеп тартып алған жерлеріне бригадир Бухгольктың 3 мың әскері орналастырылды. Кейін кешіректеу Семей, Өскемен бекіністері салынылды. Сібір линия аңғарларында көшпелі рулардың үлкен жер бөліктері тартып алынды. Ғасырлар бойғы көшпенділердің байырғы көші-қон жолы бұзылды.

Қазақ даласында жоңғарлардың пайда болуы XVII ғасырдан басында басталды. 1621 жылы казак отрядтары Ишим өзеніне бағыт алды, қайтарында казактар көпшілік қалмақ іздері туралы хабарлады, олардың әртүрлі бағыттарда далаларда жүргендігін байқады /13/. 1623 жылы Мотвей Годунов Черкасовтың басшылығымен елшілігін жоңғар билеушісі Толаймен байланысты орнатуға жіберді. Черкасов Толайдың казак ордасының жерінде жүргендігі туралы жеткізеді. 1637 жылы орыс елшісі Тайшаға жіберілді, ол кері қайтар жолда Ертістен Железинка өзеніне дейін көптеген қалмақ және олардың ұлыстарының жүргендігі туралы

хабарлайды. Қазақ жерлеріне жоңғарлар ене бастады. Әсіресе қазақтар үшін XVIII ғасырдың басы қиын кезең болды. Ш.Валиханов былай деп жазды: XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығында қырғыз халқының өміріндегі қиын кезең болды. Жоңғарлар, Солтүстік қалмақтары, Жайық казактары және башкирлер олардың ұлыстарын тонады, малдарын айдап және қырғыздарды тұтас отбасыларымен тұтқынға алды. Қақаған қыста аштық жайлады, кедейшілік көбейе түсті. Жоңғарлар жағынан 1723 жылы әсіресе керемет қақтығыс болды, ол қазақтарды кедейшілікке әкеп соқтырды. Қазақтардың Ұлы және Орта жүздері Сырдарияның төменгі ағысында Тобыл өзенінде, казак линияларына жақын поселкілерде көшіп қонып жүрді /14/.

Осы жылдары Ресей Жоңғариямен әскери шиеленіске түсе алмады, ол әлі қазақ даласында жеткілікті орнықпаған еді. Осы жағдайларда қазақтардың тек бірігуі ғана Жоңғар шапқыншылығына қарсы тұра алу еді. Бірігу барысында қазақтардың үш жүзі арасынан халық батырлары шыға бастады: Бөгенбай батыр, Тайлақбай батыр, Наурызбай батыр және басқалар. Өзінің ақылдылығы, батырлығымен Қаракерей руынан Қабанбай батыр шықты. Ол Аягөз өзенінің маңында туды. Осы заманында ол тек 31 жаста ғана болды. Оны батырлығы үшін дарабоз, батырлардың батыры деп, ал Абылай хан батыр деп атады. Оның беделі өте жоғары болды. Қабанбай батыр туралы Ш.Валиханов өзінің еңбектерінде де еске түсіреді /15/.

Қазақтардың бірігуі нәтижесінде 1727 жылы Торғай даласының Оңтүстік-Шығыс бөлігінде жоңғарлар бірінші рет жеңіліске ұшырады. Бұл халықты одан әрі жігерлендірді. Бұл жер кейін Қалмақ қырылған деген атқа ие болды /16/. 1730 жылы қазақтар өздерінің меншікті жеріне кетуге мәжбүр болды. Жоңғарлар қазақ жерлерін басып алу үшін батысқа қарай жылжи түсті. XVII ғасырдың соңында қазақ хандары мен Ресей патшаларының арасында әскери одақ құру туралы шарттар жүргізілді. Қазақтар өз елшілерін сауда қатынастарын бекітуге жіберіп тұрды және Ресейдің қол астына кіру туралы шартты ашу қажет болды.

XVII ғасырдың басында қазақтарға жоңғар жағынан шапқыншылық әрекеттер басым бола түсті, осыған орай қазақ халқы Ресейдің қол астына кіруі қажет болды. Осы іс туралы кіші жүздің ханы Әбілқайыр хан 1730 жылы Императрица Анна Иановнаға хат жазды. XVIII ғ. басында қазақ тайпалары Ұлытау, Кішітау, Сырдария, Сарысу, Торғай өзендері бойында және Қара Құмда көшіп жүрді. 1731 жылы 19 ақпанда қазақ халқының Ресейдің қол астына кіру күні болып саналады /17/. Тек қана орта жүздің қосылуы толық бір ғасырға созылды. Кейбір ұлыстар Ресейдің қарамағына кіруді қаламады. Ұлы жүз Ресейден алшақ жатты, ол 1818 жылы ғана Ресейдің қол астына кірді, ал кейбір тайпалар бұл актіге 1847-1848 жылдары кіре бастады. Алайда қазақтардың Ресейдің қол астына кіруімен жағдай өзгермеді. Әскери көмек көрсетілмеді. Өздерінің жерінен жоңғарларды қуып шығу қазақтардың өз мәселесі болып қала берді. Жоңғарлардың дамылсыз шабуылы да тоқтамады, жоңғарлар әлде де болса күштірек болды. Осындай жағдайларда Абылай сұлтан 1771 жылы хан болуға шақырылды /18/.

XVIII ғасырдың ортасында қытайлықтар көшпелі қазақтардың Іле өзенінің Солтүстік-Батысы мен одан әрі бірте-бірте олардың көпшілігі Солтүстік-Шығысқа қарай жеткенін айтып көрсетеді. Ал, қазір де, XVIII ғасырдың ортасында, Ертістің Солтүстік жағалауында да сол көшпенділер бар екендігін айтады /19/. Қазақтардың жоңғарлармен әскери қақтығыстары үздіксіз жеңістермен аяқталып отырған. Қазақ әскерлері Даваци әскерінен жеңіліп қалды, бірақ бірнеше айлар өткеннен соң Абылай Батем-Цере одағымен қол жиып, басында он мың әскерімен Даваци көшпенділерін Боротолиде талқандады. Цин императорлары Абылайды өздерінің вассалы қылуға тырысты /20/. Дипломатиялық негізінде Абылайдың алдына қойған бір ғана мақсаты тайпалардың иемденуіне бұрынғы өз территорияларын қайтарып

беру. Абылай сұлтан елшілігі 1757 жылы қарашада: Тарбағатай жері бұрынғы көшпенділердің ауданы екені туралы және осы жерді беруді сұрады. 1760 жылы сәуір айында император Цяньлун әскери кеңеске бұйрық берді: Тарбағатай жерінде қазақтардың тұрғаны туралы естеліктер бар және оларды тез арада сол жеріне қоныстандыру керек деп бұйрық етті. Күрес және көптеген дипломатиялық қатынастар бірнеше жылдарға созылды.

XVIII ғасырдың аяғында Қазақстанның Шығыс беткейінен ойраттарды қуып шығу жүзеге асырылды. Қазақстанның жерінен жоңғарларды қуғаннан кейін өздерінің бұрынғы жерлеріне рулар мен тайпалар тобырымен қайтып жатты. Бұл, Ұлы жүз бен Кіші жүз қазақтарының бұқаралық көшіп-қонуы болды. Олар Жоңғар басқыншылығы кезінде қуғынға ұшырағандардың негізгі бөлігі еді. Сырдария жағалауы, Түркістан өлкесін тастап Ұлы жүз тайпалары Жетісу аудандарына қарай жылжыды, ал Орта жүз тайпалары Қазақстанның орталық, солтүстік және шығыс далаларына қоныстана бастады. XVIII ғасырдың соңына қарай қазақ тайпаларының қоныстандырылуы жөнінде қызықты материалдар шыға бастады. Әсіресе, бұл материалға Орынбор генерал-губернаторы Г.Болконскийдің үш жүздің көшпенді қазақ тайпалары туралы естелігін жатқызуға болады. Болконский естелігі бойынша Үлкен орда – Ұлы жүз алты тайпадан тұрады: дулат, сіргелі, сары үйсін, жалайыр, шанышқылы және қаңлы. Дулат тайпасының құрамында 40 мыңға жуық отбасы болған, олар Қытай, Құлжа, Қашқар аудандарында, жоңғар жерлерінде, Талас, Шіршік өзендерін бойлай және Шыңғыс шаған тауында көшіп қонып жүрген. Сіргелі тайпасының құрамында 20 мыңдай отбасы болған. Олар жазда Түркістаннан Ақмешітке дейін, Сырдария және Қуандарияның жоғарғы ағысын бойлай Алакөл және Аунамас өзендерінің бойында көшіп жүрген. Бұл тайпалардың көшпенділері қыста Сарысу және Қараша өзендеріне қарай көшіп жүрген.

Сары үйсін және Жалайыр тайпаларының құрамында жетпіс мыңдай отбасы болған. Олар Сергелі тайпаларымен аралас көшкен. Қаңлы және Шанышқылы тайпаларының құрамында үш мыңдай отбасы болған, олар Сырдария жағалауынан Ташкентке дейін көшіп жүрген /22/. Болконскийдің бұл естелігіндегі тайпалардың тізімі әлі де толық емес, егерде жалпы рулардың санын айтатын болсақ 133 мың отбасы болғаны белгілі.

Орта жүзде алты тайпа болған: арғын, найман, қыпшақ, керей, уақ, қонырат. 35 мың отбасыны біріктірген олардың көшпенділері Қытай шекарасынан құжан-қайнақ бекінісінде, Ертіс бойы және Тарбағатай тауларында болған. Арғынның бес ру тайпалары 30 мың отбасынан тұрған, олардың қыстақтары Баянауыл, Қызылтау, Шыңғыстау, Шағантауларында, Торғай өзендерінің жоғарғы ағысында және Ұлытау тауларында болған, жазда Ереймен тауымен Нұра және Жиделі су өзендеріне қарай көшкен. Наймандардың төрт ру тайпалары төрт мыңға жуық семья болды және Арғын тайпаларынан Тобықтының екіге бөлінуі 2 мыңға дейін семья құрап, жазда және қыста көшіп қонып жүрді.

Болконскийдің естеліктерінде Кіші жүздің әртүрлі рулардан құралған 6 мың семьясы өздерінің тайпаластарын тастап, Шу, сарысу, Есілдің жоғарғы ағысындағы қазақтарына кетіп қалды. Жетіру тайпаларының 1100 отбасы Орта жүз бөліктеріне кетіп, олармен араласып көшіп жүрген. Жеті ру тайпа рулары үш жүз семьясымен жаз айында Сырдариядан, Қуандариядан Солтүстігінде Қаракұмға, Торғай өзенімен, Тобылға дейін, қыста Сырдариядан Қорқыт жайылымына, Қуаттан Қуандария өзеніне қарай көшіп жүрді /23/. Жеті ру тайпаларындағы керей руларының он екіге бөлінуі төрт мыңға жуық отбасын құрды, жазда солтүстік бөлігінде Қаракұм, Ырғыз, өзеніне қарай өтіп, Қарашатау тауына шейін өтіп жүрген. Сырдарияның сол жақ жағалауы және тұмарлық, қызылшал, башы, Ақтөбе және Жаңадария жайылымдарына дейінгі аралықта қыстаған. Орта жүздің Уақ тайпаларының Жеті ру

екі мың бес жүз отбасымен Ойыл және Кижі өзендері бойында Кіші жүз қазақтарымен бірге көшіп қонып жүрген. Жетіру тайпасындағы Жағалбайлы руының 12-ге бөлінуі 7 мың отбасын құрған, жазда Кемек өзеніне дейін, Қарашатау тауы және Топ өзеніне дейін, ал қыста Орал өзенінен Оралдың жоғарғы ағысына қарай көшкен. Орта жүз, Кіші жүз және Ұлы жүз тайпалары Ресейдің қол астына кіргеннен кейін, патша билеушілерінің алдында күрделі міндет тұрды. Территориялық құрылымды қалпына келтіріп және осы алынған жерлері бойынша халықтардан салық алу қажет болды. Орыс әкімшіліктері маңызды жерлерді сақтап қалуға тырысты. Патша бірінші орынға тұрғын халықтарды жерін бекітуді мақсат етіп қойды.

XVIII ғасырдың екінші жартысында 1765 жылы генерал Шпрингер бекініс басқармасына линиядан 5-10 аршын жақын жерге көшпенділерді жібермеу керек деп бұйырды. Бірақ XVIII ғасырдың соңында қазақтар бекініс қамалдарын кездестірсе де, Орал және басқа өзендерге қарай еркін өте алды. Сібір казак әскерлерін және Орал казак әскерлерінің линиясы бекіністерде, редуттарда, форттарда және кейбір бекініс линиялары маңында орнатылды. XIX ғасырдың 30 жылдары Орал казак әскерлерінде 77 727 адам, ал Сібір казак әскерлерінде 46 171 адам болды. Тұрғындар жылдан жылға көбейе түсті, мысалы, 1868 жылы Сібір казак әскерлерінде 135 756 жуық адам болды /24/. Казактардың негізгі бөлігі мал ұстады, жер жыртты, астық жинады. 1881 жылы Орта жүздің ханы Уали қайтыс болды, патша үкіметі жаңа жерлерін өз үлесіне пайдалана бастады. 1822 жылы 22 маусымда Сібір губерниясына басқарма енгізілді. Сібір Батыс және Шығыс болып бөлінді. Бірінші болып, Тобыл және Томскі және Омск облысы кірді. Батыс Сібірдің маңызды басқармасы генерал-губернатор мен советтерден құрылды. Орта жүз қазақтары Омскі облысының құрамына кірді. Осы уақыттан бастап Сібір қазақтары деп атала бастады. Омскі облысы ішкі округтарға (Омскі, Петропавловскі, Семей және Өскемен) және сыртқы округтерге бөлініп, ерекше тәртіп бойынша құрылды. Сонымен бірге ішкі округтар Ертістің оң жақ жағалаудағы территориясын және солтүстігінде Горький линиясы қамтылды, ал сыртқы округтар батысында Ертістен және оңтүстігінде Горький линиясы, басқа да Қазақстанның кең аймақтарын алып жатты. Сібірді және кейірек 1867 жылы құрылған Жетісу казак әскерін құру үшін бес миллион десятина жыртылған және шалғынды жерлер орманды алқаптарымен қоса берілді /25/.

Ішкі округтер ерекше тәртіп бойынша құрылды. 1822 жылы 22 маусымда енгізген Сібір казактарының Жарғысына сәйкес Сібір казактарының жері Омскі облысының округтерін құрады /26/. Округтарда 10-12 жуық ауыл болды, әрбір ауылда 50-70 тарта киіз үйлері болды. Округтарда өздерінің көшпенділері мен бірге округтық сұлтандары болды. Ауылды старшиналар басқарды, өз орталарында сұлтандар үш жылға сайланатын. Сібір казактары туралы Жарғы қазақ қоғамының дамуында маңызды роль атқарды. Округтік ұйымдар көшпенді қауымдастарға белгілі территорияларды бекітті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Акишев К.А. Курган. Иссык. -М., 1979.
2. Гинзбург В.В. Материалы к антропологии древнего населения и этнографии АН.КазССР. т.7, -Алма-Ата, 1959.С.226-269.
3. Кляшторный С.Г. Древнетюрские рунические памятники. -М., 1964. С.174.
4. Кумеков Б. Государство Кимаков в IX-XI в.в. по арабским источникам. -Алма-Ата, 1972.С..35-48, 129.
5. Кумеков Б. Государство Кимаков в IX-XI в.в. по арабским источникам. -Алма-Ата, 1972.С.125-127.

6. Пишулина Г.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XV – начале XVI веков. - Алма-Ата, 1977.С.210-245.
7. Жданко Т.А. Специфика этнических общности в средней Азии и Казахстана (XIX – начало XXв.в.) расы и народы. -М. 1974. вып.4. С.17
8. Султанов Т.И. Сославие султанов в казахском ханстве XVI-XVII в.в. Казахстан в эпоху феодализма. -Алма-Ата, 1981.С.44.
9. Басин В.Я. Россия и Казахские ханства в XVI- XVIII в.в. -А., 1971. 109-112 с.
10. Жуанко Т.А. Номадизм в Средней Азии и Казахстане. История, археология и этнография Средней Азии. -М., 1968. С.274-275.
11. Пишулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV начале XVI века (вопросы политической и социально-этнической истории). -Алма-Ата, 1977.
12. Россия. Полное географического описания нашего отечества. Т.18, киргизский край, -СПБ, 1903, С.151.
13. Миллер Г.Ф. История Сибири. -М.-Л., 1941, т.2, С.44, 95.
14. Валиханов Ч.Ч. Абылай (Собраний сочинений). Т.1., -Алма-Ата, 1961, С.426.
15. Миллер Г.Ф. История Сибири. -М.-Л., СПБ, 1941, т.2. С. 96-97.
16. Памятники Сибирской истории XVIII в. СПб., 1885, кн.2 1712-1724 г.г. С. 163.
17. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т.2., -Алма-Ата, 1961-1968. С.431.
18. Казахское-русское отношение в XVII и XVIII веках. //Сборник документов и материалов. -Алма-Ата, 1961С.35.
19. Казахское-русское отношение в XVII и XVIII веках. //Сборник документов и материалов. -Алма-Ата, 1961С.36.
20. Центральный Государственный архив КазССР: Ф.37, Оп.1, д.271, л.6, 45,ф.15, оп.1, д.133, л.125-126.
21. Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII века – первая треть XIX века. -Алма-Ата, 1989., ч.1.С.31.
22. Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII века – первая треть XIX века. -Алма-Ата, 1989., ч.1. С.41,52.
23. Центр. Гос. исторический архив СССР: в) Ф.1291, Оп.81, дела: 23, л.60.
24. Центр. Гос. исторический архив СССР: в) Ф.1291, Оп.81, дела: 23, л.2-4 об.
25. Коншин Н. “Очерк экономического быта киргиз Семипалатинской области”. Памятная книжка Семипалатинской области на 1901г., вып.1.С.30-31.
26. Бекмаханова Н.Е. Формирования многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. -М., 1980.С.258, 278. таб.7, 25.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XVII ғасыр мен XVIII ғасырдың аралығындағы қазақ тайпаларының қоныстану аймағы кейінгі ғылыми деректермен жан-жақты баяндалады. Сонымен қатар, осы мәселенің тарихнамасына да ерекше көңіл бөлінді.

РЕЗЮМЕ

В статье на основании новых исторических источников освещаются вопросы размещения и развития казахских племен в XVII-XVIII в.в. Вместе с тем, особое внимание уделяется историографии данной проблемы.

КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХЫНДА «ОРДА» ЖӘНЕ «АРБА» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Меңілбаев Ғ.К. - т.ғ.к., доцент (Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Арбаның ең алғашқы пайда болған территориясы төңірегінде дүние жүзі ғалымдары арасында біржақты пікір жоқ. Оған себеп, әлем халықтары тарихында жыл сайын археологиялық қазба кезінде жаңадан заттай түп-деректер мен жазбаша түп-деректердің табылуы (тастарға, ыдыстарға, сүйектерге, т.б. жазылған) жартастардағы суреттер, тағы басқа мысалдар келтіруге болады.

Соған қарамастан, көпшілік ғалымдардың болжамы бойынша төрт доңғалақты арбалар тұңғыш рет б.з.д. 3 200 жылы қолданылған. Тарихта «Месопатамия мозаикасы» деген атпен белгілі болған суреттен көп сырды ұққандай боламыз. Онда, төрт доңғалақты арба үстінде көшпелі ордалардың киіз үйінің алғашқы нұсқасы бейнеленген. Оған төрт ат жегілген. Аттардың алдында қолында ақинақ ұстаған адам, ал арбаның соңында бір қолына арқан және бала ұстаған әйелдің суреті келтірілген /1, 4/.

Осы күнгі Закавказье және Каспий теңізі жағалауынан б.з.д. 1-б.з. 2-ші мың жылдықтар аралығына жататын ежелгі елді-мекендер, қорғандар, т.б. орындары табылған. Археологтар бұл жерлерден жебе ұштары, қола сапты қанжарлар, аң пішіндес білезіктер, т.б. көптеген заттай түп-деректер тапқан. Сондай елді-мекендердің бірінен төрт доңғалақты арба үстіне орнатылған биік, дөңгелек үйдің нұсқасы бар саз балшықтан жасалған ойыншық тапқан /2/. Мұндай арбалар қалдықтары және саз балшықтан жасалған нұсқалары (көшірмелері) Днепропетровскі төңірегіндегі Сторожевая қорғанынан, Орта Азия территориясында Намазға III елді-мекенінен, т.б. табылған /2/. Сонымен бірге қорғандардан табылған алтын, күміс, қола, т.б. металдардан жасалған әсем бұйымдардан, қос құмыралар, тостағандар, мүсіндер, сырғалар т.б. кездестірген кезде таң қалмасыңа болмайды.

... Орталық Қазақстандағы Тасмола мәдениетіне жаттатын Нұрмамбет 4-қорымында қос доңғалақты арбаны безендіріп тұрған тау текелердің қола мүсіндері кездеседі /3/.

... Грузия жерінде археологтар жүргізген қазба жұмыстар кезінде б.з.д. төрт мың жылдықтарға жататын алтыннан жасалған сырға түріндегі әсем бұйымда төрт доңғалақты арба үстінде аттылы адамдар бейнеленген /4/.

Осыдан көріп отырғанымыздай, ең алғаш рет арбаны тек Месопатамия (қазіргі Иран) жеріндегі халықтар қолданды деп нақты айтуға әлі ерте секілді.

Қола дәуірінің жартастар бетіне салынып, кілегей қоңыр қабыршақпен жабылып қалған суреттерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ертедегі адамдар жартастардың тегіс бетіне қатты да үшкір тас сынықтарымен жануарлар, күн бейнелі адамдар суретін, соғыс арбалары т.б. шайқас көріністерін салған.

Қазақстан – жартастағы суреттер (петроглифтер) саны және әр алуандығы жөнінен әлемдегі ең бай жерлердің бірі. Түйе жегілген қос доңғалақты арбалар және соғыс, жүк арбаларының суреттері ұшырасады /5/.

Қаратау тастарындағы суреттерде соғыс арбасы 49 жерде кездеседі. Олардың көпшілігінде екі доңғалақты аңшы және соғыс арбалары көрсетілген.

Суреттердің бәрі бір мәнерде, арба бөлшектеліп, доңғалақтары алынып, оның екі жағына қойылған тәрізді етіп салынған /6/.

Қола дәуірінде шаруашылықта және соғыс қақтығыстарында пәуескерлер мен арбалар пайдаланылды. Тайпалар өздерінің малдары мен көшіп жүрді. Ерлері салт атпен, балалар, әйелдер, қарттар – терімен және киізбен жабылған күркелі арбалармен көшіп-қонып жүрді /7/. Мысалы, Гипократ скифтердің тұрмысын

суреттей келе, былай көрсетеді: - арбалар өте шағын, төрт доңғалақты болады. Баска бір алты доңғалақты арбалар киізбен жабылады: үйге ұқсас екі және үш қабат киізбен жабылған күркелі арбалар жасалады, олар жаңбыр мен желден пана болады. Бұл арбаларда балалар мен әйелдер тұрады, ерлер қашанда ат үстінде болады. Мұндай арбаларға өгіздер, аттар мен түйелер жегілген /8/.

Енді, арбалар жөнінде көне қытай, араб, парсы, грек, орыс т.б. жылнамаларындағы жазбаша түп деректерге тоқталайық: б.з.д. 195 жылы Қытайдың Хан патшалығында билік еткен Гао-Хэу әйел патшасы көрші жатқан ғұндардың билеушісі Мөде ханға хат жазып, оған төрт-төрттен сайгүлік аттар жегілген патшалар ғана мінетін екі арба жібереді /9/.

-Түрік қағанаты Естемін қағанның ордасы жөнінде сол заманның жылнамашысы былай суреттейді: Орданың алдында қатар-қатар қойылған арбалар легі тұр. Оларға алтын-күмістер, әсіресе көп мөлшерде күмістер толтырылған. Қағанның бар байлығы осымен есептелінеді /9/.

Көне заманда көшпелі ордалардың хандары өздерінің барлық байлығын ата-анасы, әйелдері, бала-шағалары т.б. өздері мен бірге алып жүретін болған.

- Б.з. 8-ші ғасырында Хазар қағанының қызын ұзатқанда оған қалың малға төмендегідей жасау берген: «...төрт мың сайгүлік жылқылар, мың түрік түйелері (бұл түйелер қос өркешті болып келеді), 20 мың бас қой, әр түрлі алтынмен және күміспен безендірілген, ішкі жағынан бұлғындар терлері және жібек маталары мен көмкерілген, есігі бар он пәуеске, сондай-ақ, 20 арбаға әр қилы алтын мен күмістен жасалған бұйымдар ыдыс-аяқтар, т.б. толтырылған керуендер легі де болды» /9/.

Көшпелі ордалардың арбалардың үстіне киіз үйлерін, шатырларын, т.б. орнатып алып үнемі көшіп жүретіндегі жөнінде жазбаша деректер көп.

-...печенеки – многочисленное кочевое племя. Они возят с собой жилища и большую часть жизни проводят в повозках /9/.

Ал, енді бұл көшпелі ордалардан арбалардың қаншалықты маңызды рол атқарғанын мына сөйлем жолдарынан байқауға да болады:

- Хазарлар арабтармен соғысқан кезде мынадай айла әдістер қолданған: «где хазары собрали более 300 повозок, которых они привязали одному к другой и расставили вокруг крепости подобно оборонительному кругу»

Шыңғыс хан басқарған моңғол тайпалары ертеректе татарлар тайпаларының өздеріне жасаған қиянаттарын ұмытпайды. Моңғолдар тайпалары күшейген соң көптеген көшпелі ордаларды өздеріне бағындырады. 1202 жылы (ит жылы) Шыңғыс хан татарлар тайпаларын өздеріне қаратады. Кек қайтару мақсатында арбаның доңғалағынан бойы биік татарлар тайпаларының еркек кіндіктерінен түгелмен өлімге бұйырады.

Он екінші ғасырдың алғашқы ширегінде. Абу Абдаллах Мухаммад Ибн Батута Араб жихангезі, Дешті-Қыпшақ жерінде іс сапары мен болған кезінде жергілікті халықтың көшпелі мемлекетіне (орда – М:Ғ:) және үстем тап өкілдерінің сәнді арбаларына, байлығына, дәулетіне сипаттама беріп өткен: «Подошла ставка, каторую они называют Урду (орда), и мы увидели большой город, движущийся со своими жителями: в нем мечети и базары, да дым от кухонь, взвивающийся по воздуху: они варят пишу во время сомой езды своей, и лошади везут арбы с ними. Когда достигают места привала, то палатки снимают с арб и ставят на землю, так как они легко переносятся. Таким же образом они устраивают мечети и лавки» /11/.

... Осы жерде «көшпелі орданың» қалай көшіп қонатыны, тоқтаған жерінде - мешіті, базары, асханасы, үй –жайы орналасып т.б. қызу тіршіліктің басталатынын араб жихангері Ибн-Батутта дәл сипаттап берген. Жергілікті халықтың табиғат пен тығыз байланыстан өмір сүре білгенін байқаймыз.

... При выезде из Крыма я увидел тогда хатун, жену эмира Салтына, в арбе ее. Вся она (арба была оптянута хорошым синим сукном: окна и двери кибитки были раскрыты: перед нею (хатун) находились четыре девушки, чудеса красоты и диковинки по одежде.

За ней следовало еше несколько арб, в которых сидели девушки, сопровождавшие ее /12/.

Бұл жерде Қара теңіз төңірегінде, Қырымның жағалауында көшіп қонған қазақтың ру тайпалары, олардың үстем тап өкілдерінің әйелдері мінген пәуеске арбалар жөнінде сөз болып отырған секілді.

... Позади арбы хатун следует около 100 других арб. В каждой арбе три или четыре прислужницы, большие и малые, в шелковых одеждах и с шапочками на головах.

За этим арбами едут до 300 арб, в которые впряжены верблюды и волы. Они везут казну хатун, ее имущество, одежды, пожитки и съестные припасы /13/.

«Көшпелі ордалардың» тарихында арбалардың қаншалықты маңызы болғандығын тіпті көшпелі ордалардың билеуші топтарын олардың ішінде ханшайымдарының өз дәулет байлықтарын арбамен алып жүргендіктерін көріп отырмыз.

Біздің «ұлт болып, халық болып қалыптасуымызда» «Орда» сөзі үлкен рол атқарған. «Орда» – үлкен мәні бар бір жүйеге бағынғындырылған, ұйымдасқан, тәртіпке негізделген үлкен әскери күш деп айтуға болады.

Жалпы, өте орнықты түрде қалыптасқан келешегі зор мемлекет түрі деп сипаттама беруге болады.

Мұнда, ең бастысы ерекше бір рудың немесе тайпаның, болмаса көсемнің ерекшелініп шығуы және соның төңірегінде орташа деңгейдегі, болмаса әлсіз деңгейдегі ру бірлестіктерінің шоғырлануы байқалады. Олардың барлығын ортақ мүдде, ортақ идея, тәртіп, күш, билік т.б. бағынған. Орданың бір сөзімен айтсақ, «Орда» деген сөздің мағынасы «Орда» терминінің «войско», «порядок», «законоустановка» мағынасында.

Осыдан көріп отырғанымыздай, «Орда» сөзінің мән мағынасы көптеген халықтарда бір ғана мағына білдіреді. Ол әскери күш, тәртіп, құқыққа бағыну. Одан шығатын қортынды көшпелі халықтың өз уақытында үстемдегінің басым болғандығы, оның әлемдегі көптеген ірілі-ұсақты халықтарды, ұлттарды, т.б. өзіне бағындырғандығы, қатаң тәртібіне мойынұсындырғандығын көреміз.

Плано Карпини өз саяхатында Орта Азия мен Қазақ даласының үстінен де жүріп өтеді. Ол Күйік ханның Алтын Ордасында (Шатер же этот был поставлен на столбах, покрытых золотыми листами и прибитых к дереву золотыми гвоздями. М.Ф.) болғанда, орданың жанынан қатар-қатар қойылған 500 арбаны көреді, барлығыда алтын, күміс пен жібектен тігілген киім-кешектер, т.б. толтырылған деген сөйлемді оқимыз.

- ... Гильот де Рубруктың «Бату және Сартақ хандардың көне славян жерлеріне Қыпшақ даласынан арбалар мен тұз тасытып мол пайда тауып отырғаны жөнінде айтылады» /14/.

Орыс жылнамаларында арбалар жөнінде мынандай сөздер кездеседі: «Эти обры (Закавказье аймағын мекендеген болуы мүмкін. М.Ф.) воевали против славян и творили насилие женам дулебским, если поедит куда Обрин, то не позволял запрячь коня и вола, но приказывал впрячь в телегу трех, четверех или пять женщин и вести его» /14/.

Жеңілген жақтың патшаларын, хандарын, қағандарын; т.б. арбаға жегу үрдісі де болғанын осыдан байқауға болады.

Ал енді халқымыздың төл шежірелерінде арбаға байланысты аңыз әңгімелердің әлі күнге ұмытылмай келе жатқандығы, тіпті кейбір ру тайпалардың шығу тарихын тікелей арбамен байланстыруы кімді болса да қызықтырмай қоймайды.

Сондай ру-тайпаларға Қаңлы және Жаппастар жатады. Енді соған назар аударып көрейік :

- Қаңлылар тайпасы б.з.д. екінші ғасырда Кангют деген атпен белгілі болады. Олар Сырдария өзені бойын жайлаған түркі тайпасы. Самарқанд, Бұқара және Хорезм жерлері қаңлыларға қарады. Б.з. басында ғұндармен бірге үйсіндер мен қытайларға қарсы соғысты. Алтыншы ғасырда Қаңлылар төрт доңғалақты арбалар мен әйгілі болды.

Осы тектес аңызды Кіші жүз ішіндегі Жаппас ата шежіресінде кездестіреміз.

Жаппас атаның шығу тегі шежірелерде аңыз ретінде айтылады. Самса анамыз Қыдыршық әулиетіне келін болып түскеннен кейін де оған байдың бәйбішесі күн көрсетпейді, тіпті қастандықта жасайды. Ел жайлауға көшкенде екі қабат Самсаны жұртта адастырып тастап кетеді. Алғашқы кезде бәйбеше тоқал қатын арттағы көшпен келе жатыр десе, кейін Самса адасып кеткен шығар деген өтірік лақап таратады.

Көште қалған Самса анамыз қатты толғатып ауылдың жанындағы жабта тұрған арбаның астына барып жайғасады. Туған баласының кіндігін өзі кесіп, баланы арбаның үстіне жатқызады. Оны қоректендіріп болғаннан кейін жанына жатып, Самса анамыз баласын етегімен жауып ұйықтап кетеді. Көптен кейін оянса анамыз өз бетімен жүріп келе жатқан керемет әсем пәуеске арбаның ішінде баласымен екеуі жатқанына таң қалады. Баланың үстіне жапқан етегін жинап қараса жаңа туған сәби ұйықтап жатқан екен. Баланың денесі ашылған кезде арба өзінен өзі тоқтайды, етегімен қайтадан жапса пәуеске арба орнынан жылжып алға қарай өзінен өзі жүре береді.

Бір күні сыртта отырған бай жылжып келе жатқан пәуеске арбаны көріп таң қалады. Оның үстінде отырған Самса тоқалын таниды. Жиналған жұртшылыққа арбаның қалай қозғалатынын көрсету үшін етегін бір ашып, бір жабады. Жас нәрестенің тектілігін байқаған жұртшылық болашақ әулиені Жаппас деп атап кеткен. Бұл керемет құбылысты көрген бәйбіше ызасы келіп үйіне кіреді. Оң жақта тұрған сабаны пісіп-пісіп жібергенде одан бір құс ұшып шығады. Құс шаңырақтан серпей шығып, Жаппас жатқан жерге қонып, сәлден кейін көзден ғайып болып ұшып кетеді. Оны көрген жұртшылық баланың текті екенін байқайды, болашақ әулиенің еліне құт береке әкелетіне үміт артады.

Осыдан көріп отырғанымыздай көшпелі ордалар тарихында және отырықшы елді мекендерде арбалардың үлкен маңызы болғанын байқаймыз. Біз көшпелі ордалар тарихын жазған кезде осы елеусіз нәрсені естен шығарып алған жоқпыз ба? Сөзіміз бір жақты болмас үшін, сонау көне заманда пайда болған арбалардың әлі күнге ауылды жерге өте қажетті қозғалыс көлігі ретінде қолданылып келе жатқанын қалай түсінеміз? Ал енді қалалы жерлерде сән-салтанаттың пәуескелердің өз қызметтерін мүлткісіз орындап отырғанын көреміз.

Орта Азия мен Қазақстан аумағынан шығып шет мемлекеттердің тұрмыс тіршілігінде де арбалар кездеседі. Ол жақта адамдар сүйреген арбалар (рикша), өгіздер сүйреген арбалар, сән-салтанатты текті адамдары ғана мінетін пәуескелері де әлі күнге дейін сақталған.

Айтпақшы тек қана үстем тап өкілдері мінетін арбалар қалай болуы керек, оған қанша пар аттар жегілуі керек т.б. жөнінде Ресей мемлекетінің әйел патшасы Екатерина II-нің арнайы шығарған жарлығы да болған. Осыған қарағанда

арбалардың өзін де қоғамнан алатын орнына қарай пайдалану үрдісі болған. Мысалы, хандар мен патшалардың, олардың аң аулағанда жорық кезінде, мереке кездерінде, туған-туыскандары, әйелдері, балалары, т.б. пайдаланған арбалары болды.

Көне қорымдардан табылған археологиялық заттар, жартастардағы суреттер, жылнамалардағы сөйлемдер, шежірілер, ертегілер, аңыздар, т.б. жоғарда айтқандарымыздың бұлтартпас дәлелдері деуімізге болады.

Мұндай мысалдарды, хандық пайда болғаннан кейінгі және XVII-XVIII ғ.ғ аралығындағы тариха т.б. көптеп келтіруге болады.

Ойымызды жинақтай отыра ең алғаш рет көшпелі аңшылар, кейінірек көшпелі тайпалар, соңынан көшпелі ордаларда тұңғыш рет қолданыста болған арбалардың отырықшылықпен тіршілік еткен халықтардың күнделікті өмірінде де бірте-бірте пайдаланыла бастаған, кезінде алғашқы қауымдық қоғамда садақ пен жебе қандай дүмпу туғызса арбада сондай маңызға ие болды.

Ақыр соңында, XVIII-XIX ғ.ғ. тұңғыш рет Еуропалық мемлекеттерде пайда бола бастаған бумен, жанармаймен, т.б. жүретін тұңғыш автокөліктер де арбалар болған.

Қысқарта айтқанда көшпелі ордалар әлем халықтарының қалыптасуында, эканомикасы, мәдениеті, өнері, ғылымы, т.б. барлық сапаларына өзіндік қол таңбасын қалдырған деуімізге де болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. История. Открытая «энциклопедия». -М.,1999
2. Авдусин Д.А. Археология СССР. -М.,1977
3. Қазақ ССР. Тарихы көне заманан бүгінге дейін. 5-томдық. 1том –Алма-ата,1980.
4. ЛордкипанидзеО.Д. Город-храм колхиды (история археологических раскопок). - М.,1979.
5. Қазақстан тарихы көне заманан бүгінге дейін (очерк). -Алматы,1994.
6. ҚадырбаевМ.К. Каратауские колесницы, МарьяшевА.Н. (книга: Археологические исследования в Казакстане). -Алма-Ата, 1973.
7. История Казахстана в арабских источниках. 1-том Алмаы, «Дайк Пресс», 2005. С. -216-217.
8. Осында, С.-215-216.
9. Осында, С.-219 .
10. Ирмуханов Б.Б. Прошлое Казахстана в письменных источниках.-Алма-Ата. - 1977. С. 324.
11. Осында С.324.
12. Кандыба В. История идеологии русского народа. С.-ПБ, 1999.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена истории образования и взаимосвязи слов "арба" и "орда" у кочевых народов. Автор на основе археологических фактов, русских, персидских, казахских летописей дает подробный научный анализ этим терминам.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала көшпелі халықтардағы «арба», «орда» сөздерінің анықтамасы мен мазмұнын айқындауға арналған. Автор археологиялық жәдігерлердің, орыс, парсы, қазақ шежірелерінің негізінде терминдерге ғылыми талдау жасауға тырысқан.

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**ДОСАН БАТЫР БАСҚАРҒАН 1870 ж. МАҢҒЫСТАУ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
КӨТЕРІЛІСІ**

Айтбай Р.Т. - т.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазақ даласын отарлауға бағытталған патшалық Ресейдің «Уақытша ережені» қабылдауы қазақтар арасында қарсылық көтерілістерін туғызды. Сондай көтерілістің бірі 1870ж. Маңғыстауда болған Досан батыр басқарған көтеріліс еді. Бұл көтеріліс жайында Сәттіғұл Жанғабыловтың «Досан батыр» дастаны бар.

Кезінде патшалық Ресей әскери бекіністерді көптеп салуға ден қосқаны мәлім. Сондай бекіністердің аса маңыздыларының бірі – Новопетровск болды. Өйткені, ол Ресей үшін Махачкаламен, Шағадammen, Астархань, Гурьевпен су жолы арқылы қатынасуға, сондай-ақ, дала жолымен Хиуамен байланысуға мүмкіндік беретін ыңғайлы жерге, өкпе тұсқа орналасқан еді. Тарихи деректерге қарағанда, осы бекініс үшін қолайлы орынды орыстың табиғат зерттеушісі Г.С.Карелинге (1807-1872) көрсетіп берген адай тайпаларының сардары Сүйінқара (1786-1841) болыпты. Өйткені ол Хиуа хандығының дүркін-дүркін шапқыншылығынан әбден титықтаған Маңғыстау қазақтарының ендігі жерде орыс патшалығына арқа сүйеуі қажет деп түсінген /1/.

Міне, сол бекініс 1857 жылы Форт Александровск. 1933 жылы Форт Шевченко аталды. 1869 жылы Маңғыстау приставствосының орталығы, 1882 жылы уезд орталығы болды. 1869 жылы Маңғыстау приставы бастығы болып, подполковник Рукин тағайындалды. Патша өкіметінің «Уақытша ережесі» Маңғыстау аймағында 1870 жылдан бастап күшіне еруге тиіс болса, Рукин оны келе сала жүзеге асыруға кіріседі. Халықтың жай-күйімен санаспайды. 1869-1870 жылдардың алым салықтарын біржолата жинауды талап етеді.

1870 жылы Маңғыстауда 20 мыңға жуық шаңырақ адайлар тұрды және олар екі жыл ішінде 160 мың сом шаңырақ салығын төлеуге тиіс еді. Яғни, бұрынғы бір жылдық 1 сом 30 тиын салық мөлшерін 3 сом 50 тиын етіп, үш есеге жуық өсіреді /2/. Үй санын дәл есепке алуды, ел билеушілерін сайлап қоюды, уездік соттарды тағайындауды, жерді мемлекеттік меншік деп тануды, ру-рудың орнына болыстар мен ауылдарға бөлінуді, паспорт жүйесін енгізуді талап етті. Сөйтіп, ол екі жылдық салықты төлегендігі жөнінде қолдарында анықтама қағазы жоқтарға жайлауға көшуге де рұқсат етпей қойды. Рукиннің жергілікті халықты бұлайша қыспаққа алуының түпкі мақсаты патша жарлығын мерзімінен бұрын орындап, өзінің іскерлігін көрсету, жақсы абырой-атаққа, шен-шекпенге ие болу еді. Маңғыстау қазақтары бұрын-соңды мұндай оқыс қысымға кезікпеген, байтақ даланың өзіне тән кеңпейілділік дәстүрінен өзге заңға мойынсынбаған болатын. Оның үстіне кез-келген түтіннің аталмыш салықты төлеуге де мүмкіндігі, шаруа күйі де жоқ еді.

Патша өкіметінің отарлау саясатын бет перде етіп ұстанған жергілікті әкімдер қазақтардан алынатын алым-салықтың түрлерін де көбейте түсті. Бұл кезде Каспийден арғы өлкеге бойлай түсу саясатын мықтап ұстанған патшалық Ресейдің, осы мақсатқа байланысты әскери операцияларының ауыртпалықтары да, жергілікті қазақтардың мойнына түсті. Олар орыс жасақтарын көлікпен, ат көлік жабдықтарымен және сол көліктерді бағып, күтетін қара жұмыс күшімен қамтамасыз етуге тиіс болды. Сол бір кездегі кіші жүз қазақтарының бәрінің де басына төнген бұл тауқымет, әсіресе, Маңғыстау қазақтарына зор ауыртпалық туғызды. Олар бұл кезде бір жағынан батыс орданы билейтін сұлтандарға алым салық төлесе, екіншіден

патша өкіметіне алым салық төлеуге міндетті болды. Оның үстіне Хиуа хандығы бір бүйірден тиісіп, ұшыр зекет жинап әкететін еді.

Міне, осы айтылғандай әлеуметтік-саяси жағдай біртіндеп асқына келе, ақырында көтерілістің тууына себеп болды. Ол біртіндеп он мыңдаған адам қатысқан ірі көтеріліске ұласты. «Жаңа ереженің» енгізілуіне және патша әкімшілігінің өктемдігіне қарсы Маңғыстау түбегінің барлық елі бас көтерді. Көтерілісшілердің алдында малшы Тәжиев Досан (1829-1876), старшина Иса Тіленбаев, Алға Желімбетов, Ержан, Ермембет Құловтар жүрді. 1868 жылдың көктемінде Маңғыстау қазақтары түгелгедерлік атқа қонды. Қаратау мен Ақтауда, бозашы мен Портта ереуілшілер көбейе түсті, халық ұлдары ыза-кекке мініп, көтеріліске шықты. Оларды Досан Тәжиев, Иса Тіленбаев, Алға Жәлімбетов, Тілеуберген Орақов, Шүрен Иманов, Орақ Байдалиев, Дихан Өтепов, Сүгір Шабаев, Ерменбет, Ержан Құловтартар басқарды /3/.

Көтерілісшілердің дүмпуі алдымен елдегі шонжарларды қатты шошындырды. Олар дереу порттағы Рукинге хабар жеткізді. Суық хабардан шошынған подполковник қасына қырық шақты жазалаушы әскер ертіп, дереу жолға шығады. Оның мақсаты көтерілісті бастаушыларды дереу қолға түсіріп, бәріне де су сепкендей тындыра салу болатын. Жалаң қылыш, найза, шокпармен қаруланған көтерілісшілер мылтықпен қаруланған әскерге қарсылық көрсете алмайды деп ойлағанды. Сол себепті қасына ерткен жасағы қырық шақты болды (Сәттіғұл дастанында 80 деп көрсетілген). Ел арасынан оған өздеріне шынайы пейілмен қызмет көрсетіп жүрген бір топ би-шонжарлар ереді. Әншейінде қырғи-қабақ болып жүрседе, бұл сәтте Бәймембет пен Ғафур да Рукин жасағының ішінде болды. Сонымен қатар Қабақ Ерменбетов, тілмаш Қасым Мырзабаев Рукиннің қасынан табылды. Қош, сонымен, портқа қарай бағыт алған 400 дей көтерілісшілермен Рукин тобы алғаш рет «Ү шаусыз» жерінде бетпе-бет ұшырасады. Көтерілісшілердің өздерінен он есе көп екендігін білген Рукин жеңіске жете алмайтындығын бірден-ақ сезеді. Дереу көмек шақыртып, порттың әскер бастығы майор Зеленинге қағаз жазып, оны жеткізуді қасында жүрген қазақтардың бірі Қабақ Ерменбетовті жібереді. Ондағы ойы көтерілісшілерге ниеттес ел адамдарынан Қабақ Ерменбетовтің кідіріссіз өтеріне, сөйтіп, оның шұғыл хабарды жеткізетініне сенеді. Екіншіден, ол орыс тіл білетін де адам еді. Қабақ Рукиннің хатын Зеленинге аман-есен жеткізеді. Бірақ Рукинге көмек келіп үлгермеді.

Рукин Қабақты портқа аттандыра салысымен көтерілісшілермен келіссөз жүргізіп, уақыт созғысы келді. Бірақ оның бұл сөзіне сене қоймаған көтерілісшілер лап қояды. Мұндай тосын жағдайды күтпеген жазалаушылар әп –сәтте жапырылып қалған. Рукин өзін-өзі атып өлтірген. Тірі қалған солдаттар қаша бастаған. Көтерілісшілер осы жерде Бәймембет биді де өлтірген. Ғафур Калбин болса көтерілісшілердің жағына шығып кеткен. Рукин тобынан тірі қалған қазақтардың бірі уездік кеңсенің тілмашы Қосым Мырзабаев ғана жағадағы қайықшыларға жетіп, болған оқиғаны порттағыларға жеткізген.

Тарихи құжаттарда подполковник Рукин өзін-өзі атып өлтірді деп көрсетілгенмен 50-60 жылдарда көне көз қариялар досан Рукинді тірілей қолға түсіріп, ақ тастың үстіне бауыздаған екен деп әңгімелейді. Оқиғаның болмысына зер сала пайымдап қарасақ. Рукиннің тірілей қолға түсуі де ықтимал тәрізді. Өйткені патша полковнигінің әскери соғыс өнерінен мүлдем хабары жоқ, әрі қылыш, найзадан өзге қаруыда жоқ, қайдағы бір қыр қазағының қолынан өлді деуге арланып, жоғарыға оны орыс офицерінің намысын сақтаған етіп көрсету үшін өзін-өзі өлтірді деп мәлімдеме жасауы да мүмкін /4/.

Иса, Досан бастаған көтерілісшілер 1870 жылы сәуір айының 5-8 күндерінде порт Александровскіні қоршауға алады. Оларға балықшы Сүгір Шабаев келіп

қосылады. Жалпы саны мың қаралы адам бір мезетте екі жақтан лап қойып, Армян базарын ойрандап, өндіріс иелері мен саудагерлерді тұтқындайды. Портқа қауіп туғызады. Николаевск станциясын өртеп жібереді. Қараған түптегі маякті қиратады.

Көтерілісшілер бұдан соң әскери бекіністі қоршайды. Бірақ қаншама әрекеттенгенмен оны басып ала алмайды. Іштегі комендант түгелдей қаруланып, артиллериядан оқ жаудырып, қылыш пен найзадан өзге қарулары жоқ көтерілісшілерді жуытпайды. Қолдарында найза–қылыш, балта, арқан, 30-ақ мылтығы бар көтерілісшілер 18 зеңбірек, 800 пұт оқ–дәрі, биіктігі 4 метр қалыңдығы екі метр тас қамалға бекінген 293 солдат, 23 офицер қарсы тұрған. Көтерілісшілер бекіністі қоршаған үш күннің тек соңғы 8 сәуір күні ғана әрбір мылтықтан екі мың патрон, әрбір зеңбіректен 25 снаряд атылыпты. Бұл дүмпуге беттей алмай көтерілісшілер араға күн салып, яғни 10 сәуірде қайта шабуылдауға батылдары бармай амалсыз кейін шегінген.

Рукин өлгеннен кейін бекініс билігін қолға алған майор Зеленин 27 наурыз күні орал Әскери губернаторы генерал Веревкинге көтеріліс жайлы суыт телеграмма жөнелтеді. Маңғыстаудағы көтеріліс жайлы Орынборға 2 сәуірде жетіп, генерал Н.А. Крыжановский патшаның әскери министрі Милютинге дереу телеграмма жібереді. Милютин болса патшаның Кавказдағы тақ иесі, ұлы князь Михайлге хабарлап, оған Александр II патшаның «жазалауды кешіктірмеуге келісемін» деген бұрыштамасын қоса жолдайды. Соның нәтижесінде 3 сәуір күні Петровскіден Александревск портына зеңбірекпен қаруланған екі рота жаяу әскер тобы. Астраханьнан әскери кемелер жіберіледі. 10 сәуір күні порт Александровскіге Кавказдан граф Кутаисов бастаған әскер де келіп жеткен. Сөйтіп көтерілісшілердің 10 сәуірде қайта шабуылдаймыз деген ұйғарымдары іске аспай қалған.

Кутаисовтың өзі бастаған екі отряд порттан 12 верст жерде бес мың шамалы көтерілісшілермен кездесіп қиянкескі ұрыс болады. Зеңбіректермен қаруланған отрядтардан көтерілісшілер жеңіліс табады.

Кутаисовтың отрядынан 10 адам өліп 14 адам жараланған. Ал қазақтардан шығын өте көп болған. Сол ұрыстан өлген қазақтардың мүрделері бірнеше шақырымға созылып жатқан.

Сондай зор шығынға ұшыраса да Досан қалған сарбаздарын жинақтап, қалай еткенде де портты жаулап алуға қайта-қайта ұмтылыс жасапты. Бірақ бұдан еш нәрсе шықпасына көз жеткізген олар шегінуге мәжбүр болған.

Осыдан кейін көтерілісшілер шабуылдауды кілт доғарып, Оңтүстікке үстіртке қарай шегінді. Олардың бір жолата талқандауды ойлаған, патшалық Ресейдің кавказдан келген әскерлері мен Орынбордан жеткен әскерлері шегінген көтерілісшілердің соңына түскен. Бірақ олар Маңғыстаудың жер жағдайын мүлдем хабарсыз еді де, Досан бастаған көтерілісшілер бұл өңірдің ой-шұңқырын бес саусағындай білетінді. Сол себепті де олар қуғыншыларға алдыртпай, ел талаушы отрядтармен қаша ұрыс сала отырып, үстіртке қарай ойысты. Шатқал-шатқалды қуалап, бой тасалап кетеді.

Тарихи деректерде форт Александровскінің Рукиннен кейінгі коменданты майор Зелениннің былай деп жазғаны қалған еді: «Мен 10 жыл бойы топографтар корпусының офицері бола жүріп, қырғыз даласында жол сапарда олармен соқтығыстарды да кездестіре жүріп, мұндай көзсіз және табанды шабуылды күтпеп едім. Форттың тағдырын осындай бірнеше шабуыл шешіп кетуі шынында да мүмкін еді, онда мұның өзінің немен аяқталатынын көзге елестеудің өзі қорқынышты болды» депті. Бұл сөзіне қарағанда, Досан бастаған бұл көтеріліс патша өкіметінің жергілікті өкілдерін қатты қалтыратып әбден састырған болып отырғанын көреміз.

Ал, Кавказдан келген граф Кутаисов өзінің Меликовке берген телеграммасында былай деген екен: «...өлке түгелімен көтерілген. Қарусыз бір адам

жоқ... көп шығынға ұшырағандарына қарамастан, олардың тіпті еңсесі де түскен емес. Олар төтенше күшті, үлкен шешімге келген, бірақ тек құдайға шүкір олар нашар қаруланған. Олармен алғаш кездескенде тіпті шошып кеттім. Олардың бірде біреуі де қаншама атсақ та құламайды, шауып келеді, шауып келеді, өлісі қайсы, тірісінің қайсы, адам айырып болар емес, адам шошырлық аласапыран. Мұндай қарбаласта әскерлердің бас-аяғы жинап ұстау да қиын болды». Кутаисов Кавказдан екінші әскери көмек келгенше Тілепов Мәмбетнияз, Досжанов Есіркеп, Қаражігітов Қаларшықты билермен, Мырзабай бидің балалары Қосым, Ержандар мен Бейімбеттің басқарушы басқа да билерімен маңғыстау түркімендерінің старшыны Мамед сафамен келіссөздер жүргізеді. Мақсаты 29 мың қойы, 2 мың жылқысы 600 дей түйесі бар осы билердің қол астындағы елді портқа жақындау жерге отырықшыландырып, басқа адайларға үлгі ету болатын.

Досан бастаған көтерілісшілер 1870 жылдың желтоқсан айына дейін Маңғыстауда, Үстіртте патша әскерлерінің бөлек-бөлек отрядтарымен бірнеше рет шайқасқан. Қазан айында бір шайқаста Досанның немере ағасы Алға Жәлімбетұлы бастаған 60 адамды патша әскері ұстап әкетті. Батыс Қазақстан аумағындағы барлық бекіністер патша әскерлерімен толықтырылып, елде жасырын жүру мүмкін болмай қалған еді. Досан батырдың соңына ерткен сарбаздарын жанұясымен жазалаушы жасақтардың тырнағынан аман алып қалу үміті тек Хиуа хандығында еді. 1870 жылдың желтоқсанында 3 000 үй болып Хиуа жеріне өтіп кетеді. 1874ж. көктемінде Досан батыр ауылымен қайта оралып, сам құмының маңына қоныс тебеді. Алайда, патша тыңшылары оның қайта оралғанын хабарлап, нәтижесінде осы жылы маусымда батырды патша жендеттері қолға түсіріп, түрмеде азаптап өлтіреді /5/.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаманбаев Е., Әділханов С. Досан батыр. // Маңғыстау. -1991, 30 шілде.
2. Турсунова М.С. Казахи Мангышлака во второй половине XIX в. -А.,1977.
3. Кекілбаев Ә. Ұйқыдағы арудың оянуы. -А.,1979.61-62 б.
4. Турсунова М.С. Казахи Мангышлака во второй половине XIX в. -А.,1977.С.67.
5. Жаманбаев Е., Әдәлханов С. Досан батыр.// Маңғыстау. -1991, 6 тамыз.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада 1870 жылы Маңғыстаудағы Досан батыр көтерілісі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается восстание 1870 года в Мангыстау под предводительством Досан батыра.

ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ БІРТУАР ҚАЙРАТКЕРІ МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ, ӨСКЕН ОРТАСЫ

Ахметова Ж.К.-т.ғ.к., аға оқытушы (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Мұстафа Шоқай – ХХ ғасырдың басында қазақ халқының тағдырын ойлап, қызыл тоталитаризмнің отына күйіп, мейірімсіз кеңестік отаршылдықтың жан азабын тартып, халқына азаттық жол іздеген ғалым, саясаткер мұғажыр. Мұстафа Шоқай – патшалық Ресей билеген заманда дербес ел болуды армандаған, тәуелсіздік жолында қажымай- талмай күрескен, бүкіл түркі исі халықтарының

басын қосып тәуелсіз демократиялық мемлекет құруды армандаған қазақтың бір туар азаматы.

Мұстафа Ақмешіт (Перовск), қазіргі Қызылорда облысының Сұлутөбе бекетінің төңірегі Тартоғай елді мекенінде ескі күнтізбе бойынша 1890 жылдың желтоқсанның 25-де, жаңа күнтізбе бойынша 1891 жылдың 7-ші қаңтарында дүниеге келген /1/.

М.Шоқайдың ата тегінен оның текті әулеттен шыққанын байқауға болады. Шоқайдың әкесі Торғай Хиуа ханының датқасы болған. Сонымен қатар Датқа білімді кісі болған, орысша, арабша білген /2/. Мысалы, 1852 жылы генерал Перовск қоластындағы орыс армиясын Ақмешіт қаласына апарып, қала Қоқан хандығының қоластынан шығады. Сол кездері орысша білген Торғай Датқаға орыс басшылары өзінің жергілікті халқының арасындағы мәселелерін шешу үшін кеңесші қызметін берген /3/. Діндар болған Торғай Датқа екі рет қажылыққа да барады /4,136/.

Мұстафаның нағашы жұрты да тегін адамдар емес. Анасы ер жүрек, жауынгер, батыр ұрпағынан тараған. Шешесінің әкесі өзбек хандарына қарсы ұрыстарда шайқасып, көзге түскен қазақ батыры болған. Ақындық қасиеті бар Бақты ханым қаһармандық дастандарды жырлаған. Ана тілінде оқып жазғаннан басқа, әкесінен арапша да үйренген /5/.

Торғайдың да, Шоқайдың да тегін адам болмағандығын дәлелдейтін мынадай фактілер бар. Кезінде патша үкіметінің тапсырмасымен фото альбом жасатылған. Осы фото альбомда Шоқайдың және оның әкесі Торғайдың суретінің болуы, бұл кісілердің тегін емес текті әулеттен тарағанын көрсетеді /6, 96/. Яғни патша тектен тек бұратана халықтардың ішінен Торғайдың және Шоқайдың суреттерін альбомға орналастыруы тегін емес. Мұстафа Шоқай орта жүздің қыпшақ руынан, оның ішінде Торайғырдың Шаштысы, Батый ұрпағының Жанай тармағы /7,1626/.

«Егер шежіреге жүгінетін болсақ...» - дейді Мұстафа Шоқайдың жерлесі С.Ибрашұлы: «...Мұстафаның руы қыпшақ. Сыр өңірін мекендеген қыпшақтар беске бөлінеді. Олар- Бұлтын, Торы, Көлденең, Ұзын, Қараталық. Оның ішінде Торыдан Шашты, Шаштыдан Бошай, Бошайдан Арыс, Арыстан Қалдау, Қалдаудан Кілт, Кілттен Жанай, Жанайдан Темір, Темірден Қуатбай, Қуатбайдан Торғай, Торғайдан Шоқай, Шоқайдан Мұстафа туады» - дейді / 8/.

Мұстафаның әкесі Шоқай (Шоқмухамет – Торғай датқаның ең үлкен ұлы) 1916 жылы сексен жасында дүние салған. Демек, ол кісі 1776 жылы дүниеге келген. Кезінде би атанған, он екі жыл болыс болып, ел басқарған. Мұстафаның ата-бабалары көшпелі болғанына қарамастан, оның өз әкесі Шоқай би отырықшы болған. Егіншілікпен айналысқан. Сондықтан болар жұртшылық оны Қазы би деп атаған. Ал Шоқайдың әкесі Торғай болса Түркістанды Ресей жаулап алмай тұрған кезде-ақ, жоғарыда айтып кеттік, Хиуа ханы тарапынан датқа ретінде танылған еді. Датқа Уәли, яғни уалаятты басқарушы дегенді білдіреді /9, 86/. Торғайдың екінші ұлы Қалымбет одан: Аманқұл, Жаманқұл,Әбтабаш, Пысырманқұл, Мырзеке, Кенжеғұл туады. Торғай атамның үшінші ұлы Әліш, Әліштен Бәкір туады. Оның төртінші ұлы Оспан, ол кісіден Шаймерден туады - дейді Ә.Аманқұлұлы /10/.

Шоқайдың екі әйелі, яғни Мұстафаның екі анасы болған. Шоқайдың алғашқы әйелінен бала болмаған. Мұстафаның бірінші анасына деген махаббаты ерекше болды.

Шоқайдың екінші әйелінен үш бала туған (Сыздық, Мұстафа, Нұртаза). Мұстафа ортаншысы екен. Олармен аталас ұл балалардан соң дүниеге келген Әтіркүл мен Фатима есімді екі қыз болған. Кейбір деректерге жүгінсек, бұл екі кісінің атын Ниса мен Сара деп келтірген /5, 146/.

Мұстафа оқу-жазуды 5 жасында өз анасынан үйренген. Мұстафаның ауылында, ол туралы мынадай пікірлер қалыптасқан: Мұстафа жасында шағын бірақ өте алғыр, ширақ, ойшыл, осыдан да болар ауылдастары одан көп үміт күткен /10/.

Торғай датқаның ауылдастары ежелден заман ағымын ерте сезіне білген. Соның айғағындай датқа ауылы Сыр өңіріндегі білім мен мәдениеттің ортасы болған. Өйткені ХХ ғасырдың 80 –шы жылдарында Торғай датқаның үшінші баласы Әліш (Әлмұхамед) патша үкіметіне қайта-қайта хат жазып Әулиетораңғыл деген жерде (қазіргі М.Шоқай ауылында) 4 кластық мұсылманша мектеп ашуға рұқсат алған. Үкімет тарапынан қаржы бөлдіріп мектеп салдырған, оған оқытушы жалдап бала оқытуды ұйымдастырған. Сырдария газетінің бас редакторы С.Ибрашұлының айтуынша: Әулиетораңғылдағы мектеп 1890 жылы салынып пайдалануға берілген /11/. 1894 жылы дария тасығанда бұл мектеп судың астында қалған. Содан кейін ауыл Әулиетораңғылдан Наршоқыға қоныс аударылады. Көзі ашық көкірегі ояу Әліш өз заманының үлкен жүректі азаматы болған. Наршоқыдан жаңа мектеп пайдалануға беріледі. Әліш өз ортасында білімді оқу-ағарту ісіне көп көңіл бөлген. Оны Түркістан өңіріндегі қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ елді мекені бәрі жақсы білген. Әліштің ашқан мектебін Түркістан генерал-губернаторы өзі қадағалап отырған. Бұл мектепте Түркістан халық ағарту ісінің бас инспекторы Федор Михайлович Керенский де келіп көріп кеткен /12/.

Мұстафа, ағасы Сыздық және немере ағасы Бәкір - осы мектептің шәкірттері. Олар 1896 жылы осы мектептің табалдырығын аттайды /11/. Осылайша Мұстафа 6 жасында әкесінің інісі Әліш салдырған бастауыш білім беретін мектептің есігін ашқан.

Мұстафа жастайынан өзін қоршаған дүние сырын меңгеруге деген құштарлығымен, естіген әңгімелерін есінде сақтау қабілетімен ерекшеленген. Мұстафаның бала кезіндегі, ауылындағы саяси оқиғалар Шоқай әулетіне де әсерін тигізген. Екі рет Шоқайдың кірпіштен соғылған үйін жергілікті орыс үкіметі мектеп үшін алып қояды, тіпті егістігін де тартып алады /6, 9б./. Алайда Шоқай патша үкіметінің бұл озбырлығына ашық қарсы шыға алмайды, іштей наразы болды. Осылайша Мұстафа патша үкіметінің отаршылдық саясатының әділетсіздігін бала кезінен бастап көріп өседі.

Мұстафа Шоқай 4 жылдық ауыл мектебін 2 жылда үздік бітіреді. Шәкірттердің ішінде Мұстафа бірінші болып әптиектен құранға шыққан екен /13/.

Мұстафаның бала күнінен әкесі Ташкент шаһарына қыдыртып, мешіт, медресе, базарларға апарған. Бала Мұстафа оқу орындарымен кітапхана, газет сататын лапкелерді аралауды ұнататын болған. Мұстафа «Түркістан уәлаяты», «Тарикки», «Тәржімән», «Хуршид», «Шухрат», «Ұлы Түркістан» т.б газеттердің, «Айна», «Өмір» журналдарын сатып алып елге қайтатын /12/.

Сөйтіп Мұстафаның әкесі Ақмешітке орысша оқуға жібереді. Мұстафа ол кезде жеті жаста болатын. Бірақ күзде Ақмешітке оқуға барар алдында Мұстафа аяқ-астынан шешек ауруымен ауырып, ұзақ уақыт төсек тартып, жатып қалады. Осылайша Ақмешітке барып оқу мәселесі жабылады да, Мұстафа Сарышығанак станциясында темір жол мектебінде оқитын болды /9,93/.

Сырқатының кесірінен орыс тілін үйренуді ол кеш бастады. Бастауыш мектепті 12 жасында бітірді. Лицейдің 1- класына қабылдануы үшін жасы үлкен болғандықтан емтихан тапсыруы қажет болды және оны өте жақсы тапсырды.

Ташкентке оқуға барар алдында Мұстафа орыс тілін жете меңгерген. Мұстафаның оқуын одан әрі жалғастыруына ағасы Әліштің көп көмегі тиді. 1901 жылы Әліш Мұстафаны Ташкент қаласындағы гимназияға апарды. Мұстафаны алғаш апарған жылы гимназияға орналастыра алмайды. Өйткені гимназиядағы патша чиновниктері Мұстафаны бұратана ұлт өкілі деп санап, оны орыс тілін жете

білмейді деп сылтауратып, оқуға қабылдаудан бас тартады. Ташкенде Әліш Мұстафаға оқытушы жалдап бір қыс бойы орыс тілінен дәріс алғызады. 1902 жылы Мұстафаны Әліш гимназияға қайта апарды, бірақ тағы да жолы болмайды. Ол туралы С.Ибраһұлы өзінің М.Шоқай туралы ел ішінен жинаған естеліктерінде бұл жәйтті былай деп суреттейді: Әліш гимназия басшыларын үгіттеп, әлі оқуға алдыра алмайды. Мұстафаны алып ауылға қайтайын десе ол көнбейді. «Осы оқуға түспесем менің атымды өзге қойыңдар ...»- деп Мұстафа ауылға қайтпайды. Есіл дерті оқу болған Мұстафа күніге таңертең гимназияға барып, оның ашық тұрған терезесінен дәріс тыңдап жүреді. Оны оқытушылар байқап жүріп бір күні бір оқытушы Мұстафаны сынайын деп бір, екі сауал қойса ол орысша сайрай жөнеледі. Сол кісінің көмегімен Мұстафа гимназияға қабылданады. Бірақ өкінішке орай Мұстафаны оқуға алдыруға себепші болған орыс зиялысының есімі біз үшін жұмбақ /8,76./ – дейді ауыл қариялары.

Сөйтіп 1902 жылы Ташкент қаласының гимназиясына түсіп, оны сегіз жылдан кейін 1910 жылы өте үздік бітіріп, мақтау қағазымен марапатталады және алтын медальға ұсынылады. Бірақ генерал Самсонов қанағаттанбай оған берілмекші болған алтын медальді күміс медальға ұсынылған орыс баласы Зепреметовке жазады. Гимназия директоры Граменитский және 20 жасар Мұстафа бұған қарсылығын білдіреді. Нәтижесінде Зепреметов алтын медаль Мұстафаға берілуі тиіс деп, өзі күміс медальді алған /7, 21б./. Оңды-солды тани бастаған Мұстафа өмірінде де бұл оқиға қоғамдық - саяси көзқарастардың қалыптасуына ықпалын тигізді.

Мұстафаның саяси көзқарасының тез қалыптасуына ықпал еткен нәрсе Ташкентте беделді қазақ азаматтарының болуы болды. Ол Ташкентте С.Асфендияров және М.Тынышбаев байланысады. Мұстафа С.Асфендияровтың баласы, доктор Санжар Асфендияровпен Ташкентте қатар оқыған.

Мұстафа жас кезінен бастап Түркістан өлкесі туралы шыққан кітаптарды мән беріп оқыған. Солардың бірі Семенов-Тянь-Шаньскийдің редакторлығымен жарық көрген «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» (т. XVIII; Киргизский край, 1903) т.б. /14/.

Мұстафа Шоқай қоғамдық жұмыстармен лицейде жүргенде-ақ айналысқан. Қырдан оқыған адамдар түрлі өтініштер айтып келетін. Кейде өлке мекемелерінде аударма жасауын сұрайтын, ал кейде арыз жазып беруін өтінетін. Осылайша Самсоновтың алдына талай рет баруына тура келген. Шоқайұлы араласқан істердің барлығы жақсы аяқталып отырды. Генерал, лицей оқушысы Шоқайұлының ісін өте жетік білетін тілмаш екенін көріп, лицейді бітірген соң өз кеңсесіне тілмаш ретінде жұмысқа шақыратынын айтады. Бірақ Мұстафа Петербургтегі оқуын жалғастырғысы келетінін айтып, бұл ұсынысты қабылдамаған /9, 98б./.

Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси көзқарастарының кеңеюіне Петерборға келіп университетке түсуі үлкен ықпал етті. Алайда, осы сапарда да орыс билігі бұратана халықтардың балаларына лауазымды қызмет алатын оқуға түсуге тыйым салатынын көрді.

М.Шоқайдың ой-санасының пісіп - жетілуіне кітап және басқа басылымдармен қатар, Петербордың саяси ортасының да әсері болғаны даусыз. Онда сол кезде қазақ зиялыларының елеулі рөл атқарғанын айта аламыз. Бұл тұрғыда XX ғасырдың басында қазақ зиялыларына көсемдік еткен Әлихан Бөкейханов ерекшеленеді. Ол - Мұстафаға Петербордағы студенттік жылдарында ерекше әсер еткен қайраткер /4, 21-22б./.

Студенттік жылдарында М.Шоқай пікірлерінің қалыптасуына түркі тілдес оқушылар мен зиялылардың пікір-таластары елеулі рөл атқарды. Мұндай жиындар Сәлімгерей Жантөрин, Әлиасқар Сырттановтың жұбайы Әмина Сырттанова, Серәлі Лапин секілді Ресей мұсылмандарының көрнекті қоғам қайраткерлерінің немесе

атақты орыс шығыстанушысы В.Радловтың үйінде, сол сияқты Петербор мұсылмандары қайырымдылық қоғамында өткізелетін. Бұл жиындарға Мұстафадан басқа башқұрт Зәки Уәлиди, әзірбайжандық Әли әкбер Тобчыбашы, түркімен Қанатжан Бердиев, қазақ Иса Қашқынбай, татар Илияс Алкин, Сұлтанбек Мәмлиев және Мұстафа Шоқайұлы сынды жастар да қатысатын. Жиналыстарға жастардан басқа Әлихан Бөкейханов, Махмуд Хожа Бехбуди, Муннавар Қары, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов секілді сол дәуірдің әйгілі тұлғалары да келетін /4, 22-23б./.

Мұстафаның алғашқы саяси жұмысы Петерборда жүргенінде басталады. Өзінің табиғи дарынының нәтижесінде талайдың назарын өзіне аудара білді. Қазақ халқының мұраты, Түркістанның биік мүддесі үшін күресте оған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов сияқты көптеген түркістандық қайраткерлер ықпал етті. Мұстафаның тұңғыш рет саясатқа ден қойған тұсы оның түркі-татар халықтарының саяси өміріне араласудан басталады. Өйткені ең бірінші рет мұсылман халықтарының ішінде орыс билігінің отарлық езгісінің ауыр қасіретін көрген башқұрттар мен татарлар болатын.

Мұстафа Шоқай ұлт жанды саясаткер болды, басқа ұлттың өкілдерімен де тез тіл табыса алатын қабілеті болды. Бұл жөнінде Мария Шоқай: Мұстафа тар ауқымды ұлтшылдықтың дұшпаны еді. Ол бүкіл Түркістан ұлттарының бірігуі жолында еді, орыстар оны осылай танитын еді – деп оның жары бағалай білді /2,102б./.

Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына өзімен тұстас болған осылардай ұлт зиялыларының ой-ықпалы әсер етті десек қателеспейміз. М.Шоқай ұлт зиялыларына баға бере отырып, оларды халық алдындағы парызы жөніндегі ой-пікірлерін ауызша да, жазбаша да білдіріп отырды. Оның «Ұлттық зиялы» деген мақаласында осы тараптағы көзқарасы мейлінше анық тұжырымдалған, «зиялы» деген ұғымға дәлелді анықтама берілген... Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін зиялы деп атап, оның сол адам өзі тән болған ұлттық зиялысы қатарына қоса беруге болады десек, сөзсіз қателесеміз. Біздіңше, белгілі мұрат мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттар төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттың зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатындар ғана кіре алады, - дейді ол /6,175б./.

М.Шоқай зиялылардың алдындағы уазипаны халықтың ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлегі зиялылардың үстіне жүктеледі деп есептейді; дүние жүзінде зиялыларсыз ұлтқа айналған саяси, әлеуметтік халық бұқарасы бірлігі болмайтынын еске салады; халық бұқарасы мен зиялы қауым арасында бір ортақ сана болуға тиіс, сол сананы айқындау, халық тілегін дұрыс жүйеге келтіру, іс-әрекет бағдарламасын жасау – зиялылар міндеті /6, 176б./ деп біледі.

Мұстафа Шоқай ұлт мұратына қызмет етпегендерді тура жолдан адасқандар қатарына қосады; сөз аяғын адаспау үшін, адаса қалғанда дұрыс жолды қайта табу үшін білім керек екенін баса айтты.

Мұстафа Шоқайдың қоғамдық – саяси көзқарастарының толысуына жары Мария Яковлевнаның да ықпалы тиді десек біз қателеспейміз. Мария Яковлевна ешқандай қиыншылықтарға қарамай Мұстафаға қолынан келгенше көмектесті. Ташкенттегі қарулы қақтығысынан кейін Мария Яковлевнаның Мұстафаны Ташкенттен аман – есен алып шығудағы іс - әрекеттерінің өзі Мұстафаға деген сүйіспеншілігінің қаншалықты екенін көрсетеді.

Мұстафаның тағы бір өзіндік ерекшелігі – халқының қасіретін, ащы шындықты әлемге паш ету, сол жолда жан беріп, қан төгу, елінің мүддесін өз мүддесінен жоғары қою. Оның бұл қасиетін кезінде белгілі қайраткерлер мойындаған.

М. Шоқайдың азаттық алу, дербес тәуелсіз мемлекет құру идеяларының қалыптасуына ықпал еткен нәрсе Ресейдегі 1917 жылғы қос төңкеріс болды. Патша тақтан құлап, Уақытша үкімет орнағаннан соң да, Қазан төңкерісі жеңіске жетіп большевизм дәуірі басталғаннан кейін түрік халықтарының отаршылдыққа қарсы күресі ұлттық сипат алып, ол күрес жаңа қырынан танылған тұста М. Шоқайдың саяси көзқарастарының кеңеюіне жол ашылды. Бұл тұрғыдан түсінуін көлденең тартады. Кезінде Алаш партиясы осы негізде құрылған болатын, ол ұйымдық тұрғыдан ыдырап кетсе де, коммунизмге дұшпан идеялық ағым ретінде сақталған және жас ұрпақтың ұлтшылдық пен шовинизм рухында тәрбиелеуге тырысады. Сөйтіп ұлтшылдық қазақ кедейлеріне коммунистік ықпалдың өсуіне өте күшті кедергі болып отыр /7, 89-90 б./ деп зерделенген. Ескі интеллигенцияны ұлтшылдықпен айыптап, қазақ кедейлеріне кедергі болып отыр деген түсініктің болуы дұрыс емес. БКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің 1926 жылы 30 сәуір мен 3 мамыр аралығында өткен пленумында бұқаралық ұйымдардың жұмыстарын жандандыру арқылы кәсіподақтардың қазақ өлкелік советі фракциясының есебін тындап, өлкелік комитеттің пленумы фракцияның қызметін мақұлдады және бірқатар жетістіктерді (одақ санының артуын, қазақтар санының көбеюін, облыстық құрылысты, ұлттық жағдайларды реттеп, шешуді) атап көрсетіп, таяудағы кезеңге мынадай міндеттер белгілейді:

1. Өркендеп келе жатқан өнеркәсіптегі жұмысшылар құрамының тұрақтамаушылығына қарсы күресу, тұрақты, орныққан кадрлар жасауды көздеу. Кәсіпорындардағы жұмысты күшейту, өнеркәсіпті аудандарда білімді партия қызметкерлерімен қамтамасыз ету;
2. Өнеркәсіпті өркендету негізінде қазақтандыру және бұл шараны ұзақ уақыт түсіндіру;
3. Кәсіподақ аппаратын одан әрі қазақтандыру, әсіресе төменгі буындарда қазақ қызметкерлері кадрларын көбейту.

Қызметкерлерді төменнен жоғарлатып отыру және олардың теориялық дәрежесі мен практикалық білімін көтеру. Аппараттарда қызметкерлерді дұрыс орналастырып, дұрыс пайдалану, олардың аппаратқа кәсіподақ демократиясы тәртібімен өтуін қамтамасыз ету мәселері қарастырылды /8, 280-281 б./. Үкімет шығарған қаулыларда жұмысшы табының рөлін арттыруға көбірек мән беріліп, инженер-техникалық мамандар жайлы көп айтыла қоймайды. Мамандардың құндылығына, адам факторына көңіл бөлінбеді. Тек мемлекет пен өкіметтің қаулы, қарарларын орындауға арналған нұсқаулар көптеп берілді.

Қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі – М. Шоқай отанынан жырақта жүрсе де, елде болып жатқан жаңалықтармен хабардар болып, « Туркестан под властью советов » деп аталатын еңбегінде қазақ пролетариатының санының өте аз екендігін ескерте отырып, өнеркәсіп пролетариатының басым бөлігі Қазақстанның Эмба – Нефть, Қарсақбай, Риддер сияқты пункттері мен жаңа құрылысы басталған Түркістан – Сібір темір жолында шоғырланғанын жазды. Онда Кеңес өкіметінің қазақ халқына ұстанып отырған саясатына тоқталады. Риддер заводының бұрын 1918 жылға дейін Уркварттың ағылшын компаниясына қарағандығын, қазір шетелдік техникамен қайта жабдықталғандығына тоқталады. Қазақтардың тығыз орналасқан орталығында орналасып, ерекше өнеркәсіптік құндылығы бар болса да, Кеңестер Одағының орталық органына бағынышты екендігін ашық айтады. Риддер заводында мыс, қорғасын, қалайы өндіріледі. Соңғы уақытта завод аумағында алтын да табылды. Заводтағы барлық жұмысшылар мен қызметкерлердің барлығы 2800

адамды құраса, оның ішінде 370- і қазақтар. Тек бір жұмысшы- қазақ маманданғандардың санатында, сонда барлық қалғандары жай жұмысшылар немесе дәлірек айтқанда – қара жұмыскерлер. Завод жанында маманданған жұмысшылар дайындайтын фабрика – завод мектептері болғанымен, онда қазақ тілін білетін оқытушылардың жоқ болуына байланысты, қазақтарға рұқсат етілуі қиын. Заводқа жіберілген қазақ жастары фабрика – завод мектептерін аяқтағаннан кейін, қара жұмыскерлер қатарына қабылданады. Бірдей маманданған орыс және қазақ жұмысшылары бірдей жалақы алмайды: орыстар көп, қазақтар аз алады деп қазақ мамандарына деген жанашырлық сезімін білдіреді. Қазақтар елді басқаруға кеңінен қатысуда деген өтірікке ашынады /9, 370-373 б./.

Кеңес мемлекеті жоғары маманданған, білімді өндірістік – техникалық интеллигенцияны қалыптастыру үшін, социалистік құрылыс орнату жолында кадрлар мәселесін шешуге зор көңіл бөлді. Алайда әкімшілік – шаруашылық жағдайды білетін мамандар тапшы болғандықтан, толық қамтамасыз ете алмағандықтан мамандармен толықтырудың жаңа жолдарын іздеді. Соның бірі өндірістік – техникалық интеллигенция қатарын жоғарылату арқылы әкімшілік, шаруашылық, инженер мамандармен толықтыру арқылы жүргізілді. Жоғарлату институты ой еңбегімен айналысатын жұмысшылар мен шаруалардың үлестік салмағын арттырып, маңызды әлеуметтік міндет атқарды.

РКП (б) Қазақстан облыстық бірінші конференциясының қарарларында: «патша өкіметі шикізат беріп отырушы ретінде қанап келген қазақ ұлтының өнеркәсіптік пролетариаты жоқ, сондықтан өнеркәсіпті жасау, фабрикаларды шикізат көздеріне жақындату біздің кезекті міндетіміз болуға тиіс», деп атап көрсетіліп, Қазақстанды жоғары экономикалық формаларға бірте – бірте көшіруге тиіс екендігі айтылады.

Белгіленіп жатқан ұлан-ғайыр жұмыстар үшін ең алдымен саны аз пролетариат, жартылай пролетариат және қазақ интеллигенциясының бір бөлігін дәйекті түрде пайдалануға тиістілігі де көрсетілді. Мемлекет жүргізіп отырған саясатта ең алдымен күрестің алдыңғы шебінде қалам қайраткерлері жүрді. Атап айтқанда: қазақта Мағжан, Жүсіпбек, өзбекте Чолпон, Фитрат, қырғызда Қасыми, ұйғырда Назарходжа т.б пролетариат диктатурасының кәріне ұшыраған зиялылар, қаймана халық ішіндегі оқығандары, кейін ең алдымен ауыр қасіретке ұшырағандары да осылар. Мұғажырлыққа кетіп, өзінің отаны Түркістанда болып жатқан саясат оқиғаларды жіті қадағалап, ол туралы шынайы қоғамдық-саяси көзқарастарын шетелдерде жетілдіріп, Түркістандағы Кеңестік өкіметтің тоталитарлық содыр саясатын дүниежүзіне паш етіп, әшкерелеп отырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. H.Oraltay, Ates Turkistanın Millı Parokası, - Istanul: 1973. – P.75.
2. Mustafa Cogay, Mariya Yakovlevna Cokay. Natıralar. - Istanul: 1997. – P.86.
3. Zekı Velıdı Togan. Natıralar Turkistan ve Dıger Musluman Dogu Turklerinın Mill Varlık ve Kultur Mucadeleri, - Istanul: 1969. – S.538
4. Абдуқап Қ. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы. -Алматы: Арыс, 2004.- 320 б.
5. Darhan Hıdıralıev. Mustafa Cokay. Hayatı, Faalıeyeterı ve fıkırları. Ven avrasya yaunları. – Ankara: 2001. – Aralık, - S. 215 (14)
6. Шоқай Мұстафа. Таңдамалы. 1 том. – Алматы: Қайнар. 1998.- 512 б.
7. Чокай Мария. Я пишу вам из Ножана. Составитель и перевод Садыковой Б. - Алматы,- 2001. С. 206.
8. Ибрашұлы С. Мұстафа Шоқайұлы. Тасбөгет, 1993; осы автор: Мұстафаның шыққан тегі. // Жас Түркістан. 1998, мамыр, № 1.
9. Шоқай Мұстафа, Шоқай Мәрия. Естеліктер. – Ыстамбұл: 1997 – 265 б.

10. Аманқұлов Ә. Естеліктерінен, әңгімелерінен. (Автордың жеке архивінен).
11. Ибрашұлы С. Әліш мектебі – ежелгі білім ордасы. // Сырдария, 1997. 16 сәуір.
12. Сатаев А. Мұстафа Ташкентте. Мұстафаның әкесі – Шоқай би; осы автор. Туған жердің топырағы. // Қазақ елі. 1997. – 1 тамыз.
13. Әптиек – Құраннан жеке-жеке алынған қысқа–қысқа сүрелер мен аяттар жинағы. Құранда 6225 аят, 114 сүре бар.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XX ғасырдың басындағы Түркістан өлкесіндегі ұлт – азаттық қозғалысының көрнекті өкілі, ауыр да қиын тағдыр иесі болған Мұстафа Шоқайдың балалық шағы мен студенттік кезіндегі өскен ортасы қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о детстве, студенческой поре и политической деятельности видного представителя национально-освободительного движения народов Туркестана в начале XX века, человека трудной и сложной судьбы Мустафе Чокае.

ӘОҚ 316.346:316.343.652(574)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ЖАСАЛЫНҒАН ҚИЯНАТ

Берлібаев Е.Т.-т.ғ.к., доцент (Алматы қ.,ҚазМемҚызПИ)

Қазіргі адамзат өсуінің кез-келген этномәдени тұтас қоғамы нақты географиялық мекендеу ортасындағы сан ғасырлық табиғи-тарихи дамуының нәтижесі болып табылады. Осы сан қырлы құбылысты объективті түрде зерделеу көптеген білім салалары ғалымдарының талай ұрпақтарының міндеті болып табылады.

Халық тарихын зерттегенде, түрлі тарихи кезеңдерде бүкіл этномәдени мұралардың құндылығын жан-жақты жасаушы, таратушы адамның өзі болғанын есте сақтауымыз қажет.

Қазіргі кезде ғылым академиясында қазақтардың этногенезі мен нәсілдік генезі проблемаларын Қазақстанның ежелгі халқының этносы мен мәдени дәстүрінің тарихымен тығыз байланысты алып, кешенді зерттеу үшін мейлінше бағалы, негіз болатын мол антропологиялық құнды материалдар жинақталған. Бұл материалдар хронологиялық реті бойынша үзілмей 4 мыңжылдыққа жуық уақытты қамтиды. Бұл қола дәуірінен қазіргі заманды қоса есептегендегі кезең. Байырғы жергілікті тайпалар қазақ халқының алыстағы ата-бабаларының негізін салды.Түрік тілінің, сондай-ақ қазақ этносының құрылымының бастау кезеңі Шумер тарихынан біз табынатын тәңірдің, біз сөйлейтін тілдің, біз тұтынатын дәстүрдің көрініс беруі, біздің этностық құрылымның бастауының бұдан 7-8 мың жыл бұрын түзілгенін растайды. Одан бері тарихтың аумалы-төкпелі замандарының бәрінде өмір үшін шайқасқан соңғы түрік тайпалары бірлестігі *қазақ деген ұлт, қазақ тілі деген тіл, қазақ елі деген мемлекет, қазақ жері қазақ даласы деген территория* тарих қойнауынан қорытылып-бекітіліп шықты.

Қазақ халқы сонау XVI ғасырлардағы жазба деректемелер көрсеткеніндей Қазақстан деп аталатын байырғы атамекендерін Мәуереннахрда Шайбани және Аштархани әулеттерінен, Ертіс жағалауы мен Сібірде батыста орыс өкіметінен, Жоңғар тайпаларынан талай кескілескен айқастарда қас қақпай қорғап қалды. Осының нәтижесінде қазақ ұлтының өмір сүруі үшін, ұлттық мемлекеттің дамуы

үшін, қазақ тілінің өркендеуі үшін негіз қаланды. Бұл мыңдаған жылдар бойы этностың тарихи күресі, тарихи дамуы жасаған күрделі құрылым. Бұл құрылымның жасалуы ұлттың бақытты, алаңсыз өмір сүруге, теңдікте, тәуелсіздікте болу құқығының бекітілуімен тарихи шешімін табуы еді. Бұл қазақ халқының бостандықта өмір сүруі үшін әлеуметтік, саяси негізбен мемлекеттік саяси жүйенің толық қалыптасқан тұсы болды.

Бірақ оқыстан болған жоңғар шапқыншылығынан кейін Ресеймен одақтас болу мәселесі туындады. Қазақ халқының одақтас болу жөніндегі адал ниетіне қиянат жасалынды. Бұл дәурді екі кезеңге бөліп қарастырамыз: Ақ патшаның тұсы, Қызыл империяның тұсы.

Екеуі де қылышынан қан тамған отаршылдар болып шыққандығына бүгінгі ұрпақ куә болып отыр. Орал тауының шығысындағы ер түріктердің сар даласы, қазақ жері ақ патшаны неге қызықтырды. Ресейді мұндай саясат жүргізуге итермелеген Қазақ жерінің асты мен үстіндегі мол байлығы мен қазынасы. Қазақ жерлерін басып алуда патшалық Ресей орыс-казактарды шебер пайдаланды. Бұлардың көбі XVI ғасырдың екінші жартысынан Еділ мен Жайық бойына Ресейден қашқан басыбайлы шаруалары мен түрлі қылмыскерлер болатын. Тарихшы Карамзин: «Осындай қашқын орыс-казактар 1580 жылы Сарайшық қаласын басып алып, күл-талқанын шығарды, молаларды қазып, өліктерді жалаңаштап, олжамен шықты» /1/ деп жазды. Орынбор генерал-губернаторы Н.А.Кржижановский: «Қырғыз даласынсыз біздің шаруашылығымыз орны толмайтын шығынға ұшырайды» /2/ деген екен. Жаулап алу мақсатын қойған патшалық Ресей жергілікті халықтарды өзара араздастырып, бір-біріне қарсы қойды. Қазақ жері Ресей отарына айналды. 1) Ақ патшаның тұсы-бұл 1917 жылғы Романовтар әулетінің құлатылған кезеңіне дейінгі кезең. 2) Қызыл империя кезеңі - 1917 жылдан-1991 жылға дейін. Екі кезеңде де қазақ халқына жасалынған қиянаттың көлемі орасан. Ақ патша тұсы деп аталған 1-кезеңде әр түрлі қитұрқы әдіс-тәсілдер арқылы қазақтың ұлттық хандық мемлекеттілігі жойылды. Оның орнына орыс билігін жүзеге асыратын отарлық билік жүйесі құрылды. Нәтижесінде қазақ халқы ғасырлар бойы заңды түрде қалыптасқан ұлттық жерінен ажыратылды. Ең қитұрқысы қазақ жері Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп жарияланды. Ең құнарлы деген жерлерге мыңдаған орыс қара шекпенділері көшіріліп қоныстандырылды. Қазақ халқының ұлттық тіліне қауіп төнді. Империяның орыс үстемдігі қазақ елінде орыс тілінің үстемдігін іске асыруға күш салды. Орыс миссионерлері арқылы қазақ халқының ұлттық бірлігіне, тұтастығына іріткі салынды. Империялық басқыншылар шоқындыру саясаты арқылы да қазақ халқына қиянат жасады. Қазақ балаларын орыстарға құлдыққа сату 1808 жылы 23 майда сенаттың жарлығы арқылы заңдастырылған /3/ Кейін де осы заң бойынша көптеген қазақтың жас балалары чиновниктерге, дін қызметкерлеріне, көпестерге сатылған. Бар билік Ресей патшалығына өткен бұл бірінші кезеңде ұлт ретінде жойылып кету қаупі төнді. Бұл үрдіс Қызыл империя деп аталатын екінші кезеңде күшейтіліп өңі аударылған басқа саясатпен жалғастырылды. Қызыл империя тұсында қазақтың ұлттық өмір сүру кезеңдерін жоюға әрекет тереңдей түсті.

Мемлекет Қазақ Республикасы деп аталғанымен ондағы билік тұтасымен Мәскеудің қолында болды. Қазақстан экономикасы тұтасымен Қызыл империяның мүддесі үшін жұмыс жасады. Мысалы: 1970-1985 жылдардың өзінде республика жыл сайын одақтық қорға 300 мың тонна ет (кг - 2сом) жіберіп отырған. Одан Республикаға түскен пайда 9 млрд сом, шығын 18-27 млрд сом болды /4/. Бұл одақтық тонаудың салдары. Негізінен мал шаруашылығымен айналысатын қазақ шаруалары өз еңбегінің жемісін өздері көре алмады.

Қызыл империяның тұсында қазақ тілі-отбасы тілі болып, мемлекеттік тіл-орыс тілі болып қала берді. Қазақ Республикасының жері Мәскеудің құзырында болды. Қалай бөліп, кімге беру, кімге басқарту Мәскеуде шешілді. Ұжымдастыру, соғыс, тың игеру деген сылтаулармен қазақ өз жерінде көпе-көрнеу азшылыққа айналды. Ең сорақысы орыстанған, орыс тілді қазақтар, қазақ тілділер деген топтар пайда болды. Олардың бір тобы империя саясатын қолдап, қарсы шыққан қазақтарды қынадай қыруға атсалысты. Абақтыға салды. Қазақтардың басқа дінге ауысуы ұлғайды. «Интернационалдық неке» деген дәріптеліп осындай некедегі коммунистер қызмет бабында жоғарылатылды. Біздің бұл атағандарымыз қызыл империя тұсындағы қазақ халқына жасалынған қиянаттың топтамасы.

Қазақ халқына жасалынған қиянат қызыл империяға патшалық Ресейден мұраға қалған болатын. 1917 жылдардың қарсаңында қазақ байларына жасалынған қысымның салдарынан көптеген аймақтағы қазақтар руымен көрші елдерге көшіп кетті (негізі Қытайға). 1932-1933 жылдары адамзаттың тарихындағы қайғылы оқиғалардың бірі қолдан жасалынған қасірет-ашаршылық. *Ұжымдастыру қарсаңында қазақтарда 40,5 млн бас мал болса, ұжымдастыру соңында 1933 жылы қаңтарда 4,5 млн бас қана мал қалған. Тіршілік ету көзі жойылғаннан кейін 1930-1932 жылдары 1 млн 750 мың қазақ немесе сол тұстағы халықтың 40%-і қынадай қырылды. 1928 жылы байлар деп тіркелгендердің саны 696 ғана болса да, 1928-1931 жылдары 56125 қазақ жсауапқа тартылған. 1932 жылы Юстиция Халық комиссары өзінің құпия хатында барлық жсауапқа тартылғандардың 37,3% ғана кулактар, қалғаны-еңбекшілер екенін мойындапты /5/.*

Қазақ халқына жасалынған қиянат мұнымен тынған жоқ. *1937-1938 жылдары жаппай террордың салдарынан 101 мың қазақстандық ГУЛаг-қа жабылып, 27 мыңы атылды. Ескексіз қайық, басқарусыз көліктің қайда баратыны белгілі болса, осы атылғандардың негізі халық үшін ескек пен көш басы қызметін атқарған ұлттың қаймақтары болатын.* Осы мәселелер тұрғысынан алғанда орыс коммунизмі фашизмнен кем түскен жоқ. Кеңес үкіметі жылдарында басталған күштеп қоныс аударудың негізгі «науқаны» Ұлы Отан соғысы кезінде жүзеге асырылды.

Сталиндік тоталитарлық жүйе көптеген жазықсыз халықтар мен ұлттардың өкілдеріне әр түрлі себептермен сенімсіздік көрсетіп, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанға жер аударғанын білеміз.

Жер аударылғандар арзан жұмысшы күші ретінде пайдаланылғаны мәлім. *Бүкіл соғыс кезінде Республикаға жер аударылған халықтардың саны 1 млн 200 мың адамға жеткен /6/.* Кейін байқалғанындай бұл тоталитарлық саясаттың қазақ мемлекетін ұлттар лабораториясына айналдырудың жымысқы жолдары екенін ғалымдар еңбектерінде жазып жүр. Бұл саясат тың игеру деген сылтаумен 1953 жылдан кейін жоспарлы түрде жүргізілді. *1954-1962 жылдары Республикаға 2 млн-ға жуық келімсектер көшіріліп әкел /7/.* Осыншама халық көшіп келіп жатқанда жергілікті халық тарапынан қарсылық болған жоқ. Бір таң қаларлығы аңғал қазақ патшалық Ресейдің тұсында да, орыс-казактар айналдыра бекініс салып жатқанда да, оларды қорғаушы ретінде санап, алғашқы тұста қарсылық көрсеткен жоқ. Бұл тұста да экономиканы көтеруге көмектесушілер ретінде қарады. *Зерттеушілердің деректеріне қарағанда бір ғана Солтүстік Қазақстанға келген 650 мың тыңгерлердің 150 мыңының ғана ауыл шаруашылық мамандығы болды. Осы саясаттың салдарынан қазақтар Республика тұрғындарының үштен бірінен аз болды. Жергілікті халықтың үлес салмағы 1897 жылы - 85% болса, 1962 жылы - 29% ғана деңгейде болды /8/.* Бұл дегеніміз қазақ деген ұлтты мүлдем жоюға ұмтылыстың шарықтау шегі болды. Келушілердің арасында пайда табуды көздеген алаяқтар, қылмыскерлер аз болған жоқ. Бір айта кететін жағдай, *айрандай ұйып*

отырған қазақ ұлтында төңкеріске дейін маскүнемдік, нашақорлық, ажырасу т.б. жағымсыз құбылыстар мүлде болған жоқ. Бұл бізге қызыл империяның сыйы деп айтуға тұрарлық. Осы біз жоғарыда келтірген екі кезеңде ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ерекшеліктеріміз, ұлттық алтын қазыналарымыз, ұлттық тіл, ұлттық дәстүрге қауіп төнді. Бұл жөнінде баспасөз бетінде сөз етушілер түрлі әдіс-тәсілдермен жазаланды. Сталиннің тұсында ату, қамау, жер аудару әдісі болса, кейін Хрущевтен кейінгі жылдары «өзгеше ойлайтындар» деп табылып жазаланды. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша психологиялық ауруханалар жүйесі арқылы жазаланған «өзгеше ойлайтындар» саны 90 мыңнан асыпты. 1985 жылы Горбачевтың демократиясымен, жариялылығы қазақ зиялылары үшін көп жылдар бойы қатқан мұздың жіби бастауына себепші болды. Іле-шала 1986 жылы қазақ жастарының желтоқсан көтерілісі қызыл империя таптаған қазақ рухының қайта оянуына, рухани серпілісіне жол салды. Бұл қозғалыс орыстандыруға, полигондарға, экологиялық апатқа қарсы наразылық болатын.

Колбиннің қазақ елінде бірінші басшы болып тағайындалуы қазақ деген халыққа жасалынған қиянатшылдықтың шектен шыққан көрінісі болды. Бұдан әрі шыдай беру әлем халықтарының алдында мүлдем дәрменсіздігімізді көрсетіп ұятқа қалғанмен бірдей болды. Мақтанарлығымыз сол жылы аға буын өкілдері көңілдегідей белсенділік көрсете алмаса да, *қазақ жастары желтоқсан көтерілісінде қызыл империя таптаған қазақ рухының оянуына рухани серпін берді. Бүкіл КСРО мен әлем халықтары алдында ата-бабасының ұлы халық екенін көрсетіп даңққа бөленді.* Бұл қозғалыс орыстандыруға, полигондарға, экологиялық апатқа қарсы наразылық болатын/9/.

1989ж. мамыр пленумында Н.Ә.Назарбаевты республиканың бірінші басшылығына ұсынғаннан кейін елдігіміз таныла бастады. Бұл тұста ең қауіптісі ұлттық тілімізге қауіп төніп, ұлт ретінде жойылудың шақ алдында қалғанымыз анық еді. Сондықтан да тіл мәселесі қазақ интеллигенциясының алдындағы ең күрделі мәселеге айналды. Ақ патша мен қызыл империя қиянатшылдығынан пайда болған шешуі қиын міндеттерді қолға алу осы тұстағы интеллигенцияға бұйырыпты. Жаңа жариялылықтың мүмкіндіктерін пайдаланған еліміздің парасатты зиялы қауымы қазақ халқына арналған үндеуін жариялады: «Халық үшін шын мәніндегі бостандық тілден басталады. Тіл болмаса халық өзінің ойын, сезімін, дүниеге деген көзқарастарын жеткізуге дәрменсіз... Бірақ бізді ...республикаға есімі берілген қазақ тілінің тағдыры алаңдатады... Ғалымдардың деректеріне қарағанда бүгінгі қазақ тілі қоғамдық өмірдің 10 саласында ғана белсенді қызмет атқарады. Біздерге бұл мәселенің дұрыс шешілуінің жолы қазақ тілінің мемлекеттік тіл статусын беру болып көрінеді»- деп ақпарат құралдарымен бүкіл елге білдірді /10/. Кезінде патша идеологтары: «Оларды жазу-сызуы бар елге ие етсек, оны мектеп өміріне енгізуіне мүмкіндік туғызсақ, сол арқылы олардың белгілі бір халық болып қалыптасып дамуына жағдай жасадық дей бер» -деп үрейі ұша жазған екен /11/. Қызыл империя идеологтары да осы принциптен таймаған. 1989 жылғы 22 қыркүйектегі Тіл туралы Заңның қабылдануы ана тіл үшін жасалынған ең бақытты қадам болды. Кезінде шығыстанушы ғалым В.В.Родлов: *Мемлекеттік тілді білмейтін адам елдің танымал белсенді азаматы бола алмайды* -деп әділ баға берген /5/. Осыған орай халқымыздың біртуар ұлдарының бірі М.Әуезов: *Өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген интеллигент толық мәнді интеллигент емес,-деп түйіндеп* /12/.

Ең қорлығы 1995 жылдың өзінде көптеген оқу орындарында мемлекеттік тілді оқыту, шет тілдерін оқытудан да қиындыққа түскен. [13] 1991 жылдың желтоқсаны адамзат тарихында 1917 жылы басталған большевиктік эксперименттің аяқталған айы болумен қатар, Ресейлік империяның да аяқталу жылы болды. 1991 жылы 25 қазанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы Заңның қабылдануы

жүздеген жылдардағы ұрпақтардың аңсаған арман-мақсатының жүзеге асуы еді. Қазақстан қандай мемлекет? - деген сұраққа ел Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде «Қазақстан көп укладты нарықтың экономикасы бар демократиялық қоғам болады» -деп ұтымды жауап берді.

Ел Президентіне кеше де, бүгін де өз айналасына интеллигенция арасынан ел басқару кадрларын іріктеу оңайға түсіп отырған жоқ. Америка демократиясының атасы Томас Джефферсон «Менің ойым әкімшілік айналасына... беделді, қабілетті адамдарды көптеп топтастыру. Екінші топтағыларға ешқашан мемлекеттік қызмет ұсынбау. Әкімшілік саясаты әділ ақылға негізделген принциптерге негізделсе, мемлекеттің азаматтары оның айналасына топтаса түседі. Нақ осы басшыларды біз қолдауымыз қажет /14/. Бірақ тәуелсіздік алғалы 15 жыл өтсе де тіл мәселесі әлі де күрделі күйінде. Парламенттегі, үкіметтегі кейбір басшылар бірнеше шет тілдерін аз уақытта меңгергенімен, қазақтың ана тіліне салғырт қарайтындай. Ұлы М.Әуезов айтқандай, мемлекеттік тілді білмейтін адам елдің танымал белсенді азаматы бола алмас дейміз бе? Қалай дегенмен ақ патша мен қызыл империядан қалған қазақ халқына жасалынған қиянатты оңтайлы шешу бүгінгі қазақ интеллигенциясына бұйырып тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Карамзин Н.М. История и государства Российского. –М., 1889. С. 224.
2. Записи Оренбургского отделения ИРГО. Вып 1, Казань. 1870. С.21.
3. ҚРОМА 4қ 1-тізбе, 555-іс, 3-парақ.
4. Х,К. Есмұханова, Қазақстан тарихы. Алматы. 2004, 257-б.
5. Қ.С. Қаражанов. Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы. –А.
6. Романов Ю. Депортация народов к проблем прав. Человека. Материалы семинария. –Алматы. 1998. С.43.
7. Х.И. Ермұханова. Қазақстан тарихы. Алматы. 2004.
8. Бұл да сонда, 242-бет.
9. ҚозыбаевМ.К. Голощекин және Қазақстан. Сталин және Қазақстан. // Ақтаңдақтар ақиқаты. -А., 1992.
10. Социалистік Қазақстан. 12 шілде,1989.
11. Егемен Қазақстан. 1993, 8-қаңтар.
12. М.Әуезов. Шығармалар жинағы. 19 том, А.,1985. 411 б.
13. ҚРОМА, 2255-қор, 1-тізбе, 397А-іс, 2-парақ.
14. Рес Гуман. Томас Джефферсон о демократии. -С.П.б. С. 6.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада патшалық Ресей мен қызыл империя тұсындағы қазақ халқының ұлттық тіліне, әдет-ғұрпына, мемлекеттік құрылымына жасалынған қиянат жан-жақты баяндалады.

РЕЗЮМЕ

В статье исследуется ущерб, нанесенный языку и обычаем казахского народа во времена колонизаторской политики Российской и красной империями.

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ АУЫЛЫ

Бижанова Г. - аға оқытушы,
Картаева Т.Е. - т.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Біз негізге алып отырған ХІХ ғасырдағы қазақ ауылдарының әкімшілік құрылымы байырғы қазақ ауылынан өзгеше болды. 1822 жылы Ресей Империясы “Сібір қазақтары туралы жарғы” негізінде Ресейге шекаралас және шекараға жақын орналасқан Орта жүз қазақтарының қоныстарын ауылға, болыстыққа, округтерге бөлген. 1868 жылғы “Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы Уақытша ереже” бойынша қазақ даласында облыс, уезд, болыс, ауыл сипатындағы әкімшілік бөліктер құрылды. Облыстар уезге, уездер болыстықтарға, болыстықтар әкімшілік ауылдарға, әкімшілік ауылдар шаруашылық ауылдарға бөлінді. Бір уезге 15-20 болыстық, бір болыстыққа 10-12 әкімшілік ауыл, әкімшілік ауылға 50-70 шаңырақ бірігіп, ауылдық қауымды құраған. Әрбір әкімшілік ауылды 3 жылға бекіткен ауыл старшинасы, ал болыстықты мұрагерлік бойынша я болмаса сұлтандардың өз арасынан сайланған сұлтан немесе болыс, ал уезді аға сұлтан басқарған. Болыстық қызметі шын мәнінде атадан балаға мирас ретінде қалып отырды /1/. Болыстықтар әкімшілік аймақ ретінде қалыптасып, болыс халқы шекара тәртібін қатаң сақтап отырған. Уездік басқарма құрамына міндетті түрді кемі 2 ұлты орыс шенеунік, старшындар, билер енді /2/.

Бұл әкімшілік органдар қазақ даласындағы дәстүрлі басқару жүйесіндегі ғасырлар бойына қалыптасқан далалық билік шекарасын бірте-бірте ығыстырды. Әрбір болыстық басындағы болыс 50 үйден бір сайлаушы қатысатын елубасылардың съезінде 3 жыл мерзімге сайланып, оларды әскери губернатор бекітіп отырған. Болыстар немесе сұлтандар өз қарамағындағы әкімшілік аймаққа билік жүргізіп, патша үкіметінің жарлықтары мен сот үкімдерінің орындалуын қадағалады, ауылдарға жайылымдық шабындық жерлер бөліп беру, жер дауы, салық салу, салық жинау мәселелерін шешіп отырды. Сондықтанда сайлауға әр ру-тайпа болыс қызметіне өз адамын өткізу үшін барынша жанталасқан. Болыс қызметі Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында әкімшілік-саяси өзгерістерге байланысты жойылды.

Ауыл старшындары, яғни “ағамандар” сайлаушылар съезінде 3 жыл мерзімге сайланып, олар болыс билігіне бағынған. Старшын лауазымын уезд бастығы бекіткен. Старшын әдетте ауыл ішінде беделді, ауқатты адамдар арасынан қойылған. Атқаратын міндетіне ауыл шаруашылығын басқару, маусымдық көшіп-қонуды ұйымдастыру, ел ішіндегі дау-жанжалдарды шешу, халықтан алым-салықты жинауды ұйымдастыру, болыстық сайлауға қатысушы адамдарды шақыру жүктелді. Ауыл старшындары ел арасында “ауылнай” деп аталған. Бұл лауазымда Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында жойылды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында шаруашылықтың көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы түрлері және осыған орай қазақ ауылының типтері қалыптасты /3/.

Қазақтардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі төрт түлік малдың қамына байланысты қалыптасты. Орыс зерттеушілері “егер қазақтар қолынан келсе, бүкіл әлемді жайылымға айналдырар еді”, - деген /4/. Мал жылдың төрт маусымында да табиғи жайылымдарда бағылды. Талай ғасырлық тәжірибеден туған шаруашылық басқару тәсілі жайылымдарды маусымға қарай пайдалану тәртібін қалыптастырды. Жайлаулық жайылымдар өзендер мен көлдердің алқаптары, ауасы салқын, шыбын шіркейі аз биік таулардың қойнауларында; қысқы жайылымдар ықтасын, күнгеілі таулы жерлерде, малды бораннан сақтайтын тоғайлы, қамысты жерлерде; көктеулік көбіне жас төлді аяқтарынан ширатуға қолайлы жері жатық, суы мол жерлерде;

күздеулік жайылым көбіне көктеулік жайылыммен бір жерде болды. Көшіп-қону өрісі түрліше болды, малы көп, әсіресе түйе мен жылқыға бай малшылар алысқа көше алды. Ірі қараны басым иеленген ауылдар жақын маңға көшкен. Ірі рулар мен олардың бөлімшелерінің қоныстары негізінен алғанда бір территорияда болып отырды. Әрбір ру-тайпаның өзінің дәстүрлі көш жолдары қалыптасты.

Малына қор іздеген қазақтар жыл бойына бір жайылымнан, екінші жайылымға көшті. Ауыл көшпелілері қонысты жиі ауыстырып, өрісті жаңартып отырған сайын, мал соғұрлым күйлі, семіз болған. Әрбір ру немесе ауыл ата-бабасынан белгілі болып келе жатқан, дәстүрлі қалыптасқан көш жолдарымен жүріп отырған. Көш бағытына ауыл ақсақалы мен ерлер жол сілтеп, қадағалап жүрген. Ауыл басшысы көштен 20-25 шақырым алға түсіп, өз алдына бөлек жүретін, өз алдына сауық құрып, аң аулап баратын кезі де болған. Ауылдың беделді әйелі көштің алдында жүріп отырған. Көшке шығу қазақтар үшін аса жауапты сәт. “Бір киер” тәуір киімдерін киіп, көшке салтанатты түрде шыққан. Ауыл қыздары мен жігіттері жол бойына ойын-сауық құрып, бірде көштен озып кетсе, бірде көштен кейін қалып отырды /5/. Бай ауылдарда ірі мал саны жоғары болып, олар алысқа тіпті 2000 шақырым жерге дейін көше алды /6/.

Әр ауыл сол ауылдың үлкенінің атымен немесе “*ауыл ақсақалы, ру ақсақалы*” атымен аталған /7/. Ақсақал дәрежесіне ауылдың құрметті адамы ие болып, ол сол ауылдың басшысы, әрі ру басшасы саналды. Ақсақал барша ауылдың шаруашылығына басшылық жасап, көш жолдарына бастап, жайылымдық жерді таңдауда да шешім қабылдап отырды. Дәстүрлі қазақ қоғамында “*ру ақсақалдардың кеңесі*”, “*тайпа ақсақалдарының кеңесі*”, “*ақсақалдар соты*” сияқты дәстүрлі билік жүйесінің болғандығы белгілі. Бұл билік жүйесінің ру, әулет, ағайын, туыс арасындағы тұрмыстық мәселелердің ауыл арасындағы қарым-қатынастың, жер дауының шешімін табуда маңызы әрине жоғары. Ауыл ақсақалдарының шешімі билер сотында, әдеттік құқықта маңызды орын алды. Билердің өзі маңызды шешімді ру ақсақалдарының қатысуынсыз шешпеді. Ақсақалдар жайлаулар мен жайылымдардың қожайыны болды десе де болады /8/. Ру ақсақалдарының шешімін таппаған мәселені өзара кеңес жасап талқылаған. Билер сотында да ауыл ақсақалдарының беделі маңызды роль атқарды /9/. Ақсақалдар ауыл арасындағы күрделі мәселелерді реттеп отырды, қауым мүшелерінің ақсақалдар кесіп айтқан сөзіне тоқтауы қазақи қалыптасқан сана, ғұрыптың бірі саналды /10/.

Рулық одақтың беріктігі, рулас қауымның экономикалық қоғамының беріктігімен, яғни мал шаруашылығының дамуы, жайылымдық жерді пайдалану, әр рудың дәстүрлі көшу жолдарың сақталуы, жайылымдық шекараның қалыптасуымен де тығыз байланысты болды. Әрбір рулық қауымдық қоғам өз меншігіндегі жайылымдық, шабындық, егістік жерді иемденді. Рулық қауымдастық әрбір қазақтың қуаныш пен қайғыдағы арқа сүйейтін одағы ретінде қалыптасты. Кедей отбасыларын бай ағайындары көбіне қалдырмай өздерімен бірге алып көшкен немесе қарасып отырған.

Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығындағы еңбек өте ауыр болған. Малды жаю, оны төлдетіп, өсіру, табынды қауіп-қатерден сақтау үшін қатардағы көшпелілер мен жартылай көшпелілердің көп күш жігер жұмсауына тура келді. Табиғи су көздері жоқ шөл және шөлейт өңірлерде құдық қазып, оны қалыпты жағдайда ұстауы, жыл сайын жол бойындағы құдықтарды тазалап отыруы да малды шөлден аман алып қалудың қамы еді.

1896 жылдан басталған ауыл шаруашылығы негізінде жүргізілген санақ кезінде ауыл ақсақалдары статистармен келісе отырып, мал санын кемітіп жаздыртқан екен. Қазақтардың малын кемітіп жаздыруы мал табынын көз тиюден сақтау және орыс әкімшілігінің Ресейге мал айдап әкетуінен сақтау еді /11/.

Қазақ ауылы - дәстүрлі қазақ қоғамында ежелгі кезден қалыптасқан қауымдастық, әрі көшпелі қауымның негізі болды, себебі жеке отбасының көшпелі мал шаруашылығымен айналысуы мүмкін емес еді. Кем дегенде бес-алты шаңырақ бірігіп қана малды жайғара алды. Қыста әрбір ауылдың өзінің белгілі қыстау орны болды /12/. Батыс және оңтүстік өңірдегі кейбір көшпелілер қыс бойына да киіз үйде отыра берген. Қыстау маңында әрбір ауыл мүшелерінің егістік, шабындық жерлері, қыстық өрістері болды.

Жайлауға көшер уақытта бірнеше ауыл бірігіп, үлкен бір қауымды құрайтын. Ауылдар арасында шекара қатаң сақталды. Ауыл адамдарының басым бөлігін немесе тұтастайын бір атадан тараған ру адамдарынан тұрды. Дегенменде ауылға отбасылық патриархалдық қоғам деп қарауға да болмайды. Белгілі бір жағдайларда басқа рудың өкілдері көшіп келіп, қоңсы отырып, сол ауылға сіңіп, “кірме” болып кетіп отыратын жағдайлар да жиі кездесті.

Қазақ отабасында ер жеткен баланы балалы-шағалы болған соң еншісін беріп, бөлек шығарып, олар өз алдына “отау үй” болып, көрші ауылда отырған. Осылайша бір ауылдан екінші бір ауыл бөлініп шықты. Отау үй бөлініп шыққанда, әдетте әкесінің шабындығын пайдаланған. Егер шабындық көлемі тар болғанда ауыл ақсақалдарының кеңесіне жүгініп, бөлек мал, шабындық жер бөліп алып отырған /13/. Отау болып бөлініп шыққан ауылға әкесінен шабындық бөлінбеген уақытта, туысқандары қарасқан.

Әрбір қазақ ауылында көшпелі мектеп (әрине мұны киіз үй ауыстырды), молда-мұғалім, үш-төрт ауылға ортақ болса да, тұрмыс қажетіндегі заттарды қамтамасыз ете алатын зергер, ұста, ерші, сүйекші сияқты қолөнер шеберлері болған.

Қазақ жерінде орыс билігінің орнығуы көшпелілердің байырғы көші-қон жерлерін мейілінше тарылтты. Мұның салдары көшпелі шаруашылық жүйесінің ғасырлар бойына қалыптасқан дәстүрлі ырғағының әдеуір бұзылуына әкеп соқты. Жайық, Елек, Қобда, Сырдария бойындағы тайпалардың көпшілігі мал санының азаюы, жайылымның тарылуына байланысты егіншілікпен айналыса бастаған. Бірақ, қазақ халқы көшпеліліктен, рулық қауымдастықтан бірден бой ұза қалған жоқ /14/. Жекеленген аймақтарда көшпелілік XX ғасырдың 30-шы жылдарына дейін созылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Народы России. Киргизы. Исторический очерк и народный характер. // Природа и люди. 1879. - 15-16с.
2. Зобнин Ф. К вопросу о невольниках, рабах и тюленгутах в Киргизской степи. 1902. – С.16.
3. Соколовский В.Г. Казахский аул. -Ташкент. 1926. – 3-4 с.
4. Россия полное географическое описание нашего отечества. Под ред. В.П.Семенова-Тян-Шаньского. Том. XIX. Туркестанский край. -Спб. 1913.
5. Россия полное географическое описание нашего отечества. Том. XIX. Туркестанский край. Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч.1. Киргизская степь Оренбургского ведомства. Спб. 1865. – С.247.
6. Народы России. Киргизы. Исторический очерк и народный характер. // Природа и люди. 1879.
7. Студ. Войтеховский. Киргизы Кустанайского уезда Тургайской области. // Известия общества Археологии, истории и этнографии при императорском Казанском университете. Том. XXVI. Вып. 4. Казан. 1910. - 4 с.; ЛыкошинБ.А. Метод. техника районирования. // В кн: Материалы по районированию Туркестана. -Ташкент. 1924. - 9 с.

8. Султан Мендали Пиралиев. Из Зауральской степи. Письма к редактору «Дня» // День. №28. 1862.-12 б.
9. Балаубаева – Голяховская А.М. Погребальные обряды у казахов Акмолинский губернии. // Сборник научного кружка при Восточном факультете Средней Азии гос. университета. Вых. 1. Таш. 1928. - 17 с.
10. Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Под. Ред В.П.Семенова. Том. ХУІІІ. Киргизский край. СПб. 1903. - 216 б.; ИбрагимовИ. Заметки о киргизском суде. // Народные юридические обычаи инородцев. Сост. Ефименко П. – 233-257 с.
11. Киргизская степь в хозяйственном отношении. // Экономический журнал. Под ред. А.П.Субботина. - Спб. 1888. – С.103.
12. Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. С-Пб. 1865.- С.248.
13. Материалы по киргизскому землепользованию. Т.УІІ. Актюбинский уезд. 42 с.
14. Артемьев А. Несколько заметок о киргизской степи Оренбургского ведомства. // Журнал министерства внутренних дел. 1859. Ч. 8. Спб. 1859.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена проблемам казахского аула XIX века, в том числе административному делению, владениям аулами сезонных пастбищ и обязанностям родоначальников.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XIX ғ. қазақ ауылының мәселелері қарастырылған. Оның ішінде, әкімшілік бөлу, мерзімдік жайылым мәселелері.

ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ ЖЕТІСУДЫ ОТАРЛАУ БАҒЫТТАРЫ

Бисембаева Л.А.- аға оқытушы (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Біз тарихтан қазақ жерін патша үкіметінің отарлауының үш кезеңі болғанын білеміз:

- I-кезең: XIV ғасырда басталған еркін адамдар (казактар) немесе қашқындар мен босқындар арқылы жүргізілді;
- II-кезең: XVII ғасырда басталған сауда-өнеркәсіп мүддесі үшін жүргізілген әскери-әкімшілік отарлау;
- III-кезең: XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басында басталған қоныс аударушылар арқылы отарлау.

Патша өкіметінің I және II кезеңдердегі отарлау саясаты империяны нығайтып, отарлаудың III-кезеңіне, яғни шаруалар арқылы отарлауға жол ашып берді. Біз қарастырғалы отырған Жетісу өлкесінің отарлануы, осы үшінші кезеңге сәйкес келеді.

Жетісу өлкесі – Верный, Пржевальский, Нарын, Пішпек, Шу, Қапал, Лепсі, Сергиополь-Бакты, Жаркент төменгі аудандары қараған үлкен аудан /1/.

Орыстардың Жетісу өлкесіне келе бастауы негізінен 1831 жылы Аякөз бекінісі салынып, оған Сібір әскерлерінің казактар гарнизоны орналастырылғаннан соң етек алды. Казак отряды жергілікті казактармен байланыс орнату, оларды құлшылыққа көндіру, бақылау т.б. шаралар жүргізу үшін Аякөзге жіберіліп тұрды.

Бұл бағытта орыстар тек қана жергілікті жекелеген қазақ старшындарын ғана емес, осы аймаққа таласқан Қытай мен Қоқан хандықтарының да қарсылығына тап болды. Орыстар отряды мен қазақтар арасындағы шекара Лепсі өзені бойымен өтетін.

1847 жылы Қапал өзенінің бойында Қапал бекінісі салынды. Жолды бақылау мақсатында Қапал мен Аякөз арасында 12 бекет салынды /2/.

Қапал бекінісіне 1848-1850 жж 9-Сібір казак полкінен казактар келіп, бекініс жанынан Қапал станицасын қалыптастырды. 1854 жылы Іле бекінісі (1855 жылдан Верный форты атанды) ашылды. 1855 жылы шілдеде осы бекініске әскери старшын Шайтановтың басшылығымен Сібір казактарының отряды келіп қосылды да, Алматы станицасының ірге тасы қаланды. Бұл Іле өлкесін орыстардың тұңғыш қоныстануы еді. 1856 жылы 139 казак отбасы және Томск пен Тобыл губернияларынан 200 шаруа отбасы көшіп келді. Осыдан кейін Талғар, Қаскелең, Есік Шамалған өзендері бойына да келімсектер қоныстана бастады /3/.

1855-1860 жж жаңа өлкені иемденудің белсенді кезеңіне айналды. Ресей казактары мен оларға ерген орыс шаруаларының арқасында орыстар қазақ жерінің аса бай құнарлы жері-Жетісу өлкесіне нық орнығып алды. 1885 жылдың өзінде Үржар, Лепсі станицалары ашылса, осы кезде Верный мен Қапал арасында да казактар көбейе түсті. 1858 жылы Талғар өзенінде Софийская (қазіргі Талғар) станицасы пайда болды да, оған казактар мен орыс шаруалары қоныстандырылды. Осы мерзім аралығында Надеждинская, Көксу, Сарқан, Қаскелең, Арасан, Қарабұлақ, т.б. станицалар мен хуторлар салынды /4/.

Патша үкіметі болашақта қоныс аударушыларды ынталандыру үшін өлкеге көшіп келген казактар мен шаруаларға белгілі мөлшерде жеңілдіктер де жасады. 2 жылға әскери қызметтен босатты, 55 сом мөлшерінде жәрдем ақы төледі, тегін азық-түлікпен қамтамасыз етті. Осының өзі шаруаларды жаңа жерлерге көшуге ынталандырды.

Казактар мен жергілікті казактар арасында дау-жанжал, қақтығыс негізінен жерді, арықтарды пайдалануға байдалануға байланысты туып отырды. Әр казакқа 30 десятина жер бөлініп берілді. Шұрайлы жер қазақтардан тартылып алынды.

Жоғарыда аты аталған станицалар 20 жылдың ішінде салынды да, ұзын саны 14-ке жетті де (Сергиополь, Сарқан, Арасан, Қарабұлақ, Надеждинск, Қаскелең Үржар, Лепсі, Софийск, Үлкен Алматы, Кіші Алматы, т.б.), «Жетісу бекініс шебі» атанды /5/.

Жетісу шебіне 1867 жылға дейін 14 648 адам (7 832 еркек, 6 816 әйел) көшіріліп әкелінді.

Жетісу облысы 1867 жылы 11 шілдеде Түркістан генерал-губернаторлығының құрамында құрылды. 1882 жылы Ақмола, Семей облыстарымен бірге жаңадан ұйымдастырылған Дала генерал-губернаторлығының құрамына кіргізіледі де, 1897 жылы қайтадан Түркістан генерал-губернаторлығына қаратылды /6/.

Дегенмен, XIX ғасырдың II-жартысы Жетісу өлкесінің тұрғындары үшін өте ауыр кезең болды. Өлкенің халқы үш бірдей іргелі мемлекет Ресей, Қоқан, Қытайдың қыспағында қалды. 1868-1880 жылдарда қоныс аударушылардың Жетісуға ағылып келуі, бұрынғыданда жиілей түсті. Осы 12 жыл ішінде мұнда 3324 отбасы көшіп келіп қоныстанды. Олардың 2099-ы поселкелер салып алды да, 1225 отбасы қалаларға орнығып қалды.

Қазақ жерін өзіне қосып алу үшін Ресей империясы ешқандай құрбандықтардан бас тартпаған. Қазақ жеріне қоныстанушы шаруалар келіп орналасқан соң патша үкіметі әрекетін заңмен бекітіп алды. Басты мақсаттары-қазақтың жері екендігі 1867-1868 жж. «Ережелерден» -ақ көріне бастады. Мысалы, 1868 жылы 21 қазанда қабылданған «Уақытша Ереженің» 210 статьясында

«Қазақтардың көшіп-қонып жүрген жерлері мемлекеттік жер болып табылады және ол қазақтардың қоғамдық пайдалануына беріледі»-деп көрсетілген.

Осылайша, қазақ жері «Уақытша» заң бойынша уақытша мемлекеттік жер болып шыға келді. Арада ширек ғасыр өткен соң, 1891 жылы 25 наурызда тұрақты «Степное Положение» - «Далалық Ереже» қабылданды да қазақ жері «Мемлекеттің меншігі» болып жарияланды. 1868 жылғы «Ереже» көзбояу, жұртшылықты алдаусырату үшін «Уақытша» деп аталған екен. Сол «Уақытша» заң бойынша алынған жер қоныс аударған шаруалардың меншігіне мәңгілікке берілуге тиіс болды /7/.

1886 жылы 16 мамыр күні Жетісу облысының Верный уезіне қарасты Көпбай-Қастек болысы №6 ауылының 14 кедей үйі атынан әскери губернаторға өтініш түскен. Олардың айтуына қарағанда, Тайжан Шынтеміров пен Сайматай Айтқұлов бастаған ірі байлар Қастек аңғарындағы Күнгеі Қойжол деген атамзаманғы жерін тартып алған. Екі ауылдың қыстауы, жиған шөбі қоса кеткен. Төбелес кезінде күші басым байлар біреудің қолын, біреудің тісін сындырып, екі адамның басын жарған.

Мұндай оқиға Шамалғанда да кездескен. Ішкі Ресейден келгендерді қоныстандырған да, қазақтарды жерінен қуып жіберген. Бұл 1890 жылы 13 мамырда жазылған өтініш. Мұның аржағында қазақтардың қасіреті айғайлап тұр еді. Қазақтардың жерсіз қалып, малы азайып, қолда қалғанының өзі аштан өліп жатқанын, жайылымдарында су жоқ, шұрайсыз екенін айтқан /8/.

1900 жылы Жетісу бекініс шебінің тұрғындарының саны еркек-әйелі бар 28791 адамға жетті. Жетісу бекініс шебі Қазақстан мен Орта Азияның оңтүстік аудандарын отарлау мақсатында қызмет етті және 1917 жылға дейін сақталған /9/.

Орыс патшалығының жерін ұлғайту, қосып алған жерлерді отарлап, орыстандыру үшін 1904 жылы арнайы «Қоныстандыру және жерге орналастыру Бас Басқармасы» құрылды. Губерниялар мен облыстарда, уездерде оған тікелей бағынышты мекемелер жұмыс істеді.

1905 жылдың жазында Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрмеңкесіне жиналған 15 000 шамасында қазақ қол қойып, отарлаушы орыс үкіметіне әйгілі наразылық петициясын жібереді. Осы жылы 20 маусымда Петербургтегі І-Александр атындағы жол-көлік институтының 4-курс студенті Мұқаметжан Тынышбаев, Думаға отарлауға негіз болған 1868 жылғы «Қазақтарды басқару жөніндегі Уақытша Ереженің» әділетсіз баптарын сынап, 6 миллион қазақ халқының мемлекеттік және өзін-өзі басқару ісін қайта қарауға өз өкілдерін қатыстыруын талап еткен хат жазады. Хат мұрағатқа өткізіліп, ал М.Тынышбаевтың соңына саяси бақылау қойылады. Соған қарамастан 28 жасар М.Тынышбаев 1906 жылы оқуын тамамдаған соң Жетісу облысынан Мемлекеттік думаға депутат болып сайланады. Олай болса, М.Тынышбаевты патшаның екіжүзділік саясатын әшкерелеген тұңғыш қазақ зиялыларының қатарына жатқызуымыз керек /10/.

XIX ғасырдың аяғынан бастап казактар үшін әскери борыш өтеу міндеті енгізілді. Әскери қызмет 20-22 жылға созылды. Әскерге 18 жастан бастап алынып, 3 жыл дайындық мерзімінде, 12-14 жыл сап қатарында, 5 жыл запаста қызмет етті. 1907 жылға дейін Жетісудағы казактардың саны- 59 000 болды /11/.

XIX ғасыр соңына қарай Жетісу казак әскері патшаның агрессиялық саясатын жүзеге асыратын әскери күш санатына жатқызылды. Сондықтанда Жетісу казактарына барынша ыңғайлы жағдай жасалды. Бір казакқа берілетін жер 50 десятинаға дейін өсті.

Ал, бұл үшін жергілікті халықтың жерлері тартып алынды. Жетісуда шаруалар мен казактарды көбейтудің бір сыры - бұл жерде қазақтардың тым көптігінен патша үкіметінің қауіптенуінде еді. Бір орысқа алты казактан келетін,

сондықтанда, 8 жыл ішінде қоныс аудару қорына 3 000 000 десятина жер бөлініп, оның 1 000 000 десятинасы 100 000 орыс қоныс аударушыларына берілді /12/.

Сөз соңында атарымыз: XIX ғасырдың соңына таман Ресей аграрлық дағдарысқа ұшырағаны белгілі. Орыс шаруалары жерінен айырылып, аш-жалаңаш босқындарға айналды. Патша үкіметі бір жағынан: осы қиындықтан шығу үшін, екінші жағынан: Қазақстанның шұрайлы өлкесі - Жетісуды отарлауды тездету үшін ішкі губерниядан азып-тозған босқын шаруаларды бұл өлкеге кедергісіз орналастыру мақсатында барлық жағдайларын жасады. Қоныс аударушылардың толассыз келуі өлкенің демографиялық жағдайына да әсер етті. Сонымен бірге қазақ халқының арасында бұрын естіп - білмеген адам, мал ауруларының түрлерін көбейтті. Әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салты да өзгерістерге ұшырай бастады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әсіп С. Қазақ қасіреті. А., 1994. 83 б.
2. Әбдіров М. Қазақтар мен казактар. // Жас алаш, №35, 19 ақпан, 1992.
3. Стефанов Ю.А. Семиреченское казачье войско. -М., 1969. С.483.
4. Карамзин Н.М. История государства Российского. т. IV, гл.V. С.350.
5. ҚазССР-ң қысқаша энциклопедиясы. I-т. -А.,1984. 146 б.
6. Сонда, 147 б.
7. Әсіп С. Қазақ қасіреті. -А., 1994. 97 б.
8. Сонда, 105-106 бб.
9. ҚазССР-ң қысқаша энциклопедиясы. I-т. -А.,1984. 146 б.
10. Тынышбаев М. Министрлер кабинетінің төрағасы жоғарғы мәртебелі мырзаға. // Қазақ тарихы, №3, 1994. 29 б.
11. ҚазССР-ң қысқаша энциклопедиясы. I-т. -А.,1984. 168 б.
12. Велецкий С.Н. Семиреченская область и ее колонизация. -Верный, 1916. С.52.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XIX ғасыр ортасы мен XX ғасыр басындағы Жетісу өлкесін Ресей империясының отарлауы туралы мәселе қаралады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы колонизации Семиреченского края в середине XIX-начале XX вв.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ПЕН МӘДЕНИЕТ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ САЯСИ-ИДЕЯЛЫҚ ТАРТЫС

Даркенов Қ.Ғ. –т.ғ.к., доцент (Павлодар қ., Павлодар пединституты)

Партиялық бағытты ұстау мен басшылыққа алу РКП(б) ның XII съезінде де маңызды мәселелердің бірі ретінде қарастырылғаны белгілі. Ұлт мәселесі жөніндегі қарарында «...ана тілінде принципті маркстік әдебиетті дамыту; ана тілінде бұқараға арналған партиялық әдебиетті дамыту» /1, б.470/ мәселесін қойып, бұл іске айрықша мән беруі партияның ұлттық аймақтарда да әдебиеттің дамуын толық бақылауға ұстауға бет алды.

Осы кезеңде саяси-идеологиялық жағынан айтыс тудырған қазақ зиялыларының бірі Мағжан шырғармашылығы еді. Әсіре төңкерісшіл, таптық

бағытты ұстағандар оның шығармашылығынан Кеңес үкіметіне, партияға, төңкеріске қарсы саяси астар іздеді. Мағжанның кезінде Алаш ісіне белсене араласқанын білді. Сондықтан оны саяси сенімсіз адам ретінде, шығармашылығын зиянды дүние ретінде айтыс-тартыс нысанына айналдырды. Оған да себеп жоқ емес еді. 1917 жылы қазан айының екінші он күндігінде Ә.Бөкейхановтың «Алаш» партиясының облыстық ұйымдарын құру мақсатында Семей, Ақмола облыстарын аралап кездесу өткізгені белгілі. Омбы қаласында қазақ жастарының «Бірлік» қауымымен өткізген кездесуде «Алаш» партиясының облыстық комитетін құру жөнінде шешім қабылданады. Мағжан осы құрылған комитеттің құрамына енеді. Мағжанның саяси іске араласуы мұнымен шектелмейді. 1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен ІІ Бүкілқазақтық құрылтайына қатысып, Алашорда үкіметін сайлауға дауыс береді /2, б.159/.

1918 жылдың 5-13 мамыр аралығында Омбы қаласында Қазақстанда құрылған әртүрлі жастар ұйымдарының біріккен құрылтайы болады. Құрылтайды шақырған, ұйымдастырған «Алашорда» үкіметіне тілектес «Бірлік» ұйымы еді. Осы жылдары Қазақстанда «Бірліктен» басқа 21 жастар ұйымдары болған. Осы ұйымдардың барлығы бірігіп, ол «Жас азамат» деп аталып, орталық комитет сайланады. Мағжан келешегіне үміті мол жастардың «Жас азамат» ұйымына зор сеніммен қарап, «Мен жастарға сенемін» деген өлеңін жазады. Өлең жолдарындағы:

Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім бар.
Алтын арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін.
Мен сенемін жастарға,
Алаш атын аспанға.
Шығарар олар бір таңда.

Мен жастарға сенемін, - деген сөздер Алашқа қарсы шығушылар мен оны төңкеріске қарсы қозғалыс деп айыптаушылардың әлі есінде еді. Сондықтан, өзінің өткен іс әрекетімен ғана емес, шығармашылығымен де Мағжан сенімсіз еді. Оның шығармашылығын қалай бағалау керек деген мәселе төңірегінде айтыс жүрді. Ақиқатын айтсақ, Мағжанға қарсы науқанға оны «алашшыл», «ұлтшыл», «контрреволюцияшыл элемент» деп айыптаған саяси қарсыластары ғана емес, оны жақсы білетін қолында өсіп тәрбие алған, өкінішке орай тапшыл, төңкерісшіл идеяға берілген адамдар да қарсы шықты. Солардың бірі Сәбит Мұқанов еді.

1918 жылдың күзінде Омбы қаласына келіп арып-ашып, азын-аулақ қаражатын вокзалда ұрлатып мүсәпір күйге түскен, жүдеу, шоқпыт киінген қазақ баласы Сәбитке (Сәбит Мұқановқа – Қ.Д) күн көрерлік жұмыс тауып беріп, қасына алып қамқорлық жасаған Мағжан Жұмабаев еді. Қазақ тіліндегі мұғалімдер курсінде оқуына жағдай туғызды. Мұғалімдер курсына педагогика, тарих, қазақ әдебиеті мен тілі, дін пәндерінен сабақ берген Мағжанмен Сәбит бір пәтерде тұрды. Кейін С.Мұқанов өз естелігінде бұл жайды жазды да. Аталған пәндерден қазақша конспект жазғанда Сәбит Мағжанның хатшысы сияқты болып алды: кешкі уақыттарда Сәбитті өз бөлмесіне шақырып алады да, диванға қисайып жатып, орысша кітаптардағы тексті оған қазақша баяндады. Ал, кейін Мұқанов арада бірнеше жыл өткенде, дәлірек айтсақ 1922 жылдың 22 ақпанында «Еңбекші қазақ» газетінде өзінің баспасөзде бірінші жариялаған «Түсімде» атты фельетонында «Жұмабаевтың байшылдық сырын символикалық түрде әшкерлеуге» арнайды /3 /.

Осы жылдары Мағжан өз басына төніп келе жатқан қара бұлтты сезген болуы керек. Сонымен бірге, С.Мұқанов секілді қатар жүрген және өздерінен кейін оқып қоғамдық өмірге араласа бастаған тапшыл жастарға сенімі жоғалып, олардан түңіле

бастады ма деген де ой келеді. 1922 жылы Қазаннан басылып шыққан кітабы ішіне енген «Жолдасқа» деген өлеңі де көп нәрсені аңғартқандай:

Эй, эй жолдас жас жігіт,
Қиқу салған лепірген,
Кетті ме әлде жын соғып?
Аузың мұнша көпірген!

Құдықтан ішіп жас жігіт,
Оған сірә түкірме.
Кетер сені сел соғып,

Басыл жаным көпірме, - деген жолдарды оқи отырып, өзі қанатына алып қамқорлық жасаған жандардың өзіне қарсы шығып орынды-орынсыз тиісуі мен сынауына наразы болып, «су ішкен құдығыңа түкірме», «жақсылыққа жамандық жасама» басыл, тоқтамға кел деген ойын аңғарамыз.

Өлең жолдарына кеңестік дәуірдің символдық «жолдас» сөзін алуында да бір байқалмаған жұмбақ бар секілді.

Мағжан мен С.Мұқанов арасы соңғысының таптық ұстанымына сәйкес алшақтай түскен тәрізді. Тағы да С.Мұқановтың естелігіне орын берсек, мына жолдарды оқимыз. «Бізге халық алдында Мағжанның және өзге алашордашылардың халыққа жау екендігін әшкерлеуге тура келді. Осы мақсатпен біз 1924 жылдың басында Орынборда Мағжанға әдеби сот жасадық».

Сотта қорғаушы есебінде тағайындалған Рабфак оқушысы Жәкен Сәрсенбинді залда отырғандар айғайлап сөйлетпей қояды. Айыптаушы міндетін Сәбит Мұқанов атқарады да, оның ұсынысы бойынша сот қаулы қабылдайды:

«1. Жұмабаев қазақ халқының, сонымен қатар, қазақ халқына қамқор болып отырған Совет үкіметінің қас жауы деп танылсын.

2. Оның барлық шығармаларын оқылудан алыну өкіметтен сұралсын.

3. Бұдан былай советтік баспасөз бетінен Жұмабаевтың шығармаларына орын берілмесін» /4, б.511/.

Мұндай саяси айыптау мен тұқырту отыздан енді ғана асқан ақындық күш қуаты кемеліне келген Мағжандай дарынды саясат арқанымен тұсаулау ғана емес, әдебиет, өнер әлеміне араласуына тиым салу, жазғанынын бастырмау, кешегі «алашордашыл» ретінде соққы беру еді.

Бірақ, қазақ әдебиетіне өз қол таңбасын қалдырған тұлғалардың бірі С.Мұқанов осындай позицияда ұстанса, екіншісі М.Әуезов аталған оқиғадан арада үш жыл өткен соң 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің анкетасына жауап бергенде: «Қазақ жазушыларынан, әрине Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайда...

Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған, әшікейін сүйемін. ...Мағжан культурасы зор ақын. ...Әдебиет - әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін, - деп жазды. М.Әуезов Мағжанның шығармашылық қабілеті мен әдеби шеберлігін байқап қана қойған жоқ, кейінгі қалатын, келешекке жететін кестелі сөз Мағжандікі деп мойындады /5/.

Аталғандай, Мағжанға қарсы саяси науқан 1924 жылы басталып, одан кейінгі жылдары үздіксіз жүрді. Әсіресе, 1925 жылы Қазақстанға Ф.И.Голощекин келген соң өршіп кетті.

Мағжан 1923 жылы В.Я.Брюсов бастаған әдеби-көркем институтында оқи жүре, астанадағы Күншығыс еңбекшілерінің университетінде сабақ берді. Осы университеттің жанында қазақ жастарының «Жерлестік» ұйымы құрылды. Аталған

ұйым 1924 жылы 24 қарашада Мағжанның 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан өлеңдер жинағын талдау мақсатында жиналыс өткізді. Баяндаманы Н.Төрөқұлов жасады. Баяндама Мағжан шығармашылығын айыптау мен қаралау сипатында болғанына қарамастан, қайшылықты пікірлерге толы еді. Нәзір Төрөқұлов «Саясат пен пен әдебиетті араластыруға болмайды... Мағжан өлеңдері көбінесе осы пікірге сүйеніп басылған. Бұл қата, - дейді. Осы пікірі арқылы Мағжанды шығармашылығы саясаттан тысқары тұрғандығы үшін айыптайды. Мағжан поэзиясының қоғамдағы саяси оқиғаларға еш қатысы жоқ, оларды көрсетпейді, дегенімен одан әрі өз пікірін теріске шығарып: «Мағжанның өлеңі де, өзі де байлар әдебиетіне байланысқан, кеңес үкіметіне қарсы... саяси жолы теріс» деп сынады. Алғашқы айтқан сынына керсінше, Мағжан енді, саясатшыл, шығармалары кеңес үкіметіне қарсы және үстем тап әдебиетін қолдаушы болып шыға келеді. Саяси-идеялық таптық бағыт ұстаған «Жерлестік» ұйымы жиналысы «Мағжанның өлеңдері «бұдан былай... газет-журнал бетіне тексерусіз басылмасын» деген қаулы қабылдады. Ақиқатында, бұл қадам Мағжанды сенімсіз, жат пиғылдағы ақын ретінде баспасөзден шеттету еді.

Ж.Аймауытов Мағжанға қиын уақытта қол ұшын беруге тырысып, Н.Төрөқұловтың «Жерлестік» ұйымының жиналысында жасаған баяндамасын ашық сынамада да, шын мәнінде оған қарсы шығып, Ташкентте оқитын қазақ студентері алдында «Мағжанның ақындығы туралы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама мәтіні «Лениншіл жас» журналының №5 санында 1925 жылы жарияланады.

Орынсыз сын мен саяси айыптаудан Мағжанды аршалау ниетінде жасалған баяндамада Мағжанның ақындығына баға беру мен оның шығармаларын талдау ғана емес, заман тынысын сезе білген Ж.Аймауытов бұл Мағжанға қарсы шараның қайдан басталып, неге туып отырғанын астарлап та болса жеткізеді. Көркем шығарманы танып, таразылаудаға бағыт бағдар көрсетіп, заман тудырған қайшылықтар сырына назар аударады. «Мағжанның ақындығын сынауға біліміміз, күшіміз кәміл жетеді деп айта алмаймыз; толық сынау үшін, оның алды-артын орап, өрісін арылтып шығарлық сегіз қырлы, негізгі білім керек. Кеңінен толғамай, шұғылдан істелінген жұмыс өңсіз, үстіртін болмай тұрмайды. Мағжан өлеңдерін егжей-тегжейін, ноқатын қалдырмай тәптіштеп қарап шығуға көп уақыт, көп дерек керек, ақынның ақындығын үстінен қарап топшыламай, ішіне кіріп зерттеу керек» деп бастайды. Бұл Мағжан әлемі, шығармашылығы терең, тұңғыық оны талдауға, сынауға, түсінуге терең білім мен дайындық керек. Жалаң сын, сыртынан топшылап пішкен сын, заманға бейімделген сын әділ болмайды дегенді ұқтырады.

«Мағжанды тексергендегі тағы бір қиыншылық мынау. Қандай өнерпазды, ақынды, данышпанды болсын, өз заманының сыншылары әділ көзбен қарап баға беру қиын нәрсе. Заман сыншыларының бүйрегі не олай, не бұлай бұрып кетпей тұрмайды. ...Замандастар, тұтастар әділ болу қиын, өйткені не заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеушімен өлшейді; сыншылардың көбі не ақынды жақтаушылар, не жамандаушылар, не бықсыған күншілдер ... әбиүр атақ іздеп, көзге түсем деушілер болуы мүмкін» деуі, әсіресе, «сыншылдар заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеушімен өлшейді» дегені сол кезеңдегі суық желдің қайдан және қалай соғып отырғанын аңғаруы. Тапшыл сыншылардың Мағжан заман ағымына қосылмайды. Оның шығармаларынан тап күресін көре алмаймыз. Жаңа заманды, өзгерген жағдайды жазбайды, революция жеңісін жырламайды, деп біржақты айыптауынан туып отырғандығын тура бұлтақсыз жеткізуі еді. Батыл ой айта отырып, Ж.Аймауытов «Әдебиет сынмен көркейеді. Әдебиетке ...күтім ...сын керек. Әсіресе әдебиетті сынау біз секілді жұртқа керек, өйткені бізде әлі жөнді әдебиет жоқ, бар болса балапан, буыны бекіп, бұғанасы қатқан жоқ, әдебиетті тәрбиелей, мәпелей білсек, біздің де ақындарымыз, жазушыларымыз санатқа қосылады» дейді. Осы пікірі арқылы барды бағалау қажет. Елге танылып, мойындалған ақын-

жазушыларымызға қырын қабақ танытпай тәрбиелесек әдебиетімізде көркейеді деген ой айтады. Оңды-солды орынсыз сын жебесіне ілігіп, шаншу сөздерден көз аспаған ескішіл, байшыл ақын атанған Мағжанға оның басына түскен ауыртпалықты бөлісіп, азамат ретінде әділ сөз айтып араша түсті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының шешімдері. Т. 2. 1917-1924. «Қазақстан» баспасы, Алматы. 1972. 580 б.
2. Бұл да сонда, Т.2.
3. Еңбекші қазақ. 1922, 22 ақпан.
4. Мұқанов С. Өмір мектептері. Екінші кітап. Алматы, 1955,
5. Еңбекші қазақ. 1922, 22 ақпан.

РЕЗЮМЕ

В статье исследуется идейная борьба казахской интеллигенции по вопросам литературы и культуры после Октябрьской революции, автор анализирует влияние идейной борьбы интеллигенции на политическую жизнь Казахстана.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ зиялыларының арасында әдебиет пен мәдениетке байланысты жүргізілген идеялық күрес жайында айтылады. Автор бұл күрестің Қазақстанның саяси өміріне жасаған ықпалына талдау жасайды.

СЕРӘЛІ ЛАПИННИҢ ӨМІРІНІҢ КЕЙБІР БЕТТЕРІ

Дауылбаева С.Б. - оқытушы (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Сыр елі, Сыр топырағы қасиетті де қастерлі қоныс. Бұл киелі топырақта дала философы, данышпан Қорқыттан бастап, XX ғасырдың басында елі үшін, халқы үшін басын қауіп-қатерге тіккен тек қана Сыр бойына ғана емес, бүкіл түркі әлеміне азаттық әперуді көксеген Мұстафа Шоқай сияқты қайраткерлер дүниеге келген.

Қазақ халқының тарихында халқының қамын ойлаған азаматтар аз болмаған. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі кезеңде, нақақтан – нақақ «халық жауы» деп жала жабылып, саяси қуғын – сүргін көрген алаш азаматтары ақталып, газет-журнал беттерінде құнды еңбектер жазылып, жарыққа шығып жатыр. Әлі де зерттелетін, зерттеуді қажет ететін ұлы тұлғалар қаншама десеңші... Солардың бірі емес, бірегейі Сыр топырағының түлегі – Серәлі Мұңайтбасұлы Лапин.

Серәлі Лапин 1869 жылы наурыз айында бұрынғы Перовск уезіндегі Кентүп болысының Қоғалыкөл ауылында (қазіргі Қызылорда облысының Сырдария ауданында) туған. Ол кіші жүздің жаппас тайпасының Сумырын атасынан. Қазіргі таңда Лапиндердің аталас ұрпақтары Қызылорда облысының Сырдария ауданының Ақсуат елді мекенінде тұрады. Солардың бірі Бабаш Жөкенов ақсақал «Ақыл – ойдың кеңге жайдым құлашын» /1, б.67 -70/ атты еңбегінде Лапы әулеті туралы аталарынан естіген әңгімесін келтіреді. Ол әңгіменің мазмұны мынаған саяды: Лапы көп уақытқа дейін кіндігінен бала болмай әбден *торыққанды*. Кәрілік келіп, ажал құрсаулай түскенде «шаңырағымды ұстар еге жоқ, тоғай тола еңбекпен жиған малымды кімге тапсырамын» деген Лапы кіші тоқалымен әулие жағалап жолға

шыққанын көргендер болған. Олар Қожахымет, Оқшы ата, Қожанқожа, Қарақожа әулиелердің бірін қалдырмай, бір – бірден түнеп шыққан. Амал не, аян берген бірі болмаған. Әбден қиналып, ауылына қайтқалы тұрғанда қасындағы атқосшыларына: «Жиналыңдар! Алла менің көз жасымды көрмеді, қайтайық, әбден қажыдым, мен кішкентай мызғып алайын», - деп жатып көзі ілініп кетсе, түсінде бір сәлделі адам келіп: «Ей, пендем, бүкіл әруақты тебіреңтің ғой, ауылыңның ар жағында Мүлкілән деген әулие бар, соған түнеші». Оянса түсі екен. Қуанған Лапы сол күні жүріп отырып түн жарымда Мүлкәланға жетіпті. Дәрет алып, Құтпан намазын оқып, аллаға сыйынып жатса, бір сәлделі адам түсіне еніп: «Байлығыңды шашатын шаңырағыңа бір бала бердім» депті де ғайып болыпты.

Қуанып ояңған Лапы аулына келіп, бүкіл елін шақырып, бірнеше бозқасқа құдайы жасайды. Көп ұзамай тоқал жүкті болып, ұл туады. Пендесін мұңайтпасын деп алланың берген ұлы ғой деп, атын Мұңайтпас қояды. Тілеп алған жалғызы сотқарлау болып өседі. Жалғыз баланы еркелетіп, байдың жылқышылары баланы ашамайға мінгізіп, ат үстіне үйретеді. Көктемде жылқы күзегенде тай бас білдіретін қазақтың әдеті. Мұңайтпас бас білдіруге келген балаларды шақырып, оларға бір – бір тай мінгізіп жібереді. Әкесі Лапы мұны сезсе де: «Аллаға антым бер еді, қолынан қақпаңдар» – деп жылқышыларға тапсырады. Сол Мұңайтпас он алты жасында болыстыққа таласып, жиырма жасында болыстыққа жетіп, содан соң өз еліне жиырма жылдай болыс болған.

Көп жыл болыс болған Мұңайтпас орыс шенеуніктерімен аралас – құралас болды. Болыс балаларын Петроградқа оқуға орналастырады. Әлиасқар, Әлиакбар, Жағыпар, Серәлі деген балалары Ресейдің ірі – ірі қалаларын аралап, білімді, сауаты мықты жігіттер болып өседі. 1918 жылы Кеңес өкіметінің атынан И. Гержод деген әпербақан шовинист Перовск ревкомның төрағасы болып сайланады. Ол билік басына отырғаннан бастап өзіне қарсы келген зиялы қауым өкілдері мен қазақтың бетке ұстар азаматтарына қырғидай қуғын – сүргінге ұшырата бастайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына нәрсені осы тұста айтып кеткенді жөн көріп отырмыз. Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың шәкірті, кезінде Қазақстанның Ұлттық Ғылым Академиясының президенті болған Ш. Есеновтың әкесі Жорабек осы Гержодтың тарапынан талай зұлымдықтың дәмін татқан.

И. Гержод қандай зұлым болғанын ғалым Сәтбай Дастан, «Шахмардан Есенов кім еді» /2, б.57/ атты мақаласында былай деп көрсетеді. Кеңес жағдайында Жорабектің жағдайы шиелінісе түседі, Гержодтың хатшысы болған ол азамат соғысы жылдарында қуғын – сүргіннің басы - қасында болды. Қазағы бар, орысы бар Жорабекке де талай тор құрылып, ор қазылды. Сонда да Жорабек алдырмайды, барлық айла – шарғы қиямпұрыстардан дін аман өтіп отырады. Амалы таусылған И.Гержод оны әбден байлап – матап ұстауы үшін өзінің ату жазасына кескен адамдарына да қолын қойдыртып отыратын болады. Жорабек бұл жолы да қулығын асырады.

И.Гержодтың қаһарлы «атылсын» деген бұрыштама өкімдеріне Жорабектің де не қазақ, не орыс түсінбейтін тілде жазылған «қарсымын» деген мәнде қол қойып отырады. Кейін атылғандардың ақ – қарасын ажырату басталғанда, Жорабек И.Гержодтың «атылсын» деген үкімдеріне «қарсымын» деп қол қойғанын дәлелдеп, басын жалған жаладан арашалап алады.

Осы Гержодтың зұлымдығына Мұңайтпастың 3 баласы – Сейдәлі, Әлиасқар, Әлиәбар ілінді.

Сыр елінің қадірменді ұлы - этнограф, ғалым, журналист Тынышбек Дайрабай Лапы әулетінің шежіресін былайша талдап көрсетеді /3/. Жаппас тайпасының Сумырын аталығынан Қалқаман, одан Егіз тараған. Егізден –

Жаманқұл, Шаған туған. Жаманқұлдан Кішкене, одан Лапы мен Манаш өрбіген. Лапымыз осы жерден келіп шығады.

Осы Лапының немересі Серәлі алғашқы білім жолын туған ауылындағы молдадан алып, араб тілінде сауатты хат таныған. Содан соң ол Перовскідегі 3 сыныптық қалалық училищеде оқып, ерекше көзге түсіп, орыс тілін жетік меңгеріп шығады. 1889 жылы Ташкенттегі Түркістандық мұғалімдер семинариясын бітіргеннен кейін, ол алғашқы қызметін жергілікті қазақ балаларына Ташкент қаласындағы орыс тілінен репетиторлықтан бастады. Серәлінің бұдан кейінгі жүріп, өткен өмір жолдарын Өзбекстан Республикасының мемлекеттік архивінің қорынан кездестіруге болады /4, б.8-9/ және Қазақ Совет энциклопедиясында да біршама мәліметтер береді /5, б.183/.

1891 жылдың 2 қыркүйегінде Ташкент ерлер гимназиясының педагогикалық кеңесінде толық сынақтан өткен Серәлі Лапинға орыс тілі пәнінің жеке оқытушысы атағы берілді. 1891 жылы Санкт Петербург университетінің заң факультетін толық бітіріп шыққаннан кейін, ол тіл үйрету мен аудармашылықпен айналысады. 1892 жылдың 1 ақпаннан Серәлі Самарқанд облыстық сотында тілмәштік қызметін атқарды. Орыс шенеуніктерінің жанында әбден аудармашылыққа төселген Серәліні Самарқанд облыстық губернаторының бұйрығымен 1893 жылдың 1 ақпанынан әскери - губернатор жанындағы іс-қағаздар аудармашысы қызметіне қабылданады.

Осындай лауазымды қызметте жүрген, елінің арасында қоғам-қайраткері ретінде танылған Серәлі Лапин еңбегі жоғары бағаланып, патша өкіметінің тұсында III Александр патшаның құрметіне шығарылған күміс медальмен, бұдан басқа да патшы өкіметі мен Бұхара хандығы тарапынан түрлі сый-құрметке ие болған. Атап айтқанда, ол бірінші жалпыресейлік санаққа қатысқаны үшін қола медальмен, Бұхара хандығының үшінші дәрежелі Алтын жұлдыз орденімен марапатталған. Ол жылына 500 рубль көлемінде жалақы алып тұрған., мұның үстіне іс-сапарларда болған үшін осы мөлшерде қосымша қаражат алуға құқылы болған /6, б.3-6/.

Міне, осындай қызметтерінің арқасында сый-құрметке бөлене жүріп, тек Орта Азия қалаларында ғана қызмет атқарумен шектелмей, Ресейдің Санкт Петербург, Москва сияқты қалаларында оқып, қызмет атқарған, түрлі іс-сапарларда болған.

1896 ж. 28 тамыздан бастап ол Түркістан өлке басқармасының бастығы Самарқанд облысы бұйрығы бойынша Керк және Бұхара Түркістан округінің әскери қолбасшысының жол көрсетушісі қызметін атқарды. Самарқанд облысының әскери губернаторы оны Ферғана және Сырдария облысына аудармашы ретінде іс-сапарға жібереді. Жоғары мәртебелі әскери ведомостваның бұйрығы бойынша 1898 жылдың 11 қазанында жақсы қызметі үшін Серәлі Лапин колледждік регистратор атағы беріледі.

Серәлі Лапин Түркістан өлкесі жоғарғы басшылығының бұйрығымен 1899 жылы, 1900 жылдары жергілікті (Түркістанның) оқушы жастарға жетекшілік жасап, оларды Ресейдің оқу орындарына апарды. Серәлі Лапин Түркістандағы билік жүйесінде ресми қызметтерінен өз еркімен 1900 жылғы № 55-і бұйрыққа сәйкес босатылады.

Ресми қызметтерде жақсы атақтар алып, үлкен құрметке ие болған Серәлі Лапин одан кейінгі кезеңдерде ағартушылық, адвокаттық жұмыстар атқарып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты /7, б.90/.

Ол Түркістан өлкесінде қазақ мектебін ашуға араласты әрі сабақ берді. 1900-1904 жылы «Туркестанские ведомости» және «Оренбургский листок» газеттерінде қазақ, өзбек, қырғыз, т.б. түрік ұлттарының атауларын танытқан мақалалар жариялап және дұрыс қолдану жөнінде мәселе көтерді. 1893-1894 жылдары Орта Азияға ғылыми мақсатпен келген академик В.В. Бартольд, Н.И. Веселовский

Лапиннен түркі тілдері бойынша дәріс алды. 1905 жылы Перовскіде (Қызылорда), 1916 ж. қырғыз елі мен Жетісуда көтеріліске қатысқаны үшін өлім жазасына кесілген жергілікті халық өкілдерін (қазақ, қырғыз, өзбек) ақтауға қатынасуы – Лапиннің заң қызметіндегі үлкен еңбегіне саналды.

Ол «орыс-түзем» (қазақ) сөздігін құрастырып, оны 1900-ші жылы жариялады. Ол 1913 жылы мұсылмандар қаржысына Петербургте салынуға тиісті мешіт құрылысына өзінің қомақты үлесін қосты.

Енді Серәлі Лапиннің жанұялық жағдайына тоқталайық. Серәлі Лапин Самарқанда 1893 жылдың ақпан айында татар қызы Ахмерова Зухра Нұрмұхамедқызына үйленеді. Ташкенттегі архив құжаттарын қарап отырып, мынадай мәліметке тап болдық /8/. Зухраның әке-шешесінің Самарқанд қаласында күйдірілген кірпіштен жасалған және алдында үлкен жері бар екі үйі болған екен. 1893 жылы 19 қарашада Серәлінің отбасында Рабиға атты нәресте дүниеге келеді. Одан кейін екінші қызы Райхан 1895 жылы 15 наурызда туылған, 1896 жылы 3 қазанда Мір-Әлішер атты ұлы дүниеге келеді. Сөйтіп Серәлі мен Зухра отбасында 2 қыз, 1 ұл тәрбиелейді. Серәлінің отбасы туралы өзінің естелік кітабында Гүлнар Дулатова нақтылы мәліметтер келтірген /9, б.239-240/. Серәлінің екінші қызы Рабиға (Рябуша деп атаған), (Бірақ, Рабиға үлкен қызы болған. С.Д.) орыс гимназиясын бітірген оқыған кісі Рабиғаның күйеуі Санжар Асфендияров, жан-жақты білімді, мамандығы дәрігер, Петербург университетінің медицина факультетін бітірген, Қазақ мемлекеттік медицина институтының бірінші ректоры болған. Журналист, тарихшы, ағартушы екені жұртқа белгілі Асфендияровтың: Алия, Адалят, Диляра (Диля) атты үш қызы болған.

1937 жылы С.Асфендияров «Халық жауы» аталып, ұсталғаннан кейін Рабиғаны да тұтқындаған. Ол сегіз жыл бойына «Алжир» деп аталған лагерьде отырды. Одан шыққаннан кейін Диляра (Дилясының) қолында біраз өмір сүріп, сонда қайтыс болыпты. Әлима Жағыпарқызы Лапинаның айтуынша: «Рабиғаның қызы Әлияның күйеуі Борис еврей болыпты, - дейді Г.Дулатова, одан туған Мария (Маша) деген қызы осы кезде Израильде тұратын көрінеді. Адалят, Дилялар Ташкенде тұратын, соңғы кезде хабары жоқ », - деген еді Әлима апай.

Серәлі Лапиннің кенже қызы Рахилия Ташкенде оқып, тұрмысқа шықса керек, тиген күйеуі Виктор Иванович Логинов әйелінен кейін, осыдан он жыл бұрын Москвада қайтыс болыпты. Рахилияның сурет менің қолымда бар, «өте келбетті, сүйкімді әйел, соңында перзент қалмаған ».

Гүлнар Дулатова Серәлі Лапиннің ұлы Мір-Әлішер туралы мынадай мәліметтер келтіреді: Мир-Али-Шер (Мір-Әлішер. С.Д.) 1929 жылы Қызылордаға туыстарына келгенде түскен суретінде отызды еңсергендей көрінеді, өте сымбатты түрі бар. Мир-Али-Шердің келіншегі француз қызы Тереза... Мир-Али-Шердің өмірі Алматыда өтіпті, ол осы қалада қайтыс болыпты.

Біз оқырманға ұсынылып отырылған осы шағын мақаламызды Серәлі Лапиннің өмірі мен оның отбасы жөнінде көпшілікке жеке таныс емес мәліметтерді баяндадық. Қолда бар деректерге сүйенсек, Серәлі Мұңайтпасұлы Лапиннің күрделі де қызық тағдыр иесі болғандығын, оның өзінің туған халқының рухани өмірін дамытуға айтарлықтай үлес қосқандығын байқаймыз. Сондықтан да, оның өмірі мен сан-салалы қызметі арнайы терең әрі жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жөкенов Б. Ақыл – ойдың кеңге жайдым құлашын. Қызылорда, 2000.
2. Дастан С. Шахмардан Есенов кім еді? // Қазақ ордасы, 2003. № 4.
3. Дайрабай Т. Халықтың мақтаны болған – Лапы әулеті. // Ақмешіт апталығы, -А., 2002. 6 маусым.

4. ӨРМОАФ И-64 оп. № 1, д. 939.
5. Қазақ совет энциклопедиясы. Т.7. -А. 1975
6. ӨРМОАФ И-64 оп №1, д.939
7. Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. -А., Ататек, 1995
8. ӨРМОАФ И-64 оп №1, д.939
9. Дулатова Г.М. Шындық шырағы. -А., 1998

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ағартушы, заңгер қазақтың сәулет өнерін кәсіби деңгейде зерттеген Серәлі Мұңайтпасұлы Лапиннің өмірі мен отбасы жайлы айтылады. Сонымен қатар XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Түркістан генерал губернаторлығында түрлі жауапты ресми қызметтері жөнінде де мәліметтер беріледі. Серәлі Лапиннің тағдыры күрделі де, қызық болғандығы туралы да түрлі архив құжаттарымен дәлелдей отырылып көрсетілген.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается о известном просветителе, юристе, профессиональном казахском исследователе, искусствоведе Сералы Мунайтпасулы Лапине. Наряду с этим, даны сведения о его работе на самых различных ответственных должностях в Туркестанской губернии в конце XIX и начале XX века.

ҰЛЫ БАБА МҰРАСЫ

Жылқышыбаева Қ.Қ.-т.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Тәуелсіздігімізді алып, халқымыздың тарихын, асыл даналарымыздың шығармаларын зерттеп, олардың жазба жәдігерлерін игеруге мүмкіндік алдық. Адамзаттың ұзақ тарихында рухани тірек болған ұлы ұстандар аз емес. Солардың бірі, әрі бірегейі, ХҮІ ғасыр перзенті, қазақтың ортағасырда өмір сүрген ойшылы, қазақтың тұңғыш тарихшысы, ғұлама ғалым, мемлекет қайраткері, ақын, әдебиетші, философ, жаратылыстанушы, этнограф, психолог және діни дегдары- Мұхаммед Хайдар Дулати. Ұлы даланың сырын ашып, тарихымызды зерделеу үшін Мұхаммед Хайдар Дулати секілді ірі де, күрделі тұлғаның өмір жолын, тарихи тамаша мұрасына үңілу қажет.

Шығыс халқын зерттеуші ғалымдардың айтуынша, Мұхаммед Хайдардың атын жоғары көтеріп, оны жұртқа танытқан «Тарихи-Рашиди» деген еңбегі. Бұл шығарманың ХҮІ-ХҮІІ ғасырларда жасаған Шығыс жазушыларына еткен әсері күшті еді. Күні бүгінге дейін Қазақстан мен Орта Азия елдерін зерттеушілердің, тіптен түркі тектес халықтардың мәдениетін зерделеген Еуропалық ғалымдардың қай-қайсысын алсақ та, оған жүгінбей, еңбегіне соқпай кете алмайды. Олар Мұхаммед Хайдардың тарихи жазуларына ерекше баға беріп, оның кейбір жерлерін өздерінің жазған кітаптарында пайдаланып отырды.

ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардағы Үндістан мен Орта Азия тарихшыларының Мұхаммед Хайдардың «Тарихи-Рашиди» кітабын пайдаланбағандары кемде-кем. Оның ішінде Үндістанның Европа әдебиетіне белгілі тарихшысы Мұхаммед-Қасым Ферште, Бадахшан, Кашмир уәләят туралы жазғанда, оның мағлұматын бір ғана «Тарихи-Рашиди» Орта Азия тарихы туралы жазылған шығармалардың ішіндегі ең мағыналысы және мағлұматы ең дұрысы, ең толығы болып саналған/1/.

Үндістанның атақты ғалымдарының бірі Ағзам Мұхаммед Хайдардың Кашмир өлкесі туралы жазғанына зор қуаныш көрсетіп, өзінің «Кашмир тарихы» деген кітабында Мұхаммед Хайдардың әдебиеттегі алатын орнына ерекше баға береді: «Мұхаммед Хайдар Шығыс ғылымын терең білген данышпан адам. Оның үстіне ол қаламынан сөз құйылған талантты ақын болды. Оның жазған «Тарихи-Рашиди» кітабы болған оқиғаны айтуда ең инабатты шығармалардың бірі», - дейді.

Мұхаммед Хайдардың шығармасын көп пайдаланған, әсіресе Иран жазушылары мен Орта Азия тарихшылары. Иран жұртының Ахмет-Рази дейтін географ-тарихшысы «Һафт-Ықлым». Орта Азия тарихшыларының барлығы (мәселен, Хафиз-Тыныш «Шайбани-нама», «Жами-ат тауарих» шығармаларының авторлары) қазақ халқы туралы айтқан жерінде мағлұматты тегісімен «Тарихи-Рашиди» кітабынан алып отырған. ХҮ ғасыр мен ХҮІ ғасырдың бірінші жартысында болған Орта Азиядағы тарихи оқиғаны зерттеуде Мұхаммед Хайдардың «Тарихи-Рашидиі» ең сирек кездесетін кітаптардың бірі. Сол дәуірдегі әрбір тарихи кезеңдерді айыруда «Тарихи-Рашиди» мен «Бабыр-нама» - бұл реттегі тарихи жазулардың ең бағалысы.

«Тарихи-Рашидидің» басқа мағлұматтардан ерекшелігі, мұндағы оқиғаның көбін автор өз көзімен көріп жазған және мұнда басқа түрлі тарихи жазулар сияқты ешбір шұбалаңдық жоқ, бұл тек белгілі бір дәуірді алып, соны әдемі тілмен айқын суреттеген.

«Тарихи-Рашидидің» екінші қасиеті- бұл қазақ тарихы туралы жазылған бірінші кітап. «Тарихи-Рашиди» негінде жүз жыл ішінде (1450-1546жж.) болған оқиғаны суреттейді. Бұл кез бұрынғы Алтын Орда мен Шағатай ұлысының әбден ыдырап, оның орнына жеке хандықтар құрыла бастаған кез. Мұхаммед Хайдар «Тарихи-Рашиди» кітабында осы Шағатай ұлысы мен Алтын Орданың ыдырауын суреттеп, ол екеуінен тарап шыққан қазақ халқының саяси тіршілігін баяндайды.

Сонымен қатар, ХҮІ-ХІХ ғасырлар арасындағы тарихшылар, әдебиетшілер, жыршылар: Әмин Ахмет Рази, Махмұд бен-Ули, Мяхаммет Азам және т.б. өз туындыларында дерек ретінде пайдаланған.

«Тарихи-Рашиди» кітабын ортағасырдағы Шығыс жазушылары қандай қадірлесе, оны біздің дәуірімізден Орта Азия тарихын зерттеуші ғалымдар да сонша бағалаған. Академик Вельяминов-Зерновтың айтуынша, «Тарихи-Рашиди» ең қадірлі еңбектердің бірі: «Мұхаммед Хайдардың жазғандарының ылғи соңы, өте қызық келеді. Оның тарихи әңгімелеуі әрқашан зор дәлелге сүйеніп, тілі өте айқын болып отырады және бұл сияқты ерекшелікті «Тарихи-Рашидидің» авторынан күтуге тиымды еді», - дейді.

Мұхаммед Хайдар «Тарихи-Рашидиді» 1541 жылғы 8 тамыздан бастап, 1546 жылғы 3 наурызда аяқтаған. Әуелде оның қай тілде жазылғаны анық мәлім емес. «Бабыр-нама» сияқты кітаптарға қарағанда, «Тарихи-Рашидиде» шағатай тілінде жазылуға тиісті. Бірақ Шығыс тарихын зерттеушілердің айтуында, ол ең алғаш парсы тілінде жазылып, кейін шағатай тіліне аударылған дейді. Қазір «Тарихи-Рашидидің» екі тілдегі қолжазбасы бар. Оның парсы тіліндегі бір вариантын аударушы, ХҮІІІ ғасырдың орта кезінде жасаған белгілі тарихшы Мұхаммед Садық Қашқари.

Қазір «Тарихи-Рашиди» бірнеше тілде басылып отыр. Ол ең әуелі ағылшын тілінде 1849 жылы (Калькутта) басылып шықты. Бұдан кейін қазақ тарихына тиісті бөлімін академик Вельяминов-Зернов зерттеді.

«Тарихи-Рашидидің» толық басылуы-1895 жыл. Мұны ағылшын тілінде жаңадан аударып, бастырушы Д.Росс. Қазақ тарихшыларынан «Тарихи-Рашидиді» парсы тілінен тәржімелеуді алғаш қолға алған ғалымдар: К.Пишулина, Жандосова, Н.Меңғұлов. Сонымен қатар Ташкенттегі Шығыстану институтының ғалымдары орыс тіліне аударып, даярлады /2/.

Осы кітаптың «Тарихи-Рашиди» деп аталуының үш түрлі себебі бар екендігі еңбекте ескертіледі: «Әуелі, Тұғылық Темірді ислам дініне құлшылық еткізген шейх Аршад-аддинге бағыштадым; халқын рушт жолына бастаған Тұғылық Темірге бағыштадым; осы заманда Қашқарды билеп отырған Әбумұзафар Әбдірашид ханға бағыштадым», - дейді /3/.

«Тарихи-Рашиди» екі бөлімнен тұрады. Біріншісінде Мауераннаһрдегі Шағатай әулеті құрған мемлекеттің ХІҮ ғасырдың ортасына таман біржола ыдырап, екіге бөлінуі, Моғолстан деген атпен белгілі болған шығыс бөлігіне Жетісу, Тараз-Талас маңын мекендеген беделді де белгілі тайпа дулаттардың күшімен дербес мемлекеттің негізі қаланғаны жайлы баяндайды. 1348 жылы дербес осы мемлекетке дулаттардың қолдауымен Тоғылық Темір (1330-1362 жж) хан болады. «Дулаттар ...Жетісудағы ең ірі түркі тайпаларының бірі болатын және едәуір жерді алып жататын. Дулаттардың шонжар үстем тобы ХІҮ ғасырда Шығыс Түркістандағы отырықшы егіншілік жерлерге иелік етті. Мырза Мұхаммед Хайдар дулат руының шонжарлары Шығыс Түркістандағы өз иелігін ХІІІ ғасырда-ақ алған деп жазады. Шағатай хан өз мемлекетін (ұлыстарға) бөлгенде ол Өртөбеге, әмір Полатшының атасына Маңлай сүбені берді ... Оның шығыс шекарасы Құсан (Құша) мен Тарбүкір, батыс шекарасы – Шаш (Ташкент), Ғаз бен Жакшиман, оның шекарасы – Ыстықкөл, ал оңтүстігінде Жаран мен Сарыұйғыр. Әмір Полатшы билеген осы аталмыш жер Маңлай Сүбе деп аталды. Сол уақытта бұл елде бірнеше қалалар болды. Олардың ішіндегі ең үлкендері Қашғар, Қотан, Жаркент, Қашан, Ақшыкент, Әндіжан, Ақсу, Атбасы, Құсан. Осы қалалардың ішінен Әмір Полатшы Ақсуды өзінің ордасы етіп таңдап алды».

Мұхаммед Хайдар ең алдымен қазақ халқының Алтын Орда мен Шағатай ұлысынан ең алғаш бөлініп, өз алдына жеке бір саяси орталық бола бастағанын анықтайды. Екінші Қасым хан дәуірінде (1480-1520жж.) Қазақстан Орта Азиядағы мықты жұрт болып бұрынғы «Дешт-Қыпшақ» кезіндегі жұртшылық ісінің жақсы жағын жаңадан көркейтуге ұмтылғанын баяндайды. Үшінші, сол кездегі өзбек ұлысы мен қазақ жұртшылығының бұрынғы Шағатай ұлысы мен Алтын Орда дәуірінен қалған жұртшылық мұрасына таласып, өзара жауласқанын суреттейді.

Мұхаммед Хайдардың айтуынша, өзбек пен қазақ ұлысы жауласқанда Моғолстан хандығы қазақтармен бір болып, екеуі өзбек Шайбани ханға қарсы болады.

Мұхаммед Хайдар «Тарихи-Рашиди» кітабының қазақ тарихына арналған бөлімін мынадай тарауларға бөледі:

1. Оқиға Сұлтан Сейіт ханның Сүйінші ханнан жеңілгенінің баяны;
2. Ахуал қазақ, олардың сұлтандары «қазақ» деп ат қоймақ себебінің баяны;
3. Сүйінші хан жеңгеннен кейінгі оқиғалар және Сұлтан Сейіт ханның Қасым хан қасына барғаны,
4. Қасым ханнан кейінгі оқиғалар. Тайыр хан қазақтарды өзбектермен елдестіріп, онда өткен оқиғаның баяны;
5. Қасым хан өлгеннен кейінгі Моғолстан мен Қазақстан арасында болған оқиғалар.

Қазақ қауымының ең алғаш ұйымдасуы туралы Мұхаммед Хайдар былай деп жазады: «Ол уақытта барлық Дешт-Қыпшақтың ұлы ханы Әбілхайыр еді. Бірақ Жошы ұлысының сұлтандары өзара толқып, Жәнібек пен Керей хан одан қашып Моғолстанға келді. Бұл жерге келген соң, Моғолстан уәләтын билейтін Есен-бұға оларға көп құрмет көрсетіп, Моғолстанның күнбатысында тұратын «Қозыбасы», «Шу» өлкесін оларға берді. Бұлар сол жерде емін-еркін жасады.

Әбілқайыр өлгесін өзбек ұлысы қозғалып, зор көтеріліске шықты. Толқын шығарғанның көбі ауырып, Керей мен Жәнібектің қасына барды. Оларға босап барған адамдардың саны 200 мыңға жетті. Өздеріне «өзбек-қазақ» деген ат берілді».

Міне Шағатай мен Жошы ұлысынан бөлініп шыққан қазақ руларының ең алғаш бір саяси орталыққа бағынып, өз алдына мемлекет болғанын алғаш рет ашық, көлемді түрде жазған бір ғана Мұхаммед Хайдар екенін көреміз /4/.

Сонымен қатар, «Тарихи-Рашидиде» Қасым ханның қай жылы дүниеге келгенін анықтайтын мәлімет бар... /5/.

Ғұлама ғалым Мұхаммед Хайдар Дулатидің Қазақ тарихы жөніндегі аталған еңбегі ешқашан құнын да, мәнін де жоймақ емес.

Ұлы бабамыздың шығармашылығын зерттеп, бүгінгі ұрпақпен қауыштыру - кезек күттірмес келелі мәселе. Осы бағытта жұмыс жасаған және жасап жатқан зерттеуші, ғалымдарымыз баршылық. Атап айтсақ, Ә.Марғұлан, М.Қозыбаев, Ш.Мұртаза, Т.Омарбеков, Ә.Байбатша, К.Сәттібайұлы, Б.Кәрібаев, Б.Қожабекұлы, Ә.Дербісалиев, А.Асқаров, Ислам Жеменей және т.б.

Қазақ халқы үшін тұңғыш тарихшымыз Мұхаммед Хайдар Дулатидің алатын орны ерекше.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә.Марғұлан. Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары. А., 1964, 255-бет.
2. Б.Қожабекұлы. Мұхаммед Хайдар Дулати. // Егемен Қазақстан. 1991ж. 21 наурыз.
3. Қазақ ССР тарихы. -А., 1983ж. 161-бет.
4. М.Қозыбаев. «Мұхаммед хайдар Дулатидің ең басты еңбегі». -А., 2000.
5. Б.Кәрібаев. // Егемен Қазақстан. 24 желтоқсан. 1996 жыл.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақтың ортағасырда өмір сүрген ойшылы, қазақтың тұңғыш тарихшысы, ғалым, мемлекет қайраткері Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегінің мазмұны және оның қазақ тарихы үшін маңызы көрсетілген.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о значении книги Мухаммеда Хайдар Дулати «Тарихи-Рашиди» для истории казахского народа.

ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЙТА ЖАНҒЫРУЫ

Илиясова К.М. - т.ғ.к., доцент (Қызылорда қ., ҚМУ)

Қазақстан тарихында ақиқаты ашылмаған «ақтаңдақ беттер» жеткілікті. Әрбір кезеңдегі тарихи оқиғалар өзінің шындығын айқындау үшін зерттеушісін күтеді. Солардың қатарында 20 жыл уақыт өтсе де, бүгінге дейін «нақты атауы мен нағыз бағасын» ала алмаған зерттеу объектісі – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі.

Желтоқсан күндеріндегі қанды қырғын – 1917ж. қазан төңкерісінен бастау алатын кеңестік жүйеге қарсы бағытталып, қордаланған халық наразылығының асқынуынан туындағаны белгілі. Балтық жағалауындағы елдер, Әзербайжан, Грузия және Ресейдегі саяси оқиғалар саяси, әлеуметтік және экономикалық мәселелердің шиеленісуінен КСРО-ның астам держава ретінде құлауына әкелді.

1986 жылғы желтоқсан - Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихына алғашқыда "желтоқсан оқиғалары", кейіннен "желтоқсан қозғалысы", "желтоқсан көтерілісі", "жастар қозғалысы" және т.б. атауларымен енді. Профессор М.Қ.Қойгелдиевтің пайымдауынша «ғылыми-көпшілікке арналған басылымдарда

кеңінен қолданылып жүрген «Желтоқсан оқиғалары» атауы кеңестік идеология аясында қалыптасқандықтан, мәселенің ішкі мазмұнын аша алмайды. 1986ж. желтоқсанында болған фактілер, әрине, кездейсоқ құбылыс емес екені анық. «Желтоқсан оқиғалары» қазақ тарихында бұдан да бұрын орын алған тамырлы, өзара сабақтас оқиғалардың логикалық жалғасы, кезекті табиғи көрінісі. Анығырақ айтқанда, ол-қазақ халқының империялық, отарлық езгіге қарсы азаттық үшін күресінің, мемлекеттік тәуелсіздікке деген тынымсыз ұмтылысының табиғи жалғасы. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, аталған тарихи құбылыстың «Желтоқсан оқиғалары» емес, «Желтоқсан қозғалысы» аталғаны орынды» деп түсіндіреді /1/. Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерде 1995-1996ж.ж. бастап «желтоқсан көтерілісі» деген ортақ атау қалыптасып келеді.

Бұл бағыттағы кәсіби тарихшыларды толғандыратын мәселе - тәуелсіздік жағдайында Желтоқсан күндерінің лайықты бағаланбауы. Ресми құжаттар мен тарихи деректердің жеткіліксіздігінен аталған тақырыптың толық ашылмауы. Әзірге желтоқсан күндеріне қатысы бар азаматтардың естеліктерімен шектеліп отырғанымыз жасырын емес. Тарихи тұрғыдан жазылған арнайы еңбектердің шектеулі болғанына қарамастан, соңғы уақытта бұқаралық ақпарат құралдарында 20 жыл бойы көпшіліктің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап беретіндей, салмақты да, көлемді материалдардың жариялануы – қуантарлық жәйт.

Қайсыбір қоғамның тарихи оқиғалары мен құбылыстарына мұрындық болатын, тіпті қоғамдық жүйеге түбегейлі өзгерістер әкелетін жекелеген тарихи тұлғалар. 1986ж. желтоқсанға қатысты сондай ірі тұлғалардың басында КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы М.С.Горбачев пен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1-хатшысы Д.А.Қонаев тұрды.

Кеңес Одағының тұңғыш және соңғы президенті ретінде тарихта қалған М.С.Горбачев елді 1985-1991ж.ж. басқарған. Оның 1970-1980ж.ж. аралығында партиялық бюрократия жолымен жоғарылауы Саяси Бюроның толық мүшелігіне сайланумен аяқталады. Мұның бәрі КСРО-ны Л.И.Брежнев басқарған жылдары (1964-1982ж.ж.) болған еді. Одан кейін КСРО-ны Андропов (1982-1984ж.ж.) пен Черненко (1984-1985ж.ж.) аз уақыт басқарды. 1985 ж. 10 наурызда Черненко қайтыс болған соң, ертеңіне 11 наурызда өткен КОКП Орталық Комитетінің кезектен тыс Пленумының шешімімен М.С.Горбачев Бас хатшылық қызметіне тағайындалады.

М.С.Горбачев қызметіне кіріскен сәттен бастап барлық күш-жігерін елдің ішкі мәселелерін шешуге бағыттады. Ол жоспарға негізделген кеңестік экономиканы ретке келтіру мақсатында «қайта құру» бағдарламасын енгізу қажет деп тапты. «Қайта құру» М.С.Горбачев тұсында Коммунистік партияның билігін айтарлықтай әлсіретіп жіберді. Ол кезде компартия кеңес үкіметін толық бақылау құқығына ие болатын. Экономикадағы «қайта құру» барысында жеке кәсіпорындар заңдастырыла бастады. Алайда, ел экономикасының «тоқыраудан» да бетер тұралап қалуы – кеңес халқының ашу-ызасын келтірген-ді.

Кеңестер Одағында қайта құру саясаты екі мәрте жүргізілді. Бірі - Н.С.Хрущев тұсында жасалса, екіншісі-М.С.Горбачев тұсында болды. Алғашқысы облыстарды біріктіріп, өлкелер құрады. Шекараларды жойып, КСРО-ны тұтас бір елге айналдыруды көздеді. Мұндай жағдай халық шаруашылығының дамуына кері әсер етті. Соңғысы елді «қайта құрамын» деп партиялық басшылықтағы кадрларды сапырылыстырды /2/.

1986ж. басталған жариялылық саясатының тағы бір көрінісі – қоғамдық ой-пікірлердің ашықтығы еді. Кез-келген КСРО азаматының мерзімді басылымдар арқылы өзекті мәселелерді ашық талқылауға мүмкіндігі беретін. Енді кеңестік басылымдар үкімет саясатын да, коммунистік партияны да, жоғары лауазымды

қызметкерлерді де, тіпті Бас хатшы М.С.Горбачевтің саясатын да сынға ала бастайды.

Кеңестік билік жүйесіндегі осындай өзгерістердің көшірмесі КСРО құрамындағы басқа да одақтас республикаларда байқалды. Айталық, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасын 1962-1986ж.ж. басқарған Д.А.Қонаевтың қызметін республика шеңберінде сынаушылар қатары түзіледі. Қазақстан Компартиясының ХҮІ съезінде (ақпан, 1986ж.) Орталық Комитеттің есепті баяндамасы тыңдалып, Д.А.Қонаев республиканың он бірінші бесжылдықтағы жетістіктері мен кемшіліктеріне тоқталады. Республика экономикасын өркендетуге 50 млрд. күрделі қаржы жұмсалғанын, оның алдыңғы бесжылдыққа қарағанда 15 пайызға жоғарылығы, елімізге 63 млн. тонна астық тапсырылғаны айтылады /3/.

Осы съезде Бас хатшы М.С.Горбачевтің республика басшысына деген салқын қарым-қатынасынан хабардар жергілікті басқару органдарының хатшылары Орталықтың назарына түсу үшін жанталасып бақты. Биліктен үміткерлер жарыссөздерге шығып, баяндаманың мазмұнына сыни тұрғыдан пікірлер айтады. Олардың қатарында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы З.К.Камалиденов, Алматы обкомының бірінші хатшысы М.С.Меңдібаев, Қызылорда обкомының бірінші хатшысы Е.Н.Әуелбеков және т.б. болды. Әсіресе, алдыңғылары 1986ж. желтоқсан күндері алаңға шыққандарға қарсы «саяси қуғын-сүргін» шараларына белсене араласады. Ел мүддесінен жеке бас мүддесін жоғары қойған олар, тіпті «қаны қазақ» екендерін естерінен шығарды. Ұлттық сананың коммунистік идеологиямен уланғаны соншалықты, жасанды соқырлар өмірге келді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бірінші хатшысының орнына үміткерлердің Орталыққа жағыну әрекеттерін Д.А.Қонаев сатқындық ретінде қабылдады. Республика басшылығындағы осындай алауыздықтар, ұлт өкілдерінің билік үшін талас-тартысы – 1986ж. қанды қырғынға ұласқан Желтоқсан көтерілісі шығуының бір факторы деуге болады. Оған алаңға шыққандардың мінбеге тек Д.А.Қонаевты шақыру талабы, партиялық басшылықтағы басқа қызметкерлердің мойындалмауы, яғни үлкен сенімге ие коммунистердің танылмауы дәлел.

Осы тұста тағы бір айтатын мәселе - Қазақстандық басшылық қызметте 25 жылға жуық мол тәжірибесі бар Д.А.Қонаевтың өзі баулыған және қолдаған партия, идеология мамандарының ішінен лайықтысын анықтап, оны орталықтан өткізу жағының алдын-ала қарастырылмауы. Тек өзінің ұзақ жылдық қызметтен кететіні анықталған сәтте, «...республикада ел басқаруға лайықты жандар бар» деп, есімдерін атап үлгермеген ұсынысы М.С.Горбачев тарапынан қабылданбай қалуын айтуға болады /4/. Мүмкін бұл мәселені ертерек ойланғанда, желтоқсан қырғыны болмас па еді...

Республиканы басқаруға қазақ тарихы мен салт-дәстүрінен бейхабар Ульяновск обкомының бірінші хатшысы, одан бұрын Грузияда екінші хатшы болып істеген Г.В.Колбиннің келуі - Алматы қаласының студенттері мен жұмысшы жастарының наразылығын туғызды. КСРО Конституциясы бойынша әрбір азамат өзінің наразылығын бейбіт түрде білдіруге құқығы болатын. Алайда, 17-18 желтоқсан күндері болған наразылық шеруі - М.С.Горбачев пен Г.В.Колбиннің «шовинистік саясаты» салдарынан қанға боялған көтеріліске ұласты. Қорғансыз желтоқсандықтар астам державаның әскери күшімен басып-жаншылды. Желтоқсан қырғыны – кеңестік жүйеде қалыптасқан зиялы топ өкілдеріне үлкен сын еді. Сын сағатында өзін лайықты ұстағандар мен керісінше өз ұлтына қарсы «жыртқышқа» айналғандар жігі пайда болды. Мұндай жағдай, әсіресе заңсыз ұсталғандарды жазалау кезінде анық байқалды. Ресми құжаттарда заңсыз ұсталғандар саны -2 401

адам делінсе, С.Қасымовтың деректерінде олардың жалпы саны – 8 500 адамға жеткен /5/.

Алаңға шыққандардың, қолға түсіп қамалғандардың 40% жуығы студенттер екен. Саяси бостандықты ұран еткен 300-ге жуық адам қазіргі Республика алаңына (бұрынғы Л.И.Брежнев атындағы алаңға) жиналып, кейіннен көтерілісшілердің саны – 25-30 мыңға жеткен. Солардың қатарында өзіміз білім алған С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) тарих факультетінің студенттері де болған еді.

Осы тұста айтатын нәрсе – көтерілісті ұйымдастырушылар өз жұмыстарын ҚазМУ-ден бастаған сияқты. Студенттердің дені елден келген жастар еді. Көпшілігін ересектер, яғни әскер қатарында борышын өтегендер мен өндіріс орындарында жұмыс істеп, шындалған саналы жігіттер құрағанды.

Мен үшін желтоқсан күндері әлі көз алдымда... Пленум шешімі туралы сұрақ оқу тобында 16 желтоқсан күні болған Гүлжауһар Шағатайқызы Жанбатырованың «Европа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы» пәнінен лекция соңында қойылды... Ертеңіне түскі сағат 13 шамасында ҚазМУ ректоратының алдында жиналған орыс, қазақ оқу топтарының студенттері Ш.Қалдаяқовтың "Менің Қазақстаным" әнін шырқап, алаңға жеттік. Қатарымызда кейін басталған «Кіші қуғын-сүргін» кезінде бізге қамқоршы бола білген курстастарым, тарихшы Айтжан Жұмабайұлы Оразбақов, Қ.Әбеневтың "Аллажар" фильмін шығаруға қаржылай демеушілік жасаған желтоқсаншы, «Әділет» тарихи-ағартушылық қоғамының мүшесі болған, бүгінде "Матай" қорының президенті Жанат Дүзбаев, Зауре Маханова, Еркем-ай Қартабаева, Қызылордалық тарихшылар Қуаныш Еспенбетов, Зинеш Әтеева, Зухра Күнтуарова, Сәбира Нәлібаева, Баян Аманқұлова және т.б. болды. Желтоқсан күндері алаңда байқалған көріністер: шерушілер санының көбеюі; КСРО-ның ұлт саясатына байланысты ұрандардың көтерілуі; микрофон арқылы орталық мінбеден сөз алуға ұмтылғандар... Бізбен қатар алаңға барғандар бейбіт шеруге қатысушылар еді. Отбасында алған тәрбиемнен болар, әрі мінбеге шығып сөйлеген ел азаматтарының сөзінің әсері ме, 17 желтоқсаны күні кешке қарай үйге қайтқанды жөн санадым. Алаңға жиналғандар арасынан әзер дегенде шықтық...

1986ж. Желтоқсан күндерінен кейін Мәскеуден шығатын «Правда», «Комсомольская правда», «Известия» газеттерінде «қазақ ұлтшылдығы» туралы материалдар жарияланып жатты. Көп ұзамай Қазақстанға КОКП Саяси Бюросының мүшесі М.С.Соломенцев бастаған дүлей комиссия келісімен «Кіші саяси қуғын - сүргін» басталды. Кеңестік биліктің орнығуы да осы «саяси қуғын - сүргіннің» нәтижесі еді. Кеңестік билік аппаратының нығаюы - күштеу аппаратын қатар бекітті. Уақыт алға жылжыған сайын ЧК-ОГПУ-НКВД-КГБ аталған мемлекет қауіпсіздігін сақтауды көздеген бұл органдар -мемлекеттік аппараттың бір тетігі ретінде қалыптасты. Аталған органдар ел ішінен жау іздеп, оларды қоғамнан аластату, жаппай қырып-жою әрекеттерімен айналысты.

Қуғын-сүргіннің ақыры өз басыма әкімшілік жаза қолданумен шектелді. Бізбен бірге оқыған қаншама студенттер оқудан негізсіз шығарылып, сот шешімімен түрмеге жабылды, өмірімен қоштасқандары да болды... Осының бәрі –қазақтың қасіреті.

Университет архивінен алынған нақты деректер бойынша «желтоқсан көтерілісіне қатысқаны үшін 270 студент оқудан шығарылып, 5 студент 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айрылған. Сол кездегі университет ректоры Ө.А.Жолдасбеков КГБ-ның қызметкерлері алаңда болған студенттердің суреттерінен тұратын альбоммен факультет аралауға кіріскенде, ректор өзі ерекше сенімді декандар арқылы тұзаққа түскелі тұрған студенттердің бір тобына

«денсаулығы», «үлгерімі», «отбасылық жағдайы» деген түрлі желеулермен бір-екі жылдық академиялық демалыс беріп, құтқарып жіберген. Кейін қуғын-сүргін бәсеңсіген кезде олардың барлығы дерлік университетке қайтып оралған» /6/.

Осы тұста айтатын нәрсе, сын сағатында басшылық қызметіндегі қазақ қыздарының азаматтық таныта білуі. Оған дәлел - студенттерді жазалау қарқыны күшейген кезде не істерін білмей сасқан ректорлар сол кезде Алматы обкомының идеология бойынша хатшысы болған Шәмша Көпбайқызы Беркімбаевамен ақылдасады. Ол елді жайлаған жаппай жазалау саясатымен келіспейтінін және М.С.Мендібаев сияқты жаналғышпен бірге қызмет істей алмайтынын айтып, арыз жазып орнынан өз еркімен босап, ерлік көрсеткен. «Жаңбырмен жер көгереді, батамен ер көгереді» деген. Сол қалың елдің берген батасы дарыған болу керек. Ш.К.Беркімбаева кейінірек білім министрі, депутат сияқты биік лауазымдарға ие болды. Қазір де еліміздегі ерекше оқу орны - Қыздар педагогикалық институтын абыроймен басқарып, халқының құрметіне бөленіп отыр /7/. Ол қазақ зиялыларының ішінде өзін лайықты ұстағандардың алдыңғы қатарында болды.

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихында Желтоқсан көтерілісін екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірі - бейбіт шеру кезеңі; екіншісі - қанды қырғын кезеңі. Көтерілістің шығу себептері - 1917ж. қазан төңкерісінен бастау алатын, қатаң күштеу принциптеріне негізделген кеңестік биліктің отарлау саясаты; КСРО Конституциясының өрескел бұрмалануы; республика шеңберіндегі саяси тұрақсыздық; «біріншілік» үшін күрес.

Қозғаушы күштері-студенттер, жұмысшылар және зиялы қауым өкілдері.

Барысы - бейбіт шерушілердің құқықтық талаптарының орындалмауы; қанды қырғынға қатысушылардың қорғану әрекеттері.

Нәтижелері - көтерілістің аяусыз басып-жаншылуы; қазақ рухының биіктігі; ұлттық сана сілкінісінің көрініс беруі, тәуелсіздік идеясының қайта жаңғыруы.

Желтоқсан көтерілісі - бүгінгі жастарға үлкен сабақ. Жаһандану процесімен бірге қоғамға еніп отырған келеңсіз құбылыстардың аясын тарылту үшін, жастардың рухани жағынан азғындауына тосқауыл болу үшін желтоқсандықтардың патриотизмін, қаһармандығын насихаттау- аса қажет.

Осы тұста желтоқсан күндері алаңға шыққандар қатарын толықтырған Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіндегі әріптестерім тарихшы Айтжан Оразбақов, Зинеш Әтеева, заңгер Мәдина Жүсіпбекова, тіл мамандары Шолпан Баймаханова, Гүлмира Баялиева, Қанат Әжиев, Базыл Ерік Баштуұлының және желтоқсан көтерілісінің ұйымдастырушысы ретінде 3 жыл бас бостандығынан айрылған Аманбай Канетов пен И.Сапарбековтің «Қазақ қызы» өлеңінің әнін шығарған, Ләззат Асановамен бірге оқыған танымал сазгер Рамазан Тайманның есімдерін ерекше атағым келеді. Өкінішке орай бүгінге дейін «Желтоқсан» қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалында (төрағасы Аманбай Канетов) Қызылордалық желтоқсандықтардың жалпы саны, құрамы, әлеуметтік жағдайы туралы толық мәліметтер жоқтың қасы.

Тарихта «көтеріліс жетекшілері», «көтеріліске қатысушылар» деген ұғымдар бар. Сондықтан жоғарыда есімдері аталғандардың басым бөлігі тек көтеріліске қатысушылар ғана, көтеріліс куәгерлері. Желтоқсан күндеріндегі қанды қырғынның басы-қасында болып, орталықтағы партиялық басшылық қызметкерлерінің жіберген қателіктерінен жапа шеккен қазақ қыздарын қорғауда ерлік танытқан замандастарыма тағзым ете отырып, желтоқсаншылардың патриотизмін жас ұрпаққа жеткізуді - тарихшының парызы санаймын. Тұжырымдасам, Қазақ тарихындағы бұл кезең - XXғ. басында Алаш қайраткерлері көтерген Тәуелсіздік идеясының қайта жаңғыру кезеңі еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (ХҮШ-XXғ.ғ.). Зерттеулер. -Алматы, 2004. -400б. 359 б.
2. Абдархманов С. Горбачев. // Егемен Қазақстан. 21 ақпан 2006ж.
3. Адырбекұлы К. «Казахское дело». Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. // Түркістан. 14 қыркүйек 2006ж.
4. Сонда.
5. «Желтоқсандықтар ауылдан келген ұрпақ еді, әрі қорғансыз болатын...» Сабыр Қасымов пен Мәмбет Қойгелдиевтің Желтоқсан оқиғасы туралы екеуара әңгімесі. // Жас Алаш. 16 қараша 2006ж.
6. Мұхтар Құл-Мұхаммед. Арыстан. //Егемен Қазақстан. 29 сәуір 2006ж.
7. Адырбекұлы К. «Казахское дело». Академик Көпжасар Нәрібаев. // Түркістан. 24 тамыз 2006ж.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы, касающиеся декабрьских событий 1986г.: о колониальной системе СССР, о кадровой политике центральной власти, об ошибках, допущенных в партийной линии, о ее последствиях в Казахстане, о малых репрессиях в декабрьские дни.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада 1986ж. желтоқсан көтерілісі төңірегіндегі мәселелер қарастырылған: КСРО-ның отарлау жүйесі, Орталық биліктің кадр саясаты, партиялық басшылық тарапынан жіберілген қателіктер, күштеу саясатының Қазақстандағы салдары, желтоқсан күндеріндегі «Кіші саяси қуғын-сүргін», студенттердің патриотизмі – бүгінгі жастарға үлкен сабақ екендігі айтылады.

ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

Кожакеева Л.Т. - к.и.н., доцент (г.Алматы, КазГосЖенПИ)

Сложной и противоречивой страницей вошел в историю колониального Туркестана период после свершения Февральской революции в России. Падение царского самодержавия, провозглашение Временным правительством курса на создание федеративного демократического государства возродило надежды местных народов на решение главных вопросов того времени – возвращение изъятого, самостоятельного национального устройства.

Однако, несмотря на весь демократический потенциал Февральской революции, в национальной сфере не произошло качественных перемен. Временное правительство оказалось неспособным радикально трансформировать политику самодержавия на национальных окраинах. В его практических действиях проявлялось огромное расхождение в радужных декларациях и реальных делах. И это нашло яркое отражение в Туркестане. Как показали последующие события, ни Туркестанский комитет Временного правительства, уполномоченный действовать в пределах Туркестана, ни образованные новой властью исполнительные комитеты и комитеты общественной безопасности не предпринимали необходимых мер для разрешения назревших проблем. В частности, Турккомитет проводил кадровую политику, нацеленную на сохранение должностей ставленников колониального

аппарата, сохранение прежней структуры управления. Вслед за центральным правительством оно прежде всего видело свою стержневую задачу в пресечении попыток «сепаратизма», в недопущении национальной «смуты». В результате доверительные отношения коренного населения к новой власти, проявившиеся на первом этапе послефевральского периода, все в большей мере выливались в активное неприятие Временного правительства.

Особое возмущение вызвали слабость и нерешительность Турккомитета в момент, когда поступили сообщения об ужасающем положении казахского и киргизского населения Семиреченской области, откочевавшего в Синьцзян в период жестоких расправ царского самодержавия над участниками восстания 1916 года, и возвращающихся в свои родные места. «Все мы живем в горах, - телеграфировали беженцы, - умираем от голода, хлеба не дают, ничего не имеем... двигаться нет сил, не доберемся, в пути погибнем. Просим обратить внимание на нашу участь во имя свободы, справедливости и равноправия. Спасите, защитите нас».

Сложность вопроса заключалась в том, что принадлежавшие беженцам земли были захвачены другими поселенцами, преимущественно русскими крестьянами-переселенцами. Территориальная «разборка» выливалась в кровавые столкновения. Находившиеся на местах делегаты Краевого мусульманского совета требовали «принятия необходимых мер, потому что возвращающиеся из Китая киргизы беспощадно убиваются поселенцами-семиреченцами, их не допускают на свои места, за ними форменно охотятся, они терпят крайнюю нужду, пищи нет, голодают...» /1/.

Если обратиться к истокам Семиреченской трагедии, то следует подчеркнуть, что её корни скрывались в колониальной политике царизма, направленной фактически на вытеснение коренного населения, особенно кочевого, из ареалов их традиционного обитания, и, напротив, увеличение в крае числа представителей славянских этнических групп и иных российских диаспор. В этих целях проводилась масштабная переселенческая политика. Так, в 1909 году число российских переселенцев составило 619 тыс. К 1916 г. их количество достигло почти 800 тыс. /2/.

Для стимуляции миграционных настроений у российских крестьян им предоставлялись солидные льготы, выделялись внушительные земельные наделы, изъятые у коренного населения. Лишь в течение 1914-1916 гг. колониальные власти отобрали у местного населения, преимущественно кочевников, 1 млн. 800 тысяч десятин земельных угодий. Такая покровительственная политика обусловила, то что переселенцы стали обладать наделами земель в 10-15 раз больше, чем основная масса местного населения. В частности, составляя менее 12-15% всего населения края, российские крестьяне, чиновники, предприниматели уже в XX веке владели в Сырдарьинской - 31,3%, а в Семиреченской области – 60,3% всех земель /3/.

Миграционная экспансия сопровождалась экономической эксплуатацией края. Особенно она усилилась с началом первой мировой войны. Тогда эксплуатация коренного населения обрела формы прямого грабежа. Из Туркестана после вступления России в войну, помимо сырья и продовольствия вывозились рабочий и вьючный скот, кошмы, юрты, повозки и т.д. Только в 1917 г. из Сырдарьинской и Семиреченской областей было вывезено 1 млн. голов овец. В результате в крайне тяжелом материальном положении оказалось местное население.

Порочная социально-экономическая политика смыкалась с великодержавной практикой национального угнетения, системой духовного закабаления, стремлением насадить приоритеты евроцентризма, что угрожало народам Туркестана утратой их этнического своеобразия.

Колониальная политика царизма ударила по интересам всех слоев Туркестанского общества. Вследствие чего стали спланиваться силы национально-освободительного движения, выступающие за свободное историческое самоопределение. Национальный протест в условиях военного времени вылился в общенародное восстание 1916 года.

Это восстание носило в целом народно-освободительный характер. Вместе с тем в ряде регионов, особенно Семиречья, оно сопровождалось кровавыми межнациональными столкновениями, от которых пострадала часть переселенческого и коренного населения края.

В частности, трагичными были по своим последствиям внезапные нападения восставших на переселенческие поселки в южной части Семиречья. Здесь были разгромлены 94 переселенческих поселка. Дело в том, что повстанцы нередко видели своих угнетателей во всех пришлых русских, украинцах и других, не особенно разбирались в их социальной дифференциации и, как правило, отождествляли колониальных угнетателей со всей Российской империей и русским народом в целом.

В ходе подавления и после разгрома восстания правительственными войсками роли поменялись. Теперь страдающей стороной стало мусульманское население. Переселенцы, провоцируемые царскими властями, при их попустительстве и даже содействии жестоко расправлялись с коренными жителями, не разбираясь особо участвовали они в восстании или нет. Расправа над повстанцами выдавалась за акты справедливого возмездия. В этих условиях, охваченные паникой и страхом повстанцы бежали в Китай, увлекая за собой и население тех киргизских и казахских волостей, которые не участвовали в восстании. В целом в Китай откочевало более 300 тыс. казахов и киргизов, объединенных в то время общим этнонимом киргизы. Их земли и имущество были захвачены переселенцами.

После Февральской революции в обстановке развала царизма часть семиреченских переселенцев вновь стали забирать земли и имущество коренного населения, творя над ними зверства и жестокость. Роковую роль в этом отношении сыграли слухи о том, что беженцы возвращаются из Китая.

Турккомитет, заслушав 19 апреля 1917 года вопрос о киргизах-беженцах, принял решение «не допустить их в Семиречье, а расселять на бесплодных каменистых землях». Отталкиваясь от данного постановления, посланный в Семиречье член Турккомитета Шкапский, заявил киргизам, что «ни о каком примирении речи быть не может и киргизы должны быть выселены» /4/. Это придало новый толчок межнациональным столкновениям и геноциду по отношению к беженцам.

Между тем Временное правительство приняло все меры, чтобы не допустить разглашение того, что творилось в Семиречье. Однако сведения о бедствиях киргизов и казахов достигли вскоре Поволжья и других районов, населенных мусульманами. Они с возмущением требовали срочного решения «семиреченской проблемы». По поводу семиреченских событий мусульманскими прогрессистами-демократами 18 августа в Ташкенте была устроена демонстрация протеста. Киргизская интеллигенция несколько раз пыталась провести объединение краевого Совета киргизских депутатов с краевым Советом крестьянских депутатов, чтобы путем «примирения» верхов достичь прекращения губительных гонений на местах /5/. Но «Семиреченский вопрос» так и остался неразрешенным вплоть до Октябрьского переворота.

ЛИТЕРАТУРА

1. ЦГА РУз, Ф.И-25, оп.1, д.12, л.35.
2. Там же. Ф.И-10, оп.1, д.674, л.14

3. Пален К. Переселенческое дело в Туркестане. – СПб, 1910. – С.134.
4. ЦГА РУз, ф.1613, оп.1, д.1, л.61.
5. Сафаров Г. Опыт Туркестана. – Алматы, 1996. – С.95.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о колониальной политике Временного Правительства в Южном Казахстане.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Рәсей Уақытша Үкіметінің отарлау саясатының Оңтүстік Қазақстанның этно-демографиялық ахуалына тигізген әсері сараланады.

ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ АРҚА ЖЕРІНДЕ ОРНЫҒУ ТАРИХЫ

Мырзатаева З.Б. - т.ғ.к.,

Өнербаева Ш.Ө. - аға оқытушы (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Патшалықтың Орта жүз жерінде өз үстемдігін түпкілікті бекітіп, басқыншылық саясатын одан әрі Орталық Азия хандықтарына бағыттауы, 1822 ж. "Сібір қырғыздары жарғысының" іске асырылуымен тікелей байланысты еді.

Нақ осы кезде барлық әскери күшпен хандық билік жүйесін жойып, Арқа даласына бекінуге, Ресей әкімшілігі ерекше ұмтылыс жасады. Бұл, 1822 жылғы "Жарғының" соңғы параграфында ашықтан-ашық айтылды. Онда: "Сібір шептері күзет мағынасында алғанда әрдайымғы уақытқа арналған мекемелер емес, бірақ өзіміз иеленген қырғыз жерлеріне орнатылған тәртіптің таралуына орай бұл күзет ілгері жылжи береді де, ең ақырында, нақты мемлекеттік шекараға жеткен соң, тұрақты орын тебетін болады, - делінді /1/. Сөйтіп, патшалық өкіметті ежелден бергі, қазақ даласына мысық табандап, ентелей түсуі бұл жылдары да жалғасып жатты.

Қазақ ұлтына тиесілі болған бүкіл Батыс Сібірді басып алып орыстардың Ертіске дейін қандай жолмен және қай уақытта ентелеп келуі жөнінде түсінік алу үшін Көшім заманынан бері қарай қысқаша тарихи шолу жасаған дұрыс болар деп ойлаймыз.

Көшім хан иелігін 1582 жылы жаулап алған соң баукеспе тонаушы Ермак әскери орталығы ретінде Ертіс пен Обь өзенінің жоғарғы ағысына орнықты. Сөйтіп, 1588 жылдардан бастап Тобыл өзені жанынан орыс-қазақ қоныстары: Тобольск, Тюмень, Тара өзені бойынан Тарск қалалары пайда бола бастады /2/.

1670 жылы Ертістің оң жағасы мен Обь өзенінің аралығындағы қазақ және Барабинск даласын сырттан бақылап отыру үшін, Чернолуцк қалашығы тұрғызылды. Ал, ХҮІІІ ғасырдың басында, осы аталмыш отарлық тірек пункттен, Орынбор губерниясындағы Звериноголовск бекінісіне бағытталған 985 шақырым қашықтықтағы қисық тартылған, тұңғыш Есіл әскери шебі салынды. Есіл шебінің - Тобыл өзені мен Ертіс аралығынан бекіністер жиілеп құрыла бастады. Сөйтіп, 1743 жылдың өзінде Тобыл жақ беттен полковник Яков Павлуцкийдің басшылық етуімен 11 форпост салынып үлгерді /3/. Осы жылдың жаз айында Исет провинциясының Шадринск қаласының уезінде Орынбор комиссиясының бастығы Неплюев пен Сібір губернаторы Сухарев кездесті. Бұл кездесудегі мақсат, қазақ жүздерін отарлау әдістерін талқылау болатын. Кеңес нәтижесінде, Сібір шаруалары есебінен құралған қазақтар санын әскери шепке толықтыра түсу керек деп шешті. Осындай әскери күштің көмегімен Сібір губерниясындағы отаршыл орыс-қазақтарға қазақтардың шабуылын тоқтату көзделінді.

Көріп отырғанымыздай, Батыс Сібірдің оңтүстігін әскери күшпен нығайта түсу І Петр тұсында "жандана" түскен еді. Тобыл-Ертіс аралығында, Ертіс бойында Омь өзенінің сағасынан бірнеше бекініс, форпост салынды. Сібір әскери шебі әр жыл сайын осылайша, күшейіп қалыптаса бастады. Есіл шебі жөніндегі келесі жобаны 1743 жылы капитан Новоселов ұсынды. Оның соңынша Омскіге келген Сташков Сібір әскерінің басшысы генерал-майор Киндерманға Звериная голова шатқалынан Омск бекінісіне дейін түсірілген ескі шептің картасын және сонымен бірге, өздерінің Шишков екеуі даярлаған жобасын береді. Бұл жоба Новоселов жобасынан гөрі отаршылдар үшін әлдеқайда тиімді болды. Біріншіден, шеп оңтүстікке таман 50-200 шақырымға созылатын болды. Екіншіден, қисық тартылған шеп түзулене түсті. (І-қосымшаны қараңыз). Жаңа Есіл шебінің барлық жобасы 6 жыл бойы талқыланды. Алайда, Есіл шебін жақсарту жобасы 1752 жылға дейін сан рет өзгерістерге ұшырады.

Подполковник Кутузов шен ара-қашықтығын Чернолуцкіден Утяцкіге дейінгі аралықта ұзартуды ұсынған болатын. Шекара басшысы С.Киндерман мұнымен келіспей, бұл шепті Звериная голова шатқалына дейін тартуды ұсынды, 1752 жылы 26 наурызда, осы соңғы ұсынысты Сенат заң тұрғысында бекітіп, шекара шебіне жаңадан бекіністер салуға бұйрық шығарды. Сонымен, Арқа даласына бағытталған агрессиялық саясаттың нәтижесінде, 1725 жылы Ертіс бойында небәрі 4 - Омск, Ямышевск, Железинская, Семипалатинская бекіністері салынса, 1801 жылы Батыс Сібірде орасан зор, күшті, орыс казак әскерінен тұратын жеті шеп қамалдары пайда болды. Бұл - Тобольская, Тарская, Иртышская, Колыванская, Кузнецкая, Бухтарминская еді. Бұл жерлердегі форпост, бекініс, станция, секілді әкімшіліктің берік, әскери күзет орындарына 1725 жылы небәрі 725 адам күзетке қойылған болса ол, 1781 жылы 6119 адамға жетті /4/.

ХҮІІІ ғасырдың ІІ жартысынан бастап, Қазақстанның солтүстік аудандарын отарға айналдыру жүйелі түрде жүргізілді. 1755 жылы Сібір шекаралық шебінде, жалпы саны 125 бекініс пайда болды. Барлық шептер қашықтығы 2991 шақырымға жетті. П.Словцовтың атап көрсетуі бойынша, бұл жаңа шеп "ең мықты және қарулы күштің қоймасы" болды /5/. Айта кететін жәйт, дәл осы бекіністерде, ХІХ ғасырдың ІІ жартысында Покровенский, Лебяжий, Николаевский, Полуденный, Петропавловский, Становский, Пресновский, Кабани, Пресногорьковский секілді, 9 ірі казак поселоктары пайда болды /6/.

Отаршыл патшалық өкімет, отарлық саясатты тек саяси бағытпен ғана емес рухани бағыттарды да "қамти" отырып жүргізді. Орыс миссионерлері, ХҮІІІ ғасырдың ІІ жартысынан бастап-ақ, қазақ даласынан көріне бастады. Олар, елді орыстандыру, шоқындыру мақсатымен миссионерлік комитеттер мен мекемелерді құрды. Солардың бірі, 1731 жылы Сенатта Волга бойы халықтары үшін арнайы түрдегі "Новокрещенская контораның" құрылуы, сондай-ақ, 1798 жылы келешек миссионер кадрларды даярлауға айрықша мән беріліп, "Қазақ діни академиясының" ашылуы, 1789 жылғы арнайы түрдегі "орыстандыру палатасы" мен "переселенческая контораның" пайда болуы шоқындырудың шаралары еді /7/.

Орыс миссионерлері халықты орыстандыру саясатында татар молдаларына арқа сүйеді. 1785 жылғы 27 қыркүйектегі генерал-губернатор Игельстромға жіберілген құпия жарлықта "Татар молдалары біздің саясатымызды іс жүзіне асыруда көмегі өте зор. Сондықтан да, қазақ жерлеріндегі татар молдаларына ақшалай, заттай сыйлықтар көбірек бөлінсін" /8/, - делініп патша өкіметі оларды империализм саясатын іске асыруға қолдана бастады. Сөйтіп, татарлар қазақ арасындағы мектеп, медреселерде сабақ беріп, кеңсе жұмыстарын атқару, тілмәштык қызмет ету секілді отаршылдық саясатты жүргізуге араласты.

1763 жылы Сібір шекара шебіне бастық болып Шпрингер тағайындалды. Ол, өз қызметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ, шекара бойындағы әскери бекіністерді Сібір қаласындағы казактардан толықтырумен болды. Сібір шебі бойынан әрқайсысы 1000 адамнан тұратын 5 полк құру жоспарланды /9/.

Шпрингер Ертіс бойынан шұрайлы жерлерге балық аулайтын өзен-көлдерге бай алқапты қамтитын ұзына-ұзақ 10 шақырым белдеуді казактардың қоныстануына әперді. Мұндай артықшылықтармен бірге, казак содырларына 1765 жылы арнайы жаңа штат тағайындалды. Арқа жерін айнала қоршауға алған үш әскери желі, мықтап тұрып бекініп алған соң, ішке ентелей түсуге барлық күшін салды.

Сөйтіп, Шпрингер орыс-казактарды Сібір шебіне орнықтыру туралы жаңа жоспар дайындады. Оның мазмұны төмендегідей болды: 882 шақырымға созылған Ертіс шебінде: Омск бекінісінде 2 форпост (орыс әскери орны-автор), 4 станция орнатылып, мұнда 400 адам күзетке қойылу көзделді. Железинск бекінісіндегі 1 форпост, 4 станцияға 318 адам, Ямышевскідегі 4 форпост, 5 станцияға 540 адам, Семипалатинскідегі 3 форпост, 6 станцияға 520 адам, Устькаменогорскідегі 2 форпост, 2 станцияға сондай-ақ, 4 қорғаныс пен 2 деревняға 650 адам, ал, барлық Ертіс шебінде 2468 адам орнықтылу қарастырылды. 2776 шақырымдағы Пресногорьковск шебінде: Пресногорьковскіде 2 редут (орыс әскери орны-автор) - 150 адам, Кабаньда 1 редут - 100 адам, Пресновскіде 1 редут - 100 адам, Сенжарскіде 1 редут - 100 адам, Становойда 2 редут - 100 адам, Св.Петр бекінісінде 1 редут - 200 адам, Полуденныйда 2 редут - 100 адам, Лебьяжый бекінісінде 1 редут - 100 адам, Николаевскіде 1 редут - 100 адам, Покровскийде 3 редут және 1 маякта 150 адам, ал барлық шеп бойында 1200 адам орнықтырылатын болды. 457 шақырымдағы Колывано-Кузнецк шебінде: I дистанцияға: 3 форпост, 1 редут, 7 қорғаныс және 3 маяк - 172 адам, II. Дистанцияға: жоғары - Катунь бекінісіндегі 3 форпост, 3 қорғаныс, 1 редут және 4 маяк - 492 адам, тағы басқа қажеттіліктер үшін қосымша 170 адам, ал барлығы 834 адам күзетке қойылмақ болды. Орыс казактарды осылайша орнықтыру барысында, оларға штат бойынша мынадай еңбекақы тағайындалатын болды, полковник 100 сом, есаул 50 сом, жүзбасы 30 сом, 3 чет. ұн, пятидесятниктерге 20 сом, азық-түлік, хорунжийлер мен урядниктерге 15 сом, әскери жазушы (писарь) 25 сом, қатардағы казактарға 12 сом және әскери азық-түлік /10/.

Шпрингер ұсынған бұл жоспар толығымен іске аспаса да, төменде айтылған орыс-казактарына деген артықшылықтар патша өкіметі тарапынан қолдау тапты. Олар (казактар) егіншіліктің ауыр салығынан, сондай-ақ, бекініс, форпост, редуттардағы тегін жұмыстардан босатылды.

Ал, жергілікті халық жағдайына мұндай қоқан-лоққылық ауыр соқты. Өлкенің ең шұрайлы орны - Ертіс бойынан, 10 шақырымдық белдеуі тартып алынды. Қазактардың ғасырлар бойы қалыптасқан көші-қон жолдары бұзылды. Өз жерінен айырылған казактардың жағдайы туралы көзімен көрген бір адам былай деп жазған екен: "Орыс-казактары мен казактар қоян-қолтық тұрады. Ертістен 10 шақырым бүкіл жағалау орыс-казактарына берілді, одан әрі далаға тереңдеп енген сайын олардың иелігіне көше береді, сөйтіп, қырғыздар жиі-жиі танталдың күйін кешті; су қақ жанында, бірақ ішуіне болмайды, сондай-ақ, балық та аулай алмайды" /11/. Ең шұрайлы орындарға казактар орналастырылды. Бұл уақытта, 13 500 шақырым жер казактар иелігіне тартып алынған болса, Ертіс бойынан, Өскеменнен Омбыға дейінгі аралықтағы алынған жер көлемі, 1870 жылы 5 млн шаршы шақырымға дейін жетті /12/.

Басқыншылық саясатты іске асыруға құлшына атсалысқан казак озбырлары жергілікті халыққа шектен шыққан қысымшылық көрсетті. Казактар бейбіт казак

ауылдарына қасқырша шауып мал-мүлкін тонап, адамзатқа жат әрекеттер жасады. Мысалы, бұл туралы бір деректе былай деп жазылған:

Қылышымыз біздің өткір-ақ,
Жылқылар біздің жүйрік-ақ,
Қаруымызды оқтап-ап,
Таңсәріден аттанайық шығысқа
Жабайылардың ауылын өртеп тонауға /13/

Мұндай сорақылықтарды көріп, ашу-ызаға булыққан қазақтар 300, 500 кейде мың-мыңдап сап түзеп казактардың бекіністерін ойсырата талқандап, тартып алынған мал-мүліктерін қайтарып алды. Орыс казактарды өлімші етіп сабап, тұтқынға әкеткен кездері де болды. Шекара әкімшілігі, казактардың еңсесін басып-жаншу оңайға соқпайтынына көздері жеткен соң, әскери бекіністерді барған сайын күшейтумен болды.

1808 жылы 19 тамызда "Жоғарғы мәртебелінің" бекітуімен Сібір казактарының әскери шебі туралы ереже бойынша ерекше жаңа штат белгіленді. Бүкіл Сібірдегі Ертіс, Есіл Калывано-Кузнецк шептері тұтас бір жүйеге келтірілді. Сібір әскерінің басшысының қол астында 24 жаяу дивизия бағынышты болды. Сондай-ақ, әрқайсысы 500 казактан құралған 10 атты полк құралды. Әрбір полк 3 офицер, 47 урядник, 500 казак, кеңсе хатшысы, фельдшермен қамтамасыз етілді. Әрбір казакқа 6 р 16½ тиыннан ассигнация; әскери азық-түлік бөлінді. Тағы да, айта кететін жәйт, казактарға қарсы жаугершілік жорыққа шығарда мемлекет қазынасынан орыс-казак жендеттерінің жауыздық ынтасын арттыру үшін арнайы қаржы бөлінді. Мәселен, әрбір казакқа 11 сом 86 тиын, хоружний 23р 29к, жүзбасы 286р 37к, есаул 406р 10к ассигнация алуға хұқылы болды /14/.

Жаңадан құрылған біртұтас Сібір шебінде атты полк әскерінен басқа, әрқайсысы 12 зеңбірекпен қамтылған 2 атты 288 казак, 2 кеңсе хатшысы, 2 мастеровой болды. Офицерлер мен төменгі шендегілер жеке меншік аты мен оқ-жарақ, әскери форма иеленді. Казактарға берілген ең бір сорақы ерекшелік, ол, Бұқтырма балық шаруашылығын шексіз иелік етуге құқылы болуында еді /15/. Жыл өткен сайын Сібір әскери шебінің ұзындығы да, әскери күші де өзгеріп жатты. Сібір казак әскері орныққан территория, бір сызық бойымен тізбектеле орналасқан Сібір казактарының мекендеріне айнала бастады.

Басты үздіксіз созылған шептер Есіл, Преснегорьковская, немесе Ащы шеп деп аталғаны белгілі. Мұның ұзындығы XIX ғасыр басында 548 шақырымға созылған Омск қаласынан Орынбор шекарасына дейінгі аралықты қамтиды. Ал жалпы аумағы бір жарым жерді алып жатты. Екінші шеп - Ертіс 1801 ¼ шақырымға ұзарды. Бұл тізбектің ені 10-30 шақырым болды. Бұл шептің 700 шақырым ұзындығында Ертіс өзені ағып жатты. Бұқтырма шебі 324 шақырым ұзындықта, ал Өскемен 389, шақырым қашықтықта болды /16/.

Сонымен, патшалықтың Орта жүзге бекіну талпынысы шекара шебіне горнизондарды қаптата отырып, жекелеген бекіністер салумен басталғанын көрдік. Қазақтан ата-қоныс мекенін, шұрайлы жер, суын тартып алуда әскери бекіністерін бақайшағына дейін қаруландырып, барлық күш салынғаны жоғарыда көптеген деректерде айтылды. ХҮІІ ғасырдың соңына дейінгі кезеңде Патшалық Ресей Ертіс шебіне әскери тұрғыдан бекінген соң, ішке қарай ұмтылып, енді онда саяси тұрғыдан бекінуге кірісті.

1897 жылы 4 қазанда Остафьев Батыс Сібір бөлімінің жиналысына дайындаған баяндамасында, бекініс пен горнизондардың салынуы, өлкені тек қана стратегиялық плацдарм ету мақсатымен алға тартылғанын ашық айтты. Сондай-ақ, ол бұл баяндамасында Ертіс, Есіл, Ащы шеп бойының гидрографиялық ерекшеліктерін атап өтті. Өлкенің бай табиғи орындарын таулы таза климатын көптеген ірілі-ұсақты

қамысты өзен-көлдерін, жазық жайлау мен шалғынды жерлерін тамсана баяндады: "Ертіс шебі, Ертіс өзенінің оң жағын қамти отырып, кең ауқымды бай табиғи ортасымен ерекшеленеді. Омскінің оң жағындағы солтүстік бөлігі Бараба жері болып саналады. Ал сол жағы - Есіл даласымен атыр. Бұл өлке де, тұзды, тұщы көлдерге, жайқалған қайың ағаштарға толы орман, сондай-ақ, егіншілікке қолайлы жазық жерлерге өте бай. Чарлаковск станциясынан Семейге дейінгі аймақта, Ертіс бойынан Құланды даласын қамтыған Барабаның жалғасы созылып жатыр. Ертіс шебінің Құландымен жалғасқан аймағы толығымен кең-жазық далаға ұласқан /17/.

Остафьев, баяндамасын қорыта келе, Арқа даласын орыс метрополиясының отарына айналдыру ісін әрі қарай жалғастыру өте қажет деп аяқтады. Қазақ даласының тек Батыс-Сібір алқабының өзі, ұлан-ғайыр кеңділігі, сондай, орыс деректерінің бірінде ол туралы былай делінген: "Бұл қашықтық Европада Парижден Варшаваға дейінгі жермен тең" /18/.

Сөйтіп, патшалықтың Арқа даласына бекінуі "Сібір қырғыздары туралы Жарғысының" іске асырылуына кең "жол" ашылды. Бұл басқыншылық саясаттың тірегі оны іске асырушы күші казак содырлары болды.

Сонымен, қысқаша қорытар болсақ, орыстардың Ертіс жағалауы мен таулы Алтай өңірін жоспарлы түрде отарлауы ХҮІІІ ғасырда, Ертіс және Преснегор әскери бекіністері салынған кезден басталғанын көрдік. 1711 жылы Ертіс бойында Сібір драгун полкі жасақталып, 1737 жылы Ертісте Сібір шекарасы шебіне қарайтын дербес командование құрылса, 1745 жылы Ертіс әскери шебінің бекіністерінде Республиканың Европалық аймағынан әкелінген Ширван және Новостербург жаяу әскери полктары және Волгада, Луцк, Опенецк драгун полктары орналастырылды. Сөйтіп, осыншама күрделі қарулы әскери күшпен Қазақстанның солтүстік аудандарын отарға айналдыру ХҮІІІ ғасырдың 50 жылдары-ақ, басталып кетті. Нәтижесінде 1752 жылдан бастап шекара бекіністерін түзету жұмысы жүрді.

Ғасыр соңында Омбы, Семей, Петропавлды, Бийскіде горнизондық полктар құрылып, ХІХ ғасырдың басында, Сібір шебіндегі барлық әскерлер жеке Сібір әскері болып саналды, сөйтіп, ол 24-дивизия аталды.

Сібірдегі әскерлер құрамынан 18-16 жылы дербес Сібір полкі құрылды. 1829 ж. Сібірдегі горнизон батальондары шептік әсерлерге айналып, осындай он бір әскери құрама Батыс Сібір мен Қазақстан жеріндегі қалалар мен бекіністерге орналастырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Материалы по истории политического строя Казахстана. - А-А., 1960г. 109 С.
2. Қасымбаев Ж.Қ. Из истории казахов. -А., 1999. С.32.
3. Усов Ф. Статистическая описание Сибирского казачьего войска. -Спб, 1879.
4. Шевченко С.В. Линейное казачье войско Западной Сибири в ХҮІІІ в. (По материалам личного фонда Е.Г.Е.Катанаева). //Омская обл.научн.конф., посвященная 100-летию ОГШИ и литературного музея. - Омск. 1988. С.8.
5. Словцов. Историческое обозрение Сибири. Книга вторая. 2-по 1823. С.261.
6. Землевладения и земледелия Сибирского казачьего войска. // Доклад В.А.Остафьева, читанный в заседании III отделения ИВЭ общества, 4-го октября. 1897г. б.с.
7. Батырханов Т.К. Патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізілген миссионерлік саясаты. -А-А., 1985. 90б.
8. Крафт И. Аталған еңбегінде. 132 б.
9. Путинцев Н.П. Хронологический перечень событий из истории Сибирского казачьего войска со времени водворения Западно-сибирских казаков на занимаемой ими ныне территории. Омск, 1891. 56-57 б.
10. Бұл да сонда.

11. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғ. 20-40 жылдарында. -А., 1994.
12. Сибирское казачье войско. Список населенных мест по сведениям за 1876 г. - Омск. 1877, 3с.
13. Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. - А., Казахстан. 1994 г. -102с.
14. Н.Путинцев Н.П. Хронологический перечень событий из истории Сибирского казачьего войска со времени водворения Западно-сибирских казаков на занимаемой ими ныне территории. Омск, 1891. 256 с.
15. Усов Ф. Статистическое описание Сибирского казачьего войска. – С-Пб., 1879. С.30, 31.
16. Землевладение и земледение Сибирского казачьего войска (Доклад В.А: Общество 4-го октября, 1897г.)
17. Бұл да сонда.
18. Сибирское казачье войско. Жоғарыда аталған еңбек. С.2.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена истории колонизации царской Россией территории Среднего жуза. Автор, основываясь на источниках, показывает периоды этой колонизации.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала патшалық Ресейдің Орта жүз жерлерін отарлау тарихына арналған. Автор деректердің негізінде бұл отарлаудың кезеңдерін көрсеткен.

УДК 950. 5 (574)

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ИНЖЕНЕР МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ ІСІ: ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

Сағат Тайман - аға ғылыми қызметкер (Қызылорда қ., Қызылорда мемлекеттік университеті)

Ұлы Отан соғысы алдында Қазақстанда 10 жоғары оқу орны: 1 университет, 6 педагогикалық институт, 1 политехникалық, 1 ауылшаруашылық институты, 1 мал-дәрігерлік жұмыс істеді. Ұлы Отан соғысы одақтас республикалардағы сияқты Қазақстанда да жоғары оқу орындарының дамуына үлкен кедергі жасады. Соған қарамастан соғыс жылдарында республикамызда 4 жоғары оқу орны – Шымкент құрылыс материалдары институты, Құрманғазы атындағы консерватория, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты, денешынықтыру институты ашылды.

Соғыстан кейінгі бейбіт өмір де жеңіл болған жоқ. Күйреген халық шаруашылығын қалпына келтіріп, реттеу керек болды. Халық соғыс кезінде зардап шеккен немесе соғыс өнеркәсібіне жұмыс істеген өндірістік объектілерді қалпына келтірудің орасан зор жоспарын жүзеге асыруға кірісті 1946 жылғы наурыз айында қабылданған «1946-50 жылдардағы КСРО халық шаруашылығын қалпына келтіру мен дамытуға арналған бесжылдық жоспары туралы» Заңда жоғары оқу орындарының жүйесін қалпына келтіріп, кеңейту мәселесі қаралды. Олардағы студенттер санын 1950 жылы 674 мыңға, арнаулы орта оқу орындарында бір миллион 280 мыңға, бесжылдықта даярланатын жоғары білімді мамандар санын 602 мың адамға, техникум мен басқа арнаулы оқу орындарын бітіретіндер санын бір миллион 326 мың адамға жеткізуге көзделді. Әсіресе, отын энергетика, металлургия ауыл шаруашылығы мен темір жол транспорты салаларына жоғары

және орта арнаулы білімді мамандар даярлауды сапалы ұйымдастыруға баса назар аударылды. Бұл биік міндетті шешу жоғары мектепті басқару құрылымын қайта құруды талап етті. 1946 жылы апрельде Жоғары мектеп ісі жөніндегі Бүкілодақтық комитет, Одақтық-республикалық Жоғары және орта арнаулы оқу министірлігі болып қайта құрылып, оның бақылауына халық комиссариаттары мен ведомстволардан алынған 305 жоғарғы оқу орны берілді /1/.

Соғыс аяқталғаннан кейін орталық қалалардан көшіп келген жоғары оқу орындары өз қалаларына көшті. Оқытушылар мен профессорлардың үлкен тобы да кетіп қалды. Бұл оқу орындарындағы жағдайды біршама қиындата түсті. Соған байланысты 1947 жылы 16-қарашада КСРО Министрлер Кеңесі “Қазақ КСР-інде жоғары және орта білім беру ісін одан әрі дамыту шаралары туралы” қаулы қабылдады. Қаулыда республикаға оқу орындарын салуға, оқу құралдары мен жабдықтарын алуға біршама қаржылар бөлініп, Қазақстанға орталық жоғары оқу орындарының білікті оқытушыларын жіберу көзделді. Себебі, соғыстан кейін Қазақстанда жаңадан салынып жатқан зауыт, фабрикалар елімізде ғылым мен техниканы әрі қарай дамытуды, өнеркәсіп салаларына көптеп инженер кадрларын даярлауды талап етті.

Соғыстан кейін де елімізде инженерлерді даярлайтын жоғары техникалық оқу орны – Қазақ тау кен-металлургия институты (қазір Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті) болып қала берді. Өнеркәсіп инженерлерін 1953 жылы ашылған Қарағанды тау –кен институты да (қазіргі Қарағанды политехникалық университеті) даярлады. 1958 жылы аталған жоғары оқу орны политехникалық институты болып қайта құрылып, сол жылы алғашқы инженерлер тобын Қарағанды көмір бассейніне жән басқа да одақтас республикалардың кәсіпорындарына жолдамамен жөнелтті. 1943 жылдың қиын-қыстау шағында құрылған Шымкент технологиялық құрылыс материалдары институтының негізгі міндеті Қазақстан мен Орта Азия республикаларының, Сібір мен Қиыр Шығыстың өркендеп келе жатқан өнеркәсібін инженер мамандарымен қамтамасыз ету болды. 1956 жылдан бастап ол силикат технологиясының инженерлерін даярлай бастаса, кейіннен қондырғыларды құрастырып, іске қосатын инженер-механиктерді де даярлайтын болды. Жоғарыда аталған арнайы жоғары оқу орындарынан басқа, сол кездегі Қазақ мемлекеттік университеті мен Қазақ ауылшаруашылығы институтының кейбір факультеттері де инженерлер даярлады.

Бұл жылдары кадрлар даярлаудың ең тиімді түрлерінің бірі - өндірістен қол үзбей оқу кең құлаш жайды, ол мамандар қатарын толықтыруда аса маңызды роль атқарды. Егер 1947 жылы республика жоғары оқу орындарында сырттан оқыту бөлімі арқылы 264 маман даярланса, елуінші жылдардың аяғында сырттан оқытатын және кешкі бөлімдерде 23 760 адам білім алды. 1955 жылы Алматыда сырттан оқытатын Бүкілодақтық инженер-құрылыс институтының филиалы ашылды. Бұған дейін Қазақстанда инженер-құрылысшылар мүлде даярланбаған деуге де болады. Бір жылдан кейін сырттан оқытатын Бүкілодақтық политехника институтының энерготехника, машина жасау, химия технология, металлургия, электрофизика, автомеханика, инженерлік-механикалық факультеттерінің оқу-консультация орындары нәтижелі жұмыс істей бастады. Егер 1956 жылы онда не бары 25 адам маманданса, 1956-1957 оқу жылында 671 адам білім алды /2/. Теміртау мен Балқашта Қарағанды политехника институтының кешкі филиалдары, Жамбылда Қазақ химия-технология институтының филиалы ашылды. Бүкілодақтық сырттан оқытатын инженерлік-құрылыс институты Шымкентте, Теміртауда, Семей мен Павлодарда оқу-консультация пункттерін ұйымдастырды /3/. Осы кезде үкімет өндірістен қол үзбей оқытындарға қосымша демалыс беру, жұмыс уақытын қысқарту арқылы жеңілдік жасау жөнінде қаулы қабылдады. Мұның өзі өндірістен қол үзбей

оқитын студенттер санының артуына септігін тигізді. 1960 жылы инженерлік-техникалық мамандық бойынша барлығы 7,5 мың адам оқыса, оның 1024-і сыртқы, 1539-ы кешкі бөлімдерде білім алды /4/.

Соғыстан кейінгі жылдарда арнайы орта оқу орындары жүйесін нығайту мен жетілдіруге де баса назар аударылды. 1946-1960 жылдар ішінде техникумдар саны 1,5 есе, ал олардағы студенттер 2,8 есе көбейді /5/. Жоғары мектептер ісі жөніндегі бүкілодақтық комитеттің 1945 жылғы 13 июньдегі бұйрығы бойынша соғысқа қатысқандар әскер қатарынан қайтқаннан кейін өздері оқыған оқу орындарының күндізгі, сыртқы бөлімдеріне оралуына құқылары болды. Олар шәкіртақымен, тамақпен, жатақаналармен қамтамасыз етілді. Ерекше мұқтаждарына материалдық көмек көрсетіліп, қосымша паек берілді. Тек 1947 жылы еліміздің жоғары оқу орындарына жүз мыңнан астам Ұлы Отан соғысына қатысушылар дәріс алды. Қазақ тау-кен институтында институтында 1945-1949 жылдары 302 майдангер қабылданды, оның ішінде 26 қазақ болса, 1946-1950 жылдар ішінде Шымкент технологиялық құрылыс материалдары институтына 37 соғыс ардагері түскен /6/.

Алайда осы кезеңде техникалық оқу орындарына қазақ жастары аз тартылды және олардың студент қатарынан шығарылуы көбейіп кетті. Оған басты себеп, соғыстан кейінгі мектептердің ауыр жағдайы, мектеп табалдырығын аттаушылардың аздығы, ауыл мектептерінде мұғалімдердің жоқтығына байланысты математика, физика, химия сияқты негізгі пәндердің оқытылмауы және жоғары техникалық оқу орындарында қабылдау емтиханының, сабақтың тек орыс тілінде жүргізілуі болды. Мәселен, 1950 жылы Шымкент технологиялық құрылыс материалдары институтында оқитын 279 адамның 26-ы ғана қазақ болса, Қазақ ТКМИ –да 1948-1949 оқу жылында әртүрлі себептермен институттан шығарылған студенттердің саны азайтылғанымен, қазақ студенттерінің оқудан шығарылуы тым көп болған. КСРО Жоғары білім беру министрлігінің алқасы да осы жылы «қазақ студенттерінің оқудан шығуы жалпы студенттердің оқудан шығуынан 1,5 есе көп» екендігін атап көрсетті. КСРО Жоғары білім беру министрлігінің алқасы 1949 жылдың 22 маусымындағы шешімімен институт басшылығының алдына жыл сайын 1-курсқа қазақтарды қабылдау жоспарын ұлғайтуды, олардың дайындық сапасын жақсартып және оқудан шығарылуды мүмкіндігінше азайту тапсырмаларын қойды. Институт осы жылдан бастап 1,2 курстарда оқытылатын шет ел тілдерінің орнына орыс тілі мен әдебиетін оқытуды енгізді /7/. Әрине, ол жылдары қазақ тілінде техникалық сабақтарды жүргізу мүмкін болмады, тіпті ол туралы мәселе көтерудің өзі қорқынышты еді.

Талапкерлермен жұмыс істеуді жақсартуға үшін Қазақстан КП Орталық Комитеті 1947 жылғы 22 сәуірде «1947 жылы республика жоғары оқу орындарына студенттерді жаңаша қабылдау туралы» қаулысын қабылдады. Бұл қаулыны жүзеге асыру мақсатында Алматы облыстық партия комитеті 1947 жылы 16 мамырда «Орта мектепті бітіріп жатқан, ертеректе бітірген қазақ жастарын республика, Москва, Ленинград қалаларындағы жоғары оқу орындарына тарту» туралы шешім қабылданды /8/. Осының негізінде тиісті органдарға мектеп бітірушілер арасында насихаттау жұмыстарын жүргізу, олардың мамандықты дұрыс таңдауын, қалаған жоғары оқу орындарына түсуін қамтамасыз ету жүктелді.

Жастарды оқуға түсуге тарту үшін мектептерді аралау, ашық есік күндерін өткізу тағы басқа сол сияқты шаралар жүргізілді. Республиканың барлық оқу орындарында қабылдау емтихандары талапкердің таңдауы бойынша орыс және қазақ тілінде жүрді, техникалық институттар жанынан ауыл жастары үшін дайындық курстары ашылды. Соның нәтижесінде республика жоғары оқу орындарының 1956-1957 оқу жылында қабылданғандардың 43,8 пайызын қазақ жастары құрады /9/. 1958

жылы Қазақстан үкіметі сұрауымен Ресейдегі жоғары оқу орындарына жылына 300 адамды конкурстан тыс қабылдауға және қазақ жастарын қабылдау емтиханында орыс тілі пәнінен босатуға рұқсат берілді. Алайда, бұл саясат кеңестік дәуірдің кейінгі кезеңдерінде түрліше жағдайға байланысты тұрақты болып қалмады. Рас, кеңестік дәуірде Қазақстанда инженер мамандарын даярлайтын оқу орындарының саны артты. 1970 жылы Қазақстандағы 44 жоғары оқу орнының 8-і, 1991 жылы 55-жоғары оқу орнының 14-і инженерлер мен техниктар даярлайтын институттар болды. Олар жоғары технологияларға зәру мамандықтарды дайындауды Мәскеу, Ленинград, Новосібір университеттерінің еншісіне қалдырып, өздері шикізат өндірісіне қажетті мамандарды даярлаумен шектеліп отырды. Осы кезеңде қазақ жастарынан самолет жасау, ғарышкерлер дайындау ісі Мәскеу «көсемдерінің» қаперіне де кірген жоқ. Сол себепті бүгінде жаңа заманның технологиясы біздің инженерлік саладан сырт айналды. Жоғарыда аталған жылдары кеңестік Қазақстанның өзінде инженер-мамандарды шетелдерде даярлауға талпыныс болды. Алайда, саяси жүйе ол бастаманы жүзеге асыртпады. Ал одан кейінгі жылдарда да Қазақстан оқшауланған күйде қалды. Тәуелсіздік алғалы бері республика басшылығы осы мәселені орайлы шешуге қам жасап жатыр. Мамандарымыз шетелдерге шығып, тәжірибе үйренуге дағдыланды. Тоқтаған өндірістерге, кәсіпорындарға жан кіре бастады. Қазақстанда технопарк жүйесі қалыптасып келеді. Байланыс жүйесіндегі күрделі технологияларды меңгеру, оны ел пайдасына жұмсау бірте-бірте қуат алып жатыр. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында Елбасы: “Бізге биік беделді инженерлік оқу орындарының жүйесі керек, бәлкім, оларға қабылдаудың тәртібі де қалыптан тыс болар, оқу бітірушілерге талап та бөлекше қойылар”, – деп жаңа ізденістер арнасын нұсқайды. Ендеше тарихтан алған сабақтарымызды ескере отырып, халықаралық білім стандарттарына негізделген жаңа инженерлік оқу орындарының жүйесін жасау уақыты да келіп жетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Высшее образование в СССР; стат.сборник. -М.,1961.С.79.
2. Ж.Қарағусов. Казахская советская интеллигенция рожденная Октябрем. -Алма-Ата,1960.С.60.
3. ТастановШ.Ю. Казахская советская интеллигенция. -Алма-Ата. Наука. 1982.
4. Высшее учебные заведения Казахстана. -Алма-Ата,1957. С.114.
5. Среднее специальное образование в СССР. Стат.сб. -М.1962 .С.62.
6. ҚР ОМА 1972 қ, 2-тізбе, 46-іс, 115-парақ..
7. ҚР ПА 708 –қор.37-тізбе, 49-іс, 42-парақ.
8. ҚР ПА 708 –қор.31-тізбе,1515-іс, 22-парақ.
9. Назарбаева Д., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр. –А., 2003.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается исторический аспект подготовки инженерно-технических кадров для тяжелой промышленности послевоенного периода. Автор актуализирует вопрос о необходимости преемственности социально-педагогического опыта, когда казахстанская высшая школа строит свою модель подготовки конкурентоспособного специалиста для вхождения во всемирное образовательное пространство.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстанда инженер-техникалық мамандарды даярлаудың тарихи аспектілері қарастырылған. Автор қазіргі кезеңде де бәсекеге сай мамандар даярлаудың өзектілігін атап көрсеткен.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МИГРАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Төлекова М.К. - т.ғ.д. (Алматы қ., Абай атындағы ҚҰПУ)

Қазақстандағы миграциялық процестің өзіне тән ерекшелігі мен оның дамуы көрші жатқан Ресей мен Орталық Азия елдерімен тікелей байланысты. Қазақстан бұл аймақтар арасында транзиттік рөл атқарады және олардағы болып жатқан өзгерістер елдегі жағдайға тікелей әсер етіп отырады. Жергілікті тұрғындар арасындағы ең шиеленісті кезең ол ХІІІ ғ., ХУІІІ ғ. және ХХ- ғасырлардың бірінші жартылары болды, ол кезде сыртқы факторлардың әсерінен (татар-монғол, жонғарлар шапқыншылығы мен коммунистік идеологияның ішкерлей енуінен) олардың саны 2/3 ке кеміп кетті /1/.

Кейінгі жүз жыл ішінде Қазақстанға Ресейдің ықпалы өте зор болды, оның нәтижесінде ұлттық құрамының өзгеруіне, мәдениетінің, шаруашылық қызметінің, тұрмысының өзгеруіне алып келді. Бірін-бірі ауыстырып отырған отарлаушылық әуелі казактар, шаруалардың отарлаушылығы, 30-40 жылдардағы пролетариаттар, одан кейінгі Қазақстан жеріне Солтүстік Кавказ халықтарының, немістердің, поляктардың, күрдтер, корейлердің күшпен еріксіз қоныс аударуы, тың жерді игеру және басқа да миграциялық толқындар ұлттық құрамның түбірімен өзгеруіне алып келді, әсіресе елде орыстар саны артып кетті.

1979 жылғы Халық санақтарының есебі бойынша республикада 5 991 мың орыс, 5 289 мың қазақ, 898 мың украиндықтар, 900 мың неміс, 312 мың татар, 263 мың өзбек, 181 мың беларус және 148 мың ұйғыр болды, олар республикадағы тұрғындардың 95%-ін құрады. Басқа тұрғындар арасында 100 мыңнан аспағандар ішінде көрейліктер, азербайджандар, поляктар, чечендер, гректер, башкирлер, молдовандар, түріктер, мордвалар, чуваштар, дұңғандар, тажіктер және күрдтер болды /2/.

Одан кейінгі 10 жылдар шамасында Қазақстанның демографиялық және еңбек потенциалының қалыптасуына жақсы әсер еткен ол халықтар санының өсуі болды, тіпті кейбір ұлт өкілдерінің (түріктер, күрдтер) саны екі есеге дейін өсті. Саны жағынан ең көп қазақтар - 6534 мың адам (1989ж.), орыстардың саны 6 228 мың, татар - 328 мың адамға тең болды. Қазақстанның тұрғындарының санының өсуі бір жағынан, табиғи өсу нәтижесі болса, сонымен қатар тұрғындардың Орталық Азия республикаларынан көптеп келуінен де болды, ол жерлерде 70-жылдардың басында экологияның нашарлауы, экономикалық жағдайдың шиеленісуі мен ұлттар арасындағы шиеленістердің тууынан да болды /3/.

КСРО-ның ыдырауы және тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуынан орыстарға деген көзқараста өзгерістер пайда болды, жаңа саяси жағдай және экономикалық өзгерістер миграциялық процеске жаңаша сипат берді, ол славяндардың және басқа да европалық ұлт өкілдерінің көптеп Ресей, Украина, Беларусь жеріне қоныс аударуына алып келді. Сонымен қатар оңтүстіктен басталған тұрғындардың миграциялық қозғалысы сол жылдардағы ірі миграциялық процестің тууына әсер етті.

Мысалы, 1993 жылдың басында орыстардың саны 6 169 мың адамға, украиндықтар - 875 мыңға, немістер - 696 мыңға кеміді. Ал қазақтардың саны өсіп 7297 мыңға жетті, ал өзбектер-364 мыңға көбейді. Тәжікстан жеріндегі шиеленіс Қазақстанға тажіктердің, қазақтардың және басқа да ұлт өкілдерінің жаппай келуіне әкелді. Әсіресе осы кезде елге келген қытайлықтар саны көбейіп кетті. ІІМ есебі бойынша республикада 100 мыңға дейін қытайлықтар тұрып жатыр, оның ішінде 40 мыңы Алматыда. Осыған қарай отырып қазіргі кезде миграциялық процесте

европалық ұлт өкілдерінің сыртқа көптеп кетуі, ал азиаттықтардың (бірінші орында-түрік тілдес халықтар) сырттан көп келуі байқалады. Қазақстандағы тұрғындар арасында жергілікті ұлт өкілдері қазақтардың саны тез өсті - табиғи жолмен өсу нәтижесінде (мың адамға 22 ден) және Монғолиядан, Қытай, Ресей, Орталық Азия республикаларынан, Ауғанстаннан қайта көшіп келушілер есебінен.

Бұрынғы КСРО құрамында болған елдер арасынан ең көп миграциялық алмасу Ресеймен (130 мың келушілер және 129 мың кетушілер), Украинамен (12 мың және 17 мың тиісінше), Өзбекстанмен (20 және 12 мың) және Қырғызстанмен (9 және 8 мың), ол Қазақстанға келушілер мен кетушілердің көрсеткішінің 91% және 94% береді. Сыртқа қоныс аударушылар арасында тұрақты миграциялық алмасу Қазақстанмен Украина, Беларусь және Азербайжан арасында болып отыр. Қалған республикалардың барлығымен кеткендерге қарағанда келгендер саны артық болып отыр, оның ішінде Грузия, Литва, Латвия, Тәжікстан, Армения, Түркменстан және Эстониядан келгендер 2 ден 5 есеге (1991ж.) дейін артық /4/.

Біржақты миграциялық процестер Қазақстанмен Германия, Израиль, Греция арасында болып отыр, бір жағынан (кейінгі 5 жыл ішінде 300 мың адам кетсе), ал екінші жағынан Монғолия және Қытаймен (150 мыңға таяу келушілер).

Жалпы бұрынғы КСРО мемлекеттері арасында Қазақстандағы миграциялық сальдо бірқалыпты жағдайды ұстап отыр, тиімді сальдо (10-15 мың адам жыл сайын) және үнемі жүріп жатқан кері сальдо (50-70 мың адам) басқа мемлекеттер арасында болып отырды. Ол республикадағы халықтың санының жыл сайын 50 мың адамға кемуіне алып келеді.

Қазақстанның аймақтарының арасында ең жоғары миграциялық қозғалыстарға ұшырап отырған жерлер ол ең алдымен Алматы, Жамбыл, Шымкент, сонымен қатар Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстары. Сонымен қатар республиканың өз ішінде қоныс аударушылар саны көп, оңтүстік облыстардың орыс тілінде сөйлейтін тұрғындары республиканың солтүстігіне қоныс аударса, ал керісінше экологиялық тиімсіз облыстардан Қызылорда мен Семей облыстарының жергілікті ұлт өкілдері ең қолайлы жерге Жамбыл және Алматы облыстарына көптеп көшуде.

1990 жылы облыстар арасындағы кері миграциялық қозғалыстар Жезқазған, Қызылорда, Семей, Торғай және Шымкент облыстарының арасында болды, ал олардың санына 1991 жылы Ақтөбе, Алматы, Атырау және Жамбыл облыстары қосылды. Осы кезде тек солтүстік облыстарда ғана миграциялық жағдай тұрақты болды. Оны төмендегі кестеден көре аламыз (кесте 1, 2).

Кесте 1.

Миграция мен эмиграцияның жалпы көрсеткіші Қазақстанның облыстары бойынша (адам). 1991 ж.

Облыстар	Барлығы			Оның ішінде бұрынғы КСРО-ның сырт жағынан		
	Сальдо	келгендер	кеткендер	сальдо	келгендер	кеткендер
Қазақстан Республикасы	48 921	637 356	686 277	-59 140	18 850	77 990
Ақтөбе	-6 180	25 982	32 162	-3 385	106	3 491
Алматы	-9 620	37 002	46 622	-9 095	685	9 780
Атырау	-6 442	13 103	19 545	1 499	1 499	-
Шығыс Қазақстан	5 555	42 119	36 564	1 676	2 243	567

Жамбыл	-13 719	36 501	50 220	-7 849	231	8 080
Жезқазған	-5 966	19 322	25 288	-1 423	587	2 010
Қарағанды	-9 920	44 841	54 761	-11 735	2 941	14 676
Қызыл-Орда	-6 803	15 642	22 445	-219	23	242
Көкшетау	-796	31 173	31 969	-4 905	44	4 949
Қостанай	2 640	53 054	50 414	-2 569	745	3 314
Маңғыстау	7 326	15 379	6 053	-24	23	47
Павлодар	5 056	49 824	44 768	-3 159	1 287	4 446
Солтүстік Қазақстан	2 306	26 216	23 910	-986	52	1 038
Семей	-6 891	28 404	35 295	81	1 230	1 149
Талдықорған	1 509	33 629	32 120	227	1 230	4 003
Торғай	2 522	15 262	12 740	-244	8	252
Орал	2 859	23 231	20 372	947	1 056	109
Ақмола	-4 847	38 714	43 561	-7 663	264	7 927
Шымкент	-11 215	48 994	60 209	-7 799	151	7 950
Алматы	3 705	38 964	35 259	-2 515	1 445	3 960

Кесте 2.

Бұрынғы КСРО республикалары арасындағы миграция және Қазақстанның облыстары арасындағы ішкі миграция (адам), 1991ж.

Облыстар	Барлығы			Оның ішінде бұрынғы КСРО-ның ыдырауынан кейін		
	сальдо	келгендер	кеткендер	сальдо	келгендер	кеткендер
Қазақстан Республикасы	10 219	187 244	177 025	0	166 739	166 739
Ақтөбе	-2 634	6 991	9 625	-161	4 890	5 051
Алматы	558	10 289	9 731	-1 083	14 846	15 929
Атырау	-6 149	2 810	8 959	-1 792	2 998	4 790
Шығыс Қазақстан	3 209	12 055	8 846	670	7 634	6 964
Жамбыл	-4 651	11 633	16 284	-1 219	9 497	10 716
Жезқазған	-3 026	4 770	7 796	-1 517	6 588	8 105
Қарағанды	1 611	12 812	11 201	204	12 494	12 290
Қызыл-Орда	-3 021	3 049	6 070	-3 563	4 576	8 139
Көкшетау	2 423	9 093	6 670	1 686	8 547	8 861
Қостанай	4 764	18 739	13 975	445	6 848	6 403
Маңғыстау	6 025	8 050	2 025	1 325	3 239	1 914
Павлодар	4 253	15 033	10 780	3 962	10 538	6 576
Солтүстік Қазақстан	3 210	9 558	6 348	82	4 632	4 550
Семей	-2 594	5 742	836	-4 378	6 885	11 263
Талдықорған	670	6 964	6 294	612	8 537	7 925
Торғай	22 105	3 766	1 661	661	5 181	4 520
Орал	1 639	6 771	5 132	273	3 306	3 033
Ақмола	2 480	10 885	8 405	336	10 602	10 266
Шымкент	-1 912	15 854	17 766	-1 504	9 762	12 266
Алматы	1 259	12 380	11 121	4 961	25 139	20 178

Осы кестелерден көріп отырғанымыздай республика арасында халықтарды қайтадан бөлу оңтүстікте тұрғындардың «ұлттануына» ал керісінше солтүстікте ол процестің баяу жүруіне алып келеді. Мысалы, Қызылорда облысында қазақтардың үлес салмағы 90,7%-ке жетті (1993ж.), Атырауда-82,1%, ал қалған оңтүстік облыстарда ол 50% тең жоғары болды. Сонымен қатар Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарындағы қазақтардың үлесі 20% тен асқан жоқ, ал Шығыс-Қазақстан, Көкшетау, Павлодар, Ақмола және Алматы қаласында ол көрсеткіш - 30% ке тең болды.

Облыстар арасындағы миграциялық қозғалыстардың бағыты көбінесе ауылдық жерлерден қалаға және кіші және орта қалалардан облыс орталықтарына қарай жүріп отырды. Шығыс Қазақстан облысынан басқа, Қазақстанның барлық облыстарында қалаға ауылдық жерлерден келгендер саны, қаладан кеткендер санынан артық болды (кесте 3), бірақта ол айырмашылық аса үлкен емес ол жыл сайын 35-40 мың адамға тең.

Кесте 3.

Облысаралық миграция ауыл мен қала арасындағы (адам) 1991 ж./5/

Облыстар	Сальдо	Ауылдық жерге облыстың қалаларынан келгендер	Облыстың ауылдық жерінен қалаға кеткендер
Қазақстан Республикасы	-31 593	62 279	93 872
Ақтөбе	-2 087	3 774	5 881
Алматы	-1 736	1 417	3 153
Атырау	-298	1 680	1 978
Шығыс Қазақстан	356	6 370	6 022
Жамбыл	-4 356	2 811	7 167
Жезқазған	-1 310	956	2 265
Қарағанды	-1 754	3 268	5 022
Қызыл-Орда	-1 327	1 406	2 733
Көкшетау	-1 116	3 411	4 527
Қостанай	-1 772	6 624	8 396
Маңғыстау	-531	241	772
Павлодар	-2 761	5 702	8 463
Солтүстік Қазақстан	-199	3 463	3 662
Семей	-2 055	3 972	6 027
Талдықорған	-2 483	2 933	5 416
Торғай	-1 272	1 169	2 442
Орал	-2 552	3 345	5 897
Ақмола	-1 249	4 052	5 301
Шымкент	-3 090	5 678	8 768(5)
Алматы қаласы	-	-	-

Осылайша қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы миграциялық жағдай тұрғындардың қоныс аударуының бағыттарының өзгергендігін көрсетіп отыр, оның ішінде еуропалық нәсілдер солтүстік пен батысқа көптеп қоныс аударуды. Осы бағытта шығыстан жаңа толқын пайда болды, ол қытайлықтар мен орталықазиялық

республикалардан келушілер. Кері қоныс аударушылар арасында Ресейдің облыстарынан келіп жатқан қазақтар. Өртүрлі бағыттағы қоныс аударушылардың арасында көп алшақтық жоқ (1991 жылы 1,3 млн.адам) республикадағы тұрғындардың негізгі топтары мен ұлттар арасындағы баланс сақталып отыр оның өзі елдегі тұрақтылықты қамтамасыз етуге негіз болды. Сонымен бірге Оңтүстік-Солтүстік және Ауыл-Қала арасындағы көші қонда көп айырмашылық білінбейді. Осы бағыттар қазіргі елдегі миграциялық қозғалыстың негізін көрсете алады.

Қазақстанның сырт жағында орналасқан көп санды қазақтар (дүниежүзінде 3 млн.таяу, оның ішінде 1,5 млн.ТМД елдерінде), сонымен қатар республикадағы европалық ұлт өкілдері Қазақстаннан сыртқа кетуді ойлап отырғандар (оның ішінде 1,5 млн.славяндар оңтүстікте тұратын және 0,7 млн.немістер) кейінгі бес жылдағы миграциялық қозғалыстың негізін салады. Миграциялық қозғалыстың республикадан сыртқары кетуіне әсер еткен КСРО ыдырағаннан кейінгі елдегі саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар болды: ол кезде әсіресе орыс тілділердің көптеп кетуі байқалды, еңбек ету мүмкіндігінің нашарлауынан, өндіріс орындарының жабылып қалуынан, тұрғындар арасындағы жыныстық құрылымның тиімсіз өзгеріске ұшырауынан, басқару саласындағы жіберілген кемшіліктер және басқа да факторларға байланысты болды.

Осыған байланысты миграцияның үш негізгі түрін атап көрсетуге болады. Бірінші түрі қызығушы мигранттар, өзін-өзі тежеушілер және азғыру нәтижесінде қоныс аударушылар. Бірінші топқа жататындар ол 1991 жылы өндіріс орындарының жабылуынан, өнім өндірудің азайып кетуінен жұмыссыздықтың көбеюі. Ауылдық жерлердегі шаруашылықтардан шетке жұмыс орындарын тастап кетушілер санының өсуі ондағы өнім өндіруге кері әсер етті, осылайша ауылдық жерлерде шошқа шаруашылығында, құс өндірістерінде, сүт шаруашылықтарында, астық шаруашылықтарында және басқа да салаларда жұмыс орындары бос қалды. Оны толтыру шаралары көбінесе сырттан келген арзан жұмысшы күшіне немесе сыртқы инвестицияға негізделді. Ал өнеркәсіп орындарында машина жасау, тігін, мақта-мата өндіріс орындары мен басқа да салалардан жоғары маман жұмысшылардың кетуі олардың орындарына қажетті мамандарды іздеуге алып келді. Осы еңбек орындарын толықтыру үшін республика үкіметі Қытайдан және басқа да азиаттық республикалардан келген сырттан келген жұмысшы күшіне сүйенді және өндіріс орындарында істеуге құлшыныстары жоқ жергілікті ұлт өкілдерімен толықтырып отырды. Мысалы, 1991 жылы жергілікті ұлт өкілдері қазақтардың үлесі машина жасау өнеркәсіптерінде 10%-ке ғана тең болды /6/.

Адамдардың сыртқа 1991 жылдары көп қоныс аударуы республикадағы экологиялық қиын жағдайға да байланысты еді: Арал проблемасы және Арал жағалауындағы әлеуметтік-экономикалық даму, Семей ядролық полигоны, Орталық Қазақстан және Каспий аймағындағы жерлердің өте көп ластануы - республиканың өз ішіндегі миграциялық қозғалыстың өсуіне алып келді. Осы жағдай республикадағы миграциялық процесті реттеу үшін тез шешімін қажет етті. Республикалық мекемелер сондықтан да миграциялық саясатта ұстамдылық көрсетуі керек болды, Қазақстанды сыртқа қоныс аударушылар саны өсіп отырған мемлекеттен керісінше, сырттан келушілерді қызықтырушы елге тез арада айналдыруды жүзеге асыру шараларын жүргізуді талап етті және де ол шаралар аз уақыттың ішінде жүзеге асырылып елдегі тұрғындардың сыртқа қоныс аударуы реттелді, тіпті ол өте аз үлес бере бастады.

Қорыта келгенде, Ел басының Халыққа Жолдауындағы басты міндеттердің бірі ол халықтың әлеуметтік жағдайына көңіл аудару болып отыр. Егер халықтың әлеуметтік жағдайы жақсаратын болса онда сыртқа көшу де азаяды, ал керісінше сырттан Қазақстанға қоныс аударушылар саны артады. Осы сырттағы өз

отандастарымыздың елге қайтуына мүмкіндік жасауымыз қажет. Ол үшін елдегі экономиканы дамыта отырып, әлеуметтік жағдайды жақсарту, сырттан келгендерге әлеуметтік қорғау бағдарламасын арнайы жасау және оның жүзеге асуын қадағалау. Өз Отанына қайтып келіп жатқан қандастарымызды үймен, жұмыс орнымен қамтамасыз ете отырып, оларға тілдік ортаға бейімделуілеріне жағдай жасау. Сонда ғана Ел Басының қойып отырған міндетінің бірі 2030 жылы халық санын 20 млн. жеткізе алаламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Миграция населения в странах СНГ. 1997-1998 гг. /1-5/.
2. Миграция и урбанизация в СНГ и Балтики в 90-е годы. М., 1999.- С. 358.
3. Миграционные процессы после распада СССР. М., 1994.-С.235. вып.5.
4. Евразийское сообщество: экономика, политика, безопасность. /Алексей Скопин. Миграционные процессы в Казахстане: прошлое, настоящее, будущее. Выпуск. 5. М., 1991. 52-57 с.
5. Миграционная ситуация в бывших СССР: социально-политические аспекты; Н.Т.Рустемов. Стратегия развития социальной сферы Казахстана. 2002.-С.116.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются миграционные процессы в Казахстане, анализируются причины и предпосылки внутренней и внешней миграции.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстандағы миграциялық құбылыстар қарастырылған және ішкі және сыртқы миграцияның себептері мен алғы шарттары талданған.

КАЗАХСТАН – ТЕРРИТОРИЯ МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО СОГЛАСИЯ

Туменова С.М. - к.и.н., доцент (г. Алматы, КазГосЖенПИ)

Казахстан, за прошедшие с момента получения независимости годы, продемонстрировал устойчивое межнациональное согласие, что выгодно выделяет его на фоне многих республик бывшего Союза. В этой связи казахстанский опыт представляется весьма полезным для изучения.

В результате распада СССР и обретения независимости в Республике Казахстан была разработана новая концепция этносоциального регулирования и преодоления последствий тоталитарного режима, что закреплено в Конституции Республики Казахстан и в других законодательных документах. В них, прежде всего, предусматривались: отношения к русским и русскоязычным, к малочисленным этническим общностям; создание культурно-национальных центров в Республике Казахстан, создание Ассамблеи народов Казахстана; улучшение языковой ситуации и социального развития населения и другие.

Согласно переписи населения Казахстана 1999 года, казахи составили около 54% (8 млн.), а русские – почти 30% (5 млн.) населения республики. Это означает, что за десятилетие доля казахов увеличилась на 14%, а русских сократилась на 8%.

Большое значение имели принятые государством меры по регулированию взаимоотношений малочисленных этнических общностей, проживающих в Казахстане. Был принят Закон «О реабилитации жертв массовых репрессий», в соответствии, с которым реабилитированы репрессированные малочисленные

группы в Казахстане в период тоталитарного режима. В октябре 1993 года Правительством Казахстана было принято постановление, которое предусматривало реализацию комплексной программы этнического возрождения немцев, проживающих в Казахстане. Вышло также постановление по реабилитации крымских татар, чеченцев, корейцев, поляков, курдов.

1 апреля 1995 года Указом Президента Республики Казахстан был образован Государственный комитет по национальностям. Его основные цели заключаются в следующем: выработка научных концептуальных основ национальной политики; разработка конкретных мер по сохранению и укреплению межнационального согласия; выработка предложений по духовному возрождению; развитие государственного языка - реализация конкретных мер по созданию благоприятных условий для использования государственного языка в повседневной практике, совершенствование всех других языков различных этнических групп, проживающих в Казахстане.

Государственный комитет по национальностям призван проводить вечера дружбы, поддерживать связь с исторической родиной, доводить до сведения правительства просьбы и пожелания малочисленных этнических групп суверенного Казахстана, в том числе налаживание контактов со всеми культурно-национальными центрами, политическими партиями, общественными движениями, зарегистрированными в республике.

Благодаря политике культурно-национальных центров, представители малочисленных этнических групп, покинувших пределы Казахстана, с теплотой и благодарностью вспоминают казахскую землю, неизменно подчеркивая свои казахстанские корни. Выступая за расширение экономических связей республики с другими государствами, в то же время культурно-национальные центры сами поддерживают тесные взаимоотношения со своей исторической родиной: ведется переписка, постоянный обмен информацией; оказывается гуманитарная помощь, в частности, присылается техника из Германии, Польши, Израиля, Украины и Белоруссии.

В Казахстане проживает около шестидесяти тысяч поляков. В эпоху Сталина с западных районов Украины и Беларуси насильственным путем были переселены сотни тысяч польских семей. Польский народ обвинялся в антисоветской деятельности, направленной на подрыв политического строя. Переселяясь в необжитые места Казахстана, многие люди гибли. И только благодаря доброжелательности казахского народа, польские переселенцы сумели выжить в сложных условиях. Польским культурно-национальным центром велась и ведется активная деятельность по возрождению польской малочисленной этнической группы в Казахстане. В одиннадцати школах Казахстана изучается польский язык. В Казахстане работают тридцать преподавателей польского языка. На вечерах польского культурно-национального центра проводились встречи с людьми, желающими больше узнать о своей истории, традициях, обычаях. Значительную помощь оказывала Польша. Помимо финансирования культурно-национального центра, велось широкое снабжение оборудованием и техникой.

В 1992 году Постановлением Президента Н.А.Назарбаева было принято решение о реабилитации чечено-ингушского населения Республики Казахстан, создания благоприятных условий для культурного развития этого народа. В начале девяностых годов в Казахстане проживало около 35 914 чеченцев и ингушей, объединившихся вокруг чечено-ингушского центра «Вайнах», цель которого – развитие языка, культуры, обычаев, традиций своего народа на территории Казахстана.

В 1944 году Казахстан приютил несколько десятков тысяч людей турецкой национальности, подвергнувшихся жестокому гонению тоталитарным режимом. Во времена Сталина руководство страны подозревало турецкий народ в шпионаже против советского государства.

В 1993 году численность турецкой этнической группы, проживающей в основном в Алматинской области, составляла около 49 567 тысяч человек, язык, культуру, обычаи которых необходимо было возрождать. Благодаря отсутствию национальной дискриминации в Казахстане, политике нашего государства, деятельности турецкого культурно-национального центра укрепляются дружественные отношения между Казахстаном и Турцией. В Казахстане функционируют около десятка школ на турецком языке. Каждый год для учебы в Турцию направляются казахстанские студенты, в том числе и дети турецкой национальности.

Указом Президиума Верховного Совета СССР от 13 декабря 1955 года были отменены ограничения прав этнических немцев. В марте 1989 года, по инициативе казахстанских немцев, был создан филиал общественной организации этнических немцев «Возрождение». В целях дальнейшего развития казахстанских немцев были выдвинуты следующие предложения: учреждение школы изучения немецкого языка по интенсивному курсу; открытие дополнительных отделений в вузах для преподавания немецкой литературы и истории; обеспечение условий для сохранения немецкой самобытности. В настоящее время в Казахстане регулярно выходит журнал «Феникс», развиваются туристические контакты, ведется обмен учащимися и педагогами. В местах компактного проживания этнических немцев учреждаются немецкие школы, вводится преподавание родного языка в детских садах. Около тридцати лет на радио и телевидении Казахстана выходят программы на немецком языке. Активную работу по возрождению казахстанских немцев проводит немецкое культурное общество «Хаймат».

В Казахстане действуют белорусский, корейский, дунганский, украинский, уйгурский, татарский культурно-национальные центры. Они функционируют как республиканские, региональные, городские центры, занимающиеся культурными вопросами малочисленных этнических групп.

Правовые гарантии и уважительное отношение ко всем языкам в республике защищает неотъемлемое право граждан любой национальности на развитие своего языка и культуры.

В настоящее время в Казахстане как родной изучаются языки двенадцати национальностей и народностей, разработано пятнадцать учебных программ для школ и классов по изучению национальных языков. Постепенно снижается драматический характер языковых проблем прошлого. Однако, пока налицо беспокойство казахов за состояние и судьбу своей культуры и, прежде всего, языка.

В настоящее время на достаточном уровне казахским языком владеют (могут свободно изъясняться и читать) порядка 50,4% от всего взрослого (старше 18 лет) населения республики. При этом могут свободно писать на государственном языке 36,4% респондентов, 34% опрошенных практически не владеют казахским языком. Не владеют государственным языком 29,2% госслужащих, принявших участие в опросе. Из них большая часть (20,5%) понимает только отдельные фразы и 8,6% не владеет государственным языком совсем. 21,8% респондентов русской и 21,9% других национальностей абсолютно не знают государственного языка.

В то же время государственные служащие (55,1% русские и 41,0% других национальностей) ответили, что, не владея государственным языком, они понимают отдельные фразы. Больше всего владеют государственным языком госслужащие на юге республики -60,5% и меньше всех на севере -16,5%.

Одним из источников определенного межнационального противоречия является доминирование одного типа двуязычия – национально-русского, потому что длительное время существовало идеологическое и научное обоснование безальтернативного (одностороннего) двуязычия, в котором нерусскоязычный овладевал русским, а русский, как правило, не ощущал необходимости овладения другим языком.

1 марта 1995 года Указом Президента Республики Казахстан была образована Ассамблея народов Казахстана, призванная стать активной политической, консолидирующей силой общества. Она создана для того, чтобы принять самое деятельное участие в решении всех задач по национальной политике на уровне государственного управления и регулирования.

Ассамблея на основе оценки событий и прогнозов политической ситуации в республике вырабатывает практические рекомендации, обеспечивающие консолидацию общества. В целом деятельность Ассамблеи направлена на решение следующих задач: содействие сохранению межнационального согласия и стабильности в стране; выработка предложений по проведению государственной политики, способствующей развитию дружественных отношений между представителями национальностей, проживающих на территории Казахстана, содействие их духовно-культурному возрождению и развитию на основе соблюдения принципа равноправия; поиск компромиссов для разрешения возникающих в обществе социальных противоречий.

ЛИТЕРАТУРА

1. Казахстанское общество и социальное прогнозирование: социологическое измерение (Малинин Г.В., Дунаев В.Ю., Нурмуратов С.Е. и др.). Алматы, 2001.
2. Эльниязов Н. Казахстан – территория межнационального согласия. // Центральная Азия. 2006, апрель.
3. История Казахстана. Алматы, 2004.
4. Социология. Учебное пособие для студентов и аспирантов. Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2002.
5. Шалабаева Г.К. Казахстан: эволюция культурной политики. Алматы, 2002.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о малочисленных этнических общностях, проживающих на территории Казахстана в межнациональном согласии.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар зерттелген.

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ
ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Абжаппарова Б.Ж. - т.ғ.к., доцент
(Павлодар қ., Павлодар мемлекеттік педагогика институты)

Ауыл шаруашылығындағы өндірістік-техникалық интеллигенцияның әлеуметтік даму тарихнамасында Кеңестік кезеңдегі ғылыми орталықтар болып саналған Москва, Ленинград, Новосибирск, Киев ғалымдары үлкен үлес қосқандығы белгілі. Әсіресе 1960 жылдан бастап зерттеулер көптеп жарық көре бастады. Олардың қатарында З.И.Астахованың, П.Ф.Амелиннің, М.Н.Руткевичтің, А.И.Сухаревтің, З.И.Моничтің, В.И.Сухарев, П.И.Симуш т.б. еңбектерінің маңызды екендігін атап өткен жөн /1/. Зерттеушілер кеңестік кезеңде орныққан саяси ұстанымдарды, теориялық қағидаларды басшылыққа алғандықтан, ауылшаруашылығы интеллигенциясына қатысты мәселелерді зерттеуде марксистік-лениндік методология тұрғысынан, баға берумен ғана шектелді.

Қазақстанның аграрлық тарихын зерттеген ғалымдар Б.А.Төлепбаев, Ә.Б.Тұрсынбаев, И.Ш.Шамшатов, Х.М.Маданов, Г.Ф.Дахшлейгер, Ф.К.Михайлов, Н.К.Капесов еңбектерінен ауылшаруашылығы маман кадрларының өсуі жайлы деректік мәліметтер алуға болады². Бұл еңбектер де кеңестік кезеңде жарық көргендіктен ресми методологиядан асып, пікірталас тудыратын тұстарда тек мақтап, мадақтау тәсілдері қолданылды.

Академик Р.Б.Сүлейменов әділ көрсеткендей «ауыл мен селоның мәдени потенциалы село интеллигенциясының сандық және сапалық елеулі өсуімен анықталады, ол өзінің негізгі мамандығынан басқа да әртүрлі саяси-мәдени қызметтерді жүргізеді: үгіт-насихат, агитациялық, ғылыми-ағартушылық, діни және көркемдік тағы басқа да жұмыстар» /3, 467б./.

Интеллигенцияға арналған зерттеулер алғаш рет 1950-ші жылдары пайда болғаны белгілі. Алғашқы арнайы зерттеулер Ш.Ю.Тастановтың, Ж.Қарағұсовтың, Х.З.Ақназаров қаламынан туындаған еңбектер болатын. Зерттеуші Ш.Ю.Тастанов 1980-ші жылдардың басында жарық көрген еңбектерінің бірінде кеңестік интеллигенцияны бірнеше негізгі әлеуметтік – кәсіби топтарға жіктейді. Соның ішінде «өндірістік интеллигенция деп материалдық өндіріс саласында тікелей еңбек ететін инженерлік-техникалық қызметкерлер, ауыл шаруашылығының мамандары (агрономдар, зоотехниктер, ветеринарлық дәрігерлер) және экономистер деп бөлінетіндігін айтады. Ш.Ю.Тастанов бұл жерде ауыл шаруашылығы мамандарын да өндірістік интеллигенция қатарына жатқызған. Әрі кеңестік интеллигенцияның жетекші топтарының бірі есебінде социалистік қоғамның негізгі таптарымен – негізгі материалдық игіліктерді өндірушілер жұмысшы табымен және колхозшы шаруалармен өндірістік дәнекерімен тығыз байланысты екендігін көрсетеді /4, 35-36 б./.

Ғалым еңбегінде ауылшаруашылығы интеллигенциясын өндірістік интеллигенцияның әлеуметтік жағынан жіктелген жетекші топтарының бірі ретінде қарастырып қана қоймай, оларды негізгі таптармен өндірістік дәнекерлікпен тығыз байланыста қарастырады.

Зерттеуші Ж.Қарағұсов ауыл шаруашылығы мамандарын даярлауда жоғары ауылшаруашылық оқу орындарының үлкен рөл атқарғандығын жазады. Құрылған күннен бастап 1940 жылға дейін институттар 1220 жоғары маманданған агрономдар, зоотехниктер және ветеринарлық дәрігерлер даярлағандығын көрсетеді /5, 66 б./.

Автор ауыл шаруашылығы интеллигенциясының сан және сапалық жағынан

артқандығын қарастыра отырып, ресми методологиядан әрі аса алмағандығын аңғарамыз. Әрі интеллигенцияның аймақтық және салалық жағынан бөлінуі еңбекте қарастырылмаған.

Ауылшаруашылығы интеллигенциясының проблемалары туралы алғаш рет ғылыми еңбегінде зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі – Х.З.Ақназаров. Мұрағат және статистикалық материалдардың негізінде ол ауылшаруашылық интеллигенциясының әлеуметтік дамуының қайнар көзі 1920-1950 жылдардағы Қазақстанның жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы ауылшаруашылық мамандарын даярлаудағы сандық аспектілерінен байқады. Автор Қазақстан ауылдарындағы алдыңғы қатарлы агрозоовет қызметкерлер, мұғалімдер, дәрігерлердің кәсіби қызметтеріне назар аударады. Біздің көзқарасымыз бойынша, мақаланың негізгі кемшілігі ауылшаруашылық интеллигенциясының әлеуметтік дамуының тек жағымды жақтары қарастырылып, ресми методология төңірегінен алыстамаған /6, 107-130 б./.

1960-шы жылдардың ортасында ғалымдардың еңбектерінен мәселені талдау, кешенді түрде зерттеу, кеңестік құрылыстың әр түрлі кезеңдеріндегі Қазақстан интеллигенциясының қалыптасуы, қызметі, дамуы кең көлемде қарастырылды /7/. Ауылшаруашылығы интеллигенциясының әлеуметтік дамуы тарихнамасында аталған еңбектердің алар өзіндік орны бар.

Зерттеуші А.Асановтың 1962 жылы жарық көрген «Партийные организации Казахстана в борьбе за укрепление сельского хозяйства республики квалифицированными кадрами» деп аталатын еңбегінде «Белгіленген штат бойынша әрбір МТС бас инженер, машина трактор шеберханасының меңгеруші инженерін, инженер-контролер, ауыл шаруашылығы машиналары инженері, мал шаруашылығы жұмыстарының аға механигі, ал мақтамен айналысатын МТС болса, мақта жинаушы машиналар инженерін ұстауға тиісті болды. Осы штатқа сәйкес республика МТС-да 2 419 инженер, 4 741 техник-механик жұмыс істеуі керек» екендігін көрсетеді /8, 13 б./. Автор еңбегінен де өндірістік-техникалық интеллигенцияның әлеуметтік дамуы жайлы біраз мәлімет алуға болады.

1964 жылы ғалым М. Шаумян «От кочевья к социализму» деп аталатын еңбегінде еңбегінде Қазақстанның 1920-1930 жж. әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды өзгерістері болып саналатын қазақ көшпелі және жартылай көшпелі шаруа шаруашылықтарын отырықшыландыру мәселесіне арналған. Әрі онда кешегі көшпелілердің орыс инженері мен механигімен қатар аз уақыт ішінде оларға жаңа және күрделі іс болып саналатын ауылшаруашылық машиналарын аз уақыт ішінде игерді. Олар үшін арнайы курстар ұйымдастырылып, 1934 жылы 4 060 адам бригадир-малшылар, ферма меңгерушілері, ветеринарлық - техниктер даярланды деген деректерді келтіреді /9, 162 б., 177 б./.

1970-жылдары біз қарастырып отырған мәселенің зерттелуінде айтарлықтай белсенділік байқалды. Бұл кезеңге тән ерекшелік, мәселенің кейбір аспектілерін талдауға мән берілуі, хронологиялық шектерінің, деректік базасының кеңеюі аңғарылды.

1974 жылы В.К.Савосько мен И.Ш.Шамшатовтың «Колхозное строительство в Казахстане» монографиялық еңбегі жарық көрді. Онда әсіресе соғыс жылдарындағы МТС пен колхоздардың басшы кадрларының құрамы өзгерді деген болжам жасайды. Мұрағат құжаттарының негізінде 1945 жылы Қазақстандағы МТС директорларының 34-нің ғана жоғары білімі болса, қалғандарының орта, төменгі білім деңгейінің болғандығын анықтап, колхоз бригадирлерінің, ферма меңгерушілері, агрономдар, зоотехниктер соғыс жылдары майданнан оралмай, кейбіреулері мүгедек болып оралып, бір бөлігінің басқа қызметке ауысуларына байланысты, басшылық орындарға мамандар жетіспегендіктен, тәжірибесіз,

біліктілігі төмен колхозшылардың жоғарылатулары, жұмыс сапасын бақылауды, есеп, жауапкершілікті төмендетті. Агрозоотехникалық қамтамасыз етуді төмендетіп, колхозшылардың еңбегін ұйымдастырып, бақылаудың әдіс-тәсілдерінен ауытқушылық байқалды деген себептерін анықтайды. Авторлар ауылшаруашылығы кадрларының әлеуметтік дамуына экономикалық факторлардың әсер еткендігін саралайды /10, 18-20 б./.

Соғыстан кейінгі бірінші бесжылдықта колхоздарда ауыл шаруашылығы мамандарына деген өткір сұранысты байқағандығын авторлар, осы жылдары кадрларды тұрақтандыруға, олардың өз мамандықтары бойынша еңбек етпеуі, немесе, халық шаруашылығының басқа салаларына ауысуы сияқты маңызды кемшіліктерге орын берілгендігін дәлелдейді /10, 84-85 б./.

Колхоздардың басшы кадрларының бекуіне МТС-дың қайта құрылуы басты факторлардың бірі болғандығын, соның нәтижесінде көптеген тәжірибелі және жоғары білікті МТС директорлары мен мамандар колхоздарды басқарғандығын талдайды. 1960-шы жылы колхоз председателдерінің сапалық құрамының жақсарғандығын, ал 1971 жылдың сәуірінде колхоз председателдерінің 84%-ның жоғары және орта арнаулы білімі бар екендігін мәлімдейді. Олардың ішінде 39% - агрономдар, 34% - зоотехниктер, ветдәрігерлер, веттехниктер, ветфельдшерлер, инженерлер, техниктер құрайтындығын анықтаған. Колхоз өмірінде есеп қызметкерлері мен экономистердің де аз орын алмайтындығын ескерген. 1959 жылдың соңында Қазақстан колхоздарында 10 мың есеп қызметкерлері мен экономистер еңбек етсе, оның 1 426 бухгалтер, 3 478 есепшілер, 200 жоспарлаушы-экономистер болғандығы жайлы да фактілер келтірген. 1970-ші жылы Қазақстанда 855 маман-экономистер, жоспарлаушылар, еңбекті нормалаушы инженерлер, жоғары және орта арнаулы білімі бар 6 мың бухгалтерлер бар екендігі жайлы мұрағат материалдарын ұсынған /10, 88-89 б./.

Білікті мамандар санының артуы ғылыми-техникалық үдерістің жетістігінің ауылшаруашылығы өндірісіне енгізілуін жеделдетті, бұл колхозшылардың кәсіби және мәдени жағынан дамуына мүмкіндік туғызды деген қорытындыға келеді. Осы мамандардың күшімен Қазақстан колхоздарында оқу комбинаттары құрылып, колхозшылар агрономия, зоотехния, ветеринария негіздерін игергендігін айтады.

Техникалық үдерістің тез қарқынмен дамуы, ауыл мен село еңбеккерлерінің мәдени-техникалық деңгейінің артуы, еңбектің мазмұны, мәдениеті жағынан қала мен деревняны жақындатты, бұл колхоз басшылары мен мамандарының шеберліктерін үздіксіз жетілдірілуін, білімін, жаңалықты сезінуін талап етті деген пікірге келеді /10, 87 б./.

Біз автордың көзқарасынан қала мен село арасындағы айырмашылықтардың жойылып, бірте-бірте жақындауы деген концепцияны байқаймыз. Шындығында осы кезеңдегі әлеуметтік тарихты зерттеген тарихшылардың көпшілігінің ойы осы пікірмен сабақтасып жатқандығын аңғардық.

Алайда зерттеулердің көпшілігінде, 1920-1930 жылдардағы тұтас қабылдауда кемшіліктерге орын беріліп, интеллигенцияның тек жағымды жақтары, «таза тарих беттері» басым. Бұл ең алдымен ауыл шаруашылығы интеллигенциясының әлеуметтік тарихнамасына қарағанда, демократиялық интеллигенция өкілдерінің қызметін талдауға мән бергендігін аңғартады. Оппозициялық көзқарастардың болуы да мүмкін емес еді.

1977 жылы зерттеуші Т.Н.Зозуляның жазған ғылыми мақаласы да партия қызметінің тарихи тәжірибесіне арналса да, ұсынған мұрағат құжаттары негізінде колхоз председателдері мен совхоз директорларының 92% дипломы бар агрономдар, зоотехниктер, инженерлер. Ертіс өңіріндегі бір совхозға 1969 жылы 24 маманнан келсе, ал бір колхозға – 18-ден келді деген мәлімет келтіреді. Әрі Қазақстанның Ертіс өңірінің партия ұйымдары лениндік принциптерді негізге ала

отырып, кадрларды таңдау, орналастыруда үлкен жұмыстар атқарды деп, ресми методологиядан аса алмайды /11, 46-55 б./.

Ғалым Г. Дахшлейгер ауылдағы колхоз құрылысындағы жеңістен кейін онда бұрын ауыл білмеген нақты мамандықтармен байланысты жаңа әлеуметтік топтар пайда болды деп негіздейді. 1939 жылғы санақ материалдарының негізінде, медициналық қызметкерлер, зоотехниктер, бухгалтерлер, есепшілер, сауда мен тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлері ауылды жерде тұратын қазақ халқының 7 пайызын құрады деп есептейді. Нақты әлеуметтік теңдікпен бірге қазақ ауылына колхоз құрылысы мен отырықшылықты әкелді деп зерделейді /2, 86 б./.

Сонымен қатар ауылшаруашылығы интеллигенциясының тарихнамасына арналған көптеген еңбектер, мақалалар және диссертациялар жарық көрді. Әрине бұл еңбектер село интеллигенциясының тарихнамасында үлкен рөл атқарды. Алайда СОКП-нің идеологиялық өктемдігі мұрағатқа, статистикалық және тағы басқа материалдарды пайдалануға жасанды кедергі жасауы, жалпы тарихты сынау мен түсіндіріп баяндауға, оны жария етуге тиым салуы, сонымен қатар ауылшаруашылығы интеллигенциясы мен оның әлеуметтік практикасының тенденциясы көптеген ақтандақтардың пайда болуына, ғылыми концепциясының бытыраңқылығына әкелді.

1980-ші жылдардың ортасындағы жариялылық пен демократияландыру жылдары интеллигенцияның әлеуметтік дамуына деген көзқарас түбегейлі өзгерді. 1980-ші жылдардан бастап, республика көлемінде тарихнамалық талдауға лайық интеллигенцияның әлеуметтік тарихын зерттеу бағытындағы зерттеулер кеңінен жариялана бастады.

Біздің пікірімізше, ауылшаруашылық интеллигенциясының әлеуметтік дамуы тарихнамасына тән ерекшеліктер, кеңестік құрылыс жылдары жарық көрген еңбектердің барлығы дерлік идеологиялық өктемдіктен аса алмағандықтан, тарихнамада ұлттық мамандардың әлеуметтік дамуы жүйелі түрде зерттелмеді. Оның тек саяси мәніне ғана көңіл бөлінді. Біздің қарастырып отырған тарихнамалық бағытымыз зерттеушілердің ауылшаруашылық интеллигенциясының әлеуметтік дамуына байланысты әртүрлі тарихи кезеңдегі көзқарастардың даму эволюциясын анықтауда деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Астахова В.И. Советская интеллигенция и ее роль в общественном прогрессе. Харьков: Вища школа. Изд. Харьковского университета, 1976. – 155 с.; Амелин П.Ф. Интеллигенция и социализм. Л., 1970; Руткевич М.Н. Интеллигенция в развитии социалистическом обществе. М., 1977; Сухарев А.И. Сельская интеллигенция и ее роль в строительстве коммунизма. М., 1963; Монич З.И. Интеллигенция в структуре сельского населения. Минск, 1971; Староверов В.И. Советская деревня на этапе развитого социализма. М., 1976; Симуш П.И. Социальный портрет советского крестьянства. М., 1976.
2. Тулепбаев Б.А. Социалистические аграрные преобразования в Средней Азии и в Казахстане. М., 1984; Турсунбаев А.Б. Курсом интенсификации: Аграрная политика КПСС в Казахстане на этапе развитого социализма (1965-1982). Алма-Ата, 1985; Шамшатов И.Ш. Колхозы Казахстана: Развитие общественного хозяйства и его социально-экономические результаты (1946-1980 гг.). Алма-Ата, 1985; Маданов Х.М. Деятельность КПСС по осуществлению ленинской аграрной политики в Казахстане (1946-1975 гг.). Алма-Ата 1980; Дахшлейгер Г.Ф. Маршрутом социального прогресса. Алма-Ата, 1978; Михайлов Ф.К. Совхозное строительство в Казахстане (1946-1970 гг.). Алма-Ата, 1973; Капесов Н.К.

- Социальные изменения в составе сельскохозяйственных тружеников Казахстана. Алма-Ата, 1977.
3. Сулейменов Р.Б. Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане. С.467. Исторический опыт развития социалистической культуры народов, миновавших стадию капитализма. Алма-Ата, 1972.
 4. Тастанов Ш.Ю. Казахская советская интеллигенция: Проблемы становления и развития. Алма-Ата: Наука, 1982. 255 с.
 5. Карагусов Ж. Казахская советская интеллигенция рожденная Октябрем. Алма-Ата: Казгосиздат, 1960. 142 с.
 6. Акназаров Х.З. Сельская интеллигенция Советского Казахстана. //Ученые записки КазПИ им. Абая. Алма-Ата:1968. Т.15/3/. Вып. 1.С. 107-130.
 7. Сембаев А.И. История развития советской школы в Казахстане. Алма-Ата, 1962; Канапин А. Культурное строительство в Казахстане. Алма-Ата, 1964; Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов (История строительства советской культуры Казахстана 1917-1965 гг.). Алма-Ата, 1967; Тастанов Ш.Ю., Шибанов Г.А. Первая кузница инженерных кадров Казахстана. Алма-Ата, 1966.
 8. Асанов А. Партийные организации Казахстана в борьбе за укрепление сельского хозяйства республики квалифицированными кадрами. А.-Ата, 1962.
 9. Шаумян М. От кочевья к социализму. Алма-Ата, 1964.
 10. Савосько В.К., Шамшатов И.Ш. Колхозное строительство в Казахстане. Алма-Ата: Наука, 1974. 178 с.
 11. Зозуля Т.Н. Деятельность партийных организации Казахстанского прииртышья по подбору и воспитанию кадров на селе. В кн. Вопросы коммунистического строительства в Казахстане. Выпуск 4. А-Ата, 1977. 152 с.

РЕЗЮМЕ

В статье дается анализ историографических проблем социального развития сельской интеллигенции в новом историческом аспекте.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ауылшаруашылық интеллигенциясының әлеуметтік дамуы тарихнамасына тән ерекшеліктері көрсетіліп, кәзіргі таңдағы мәселелері қарастырылған.

ӘОК 930.2:811.34

ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ЗЕРТТЕУШІЛЕР ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАЗАҚСТАН ТУРАЛЫ

Бегалиева А.А- т.ғ.к., доцент;

Қаипбаева А.Т- т.ғ.к., аға оқытушы (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазақ халқының тарихы, мәдениеті, этнографиясы, әдеттік құқының орыс, қазақ және шетел ғалымдары тарапынан зерттелді. Қазақ халқының тарихын дүниежүзілік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде қарастыра отырып, қазақ қоғамы дамуының заңдылықтары мен өзіндік ерекшеліктерін, методологиялық, концептуалдық негіздерін анықтау, міндеттері мен жаңа көзқарас, пайымдаулар жүйесін қалыптастырумен қатар, зерттеудің деректік негіздеріне де баса назар

аудару қажет. осыған байланысты студенттер мен магистранттарды бұрыннан белгілі еңбектер, материалдар мен құжаттарды дұрыс іріктей білуге баулу, жаңа тарихи-этнографиялық деректерді іске қосу маңызды ғылыми мәселелер қатарынан орын алып отыр.

Белгілі себептермен қазақ халқының тарихы, мәдениеті мен этнографиясын зерттеу, ол жөнінде ой түйіндеу орыс зерттеушілерінің үлесіне тиді.

Қазақстанды зерттеумен шұғылданған орыс, қазақ және кейбір шетелдік ғалымдар туралы да өмірбаяндық және библиографиялық мәліметтердің этнографиялық, тарихи дерек көзі ретінде маңызы зор.

Итальян саяхатшысы. 1271 жылы Венеция саудагерлері ағайынды Никколо және Маффео Поло Азияға аттанды. Олардың саяхаты үш жылға созылды. Бұлар қазақ даласы (Сарай-Каспий-Арал-Үргеніш), Бұхар арқылы Пекинге жетіп, император Хубилайдан оның қоластындағы елдерде сауда жүргізуге рұхсат алды. Никколо Поло келесі сапарында өзімен бірге баласы Марконы да ала жүрді. Марко Поло Хубилайға 17 жыл қызмет етті. Түрлі тапсырмаларды орындай жүріп, ол көп жерлерді аралайды. Марко Поло (1254-1324) Венецияға 1295 жылы ғана оралды. Оның шығыс елдерінде болған саяхаты туралы әңгімелері әр жерде жазылып алынып, көп адамдардың назарына іліккен, басқа тілдерге де аударыла бастаған. Осылай оның “Марко Полоның кітабы” атты шығармасы әуелі француз тілінде жазылып алынған. Онда Орта Азия мен Қазақстан қалалары, халықтарының әдет-ғұрып, тұрмыс-салты туралы біршама мәліметтер бар /1/.

Қазақ оқымыстысы, руы - Жалайыр. Сібір ханы Көшімнің, кейін Керей Уак (Ван) ханның тұқымы Сейдақ (Сейд-Ахмет) сұлтанның кеңесшісі Қадырғали Қосымұлы (1530-1605) еді. Қадырғали өмір сүрген кезең Ресейдің қазақ жерлерін жаулап ала бастаған кезеңіне тұстас келеді. 1588 ж. Ертіс өзенінің жағасында қаршығы салып, серуендеп жүрген Ораз Мухаммед пен Сібір сұлтаны Сейд-Ахмед Бекболат ұлын және Қадырғали-бекті Сібір (Искер) қаласындағы орыстың әскер басшысы Даниал Чулков қапияда тұтқынға алып, Мәскеуге жібереді. Орыс патшасы оларды өзінің шығыс елдерін жаулап алушылық мақсатында пайдалануға тырысады.

1600ж. Орыс патшасы Борис Годунов Ораз Мұхаммедті Ока өзені бойындағы Касимов қаласының “ханы” етіп тағайындайды. Оған өз алдына жер, мал-мүлік, әскер береді. Ораз Мұхаммедтің “уәзірлері”, ақылгөй кеңесшілері Жалайыр руынан шыққан Қадырғали-бек пен маңғыттың Есбай Саманайбек, арғын Шешбек пен қыпшақ Тоқайбек болады.

1602ж. Орыс патшасының өтініші бойынша Қадырғали Қосымұлы кейін “Жамиғат-таурих” деген атпен белгілі болған шығармасын жазып бітіреді. Аталмыш еңбек екі бөлімнен тұрады. Кіріспесінде орыс патшасы Борис Годуновтың есіміне арнау бар. Бірінші тараудың басым көпшілігінде Шыңғыс хан нәсілінің ел билеген кезеңі мен олардың түрлі соғыстары баяндалады. Және ондағы мәліметтерді Рашид ад-дин мен Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Жамиғат-тауарих”, “Тарихи Рашиди” кітаптарынан алғаны байқалады. Екінші бөлімінде Алтын Орда, Қырым, Астрахань және Қазақ хандықтары тарихы баяндалады. Қолжазба қазақ тілінде жазылған тарихи-ғылыми еңбек ретінде құнды. Әсіресе, шығарманың 9-тарауындағы ХҮІ ғасырдағы қазақ халқының оқиғалары, қазақ хандары мен сұлтандарының генеалогиясы туралы баяндаулары назар аударарлық /2/.

Әбілғазы Баһадүр (1605-1664 жж.) Үргеніште (қазіргі Түркменстанның көне Үргеніш қаласы) арғы тегі қазақ тайпаларынан тарайтын Хорезм ханы Араб Мухаммедтің отбасында дүниеге келген. 1643-1663 ж. Хиуада хандық құрды, араб, парсы, түрік тілдерін меңгерген жазушы, ақын болды. Шығыстың аса білімді адамдарының бірі саналады. Мемлекеттік істермен қатар түркі тайпалары мен

халықтарының тарихын зерттеді. “Шежіре-түрік” (“Түрік шежіресі”) атты тарихи еңбек авторы.

Әбілғазы кітабының тілін қазақ тілінен ажырату қиын. Ол хиуалықтар мен соған шектес елдер хандықтарының тілі. Ал Хиуа хандығында және оған көршілес Арал теңізінің жағасында, Сыр бойында, Маңғыстау түбегінде көптеген Кіші жүз тайпалары мен рулары өмір сүргені белгілі. Олар Хиуада да болып, кейбіреулері соның құрамына кірген немесе аралас-құралас тіршілік еткен.

Бұл бағалы еңбек 1663 ж. жазыла басталып, 1665 жылы оны Әбілғазының баласы Ануша аяқтаған. Онда қазақ халқы құрамына енген көне тайпалардың шығу тегі, шежіресі, тарихы жөнінде аса құнды мәліметтер берілген /3/.

Тевкелев Алексей Иванович (т.-ө. ж. белгісіз; христиан дінін қабылдағанға дейінгі аты-жөні: Мамет, Мұртаза, Құтлу Мұхаммед Мамашев) парсы, қалмақ тілдерін, олардың әдет-ғұрыптарын жақсы білді. 1731ж. Ресейге қосылу жөнінде Санкт-Петербургке келген Әбілхайыр ханның елшілігімен келіссөз жүргізді. Ол жауапты сапармен Қазақстанға келген орыс елшілігін басқарды. Қазақстанда 2 жылдан астам тұрды. Ұзақ сапардан оралған соң 1731ж. 3 қазаннан 1733ж. 14 қаңтарға дейінгі “Күнделігін” Сыртқы істер алқасына тапсырды. Онда қазақтардың тарихы мен этнографиясы жөнінде көптеген деректер бар. И.К.Кирилловтың Орынбор экспедициясына, 1735ж. башқұрт халқының отарлаушылыққа қарсы күресін басуға қатысты. 1743ж. Тевкелевтің тікелей қатысуымен Орынбор қаласы мен бірнеше қамалдардың негізі қаланды. Ол Орынбор өлкесін басқаруға, әсіресе Кіші жүз қазақтарының Ресей қол астына көшуіне белсене қатысты, қазақ-орыс қарым-қатынастарының дамуында ерекше рөл атқарды. Патша өкіметі оны қазақ-орыс қатынастарының шиеленіскен кездерінде қазақ билеушілері мен Орынбор әкімшілігі арасындағы жанжалды реттеуге пайдаланды. Тевкелевтің Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүздің ру-тайпалық құрамы жөніндегі деректері құнды /4/.

Орыс тарихшысы, мемлекет қайраткері В.Н.Татищев 1737ж. Орынбор экспедициясының бастығы болып тағайындалды. 1783-1739 жж. Кіші және Орта жүздің хандарымен, сұлтандарымен және старшиналарымен келіссөз жүргізіп, қазақ ауылдарында болады, қазақ халқының тарихы және этнографиясымен айналысады. Орыс түркология тарихында В.И.Татищевтің есімі 1793 ж. жарық көрген “Лексикон Российский, исторический, географический, политический и гражданский” деген еңбегімен белгілі. Бұл – орыстың тұңғыш энциклопедиялық сөздігі және онда қазақтар туралы (“қырғыз және қайсақ”, “қайсақтар және қырғыздар”) мақалалар берілген. Бірнеше томдық “История Российская” атты зерттеуінде де қазақтар туралы мәліметтер бар. Бұл шығармасында ғалым Ресей халықтары, тіл мен этнография тұрғысынан талдап, қазақтарды түркмендер, башқұрттар, қарақалпақ, татарлармен қосып, “скиф” тобына жатқызады. Алғашқылардың бірі болып Азия халықтарын, оның ішінде қазақтарды да, Батыс Еуропалық тарихшылардың “татарлар” деп атауының негізсіздігін, ал олар мекендеген территорияны “Ұлы татария” деуінің қателігін көрсетті. В.Н.Татищевтің бастамасымен Сібір халықтарының тілі бойынша мағлұмат жинала бастады. Самарада татарша – қалмақша – орысша мектеп ашылды. Осы мектепте жасалған “Российско-татарский-калмыцкий словарь” деген қолжазбаны (866 бет) дайындауға қазақ жерін жақсы білетін П.И.Рычков (1712-1777жж.) жетекшілік етті /5/.

Орыс тарихшысы, географы және экономисі. Ресей Ғылым академиясының тұңғыш корреспондент мүшесі П.И.Рычков И.К.Кириллов басқарған экспедицияға жұмысқа алынып, Орынборға келеді. Осы жерде ол 40 жылдай Еділ бойы, Сібір, Орта Азия мен Қазақстан халықтарын зерттеумен шұғылданады. 1744 жылдан баспасөзде оның Орынбор өлкесінің тарихы жөнінде ғылыми еңбектері шыға бастайды. М.В.Ломоносов және Г.Ф.Миллер тарапынан қолдау тауып, П.И.Рычков

50-жылдары “Орынбор тарихы” деген көлемді еңбек жазып бітірді. Кітапты дайындау барысында автор көбінесе ресми хабарлар, жарлықтар, архив құжаттарын пайдаланып, сұрастыру әдісін де кең түрде қолданады. Оның Әбілқайыр хан Ресей қоластына қарағаннан кейінгі қазақтар тарихы жөніндегі мәліметтері нақтылы және дәлді. ХУШ ғ. 50-жылдарына дейінгі қазақ-орыс қатынастарының дамуын бағдарлай отырып, автор қазақтардың ру-тайпа құрылымы және олардың орналасуы, кәсіптері, қару-жарақтары, діни нанымдары, әдет-ғұрыптары жөнінде біршама деректер жинастырып, саралаған. Патша өкіметінің Қазақстандағы отаршылдық саясатының мақсаттары толық баяндалды /6/.

Қазақтар жөнінде Ресейде алғашқы көлемді еңбек жазғандардың бірі А.И. Левшин. Оның “Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы” (1832) атты қазақтар туралы негізгі еңбегінің 1-бөлімінде Қазақстанның географиялық сипаттамасы берілген, 2-бөлімі қазақтардың тарихына, 3-бөлімі этнографиясына арналған. Қазақ даласындағы ескерткіштер де (Аблайкет, Қозы-Көрпеш) баяндалған. Левшин “Қазақ” деген есімге ғылыми тұрғыдан анықтама беруге тырысты. Қазақ халқының Ресейге қосылған күнінен бастап ХІХ ғасырдың басына дейінгі Орынбор әкімшілігі және орыс үкіметімен арадағы сауда, ресми және саяси қарым-қатынастарына бай мағлұмат берді. Автордың қазақтар туралы жинаған кейбір деректері мен байқаулары қазірге дейін ғылыми мәнін жойған жоқ /7/.

1830 ж. патша үкіметіне қарсы поляктардың өз елін азат ету көтерілісіне қатысқан поляк революционері А. Янушкевич Ешім айдауында болған кезінде достары оның Парижде эмиграцияда жүрген аға-інілеріне оның күнделіктері мен хаттарын тапсырады. Олар 1861ж. Парижде «Адольф Янушкевичтің өмірі» және «Қырғыз даласына саяхаты туралы күнделіктері мен хаттары» деген аттармен екі том болып басылып шықты. 1885 ж. осы кітаптың 2-басылымы поляк тілінде, 1866 жылы орыс тілінде шығады.

Кітапта қазақ халқының әлеуметтік жағдайы, шаруашылығы мен әдет-ғұрып кеңінен және шынайы суреттелген. Онда қазақ елшілігін бастап келген Мәуке, сегіз қырлы, бір сырлы, әрі батыр, әрі шешен Барақ сұлтан, қазақ жыршылары мен билері туралы мол мағлұмат бар. Құнанбай туралы: «дельный, заботливый о благе своих соплеменников, к нему из самых дальних аулов спешат за советом молодые и старые, бедные и богатые» деп жазылған. 1846 ж. 12 шілдеде Г. Зелинскийге жазған хатында қазақ халқының болашағына зор сенім артты: «И это народ, которому вовек предназначено быть только никчемными пастухами, лишенным всякого иного будущего?! О нет! Воистину!... Придет время, когда ночующий сегодня номад займет почетное место среди народов, которые ныне смотрят на него сверху вниз» /8/.

Орыс шығыс зерттеушісі, түрколог, Қазан (1846), Петербург (1855) университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы (1864)- Березин Илья Николаевич (1818-1896 жж.)тің негізгі еңбектері: “Петербург кітапханаларында сақтаулы түркі-татар қолжазбаларының сипаттамасы” (1846), “Шығыс елдерінде өткен үш жылдық саяхатқа шолу” (1849-1852), “Шығыс тарихшыларының кітапханасы” (1849-1854) және 16 томдық “Орысша энциклопедиялық сөздік” (1849-1854). “Шығыс тарихшыларының кітапханасы” атты жинақта Рашид ад-Дин, Шайбани, Қадырғали Қосымұлы Жалаири, Әбілғазы еңбектерінің орысша аудармасы енді. 1842-1845 жж. ғылыми мақсатпен Кавказ, Дағыстан, Иран, Түркия елдерін аралап қайтты. Филология саласындағы еңбектері түркі халықтарының ауыз әдебиетін, диалектілерін зерттеуге арналған. Березин монғол тарихын, әсіресе, Алтын Орда тарихы мәселелерін, Жошы ұлысы хандарының жарлықтарын зерттеу тұсында Ш. Уәлихановпен байланыс жасаған. “Хан жарлықтары” (1850-1852)

еңбегінде Ш.Уәлиханов сын жазып, кейбір тарихи-этнографиялық терминдердің мәнін ашуына көмектесті /9/.

Орыс географы, статист, қоғам қайраткері Семенов-Тянь-Шанский (1906 жылға дейін Семенов) Петр Петрович (1827-1914) 1848ж. Петербург университетінің жаратылыстану бөлімін бітірді. К.Риттердің “Землеведение Азии” деген еңбегін жаңа деректермен толықтырып, орысшаға аударды. 1856-1857ж. Тянь-Шаньды зерттеп, алғашқы рет оның орфографиялық схемасын жасады. Осындағы ірі мұздықтарды ашты. 1851ж. Тянь-Шань саяхатына шыққан кезінде жолшыбай Омбыда Шоқан Уәлихановпен танысып, оның болашақ ғылыми жұмыстарына бағыт сілтеді. Оның кеңесімен Шоқан әйгілі Қашғар саяхатын жүзеге асырады. Семенов Тянь-Шаньский сол жолы Верныйдан (Алматы) Іле Алатауы арқылы Ыстықкөлге дейін зерттеп қайтады. Аса бай минералды коллекциялар жинап өсімдіктер мен жануарлардың бұрын белгісіз жүздеген жаңа түрлерін ашты. Оның басшылығымен Ш.Уәлихановтың, Н.М.Пржевальский, Г.Н.Потаниннің, И.Д.Черскийдің, В.А.Обручевтың т.б. экспедициялары ұйымдастырылды. Ресейде статистиканың дамуына көп еңбек сіңірді. Үш жылдан артық уақыт Ресейдің статистикалық басқармасына жетекшілік етті. “Живописная Россия” деген көпшілікке арналған көп томдық еңбектің ғылыми редакциясын басқарды /10/.

“Қасымнан тараған хандар мен ханзадалар” т.б. зерттеулерінде орыс шығыстанушысы, лингвист, археолог, публицист, Петербург Ғылым академиясының академигі Вельяминов-Зернов Владимир Владимирович (1830-1904) қазақ хандығының ХУ-ХУІІІ ғасырлардағы саяси тарихына талдау жасады. Бұл мәселені ғалым, Ондан сұлтанның ұлы Оразмұхамбеттің шежіресін зерттегенде қосымша тақырып ретінде қарағанымен, оның еңбегі Қасым хандығының алғашқы екі ғасырдағы дәуірін тарихи аңыздар мен ертегілер негізінде емес, нақтылы, тарихи деректер негізінде ең бірінші рет жазды. Мұнда ол “Бабырнама”, “Хабиб-ас-сийар”, “Тарихи Рашиди”, “Шайбанинама”, “Жами ат-тауарих”, “Тарихи Хайдарин” т.б. шығыс қолжазбаларын пайдаланды. Сондай-ақ В.В.Вельяминов-Зерновтың “Әбілқайыр өлімінен кейінгі мерзімдегі (1748-1765) Ресейдің Орта Азиямен қарым-қатынасы және қырғыз-қайсақтар туралы” екі бөлімді еңбегін де орыс архив қорларының, көбінесе Сыртқы істер коллегиясының архив материалдарын кеңінен пайдаланған /11/.

Қазақ халқының көне тарихына, діни наным, шаруашылығына арналған еңбектер жазған қазақ этнографы Бабажанов Мұхамбет Салық (1832-1871жж.) еді. Ол 1851 жылы Орынбор кадет корпусын бітірген. “Нарын құмы жөніндегі географиялық деректер” мақаласы Орыс географиялық қоғамының ғылыми қорында сақтаулы. Қазақстанның ерте және орта ғасыр дәуіріне қатысты “Сырдария бойындағы порттың маңынан табылған көне қаланың орны” (1896), “Қырғыз даласынан табылған тас қатынның мүсіні” (1860) деген мақалалары орыс ғалымдары тарапынан жоғары бағаға ие болды.

М.С.Бабажанов Орынбор генерал-губернаторы Перовскийдің үстінен патшаға шағым жасайды, кейін патша қабылдауында болады. Сол 1860 жылы август айында Орынборда іріктелген қазақ делегациясының құрамында Петербургке келген кезінде Шоқан Уәлиханов, шығыстанушы П.И.Небольсин, атақты саяхатшы-ғалым Семенов Тянь-Шанскиймен танысады. П.И.Небольсин М.С.Бабажановтың ағартушылық көзқарасына әділ баға береді. Бабажанов-дейді ол,- орыстың айшықты, әдеби тілін еркін меңгерген. Сөздері өткір, әрі көркем. ... Әңгімелескен кезімде оны әсіресе екі мәселенің ерекше толғандыратынын байқадым. Оның бірі – біздің бәрімізге ортақ кесел – біздің заманымыз және уездік сот қызметкерлерінің қылығы мен шылығы болса, екіншісі – надандыққа толы, татар насихатының қазақ арасындағы зиянды кеселі және ешбір негізі жоқ соқыр сенімдер мен ескі аңыздарды құранға қосып

халықты бұзып, аздыруы еді. “Салық Бабажанов өзінің түсінігі мен мүмкіндігінше прогрессившілдік идеялар үшін күресті ... /12/.

Орыс географы, этнографы, фольклорисі, саяхатшы, түркі-монғол халықтары мәдениетін зерттеуші Потанин Григорий Николаевич (1835-1920ж.) Омбыдағы кадет корпусында оқып жүрген кезінде Ш.Уәлихановпен достасып, оның және корпус оқытушысы Н.Костылецкийдің ықпалымен қазақ даласын, көшпенділердің тұрмыс жағдайларын, тарихын танып-білуге әуестенеді. 1856 ж. Омбыдағы Батыс Сібір және Қазақ даласы Әскери басқармасына ауыстырылды. Осы уақыттың ішінде Потанин ауыз әдебиетіне, этнографияға қатысты материалдарын жазып алып, Ш.Уәлихановтың нұсқауымен Орта, Ұлы жүз қазақтарының және жоңғарлардың Ресеймен қарым-қатынастарына байланысты архив материалдарымен танысты. Потанин 1876-1877жж. 1879-1880жж. Солтүстік-Батыс Монғолия және Тува экспедициясына, 1884-1886жж. және 1892-1893жж. Солтүстік Қытай, Шығыс Тибет, Орталық Монғолия, 1899ж. Үлкен Хинган экспедицияларына басшылық етті. “Солтүстік-батыс Монғолия очерктері” атты еңбегіне географиялық, биологиялық, этнографиялық материалдарымен қатар қазақ, тува, алтай, хакас, бурят, монғолдардың 222 аңыз-әңгіме, ертегі, шежіре, жыр текстері енді. Осы материалдардың ішінде ғалымның Баянауылдағы Мұса Шормановтың ауылында жазып алған және Ш.Уәлихановтың қолжазбаларынан алынған мәтіндер бар. Ш.Уәлихановтың Сырымбеттегі ауылына барып қайтқан сапарында “Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз-әңгімелері және ертегілері” (1916) атты жинақ және “Қазақтың соңғы ханзадасының үйінде” (1896) атты мақала бастырып шығарды. Типологиялық салыстырулардың жүйесіздігі, үстірттігі сияқты кемшілік бола тұра, аталған еңбекте қазақ фольклоры үлгілерін жинап түркі-монғол, тұңғыс-маничжур, фин-угор, герман, славян, үнді, т.б. көптеген халықтардың кең фольклорлық-этнографиялық материалдары аясында көрсетуі Потаниннің түркі-монғол ғылымына қосқан игі жаңалығы болды. Ғалымның бұл концепциясы оның “Орта ғасырлық Еуропа эпосындағы шығыс сарындары” (1899) атты зерттеуінен анық көрінді /13/.

Түркология тарихында өз алдына бір дәуір жасап кеткен ғалым Радлов Василий Васильевич (Фридриг Вильгельм - 1837-1918). 1854 ж.

Сібір халықтарының тілін жете меңгеру үшін ол 1859ж. Ресейге келіп, Барнаулда мұғалім болып орналасты. Жаз айларында Алтай өлкесі, Шығыс Қазақстан және Жетісуды аралап, жергілікті түркі халықтарының мәдениетімен танысады. 1867-1868жж. Радлов Жетісуға екінші рет келіп, қазақ және ұйғыр тілдері мен фольклорына, тұрмыс-салт, ел басқару жүйесіне байланысты көптеген материал жинады.

1866 жылдан бастап Ресей Ғылым академиясы В.В.Радловтың он томдық еңбегін әзірлеп, оны “Түркі халықтарының халық әдебиетінің үлгілері” деген атпен жариялауға кірісті. 1872 жылы В.В.Радлов Қазан округінің татар, башқұрт және қазақ мектептерін басқаратын инспекторы болып тағайындалды. Қазанда болған кезде Радлов көптеген түркі тілдері бойынша жинаған материалдарына сүйеніп, жалпы тіл білімі мәселелерімен өте мұқият шұғылданды. Соның нәтижесінде 1882-1883 жылдары Лейпцигте оның “Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы” деген еңбегі жарық көрді.

1884 жылы В.В.Радлов “Азия халықтарының тарихы мен көне ескерткіштері бөлімі” бойынша Ресей Ғылым академиясының академигі болып сайланған соң, ол Қазаннан Петербургке келіп, тұтастай ғылыми-қоғамдық жұмыстармен ғана айналысты /14/.

Қазақ зерттеушісі, сұлтан, Орынбор кадет корпусын қазақ балаларының бірінші тобы қатарында бітірген Жантөрин Сұлтанмахмұд (1837-1882) болатын. Ол

Ағайынды Т. және А.Сейдалиндармен жақын қатынаста болды. Н.Костромитинов, С.Кукляшев, М.Бичурин, т.б. ғалымдардан дәріс алды. Зерттеу жұмыстарымен айналысты. 1876ж. Петербургте шығыстанушылардың дүниежүзілік конгресінің ашылуына байланысты қазақтардың материалдық мәдениеті жөнінен экспонаттар жинады. Өзі жинаған қазақ әндері мен халық ауыз әдебиет творчествосының көптеген үлгілерін бастырып шығарды. Отырықшылық өмір салтын жақтады /15/.

Орта Азиямен Қазақстанның тарихын, этнографиясы мен мәдениетін зерттеумен шұғылданатын қоғам ұйымдастырған Веселовский Николай Иванович (1848-1918) еді.

Н.И.Веселовский Қазақстан мен Орта Азия халықтарының көне мәдениетін зерттеп, Шығыс халықтарының тарихы, мәдениеті жоқ деген нәсілшілдік жалған теорияға қарсы шықты, олар “дүние жүзі тарихынан лайықты орын алуға әбден хақылы” деп көрсетті. Орта Азияның көне қалаларын, оның ішінде Афсариаб қаласының орнын қазды; көптеген обаларға талдау жүргізіп, олардың тізімін жасады.

Батыс Алтайда кездесетін балбалдардың қыпшақ тайпасының мұрасына жататындығын дәлелдеді. Қазақ-қалмақ қатынастарын зерттеді. Ғалым 1904 ж. Шоқан Уәлихановтың бір томдық шығармалар жинағын алғаш бастырып шығарды әрі оның редакторы болды. Кітаптың алғысөзінде “Шоқан Уәлиханов Шығыстану әлемінен құйрықты жұлдыз секілді жарқ етіп өте шықты. Орыс ориенталистері оны бірауыздан ғажайып құбылыс деп танып, одан түркі халықтарының тағдыры жөнінде ұлы жаңалықтар күтіп еді” деп жазды.

Фольклоршы, этнограф Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы (1855-1933) Орынбор кадет корпусын бітірген. Түркістан әскери губернаторы қарамағында тілмаш болды. 1893 жылдан бастап Сыр бойын, Хиуа өлкесін, Оңтүстік Қазақстанды аралап, қазақ халқының жұмбақтары, поэзия үлгілерін жинады, әдет-ғұрпымен танысты. 1917 жылдан кейін Ташкенттегі Қазақ Ағарту институтында және Орта Азия университетінде сабақ бере жүріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. 1920 жылдан Түркістан ағарту комиссариатының Қырғыз (қазақ) ғылыми комиссиясының мүшесі ретінде Сырдария, Жетісу облыстарында жасалған экспедицияларды басқарды. Ғылыми жұмыспен шұғылданған елу жылдық (1883-1933) өмірінде Диваев қазақ халқы рухани дүниесінің барша саласын (бесік жырын, беташары, құдалық салтын, тарихи дастандарын т.б.) қамтитын жүзден аса еңбек жариялады. Ол, әсіресе, қазақтың эпикалық жырларын (“Алпамыс”, “Ер Тарғын”, “Қобыланды”, “Ер Сайын”, “Едіге”, “Бекет батыр”, “Шора”, “Қамбар” т.б.) жинап, баспа жүзіне шығаруда көп қызмет атқарды. Сырдария қазақтарының өмірінен көлемді этнографиялық материалдар жинады /17/.

Сердалин Мәмбетәлі (1866-1914).-қазақ тарихшысы, экономист. Көкшетаудағы үш кластық училищені бітіріп, 1884 ж. Омбының технологиялық училищесіне оқуға түседі. Бірақ саяси сенімсіз адам ретінде училищенің 4-класында жүргенде оқудан шығарылады. Омбы архивіндегі “Жасырын бақылауда жүрген қырғыз Мәмбетәлі Сердалин туралы жазба қатынастар” деп аталатын “іс” 1891 жылдың 24 шілдесінде басталып, 1904 ж. аяқтаған. Туған аулына қайтып оралған соң да, полиция бақылауында болады. Ол туралы болыстарға әр айдың 1, 10, 20 күндері Көкшетау уезінің бастығына хабарлап отыру тапсырылған. Бұл мәліметтерге қарағанда, М.Сералин патша әкімшілігіне, оның отаршылдық тәртібіне ашық қарсы сана-сезімі ояу азамат ретінде көрінеді. Оның “Қазақ жерін арендау” (Омбы, 1900), “Қарсақпай кендерін пайдаға асыру” (Омбы 1901), “Батыс Сібір далаларын мал шаруашылығы салалары арқылы пайдаға асыру мәселелері туралы” т.б. еңбектерінен дайындығы мол, прогресшіл көзқарастағы тарихшы, экономист екендігі анық байқалады /18/.

Қазақ этнографы, ауыз әдебиеті нұсқаларын жинаған, аудармашы- Бекімов Молданияз 1903ж. А.С.Пушкиннің “Капитан қызы” шығармасын қазақ тіліне аударды. Бірнеше қазақ ертегілерін (“Жын-перілерді жеңген батыр”, “Алдар-көсе”, “Қарашаш сұлу мен Қаражан батыр”, т.б.) орысшаға аударып, Қазан университеті жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамының хабарларында белгілі шығыстанушы Н.Ф.Катановтың алғы сөзімен жариялады /19/.

Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген тайпалар тарихына көңіл аударған Бартольд Василий Владимирович (1969-1927) болатын. Бұл тараптағы “1893-1894 жылдары Орта Азияға ғылыми мақсатта жасалған саяхат туралы есеп” (1897), “Жетісу тарихының очеркі” (1898), “Ежелгі заманнан ХУІІ ғасырға дейінгі Арал теңізі мен Амударияның төменгі бойы туралы деректер” (1902), “Түркістанды суландыру тарихына” (1914), “Түркі-монғол халықтары тарихы” (1928) т.б. еңбектер құнды болып табылады. Бұларда Талас, Шу, Іле алқаптары, қарлұқ, яғма, қимақ т.б. түркі тілдес халықтар туралы мәліметтер, Жетісу өлкесінің үйсіндер дәуірінен (б.з.б. 2 ғ.) Жоңғар хандығының құлауына дейінгі кезеңін (1758) камтитын саяси тарихына шолу жасалады. В.В.Бартольд ислам тарихы жөніндегі бірнеше еңбектердің авторы. Олар: “Ислам” (1918), “Мұсылман қауымы мәдениеті” (1918), “Мұсылман дүниесі” (1922), “Мусейлима” (1925), т.б. 1924ж. Орта Азия республикаларының ұлттық межеленуіне байланысты қазақ, тәжік, түрікмен халықтарының тарихына арналған еңбектері шықты /20/.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Книга Марко Поло. Перевод со старо-французского текста И.П. Минаева. М., 1956; Есмағамбетов К. Көне Қазақстанды көргендер. -А., 1979.
2. М.Қойгелдиев. Қадырғали-би Қосымұлы және жылнамалар жинағы. -А., КазГосУниверситет, 1991; Қадырғали Жалаир шежірелер жинағы. -А., “Қазақстан”, 1997.
3. З.Әбілғазы. Түрік шежіресі. -А., 1993.
4. Ханыков Я.В. Сведения о роде Тевкелевых и о службе генерал-майора А.И.Тевкелева. // Временник московского общества истории и древностей Российских. Кн. 13. 1852. С. 19-21.
5. Лексикон Российский, исторический, географический, политический и гражданский. Ч. 1-3. СПб. 1793; История Российская с самых древнейших времен. В 5-ти книгах. 1768-1848.
6. Топография Оренбургской губернии. СПб., 1762; 2-е изд. Оренбург, 1887; История Пугачева. -М., 1938. С. 206-355.
7. Левшин А.И. Описание Киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. - А., 1996.
8. А. Янушкевич. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. -А., 1966.
9. Бартольд Г.В., Березин как историк. / Зап. коллегии востоковедов при Азиатском музее АН СССР. 1926, Т. 2.. В. 1.; Самойлович А.Н. И.Н. Березин как тюрколог / Там же. 1925. Т. 1;
10. Петр Петрович Семенов-Тянь-Шанский. Его жизнь и деятельности. Л., 1928.
11. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Т. 1-3. СПб., 1863-1866; Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России со Средней Азией со времен кончины Абулхаирхана (1748-1765), Уфа, Вып. 11. 1855.
12. Ивлев Н.П., Масанов Н.Э. Видный казахский ученый М.С. Бабаджанов. // Вестник АН Каз ССР, 1982. С. 60-65

13. Тунгутско-Тибетская окраина Китая и Центральная Монголия. 2-е изд. М., 1950; Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина (Архивные материалы и публикации). // сост. Н. Смирнова, Е. Турсунов, С. Каскабасов. А.-А., 1972.;
14. Қазақ фальклористикасының тарихы. А., 1988.
15. Образцы киргизской поэзии, собранные и переведены Т.К. Сейдалиным и С.Л.Джанториним (с рифмованным пер. П.Н.Распопова). / Записки Оренбургского отдела РГО. 1875. Вып. 3. С. 24
16. Бартольд В.В. Н.И. Веселовский как исследователь Востока и историк русской науки / Записки Вост. Отделения Русского археол. общества. Т. 25, Вып. 1-4. 1921. С. 335-337.
17. Сулейменов Б.С. Некоторые вопросы истории Казахстана в трудах А.А.Диваева. // Изв. АН КазССР. Сер. ист. археол. и этногр. Вып. I (9). 1959: Дәуітов С. Әбубәкір Диваев // Қазақ әдебиеті. 1989. 4 тамыз.
18. Аренда казахской земли. Омск, 1900; Эксплуатация Карсакпайских копей. Омск, 1901;
19. Известия общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском университете. 1904. Т. XX. Вып. 5-6; Орал өңірі. 1968. 9-шілде;
20. Краковский И.Ю. В.В. Бартольд в истории исламоведения // Избр. Соч. Т.5. М.: Л., 1956. Умняков И.И. В.В. Бартольд. Ташкент, 1926.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается история, культура, этнография, обычное право казахского народа на основании фактических материалов русских, казахских и иностранных ученых. Даны биографические и библиографические данные о русских, казахских и некоторых иностранных ученых, занимавшихся изучением Казахстана.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ халқының тарихы, мәдениеті, этнографиясы, әдеттік құқының орыс, қазақ және шетел ғалымдары тарапынан зерттелуі нақтылы деректер негізінде көрсетілген. Қазақстанды зерттеумен шұғылданған орыс, қазақ және кейбір шетелдік ғалымдар туралы өмірбаяндық және библиографиялық мәліметтерде берілген.

КІШІ ЖҮЗ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚОНЫСТАНУЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Картаева Т.Е. - т.ғ.к., доцент м.а.,
Басшыбаева А. - оқытушы (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазақ халқының этникалық тарихы мәселелерін жан-жақты зерделеу үшін, оның этникалық-тайпалық құрамын анықтаудың, қоныстанған аймағын ғылыми тұрғыда анықтаудың маңызы зор.

Тайпалардың этникалық территориясын, этногеографиясы мәселесін қаузағанда, алдымен сол тайпалардың шаруашылықты жүргізу ерекшеліктерін ескеру қажет. Қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігі мал шаруашылығымен байланысты өтті. Қазақ халқының үш жүзге бөлінуінің өзі алдымен экономикалық себептерге байланысты болғандығын ескермеске болмайды, үш жүздік аймақ қазақ тайпаларының қыстаудан көктеуге, одан жайлауға, күздеуге көшуіне, әр тайпалық бірлестіктердің жайылымдық жерлерді иеленуіне байланысты қалыптасты. Жетісу

өңірінде қыстап, жазда Алатау бөктерінде жайлап, Шу жағалауынан Сырдарияның бас жағына дейінгі аралықта көшіп қонатын тайпалар - Ұлы жүз бірлестігін; Ертис пен Есіл жағалауындағы далаларда және Зайсан сайларынан Алтай, Торбағатай тауларына дейінгі көшіп-қонатын тайпалар - Орта жүз бірлестігін; Сырдария жағалауынан Сарысуға, Торғайға, одан әрі Қостанайға, Ырғыздан - Тобылға, Үстірттен Ұя және Обаған өзендерінің бойына, одан әрі Жайық, Елек, Есет, Сақмар, Бұлтырты, т.б. өзен сулардың бойында көшіп-қонатын тайпалар - Кіші жүз бірлестігін құрады.

Біз зерттеп отырған Кіші жүз тайпалары оңтүстікте Сырдария мен Үстірт қыраттарын, Каспийдің шығыс жағалауларынан басталып, солтүстікте Жайық, Ырғыз, Ембі, Тобыл өзендерінің алқаптарын, Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігі алқабын алып жатты.

Елші Мәмет Тевкелевтің 1748 жылы құрастырған жазбаларында Кіші жүз рулары Борсық құмдарында, Ор, Елек, Ембі, Жайық бойларында, Гурьевтен Каспий теңізіне дейінгі өңірде көшіп жүретіндігін айтқан /1/.

М.Тевкелев 1748 жылы құрастырған тайпалар тізбегін негізге алған автордың бірі А.И.Левшин. Алексей Ираклевич Левшин (1797-1879) қазақтардың тарихы мен этнографиясына қатысты құнды мәліметтерді 1820-1822 жылдары Орынбор және Орал қалаларында қызмет ете жүріп жинақтаған /2/. А.И.Левшин Кіші жүз тайпаларының қонысы жайында: “Кіші Жүз қазақ жерінің батыс аймағында: Оңтүстік-батыс бөлігінде Жайық, Ембі өзендерінің төменгі ағысы, Сам және Маңғышлақ жарты аралы, солтүстік-батысында Жайық өзенінің орта ағысы, Қобда, Елек, Ор өзендерінің аңғары, Мұғалжар тауларының етегін, шығысында Ырғыз, Торғай өзендері, Шалқар көлі, Кіші және Үлкен Борсық құмдары, Қарақұм құмдары мен Сырдарияның төменгі ағысы бойын мекендеген”, -деп нақтылаған /3/. Елші Тевкелев құрастырған тізімге сүйенген келесі бір автор И.И.Крафт. Крафт құрастырған “Сборник узаконений о киргизах степных областей” атты еңбегі сондай-ақ Кіші жүз тайпалары қоныстанған аймақтардағы әкімшілік Ережелердің жүргізілуін анықтауға бағдар болды /4/. Бұл еңбегінде Крафт қазақ халқының шығу тегі жайындағы аңызды А.Харузин жазбаларына сүйене отырып келтірген /5/.

ХУІІІ ғасырдың аяғы мен ХІХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ руларының көшіп-қону аймағы мен санын анықтауда Орынбор әскери губернаторы Г.С.Волконскийдің тапсыруымен старшындар Көбек Шүкірұлы мен Қазан татары Ғалии Шахмұратов жайындаған мәліметке бой ұсынбай болмайды. Бұл қазақ руларының мерзімдік қонысын нақты көрсеткен бірден-бір маңызды құжат. Бұл құжатта Кіші жүз тайпаларының 217 атасынан 165 700 шаңырақ болғандығын көрсеткен /6/.

Н.А.Аристов жазған “Заметки об этническом составе и сведения об их численности” атты еңбегінде Кіші жүз тайпаларының санын нақтылау мақсатында Волконский нұсқанысына сүйенгенге ұқсайды. Н.А.Аристов жазбалары да Кіші жүз тайпаларының санын, орналасуын, ұранын, таңбасын нақтылауға негіз болады /7/.

Кіші жүз қазақтарының этногеографиясы мен этнодемографиясын қамтыған ірі еңбектің бірі әскери шенеунік Л.Мейер құрастырған 1865 жылы жарық көрген “Материалы для географии и статистики России. Киргизская степь Оренбургского ведомства” деп аталатын еңбекте бірқатар Кіші жүз рулары қамтылған /8/. Әскери зерттеушілер қорыта келе 1860 жылдары Орынбор өлкесінің батыс бөлігінде 65 000 шаңырақ – 325 000 адам; орта бөлігінде – 55 000 шаңырақ – 275 000 адам; шығыс бөлігінде – 25 000 шаңырақ - 125 000 адам; Сырдария бөлігінде 15 000 шаңырақ – 75 000 адам; Орынбор өлкесінде 160 000 шаңырақ – 800 000 адам болған, - деген /9/.

Орынбор ведомстволығының қазақ даласы солтүстігінде Орынбор губерниясымен, батысында Орал казактары әскері жерлерімен және Каспий

теңізімен, шығысында Сібір қазақтары облысымен, оңтүстігінде Түркістан облысымен шектесіп Арал теңізі аймағын алып жатты. Орынбор даласын негізінен Кіші жүз тайпалары мекендеді.

М.Галкин “Этнографические и исторические материалы по Средней Азии и Оренбургском краю” атты еңбегі Орынбор өлкесін мекендеген Кіші жүз ру-тайпаларының қыстық және жаздық қоныстарын анықтауда жол сілтеуші десек болады /10/.

Ресей ғылым Академиясының бірінші корреспондент мүшесі П.И.Рычков (1712-1777) Орынбор өлкесінің тұрғындары мен сол өлкені мекендеген қазақ халқының этногеографиясы мен тіршілігін жан-жақты зерттеуден өткізіп, қағазға түсірген ғалымдардың бірі. Ол Орынбор өлкесінде түрлі әкімшілік қызмет атқара жүріп жазған құнды ғылыми еңбектерінің бірі “Топография Оренбургская” кітабында Орынбор өлкесін мекен еткен халықтарға қатысты тарихи-этнографиялық сипаттамалар бере отырып, Орта жүз бен Кіші жүз руларын құрамы жағынан күрделі рулар қатарына жатқызып, Кіші жүздің бірқатар руларын атап кетеді /11/.

П.И.Рычков 1756 жылы “Сочинения и переводы, к пользе и увеселению служащая” атты журналда “История Оренбургская” атты еңбегін жариялады. Кейін бұл журнал материалдары академик Г.Ф.Миллер құрастырған төрт томдық “История Сибири” атты жинаққа енді /12/. Сондай-ақ П.И.Рычковтың “История Оренбургская по учреждению Оренбургской губерний” деген атпен жарық көрген шығармасында Кіші жүздің бірқатар рулары аталады. Бұл еңбектердің Орынбор өлкесін мекендеген этникалық топтардың тарихын зерделеудегі маңызы зор /13/.

Орынбор өлкесін мекен еткен тайпалардың тыныс-тіршілігін қамтыған еңбектер арасында әрине экспедиция материалдары маңызды орын алады. 1738-1740 жылдар аралығында Орынбор экспедициясының жетекшісі болған Василии Никитич Татищевтің (1686-1780) экспедициялық материалдары Кіші жүз қазақтарын құрылымына, шекараларына қатысты құнды мәліметтер береді. Ол, Кіші жүз қазақтарының қыстауларын Сырдария және Орынбор губернияларының жерлерін қамтып жатқан, - деп көрсеткен /14/.

1768-1774 жылдары Қазақстанның көптеген территориясын қамтыған экспедицияға қатысқан П.С.Паллас, И.П.Фальк, И.И.Лепехин, И.Г.Георгиялар жазбаларының да маңызы зор. Неміс ғалымы П.С.Паллас (1741-1811) 1768 жылғы қазақ даласында болған сапар нәтижелерін бес томдық “Путешествия по разным провинциям Российской империи” атты еңбегінде жариялады. Бұл еңбекте Кіші жүз қазақтарының қоныстары қамтылды /15/.

1768-1769 жылдары жүргізілген “Орынбор экспедициясы” материалдары И.И.Лепехиннің еңбектерінде жазылып, Еділ, Жайық бойын және Орынбор даласын қоныстанған халықтардың тұрмыс-тіршілігін қамтыған /16/.

1785-1786 жылдары жүргізілген Орынбор экспедициясының жетекшісі болған швед ғалымы И.Фальк (1727-1774) Орынбор даласындағы қазақ ауылдары жайында жинаған мәліметтерін, осы экспедиция мүшесі болған И.Г.Георги жинақтап шығарған /17/. Швед ғалымы И.Г.Георги (1729-1802) Орынбор экспедициясы кезінде жинақтаған тарихи-этнографиялық деректерінің “О киргизах” атты бөлімінде Кіші жүздің тайпаларына сипаттама берілген /18/. Орынбор экспедициясы зерттеушілердің бірі Н.П.Рычков та қазақ халқының үш жүздік құрылымына, олардың қоныстанған аймақтарына тоқталып өтеді /19/.

Кіші жүздің этногеографиясын анықтауға басты бағдар болған еңбектің қатарында “Географическо-статистический словарь Российской империй» атты сөздіктің маңызы ерекше. Онда: “Жетіру тайпалары Троицк, Звериноголовск бекінісі, Торғай, Тобыл, Ембі, Жайық бойларында көшіп жүрген, бір бөлігі Бөкей Ордасы құрамында болған”, - деген /20/. 1818 жылы “Сибирский вестник”

журналында жарық көрген М.Поспелов пен Т.Бурнашевтың материалдарында Кіші жүз тайпалары Орынбор шекарасынан бастап Бұхараға дейінгі аумақты алып жатыр, - деп көрсеткен /21/. Осы журнал беттерінде қазақ халқының үш жүздік құрылымы жайында қалам тербеген автордың бірі Г.И.Спасский /22/.

Қазақтардың үш жүздік құрылымына анықтама бере отырып, олардың қоныстанған аймағын көрсеткен еңбектің бірі - “Народы России” атты этнографиялық очерктер жинағы. Бұл еңбекте: “Қазақтар Орта Азия аймағында, Жайық өзені және Каспий теңізінен Алтай, Алатау, Тянь-Шань тауларынан Батыс Сібірдің оңтүстік шекарасынан Сырдария, Әмудария өзендері бойларында көшіп-қонды. Қазақ даласы 40 000 млн кв жерді алып жатыр. Қазақтардың жалпы саны 2 000 000. ...Кіші жүз тайпалары Жайық өзені мен Арал теңізі аралығын мекендеген, - деп көрсетілген. Бұл жинақта Кіші жүз тайпаларының қоныстану шекарасы тарылтып көрсетілген, дегенмен қазақтардың тұрмыс-тіршілігі жайлы анағұрлым толық мәліметті беретін құнды еңбек болып табылады /23/. Қазақстанның батыс бөлігі мен Орынбор өлкесі халқының этнодемографиясына қатысты құнды мәліметтер П.Кепеннің зерттеулерінен орын алған. Еңбектің сол кезеңдегі Кіші жүз тайпалары санын анықтауға үлес қосары сөзсіз /24/.

Орал экспедициясының материалдарында Орал облысында мекен еткен Кіші жүздің табын, кердері, масқар, қызылқұрт, таз, шекті, руларының қоныстарын қамтыған /25/.

“Материалы для статистики Туркестанского края” атты жинақтың Сыр өңіріндегі халықтардың этнодемографиясы мен көшу жолдарын анықтаудағы маңызының ерекше екендігі даусыз /26/.

Кіші жүз ру-тайпаларының статистикалық көрсеткіші, қыстаулық, жайлаулық қоныстары, малды суару көздері, егін шаруашылығының түсімі, салық жүйесі сияқты өзекті мәселелерін айқындауда, XIX – XX ғ.ғ. бас кезінде ауыл шаруашылығы негізінде жүргізілген статистикалық санақ нәтижелерін басшылыққа алуға болады. 1897 жылдан басталған ауыл шаруашылығы санағы кітаптарының парақтары Кіші жүз тайпаларының мерзімдік қоныстары жайында маңызды құжат болып табылады /27/.

Кіші жүз тайпаларының дәстүрлі шаруашылығы, көші-қон бағыты, тұрмыс-тіршілігі мәселесін жан-жақты қаузаған көлемді еңбектің бірі В.П.Семенов-Тянь-Шаньскийдің редакциялығымен жарық көрген “Россия полное географическое описание нашего отечества” атты жинақтың Түркістан өлкесі бөлімі. Түркістан өлкесі тарихына арналған ХҮІІІ томындағы деректер жүйесі байырғы қазақ ауылының дәстүрлі құрылымы мәселесін қамтуға негіз болады /28/. Ал, осы жинақтың XIX томында 1897 жылғы Бүкіл Ресейлік санақ мәліметін негізге ала отырып: “қазақтардың жалпы саны 1 884 192 болып, оның 794 815 - Жетісу, 952 061 - Сырдария 63 091 - Самарқанд, 74 225 - Закаспий облысында тұрған. Ал, 17 000 қазақ Хиуа хандығынан тіркеуге алынған” – дейді /29/.

П.Небольсин, Н.И.Гродеков және И. Добросмыслов еңбектері Кіші жүз ру-тайпалық бірлестігінің таңбаларын нақтылауда маңызды дерек бола алады /30/.

Кіші жүз ру-тайпаларының өзбек, қарақалпақ, башқұрт халықтарының арасында кездесетіндігі белгілі. Жаугершілік замандарда көрші халықтың тайпаларына кіру тарихы мен олардың тұрмыс-тіршілігі жайындағы деректер К.Ш.Шаниязов, Р.Г.Кузеев, Т.А.Жданко еңбектерінен көрініс тапқан. Еңбек деректері құнды материал ретінде Кіші жүз қазақтары қоғамының әлеуметтік қатынастарын сипаттауға да арқау болады /31/.

Кіші жүз тайпаларына қатысты құнды мәліметтердің бірқатарын А.Хорошхин жазбаларынан таптық. А.Хорошхин жариялаған “Тамды или Тамлы” атты мақала Қарақалпақ жеріндегі Тамды өңіріндегі қазақ руларының рухани мәдениетінен, “По

кочевьям киргизов на северо-восток от Тамды” атты мақалада Қоңырат өлкесіндегі тайпалардың көшу бағытын және көшке байланысты салт-дәстүрлерден хабар береді. Сондай-ақ осы автордың “Низовья Аму-дарьи до Кунграда”, атты зерттеуі Сырдария облысының Амудария бөліміндегі Табындардың этношаруашылығын сипаттауға негіз болды. Осы автордың “Қызыл-күм (историки-этнографический очерк)” атты мақаласында Қызылқұм құмдарында көшіп жүрген Кіші жүз тайпаларының құрамын келесідей анықтайды: “Қызылқұм құмдарына Алшындар осыдан 40 жыл бұрын келген (1830 жылдарды айтып тұр), елде болған жағдайға байланысты, олар өздерінің бұрынғы қоныстарын тастап, Сырдың сол жақ жағалауына қоныс аударған. Олар Бұқан тауларының етегінен жайылымдық жер тапты. Кіші жүзден Алшын руы, Балхы, Қаратамыр, Келдібай, Аспан тармақтарымен Арыстанды тау, Тамды тау, Ақтау және оңтүстікте Бұхарға дейінгі аймақта; Керейіт, Жаппас, Алтын, Алаша, Таздар рулары Тохта тауының оң жақ сілімдерінде; Тама, Табын, Жағалбайлы, Кердері жоғарыда аталған жерлердің оң жақ беттерінде көшіп-қонып жүр”, - дей келе Орта жүз, Ұлы жүзден Қызылқұмды қоныс еткен Арғын, Қаңлы, Жалайыр, Қоңырат руларын атайды. А.Хорошхин Қызылқұмға көшпелі тайпалардың ығысуын, 1867 жылғы Әкімшілік Ережемен байланысты екендігін айта отырып, Кіші жүз тайпаларын көшпелі шаруашылықты жүргізуге қолайлы болу үшін Сыр бойынан қоныс аударған дейді. А.Хорошхин Қызылқұм тайпаларының көшпелі болуына байланысты олардың нақты санын анықтау қиын екендігін ескертіп, “шамамен олардың саны 3000 шаңырақ, 15 000 адам”, - деп көрсеткен /32/.

Қазақ қауымының басына төнген түрлі қауіп-қатер, шапқыншылықтар нәтижесінде (Жоңғарлардың қазақ жерлерін басып алуы Қоқан, Хиуа хандықтарының Оңтүстік, Оңтүстік Шығыс Қазақстандағы билігі, орыс әскерлерінің келуі т.б.) жүздердің территориялық бірлестігі ыдырап, рулардың өзара араласуы басталды. Қоқан, Хиуа хандықтарының тарихына қатысты мұрағаттық құжаттарда Кіші жүз тайпаларының аттары кездесуі осының дәлелі /33/. Қазақ даласына жүргізілген әкімшілік ережелер нәтижесінде болыстық, әкімшілік ауылдар құрылып, рулардың бір орынға нақтылап бекітілуі де бірте-бірте көшпеліліктің әлсіреуін тудыртты.

Жоғарыдағы зерттеулер Кіші жүз тайпаларының ата-қонысы Қазақстанның батыс өңірі, Еділ, Жайық арасы, Арал-Каспий өңірі, Үстірт, Сырдария өзенінің төменгі ағысынан орта ағысына дейінгі аймақ екендігін дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Русско-казахские отношения в ХУІ–ХУІІІ вв. -Алма-Ата. 1961. –406-407б; Тевкелев А.И. Разные бумаги генерал-майора Тевкелева об Оренбургском крае и о киргиз-кайсацких ордах 1762 года. // Временник Московского общества статистики и древностей Российских. Кн 3. Отд.3. 1852. -15-19бб.
2. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч.3. Спб. 1932. 7-9 бб.; Қайта басылымы: - Алматы. Санат. 1996. – 290 б.
3. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Қайта басылымы: - Алматы. 1996. – 491 б.
4. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург. 1898. – С.17.
5. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. 15-16 с.; Харузин А.Н. К вопросу о приосхождении киргизского народа. Этнографические обозрение. Кн. ХХУІ.
6. Материалы по истории Казахской ССР (1785-1825 гг). ІУ Том. – М., 1940. - 513-515 с.

7. Аристов Н.А. “Заметки об этническом составе и сведения об их численности”. - Спб. 1897. - 118 б.
8. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч.1. Киргизская степь Оренбургского ведомства.- Спб. 1865. - 90-91 с.
9. Сонда, - 86-87 с.
10. Галкин М. Этнографические и исторические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю. - Спб. 1869. - 331, 333-334 с.
11. Рычков П.И. Топография Оренбургская. – Спб., 1762; Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. 2-ое изд. –Оренбург, 1887. –99-100с.
12. Миллер Г. История Сибири. Т.1. – М., 1937. –. 314 с.
13. Рычков П.И. История Оренбургская по учреждению Оренбургской губернии. Оренбург, 1896.-С.71.
14. Татищев В.Н. Избранные труды по географии. – М. 1950. – 178 б.
15. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи. Ч.1-3. – С-Пб., 1773-1776.
16. Лепехин И. Дневные записки путешествия по провинциям Российского государства. Ч.1. – Спб. 1894.
17. Полное собрание ученых путешествий по России. Т. УІІ. – С-Пб. 1825.
18. Георги И.Г. Описание всех в Российском государстве обитающих народов, так же их житейских обрядов, вер, обыкновений, жилищ, одежд и прочих достопамятностей. Ч. 1-3. – Спб., 1776-1777.; Ч 1.- 115-142 бб.
19. Рычков Н.П. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степи в 1771 году. – С-Пб. 1772.
20. Географическо-статистический словарь Российской империй. Том ІУ. 1872. - 557 с.
21. Казахско-русские отношения в ХУІІІ-ХІХ веках (1771-1867). / Сборник документов и материалов. Док. №85. Алма-Ата, 1964. - 85 с.
22. Спасский Г.И. Киргиз-кайсаки Большой Средней и Малой Орды // Сибирский вестник. Спб. 1820. №9-11
23. Народы России. Этнографические очерки. Спб. 1880. - 145, 148 с.
24. Кеппен Л. Девятая ревизия. Исследование о числе жителей в 1851 г. – Спб. 1857.
25. Секретная экспедиция Уральских казаков. 1903. Уральск. 6-7 с.
26. Материалы для статистики Туркестанского края. Вып. 1. – Ташкент. 1872.
27. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные статистической партией Тургайско-Уральского переселенческого района Тургайский обл. Кустанайский уезд. Воронеж. 1903.; Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Тургайская область. Т. VII. Актюбинский уезд. Общий очерк Актюбинского уезда. -Воронеж, 1903.; Киргизский уезд. Оренбург. 1913.; Семипалатинская обл. Каркаралинский уезд. Том УІ. – Спб. 1905.; Зайсанский уезд. Т. УІІІ. – Спб. 1909; Перовский уезд. Ташкент. 1911; Казалинский уезд. Ташкент. 1912; Темирский уезд. Оренбург. 1910; Лбещинский уезд. Оренбург. 1909; Уральский уезд. Оренбург. 1908; Материалы по обследованию кочевого и оседлого туземного хозяйства и землепользования в Амударьинском отделе Сырдаринской области. Вып.2. Ташкент, 1915. Вып.2.
28. Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Под. ред. В.П.Семенова–Тянь-Шаньского. Том ХУІІІ. Туркестанский край. Спб.1903.
29. Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Под. ред. В.П.Семенова–Тянь-Шаньского. Том. ХІХ. Туркестанский край. Спб. 1913.

30. Небольсин П. Рассказы проезжего. СПб. 1854. 299-300 бб.; Гродеков Н.И. Киргизы и кара-киргизы Сыр-дарьинской области. Таш., 1899. Приложение; Добросмыслов И. Скотоводство в Тургайской области. – Оренбург, 1895. – 103-105 с..
31. Шаниязов К.Ш. К этнической истории узбекского народа (историко-этнографическое исследование на материалах кипчакского компонента. Таш. Фан. 1974.; Кузеев Р.Г. Происхождение Башкирского народа. Этнический состав, история расселения. М.,1974.; Жданко Т.А. Очерки исторической этнографии каракалпаков. Родо-племенная структура и расселения в XIX – нач. XX века. М. 1950.
32. Хорошхин А. Тамды или Тамлы (из походного дневника, казахские предания об урочище Тамды). // Туркестанские ведомости (бұдан әрі ТВ – Т.К.). 1872, №35; Хорошхин А. По кочевьям киргизов на северо-восток от Тамды // ТВ. 1872. №46. Хорошхин А. Низовья Аму-дарьи до Кунграда // ТВ. 1873. №3.; Хорошкин А. Кызыл-кум (историко-этнографический очерк). // ТВ. 1873. №18. - 70-71 с.
33. Иванов П.П. Архив Хивинских ханов XIX в. Исследование и описание документов с историческим введением. -Л. 1940. Гл. Каракалпаки и казахи.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена исследованию расселения родов младшего жуза в XIX веке.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала XIX ғ. Кіші жуз руларының орналасу мәселесіне арналған.

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТҮРҒЫН ҮЙГЕ
БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ – ҒҰРЫПТАРЫ, ЫРЫМДАРЫ МЕН НАНЫМДАРЫ**

Примкулова Г.Ж. (Түркістан қ., Яссауи атындағы ХҚТУ)

Қарастырып отырған мәселеге байланысты әдет-ғұрыптар, басқа көрші және туысқан халықтарда сияқты, бірнеше жүйелі бөліктерден тұрады. Бұлардың қатарына біз келесі әдет-ғұрыптарды жатқызамыз: үй-жайлардың құрылымын көрсететін; үйдің салынуымен, тұрғызылуымен, тұрғызылып аяқталуымен байланысты; жаңа үйге және қоныстануға байланысты; үйдің аумағына байланысты т.б.

Әрине ең негізгісі үйді алғаш тұрғызуға байланысты дәстүрлер саналады. Ал бұл өз кезегінде жаңа үйді салуға қажетті заттарды, жерді және уақытты таңдау сынды құрылымдарды қамтиды.

Орта Азия халықтарында сияқты, жергілікті халықтар да ұзақ жылдар бойы негізгі құрылыс материалы ретінде балшықты көп қолданып келеді. Одан пахса, саман немесе күйдіру арқылы – кернеу кірпіштерден үйлер тұрғызды. Сондықтан Оңтүстік Қазақстанда кең тараған ұлттық ырымға байланысты балшықтың екі түрі қолданылған. Біріншіден – киелі “таза” құралдар ретінде есептелетін жаңадан қазылған және бұрыннан қолданылып жүрген су құбырларымен қатар орналасқан жыра аңғарларынан алынады [АӨЖД]. Екінші жағынан Оңтүстік Қазақстанның шекаралық аймақтары (ауылдық округтер, әкімшілік тұрғыдан Түркістан қаласына бағынышты жерлер, Қызылорда (Жаңақорған) облыстарында ерте дәстүр бойынша құрылыс балшықтарын ортағасырлық қала орындарынан әкелген. Мысалы, қираған Сауран немесе соған ұқсас қала қалдықтарынан балшық алынған. Мұндай кең тараған тәжірибе Сауран, Шорнақ ауылдық аймақтарының құрамындағы аудандарда, тіпті Түркістан қаласының өзінде де кездеседі [АӨЖД].

Біздің ойымызша, осы халықтық дәстүрдің қалыптасуына мөлтіксіз әсер еткен келесі екі факторларды атап өтуге болады: өткенмен байланыс, ұрпақтар сабақтастығы және ғасырлық дәстүрлердің сақталуы; экологиялық фактор. Соңғысы Аралда орын алған қолайсыз экологиялық жағдай, тек Қызылорда облысына ғана емес, онымен шекаралас Оңтүстік Қазақстанның батыс аймағында да кері әсерін тигізуі негізінде жердің үстіңгі қабатында орналасқан балшық бүлініп, тұзды, ақ қабатқа айналды (сорға). Бұл жер қабаты еш нәрсемен тазартылмайды. Сондықтан қираған қала орындарынан алынған балшық мұндай теріс жағымсыз балшықтан сапалық жағынан таза болып табылады.

Егер ағаштан жасалған құрылыс материалдарына келсек, онда дәстүрлі ұлттық көзқарастарға байланысты құрылысқа жарамды және жарамсыз ағаштар болған. Біріншісіне тал, қарағай, қайың т.б. сынды табиғатта өзіндік табиғи жолмен өскен, өсу барысында адамдардың көп қамқорлығын қажет етпейтін ағаштар жатады. Екіншісіне, Орталық Азияның көрші халықтарына тән бау-бақшаларда өсетін жеміс ағаштары, сондай-ақ жаңғақ жатқызылады. Олардың сынған бұтақтары немесе өлген ағаштар тек отқа жағуға отын ретінде қолдануға жарайды. Бұлардың қатарына, сондай-ақ жергілікті халық “қасиетті ағаш” деп санаған және сол немесе басқа да жағдайларға байланысты кеуіп қалған ағаштарды жатқызуға болады.

Құрылыс барысында жеміс беретін ағаштарды пайдалануға тиым салу адамдардың жеміс ағаштарын ерекше қастерлеуіне негіз болады /1, 31 б./, ал өмірлік күші жоқ құрғақ ағаштарды халық ішінде “өлі” деп есептеген /2, 149 б./.

Құрылысқа байланысты келесі дәстүр – құрылыс орнын анықтап алуға негізделген. Әр бір халықта осы таңдап алынған аумаққа бақытты немесе бақытсыз деген түсінік беріледі /3,18 б.; 4, 237 б./. Бастапқыда оның тәжірибелік мәніне көп көңіл аударылды. Яғни біріншіден, бұрын қоныстаған және жақын туысқандарының жанында немесе жақсы көршілермен қатар болуы; екіншіден, су көзінің маңы немесе жаңа құдық қазып алуға болатын ыңғайлы орын; үшіншіден, қардың басып қалу қаупі төнбейтін және табиғи апаттары болу мүмкіндігі аз жерлер, әсіресе су тасқындары жүрмейтін жерлер. Халық арасында кері әсері бар жерлер ретінде үлкен жолдар бойы, зираттар жаны, немесе адам сүйегі табылған орындар саналған. Бұлар өрт, су тасқыны, ауру, өлім сияқты табиғи апаттар кесірінен жапа шеккен қараусыз қалған жерлер қатарына жатқызылады [АӨЖД].

Сонымен қатар ғасырлар сынынан өткен дәстүрлер жаңа тұрғын үй құрылысын салуға мүмкіндік береді. Бұл жерде басты мағынаны жылдық күнтізбеге аударатын болған, яғни ең бастысы тұрғындардың шаруашылығы мен өмір сүруіне басқа да маңызды жақтары ескерілді. Сондықтан дәстүр бойынша құрылысты көктем айларында бастауға тырысты, ол суық түскенге дейін жаңа үйге кірі алу мақсатында жасалды. Одан әрі халықтық күнтізбеге сүйеніп қалыптасқан көзқарас бойынша бастапқы мәнді “сәтті” күнге аударған. Халық ішінде мұндай болып сәрсенбі мен бейсебі күндері саналады. Сондай-ақ, бұл “сәтті” күндерде ауыл шаруашылығы жұмыстарында (жер жырту, егін егу, егін жинау) немесе отбасылық және қоғамдық жиындар мен қонаққа шақырған, жақын және ұзақ ара қашықтыққа сапарға шығу дұрыс болады деп сенген /5, 85 б./.

Үй құрылысының бастамасы болып құрбандық шалу дәстүрі табылған. Ол республика және одан да тыс жерлердегі халықтарда кездеседі. Бұл дәстүрдің семантикалық үлгісі көп жерде ұқсас келеді. Мамандардың пайымдауынша «құрылыстық құрбандық» тұрғын үйдің соқралдығы, құрбандықтың денесіне негізделіп шығуы, құрбандық пен екі арадағы байланыс, тұрғын үй мен ғаламның құрылымының концепциясы арасындағы тығыз байланысы /6, 63 б./. Қазақстанда «құрылыстың құрбандық» малы ретінде қойды пайдаланады. Аталмыш құрбандық малын құрылыстың басталу кезінде ғана емес, үй құрылысының барысында, мысалы «асар» кезінде де сойған.

Жергілікті тұрғындар арасында асарды жасау дәстүрі көрші елдерде де бірдей, тамырымен терең тарихқа кетеді. Оған шартты түрде көмек ретінде жақын туыстары, руластары, көршілері мен бір ауылда тұратындарды шақырған. Ол күш сабан кірпішті құю, қабырға қалау, үй төбесін жабу кезінде, жалпы көп адамды қажет ететін жұмыстарды жүргізу кезінде пайдаланылады.

Осындай дәстүр Орта Азия республикаларының халықтарында да кеңінен таралған /7, 156 б.; 8, 47 б./. Мұнда ауыр жұмыстарды жас орта буын өкілдері атқарып, ал жасы үлкен адамдар өздерінің кеңестерін беріп отырған, әйелдер сылау, әктеу, сырлау сияқты жеңіл жұмыстарды атқарған. Асарға келген адамдарға қойды құрбандыққа шалып, дәмді тағамдар пісіріліп, құран оқылған. Айта кететін жайт, асар ұйымдастыру аз адамды қажет ететін түрлі шаруашылық жұмыстарында да кездеседі. Мысалы, жол салу, арық қазу және арық тазалау. Мұндай дәстүрлі көмек өрт, су тасқыны, жер сілкінісі сияқты табиғи апаттар кезінде туыстары немесе ауылдастары үйінен, шаруашылық құрылыстарынан, малынан айырылғанда жиі қолданылған [АӨЖД].

Оңтүстік Қазақстан және Жетісу аймағында жаңа үйдің жоғарғы бұрышына шүберекке немесе шыны ыдысқа тұз салып іліп қояды. Тұрғындардың түсінігі бойынша бұл тұмар ретінде әлі құрылыс бітпеген үйді жаман көзден, қайғыдан т.б. қорғайды.

Жаңа үйге көшуге байланысты салт-дәстүрлер арасында ең кең таралғаны «жаңа қонысқа» қонақтарды шақыру саналады. Оның мағынасы біріншіден, үй егелері үшін көп қаражат, жұмыс күшін қажет еткен күрделі еңбек процесінің аяқталуы. Екіншіден, жаңа үйге қоныстану ерекше әлеуметтік мағынаны білдіреді – жаңа үйді жанұя мен туыстары, көршілері және ауылдастары арасындағы қарым-қатынас аясына қосу. Бұл жағдайда белгілі жанұя мен жаңа тұрғын үй көлемі арасында ресми түрде байланыс бекітіледі /9, 117 б./.

Жаңа үйге қоныстану салтанатты түрде өткізіліп, оған көптеген қонақтар шақырылады. Түрлі тағамдар дайындалып, құрбандыққа қой шалынады. Қоныстану тойына келген қонақтар ізгі ниеттері мен тілектерін білдіріп, тәжірибелік тұрғыда қажет етілетін сыйлықтарын да тапсырады. Әкелінген сыйлықтардың құндылығы әдеттегідей келген қонақтардың үй иесіне қатысты туыстық және достастық дәрежесімен анықталады. Мұндай салтанатты жиынның негізгі бір бөлігі болып арнайы шақырылған молданың және қадірлі ақсақалдың беретін батасы саналады. Көптеген халықтардың ұғымында, оларға қазақтарды да қосқанда, жаңадан салынған үй ішінде адам өміріне байланысты белгілі бір салт-дәстүр атқарылған соң ғана, ол толығымен игерілді деп саналады. Олардың қатарына бірінші кезекте нәрестенің дүниеге келуіне немесе үйлену тойына байланысты жанұялық салтанат жиын ұйымдастыру жатады.

Тұрғын үй мен оның ішкі көлемін игеруге тікелей бағытталған салт-дәстүрлер, түсініктер мен ұғымдар, тиымдар да белгілі дәрежеде маңызды болған. Қазақтардың ұғымында тұрғын үйдің жеке бөліктері – шаңырақ, төр, босаға және ошақ наным-сенім жоралғыларымен тығыз байланысты болып, ұрпақ жалғастығын қамтамасыз етуге қызмет ететін символдарын білдіреді /10, 166 б./.

Осыған тікелей байланысты қазақтарда жас отау тіккендер мен жаңа үйге қоныстанғандарға тілек білдіреді: «шаңырағың биік болсын, төрің кең болсын, босағаларың берік болсын, ошақтарың сөнбесін!»

Қазақ халқында шаңырақ жалпы дүниетанымында және арнайы әдебиеттерде қажетті ғылыми дәрежеде сипатталып /11, 223 б.; 12,13/ тек киіз үймен ғана байланысты емес, сонымен қатар үйдің белгілі бір жанұя мүшесінің иелігінде екендігін білдіреді. Мысалы, қазақтардың дәстүрлі құқығы бойынша әкесі қайтыс болған жағдайда мұрагерлік кіші ұлына өтеді – оны «шаңырақ иесі» деп атайды. Сондықтан, кездейсоқ жағдай емес, шаңырақтың жоғары символикалық мағынасы өз көрінісін біздің мемлекетіміз бен көршілес Қырғызстан ұлтық елтаңбаларында орын алуы.

Қазақтарда және де басқа туыстас түркі халықтарында ерекше қадірленетін үй бөлігінің бірі – төр. Бұл үй бөлігі адамның өмірінде аса маңызды әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді атқаратын орын болып саналады /13, 34 б./.

Олардың қатарына түрлі жанұялық салтанатты жиындар, қадірлі қонақтарды күту жатады. Қадірлі қонақтарды күтуде төрді ұсынбау, олардың әлеуметтік маңыздылығын төмендету деп түсіндіріліп, тіпті туыстық қарым-қатынастардың ыдырауына дейін әкелген.

Жәй күндері төрде, әдет бойынша тек үй иесі ерлер отырған, ал әйелі одан сол жақ орынды алған. Мысалы, бірнеше түркі халықтарында оның ішінде түркімендерде әсіресе, үй төрі тіпті қадірлі қонақтарға ұсынылмаған. Сондықтан осыған байланысты қазақтарда мақал бар: «Түрікмен төрін бермейді» деген.

Босағаның да үйдің бөлігі ретінде белгілі бір мағынасы бар. Халықтың ырымы бойынша босаға арқылы үйді қорушы әулиелер мен рухтар кіреді. Сондықтан үйде жаңадан алғаш қадам басқандарға, оның ішінде жас келін мен күйеу балаға, аса көңіл бөлген. Салт бойынша оң аяқпен табалдырықты аттаған дұрыс саналған. Босағамен көптеген тиымдар да байланысты – табалдырықты баспа, босағаны керме, босаға сүйенбе т.б. /14, 40 б./.

Халық арасында ошақты дәстүрлі түрде ерекше тұтқан, оның үй ішінде немесе аулада орналасуына қарамастан. Ошақтың тікелей тәжірибелік маңызына қарамастан, онда жанған от жылу берумен қатар үй ішінде тұрмыс-тіршілікті қамтамасыз етеді. «Ошағы сөнді» деген түсінік біреудің өмірден өткенімен бірге үй ішінің қалғандығын, оның қызметі мен аман-саулығының сақталғандығын білдіреді.

Халық түсінігінде ошақ, от – тазалайтын, қорғайтын, жақындастыратын күшке ие болған. Мысалы, отпен, адыраспан түтінімен жаман күштерді қуалап шығу үшін үй бөлмелерін аластайды. Жанып тұрған шамшырақ, шырағданмен қатты қорқып қалған баланы немесе ауруды кәдімгі қалпына келтіру үшін төбесінен айналдырып өткен. Жаппай зерттеліп отырған аймақта, Қазақстан және көршілес Орта Азия республикаларында жаңа түскен келін күйеуінің және оның ата-анасының табалдырығын аттап өту алдында, отқа май тамызған. «От – ана, Май – ана жарылқа» деп әруақтарға сиынған.

Келін табалдырықты аттардың алдында, енесі қызып тұрған отқа май салғызады. Бұл қазақтарда отқа табынудан бері келе жатқан салт болып саналады. Қазіргі кезде біз зерттеп отырған аймақта жақсы сақталып келеді. Бұнысы бір жағынан отқа табынудың белгісі болса, екінші жағынан түтіні өшпесін дегенді білдіреді. Түтін өшті деген қазақта бір шаңырақ бітті, күйреді деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар бұлай етсе жаңа түскен келін әзәзіл тіліне ермейді, сол босағаға шын беріледі (сіңіп кетеді) деп ұққан. Келін майдай жұмсақ болсын деп, майдың түтінін алақанына тигізіп келіннің бетін сипаған.

Халық арасында дәстүрлі түсініктермен жатын бөлмеде төсеніш пен төсек орындарын жинау жүйелілігі де тығыз байланысты. Мұндай түсініктер зерттеліп отырған аймақта ауыл тұрғындары арасында әлде де тұрақты сақталып келеді. Төсек орынды жинау әдеттегідей келесі түрде жүргізіледі: ағаш жүк аяқ немесе түрлі-түсті өрнектелген сандық үстіне алдымен киіз немесе кілемдер жиналады. Оның үстіне оралып бүктелген көпелер мен көрпешелер, ал соңынан құрақ жастақ және жастықтар жиналады. Мұндай қатаң сақталған жүйелілік және құрылымдықты сақтау тәртібі ұрпақ жалғастыру – байлық – бақыт» түсініктерімен байланысты /15, 31-32 б./.

Біз қарастырып отырған салт-дәстүрлер мен түсініктер ежелден көшпенділер мен отырықшылар тұрғын үйлерімен байланысты бола тұрып, XX-XXI ғғ. Басында да қазіргі тұрғын үйлердің дамуында оның иелерінің бақытты, амандық мен саулықта өмір сүруіне, үйдің ішкі және сыртқы кеңістіктерін толық игеруге бағытталады. Осыған сәйкес және жақын түсініктер зерттеліп отырған аймақпен қоса, Қазақстанның басқа да аудандыранды, туыстас жақын және алыс шетел халықтарына тән сипат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байбурин А.К. Жилище в обрядах и представлениях восточных славян. – Л., 1983. -31 с.
2. Иванов В.В., Топоров В.Н. Славянские языковые моделирующие семиотические системы. – М.: Наука, 1965. – С.149.
3. Зульяров А.Б. О традиционном строительстве жилищ уйгуров Казахстана. // Известия НАН РК. Серия обществ.науки. -1993. №6. – 63-41с.
4. Хамиджанова М.А. Жилище таджиков Ягноба. // Жилище народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1982. – С. 237.
5. Восторов В.В., Захарова И.В. Казахское народное жилище. Алма-ата: Наука, 1989. – С.85.
6. Байбурин А.К. Жилище в обрядах и представлениях восточных славян. – Л.: Наука, 1983. -63с.

7. Абрамзон С.М., Антипина К.И., Махова Е.И., Сулейманов Д. Быт колхозников киргизских селений Дархан и Чичкан. // Труды ИЭ АН СССР. Т.37. М., 1958. – С.156.
8. Псиарчик А.К. Жилище. // Таджики Каратегина идарбаза. – Душанбе, 1970. – 19-115с.
9. Байбурин А.К. Жилище в обрядах и представлениях восточных славян. – Л.: Наука, 1983. -117 с.
10. Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – начало XX в.). – Алма-ата: Ғылым, 1991. – С.166.
11. Муканов М.С. Казахская юрта. – Алма-ата: Кайнар, 1981. –С.223.
12. Маргулан А.Х. Казахская юрта и ее убранство. – М.: Наука, 1964. -13 с.
13. Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). – Алматы: Казахстан, 1998. –С.34.
14. Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). – Алматы: Казахстан, 1998. – С.40.
15. Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). – Алматы: казахстан, 1998. – 31-32с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются обряды и обычаи, связанные со строительством жилища у казахов Южного Казахстана, показываются последовательность обрядов, предворяющие строительство, связанные с началом, основным ходом и завершением и вселением в дом.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Оңтүстік Қазақстан қазақтарының тұрғын үйге байланысты әдет-ғұрыптары, ырымдары мен нанымдары қарастырылған.

МАГИСТРАТУРА

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЗЕРТТЕУШІЛЕР АНДРОН МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ

Бакаева Г.Е. - магистрант (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қола дәуірінде Сібірдің, Жайық өңірлерінің, Қазақстанның және Орта Азияның ұлан ғайыр далаларын тегі жағынан және тарихи тағдырларының ортақтығы жағынан туыс тайпалар мекендеді: бұл тайпалар өзінше бір үлгідегі жарқын мәдениет қалдырды. Бірінші ескерткіштің табылған жері Ачинск маңындағы Андропова селосының атына қарай бұл мәдениет ғылымда «Андронов мәдениеті» деп аталды. Андронов мәдени тарихи қауымының негізгі орталықтарының бірі Қазақстан аумағында болды.

Қола дәуірін зерттеу ісіне өткен ғасырдың 40-70 жылдары Ә.Марғұлан, К.Ақышев, А.Оразбаев, М.Қадырбаев сияқты көрнекті ғалымдар зор еңбек сіңірді. Бұл ғалымдар көне қола өркениетін зерделеуде аса маңызды орын алатын Орталық Қазақстан өлкесіне көбірек тоқталған. Мұнда қола дәуірінің 50-ден астам қонысы мен 150-ден астам ірі зираттары белгілі. Бұлардың қомақты бөлігінде қазба жұмыстары жүргізілген. Осындай ескерткіштерді зерттеудің қорытындылары ретінде әйгілі «Древняя культура Центрального Казахстана», «Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана», «Культура древних скотоводов и металлургов Сарыарки» сияқты іргелі монографиялық еңбектерде құнды деректердің шоғыры жинақталған.

Зерттеушілер «Древняя культура Центрального Казахстана» атты монографияда Орталық Қазақстандағы қола дәуірінің ескерткіштеріне сипаттама бере отырып, зерттеу жұмыстарының барысында алынған материалдарды андрон және бегазы-дәндібай мәдениеттері негізінде жүйелендірілген. Ерте андрон мәдениетінің ескерткіштері «нұра кезеңіне» біріктіріліп, кейінгі андрон ескерткіштері «атасулық» болып есептелген. Бұл еңбек 1966 жылы жарық көрген. Монография 8 тараудан тұрады. Материалдардың сипатына байланысты екі бөлімге бөлінген. Бірінші бөлімі қола дәуіріндегі Орталық Қазақстанның малшы тайпалары тарихының теориялық жобасына арналған. Бұл жерде жабайы жануарлардың қолға үйретілуі, мал шаруашылығының пайда болуы, мал шаруашылығының жылқы типі және оның біртіндеп көшпенділікке өту мәселелері қарастырылған. Екінші бөлімде ерте темір дәуіріндегі Орталық Қазақстанның көшпенді тайпаларының даму тарихы баяндалады.

Ғылыми еңбектің кіріспе бөлімі Орталық Қазақстанның археологиялық зерттеу тарихына арналған. Автор алдымен аймақтың географиялық жағдайына тоқтала отырып, ежелгі адамдардың осы аймаққа қоныстануының себептерін былай көрсетеді: «Благоприятные природные условия Сары-Арки-обширные пастбища, прохладный климат горных долин, наличие хорошей воды и руд-явились основными причинами поселения здесь древнего человека» /1, 9 б./. Сондай-ақ Орталық Қазақстанды маңызды металлургия орталығы ретінде ерекше атап өтеді.

Ә.Х.Марғұлан Орталық Қазақстанның бай әрі алуан түрлі ескерткіштері жөнінде мәліметтер X-XVI ғасырлардағы араб, иран және ортаазия ғалымдарының (Ибн-Фадлан, әл-Бируни, әл-Идриси, Мұхаммед-Хайдар) еңбектерінде орын алғандығын айта келе, белгілі ортаазия ғалымы әл-Бирунидің мынандай сөздерін дәлел ретінде алады: «что в стране кимаков есть чудесный источник пресной воды; там-следы ноги, рук с пальцами и колен человека; следы ребенка и копыт осла» /1, 9 б./. Қазақстанның тарихи топографиясын зерттеуде әл-Идрисидің, Махмуд Қашқаридің, сондай-ақ итальян карталарына, олардың қатарында 1367 жылы құрастырылған

Франциско мен Доминико Пициганидің Үлкен карталары, 1375 жылғы әлемнің Каталон картасы және 1459 жылғы Фра-Мауро карталарына тоқталады /1, 10 б./.

Автор Орталық Қазақстан мен Солтүстік-Шығыс Қазақстанның топографиясы және археологиясы бойынша маңызды материалдардың XVI-XVII ғасырлардағы Сібірдің тарихи деректерінде, әсіресе «Сказание о человеках, незнаемых в Восточной стране» (XVI ғасырдың I-ші жартысы), «Сказание о чудесах в Новом летописце» (XVII ғасыр) секілді жылнамалар мен Ф.И.Байковтың қолжазбаларында кездесетіндігін көрсетеді. Сондай-ақ, С.У.Ремезовтың «Чертежная книга Сибири» еңбегіне ерекше көңіл бөледі.

Солтүстік-Шығыс Қазақстан археологиясы бойынша Николай Витзеннің «Северо-Восточная Татария» еңбегіне сипаттама береді /1, 13 б./. Бұл бөлімде сонымен қатар Петр I-дің тұсынан бастап кенес дәуіріндегі зерттеушілердің жұмыстары мен еңбектеріне шолу жасалынған.

Еліміздегі ескерткіштерді зерттеу үздіксіз жүргізіліп отырған. Алайда зерттеу жұмыстарының барлығы ғылыми тұрғыдан жүргізілді деп айту қиын. Өйткені сол уақытта зерттеу жұмыстары өте төмен деңгейде жүргізілген. XIX ғасырдың II жартысына дейін нағыз археолог-зерттеушілердің болмауы салдарынан, аймақтың тарихи ескерткіштерін зерттеумен археологиялық барлау жұмыстарының әдіс-тәсілдерін білмейтін әуесқойлар айналысқан. Дәл сол уақытта ғылымның өзінде қазу әдісі, фиксациясы, ескерткіштерді мерзімдік және типологиялық жағынан топтау, жекелеген аудандардан табылған материалдарды салыстырмалы талдау әдісі сияқты маңызды мәселелер ескерілмейтін. Зерттеушілер XIX ғасырдың ортасына дейін ескерткіштерді есепке алу, тіркеу жұмыстарымен ғана шектелген. Ә.Х.Марғұланның көрсетуінше, сол уақыттың зерттеушілері тарихи мәселелерді шешуді алдыларына мақсат етіп қоймаған. Олар тарихи-мәдени сипатта маңызды тұжырымдар жасауға талпыныс та жасамаған /1, 31 б./. Тек XIX ғасырдың II жартысынан бастап қана Қазақстанның археологиялық жұмыстары ғылыми негізделі бастағандығы және осы кезеңнен бастап П.И.Лерх, В.В.Радлов, В.В.Бартольд, А.Харузин секілді орыс ғалымдарының бір қатар зерттеу жұмыстарының нәтижелері көрініс тапқандығы байқалады /1, 31 б./. XX ғасырдың басында жергілікті археолог-әуесқойлар ежелгі ескерткіштерге үлкен қызығушылық танытты. Бұл кезеңде Қазақстанда археологиялық зерттеу жұмыстары география және геология мәселелерінен бөлектенбей, аймақтың табиғи байлықтарын зерттеуде бір-бірімен тығыз байланыста жүрді. Алайда Орталық Қазақстан ескерткіштерінің пішіндік түпнұсқасы, сипатының әр түрлілігі ғылымда ұзақ уақыт бойы белгісіз болған. Оларды кеңінен зерттеу және ғылыми топтау жасау кеңес үкіметі тұсында ғана мүмкін болған.

Зерттеушілер қола дәуірінің ескерткіштерін кең ауқымды, әрі жоспарлы түрде зерттеу Ұлы Қазан төңкерісінен кейін ғана мүмкін бола бастағандығын баса көрсетеді. Зерттеушілер еңбектің кіріспе бөлімінде мынандай мәселелерге көңіл аударған:

- Қазақстандағы археологиялық жұмыстардың Сібір археологиялық жұмыстарымен қатар жүрген;
- II-ші мың жылдықтың алғашқы жартысында қоныс қалдықтары, қабір ескерткіштері түрінде сақталған мәдениет пайда болып, дамыған;
- Орталық Қазақстанда ежелгі мәдениеттің кең етек жаюы өлкенің табиғи байлықтарына байланысты болған.

Монографияның I-ші тарауын Ә.Х.Марғұлан мен К.Ақышев бірлесіп отырып жазған. Бұл тарау қола дәуірі мәдениетін кезеңдеуге арналған. Зерттеушілер бөлімді қола дәуіріндегі алғашқы ескерткішті ашқан А.Тугариновтен бастайды. Қос автор өз уақыттарына дейінгі жарты ғасыр ішінде қола дәуіріндегі тайпалар мәдениетінің жиі-жиі зерттеліп отырғандығын айтады. Тарауды қарастыра отырып, археолог-

зерттеушілердің жоспарлы әрі жүйелі түрде жұмыс жүргізуі нәтижесінде қола дәуірінің ғылымға белгісіз ескерткіштерінің ашылғандығын байқаймыз. Олардың қатарында қоныстар, обалар, кен өндіру орындары бар.

Қола дәуіріндегі тайпалардың материалдық мәдениетінің тарихы үлкен ғылыми мәнге ие болғандықтан бұл аймақты зерттеумен айналысатын археологтардың саны әр уақытта артып отырған.

Сол уақытта археологиялық картаға бұл кезеңнің жүздеген обалары, бірнеше ондаған қоныстары, металл балқыту мен кен өндіру орындары енгізілген. Автор жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде алынған мәліметтердің ғылыми мақалаларда, археологиялық есептерде, еңбектерде жарияланғандығын айта отырып, С.С.Черниковтың еңбегіне тоқталады /2/.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жазылған ғылыми еңбектер мен мақалаларда мәдениеттің тарихы ғана қарастырылып қоймайды, сондай-ақ зерттелген ескерткіштерді топтау, мерзімдеу мәселелері де қамтылған.

Біз тоқталып отырған авторлардың еңбегінде де осы мәселелер қарастырылған. Монография авторларының бұл мәселеге жеке тарау арнауы кездейсоқтық емес. Өйткені археологиялық материал даму кезеңдері бойынша нақты мерзімі жағынан топтастырылғанда ғана тарихи дерек болып табылады. Осыдан кейін ғана археологиялық мәдениет-мәдениетті жасаушы тайпалардың тарихи дамуы кезеңі ретінде айқындалады. Автор: «қола дәуірі мәдениетін зерттеудің бірінші жетістігі-оның андрон және қарасуық болып бөлінуі болды» дейді.

Қола дәуірінің ескерткіштерін топтастыруда С.А.Теплоухов бірінші болып бастаған болатын. Сондықтан Ә.Х.Марғұлан мен К.Ақышев қола дәуірінің мәдениетін кезеңдеу мәселесін С.А.Теплоуховтың топтауынан бастайды. С.А.Теплоухов 1923 жылы Минусинск котловинасынан ерекше мәдениетті бөліп, «андрон мәдениеті» деген терминді енгізген. Ә.Х.Марғұлан мен К.Ақышев С.А.Теплоуховтың бұл мәдениетіне сипаттама бере отырып, Афанасьев және қарасуық мәдениеті арасындағы орынды анықтағандығын баяндайды /1, 59 б./.

Зерттеушілер екі онжылдық бойы қола дәуірін андрон және қарасуық мәдениетіне бөліп келген. Кейінен жаңа материалдар негізінде жаңа кезеңдеулер ұсыныла бастады.

Қос автор С.А.Теплоуховтың кезеңдеуінен кейін К.В.Сальниковтың, О.А.Кривцова, Граковтың, А.М.Оразбаевтың, М.П.Грязновтың, М.Н.Комарова-ның, В.С.Сорокиннің, С.С.Черниковтың, А.Г.Максимованың кезеңдеулерін көрсеткен.

К.Ақышев Орталық Қазақстанның андрон мәдениетін нұра және атасу кезеңі ал кейінгі қола мәдениетін беғазы-дәндібай деп бөледі. Сондай-ақ, қосымша мәліметтердің жиналуы негізінде андрон мәдениетінің атасудан кейінгі қолаға өту кезеңі болуы әбден мүмкін екендігін де көрсетеді. Орталық Қазақстанның андрон мәдениетінің нұра және атасу кезеңі жалпы белгілері және мәдениеті жағынан зауральдың Федоров және Алакөл кезеңіне мерзімделген. Автордың «в погребениях нуринаского времени, в отличие от федоровских, преобладает неполное трупосожжение. Наряду с мелкими обломками кальцинированных костей в них встречаются фрагменты или целые кости, не тронутые огнем. Вряд ли это парные захоронения, когда обычно один из трупов сжигали, а другой погребали без сожжения» деген тұжырымынан нұра уақытын федоров уақытынан жерлеу рәсімдерінің ерекшеліктері арқылы ажыратқандығын байқаймыз /7, 85 б./.

К.Ақышев экспедиция зерттеген ескерткіштердің басым бөлігін атасулық болып табылатын андрон мәдениетінің дамыған кезеңіне топтастырады. Сондай-ақ, осы кезеңге толық сипаттама бере отырып былай дейді: «Орталық Қазақстанның атасу кезеңіндегі тайпалардың мәдениеті генетикалық жағынан нұра мәдениетімен байланысты және оның тарихи жалғасы болып табылады. Ол адам өміріне әлеуметтік

өзгерістер әкелген қоғамдағы өндіргіш күштердің дамуына, діни түсініктер мен тұрмысқа өзгерістер енгізген кезең болды» /1, 65 б./.

Алайда қола дәуіріндегі ескерткіштерді кезеңдеуге байланысты Ә.Х.Марғұлан мен К.Ақышевтің жоғарыда тоқталып өткен зерттеушілері ескерткіштерді топтастыруда еш өзгеріс жасай алмаған. Олар тек қана жаңа материалдарды енгізіп, оларды нақтылай түсумен ғана шектелген. Алайда авторлар 1953 жылдан бастап өзгерістер бола бастағандығын баяндай отырап, өздерінің жасаған кезеңдеулерін алдыға тартады. Археологиялық қазба жұмыстары барысында жинақталған жаңа материалдар қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық және тарихи-мәдени мәселелерін анықтауға ғана емес, сондай-ақ ескерткіштердің ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берген. Ескерткіштердің өзгешеліктерін ескере отырып автор зерттеліп отырған аймақтың андрон мәдениетін екі кезеңге бөледі. Оны мына арадан байқаймыз: «Мы считаем необходимым с учетом специфики памятников разделить андроновскую культуру изучаемого региона на два этапа: нуринский и атасуский» /6, 15 б./.

Зерттеушілер еңбегінің I бөлімінің II тарауы «Орталық Қазақстанның андрон ескерткіштері» деп аталады. Бұл тарауды К.Ақышев пен Ә.Х.Марғұлан бірлесіп отырып жазған. Тарауда андрон мәдениетінің ескерткіштері төмендегі кестеден көріп отырғанымыздай екі кезеңге топтастырылған.

<i>Нұра кезеңі</i>	<i>Атасу кезеңі</i>
Ақшатау, Бұғылы I, Байбала I, Қосағыл, Қанатгас, Ботақара тобы.	Айшырақ, Сангру II, Былқылдақ I, II, III, Шерубай-Нұра, Қарасай, Темір-Астау, Қарабие, Ақсу-Аюлы I, Беғазы, Елшібек, Беласар, Егіз Қойтас, Жамбай-Қарасу, Басбалдақ, Алтынсу, Жаңайдар.

Қос автор кестеде көрсетілген кешендер мен ескерткіштер тобының ашылған жылына, құрылысына, орналасқан орнына тоқталып, жалпылама сипаттама береді.

Сондай-ақ Орталық Қазақстанның қола дәуірінің алуан түрлі ескерткіштерінің ішінен андрон тайпаларының діни дәстүрлерімен байланысты қабір құрылыстарына Ә.Х.Марғұлан ерекше тоқталып өткен. Автор бірнеше қабір қоршауларына сипаттама берген. Мәселен, Боқсай, Талды, Қарасу, Қалмақ Қырған, Жарлы секілді қабір қоршаулары. Бұл арадан біз қабір қоршауларының Нұра, Қарасу, Жарлы, Боқсай сияқты өзендердің аңғарларынан табылғандығына көз жеткіземіз.

Ғылыми еңбектің IV тарауын Ә.Х.Марғұлан мен А.М.Оразбаев жазған. Тарауда қола дәуірінің қоныстары мен баспаналары туралы баяндалады.

Ұзақ жылдар бойы Орталық Қазақстан территориясында қола дәуірінің қоныстары жоқ деп есептелген болатын. Алайда 1955-1956 жылдары Ә.Х.Марғұланның басшылығымен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының мұқият жүргізген зерттеулері бұл мәселе бойынша қалыптасқан пікірді өзгертті. Орталық Қазақстанның әр түрлі аудандарынан 30 шақты қоныс тіркелген /3, 4 б./.

Бұл тарауда Ә.Х.Марғұлан мен А.М.Оразбаев қоныстарға жүргізілген зерттеу жұмыстарына баса назар аударған. 30-шы жылдары Қазақстанда алғаш рет қазылған Алексеев қонысына ерекше көңіл бөлген. Бұл қонысты О.А.Кривцова-Гракова қазған болатын. О.А.Кривцова-Гракованың зерттеу жұмысының қорытындылары монографиялық еңбегінде жарияланған /4/. Бұл кездейсоқ ашылу зерттеушілерді қола дәуірінің ескерткіштері тараған аудандарда қоныстарда бар деген байламға келтірді. Мұның дәлелі ретінде 1948 жылы О.А.Кривцова-Гракова ашқан Садчиков

қонысын көрсетеді /1, 203 б./. Бұл екі қоныс Қостанай қаласынан оңтүстікбатысқа қарай Тобылдың жоғарғы аңғарында орналасқан. Сонымен қатар, 1947-1956 жылдары С.С.Черников пен А.Г.Максимованың Шығыс Қазақстандағы қоныстар тобына, 1959-1961 жылдары В.С.Сорокиннің Тасты-Бұтақ қонысына, 1961 жылы А.М.Оразбаевтың Көкшетау облысындағы Шағалалы қонысына, И.В.Синицынның Батыс Қазақстанның қола дәуірінің қоныстарына жүргізген зерттеу жұмыстары жөнінде сөз болады. Тараудан көріп отырғанымыздай 1955-56 жылдары Ә.Х.Марғұлан Атасу, Бұғылы I және II қоныстарына зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ал 1961-62 жылдары А.М.Оразбаев Ә.Х.Марғұланмен бірлесе отырып Ұлытау, Суық-Бұлақ және Қарқаралы II қоныстарын зерттеген болатын. 1963 жылы А.М.Оразбаев Бұғылы II қонысын зерттеуді әрі қарай жалғастырды /1, 204 б./.

Осы арадан қола дәуіріндегі қоныстардың Қазақстан территориясының барлық бөлігінен ашылып, зерттелгендігін байқаймыз. Зерттеушілер осы фактіге сүйене отырып мынандай тұжырымдар жасайды: «Этот факт говорит о том, что андроновская культура в своей основе - культура северных степей; она зародилась именно в этом районе и развилась на основе пастушеского скотоводства и разработки медной руды. На этой обширной территории жили, вероятно, родственные племена, связанные единством обычаев, хозяйственных и культурных привычек, быта и религиозного обряда». Авторлар жасаған тұжырыммен келісуге болады. Себебі, О.А.Кривцова-Гракованың, И.В.Синицынның зерттеген қабір орындары Орталық Қазақстанда да кездескен /1, 205 б./.

Бұл тарауда баспана құрылысы мен қоныстардың сипатына жеке тақырыпша арналған. А.М.Оразбаев жертөлелер мен жартылай жертөлелердің құрылысына тоқталып, Атасу, Бұғылы II, Ұлытау, СуықБұлақ қоныстарына сипаттама береді. Автор Орталық Қазақстандағы андрон тайпаларының жоғарғы құрылыс мәдениетімен ерекшеленетіндігін көрсетеді. Жоғарыда аталған қоныстарға берген сипаттамаларынан андрон тайпаларының өз арттарына тас архитектурасының алуан түрлі ескерткіштерін қалдырғандығын көреміз. Сондай-ақ, шаруашылық, қоғамдық құрылыс, отбасы-неке қарым-қатынасының дамуы, наным-сенімдер қарастырылады. Жекелеген параграфтар балқыту және құйма әдістері арқылы руда өндіру, тас және сүйек құралдары, қару-жарақ және әшекей бұйымдарға арналған. Әсіресе саз балшықтан жасалған ыдыстардың формаларының өзгеруіне, ою-өрнектердің эволюциясына, керамикалық бұйымдарды күйдіру мен даярлау техникасына баса назар аударылған.

Тарау авторларының көрсетуінше, қола дәуірінің ерте кезеңінде тайпалардың шаруашылығы екі бағытта дамыған, үй маңайындағы мал шаруашылығы және кетпенді түріндегі жабайы егін шаруашылығы. Кейінгі кезеңнің I-ші жартысы (б.э.д X-VIII ғ.ғ.) отырықшылықты сақтай отырып жылжып мал шаруашылығына, ал соңы-көшпенді мал шаруашылығына өтумен сипатталады.

Бұл кезеңде қоғамда патриархальды-рулық қарым-қатынас үстемдік етіп отырған болатын, бірақ үлкен патриархальды отбасы бөлініп, кейіннен-кіші дербес отбасылар, руға қарсы отбасы қауымы пайда бола бастады. Отбасы-неке қарым-қатынасында қос неке басым, сонымен қатар бір уақытта дербес меншіктің пайда болуына, кейіннен жеке меншікпен мұрагерлік институттардың тууы мен дамуына әкеп тіреген бір некелік тез дамыған.

Қоныстар мен обаларды зерттеу андрон (б.э.д 2 мың.ж.) және беғазы-дәндібай (б.э.д 1 мың.ж.) мәдениеті деген екі тарихи-мәдени кезеңдердің уақыт шеңберінен шықпайды. Ескерткіштерге жүргізілген ғылыми талдаулар олардың мәдениеті және уақыты жағынан Приобьядағы, Оңтүстік Сібірдегі және Приуральдағы андрон мәдениетінің федоров және алакөл кезеңдеріне жақын екендігін көрсетіп отыр.

Қола дәуірінің мәдениеттеріндегі ұқсас белгілер, ескерткіштердің сыртқы түрі, ыдыстардың пішіндері мен өрнектері, жерлеу ғұрпы оларды дербес мәдениеттерге бөледі /5, 79 б./.

Жалпы алғанда Орталық Қазақстан андрон тайпаларының қалыптасуы мен дамуының бірден-бір негізгі ауданы болып табылады. Осы уақыттағы көптеген әр түрлі ескерткіштердің тобы, жергілікті территориялармен салыстырмалы түрде олардың сыртқы пішіні, құрылыс техникасы, материалдық мәдениеттің өндіріс заттарының деңгейіне қарап, андрон классикалық мәдениеті деп атауға болатын жоғарғы мәдениет жөнінде айтылғандығын байқаймыз.

Орталық Қазақстан тайпаларының жоғары дамыған мәдениеті жақын маңайдағы аудандардағы мәдениеттердің дамуына өз әсерін тигізді. Сондықтан орталық қазақстандық мәдениеттердің ұқсастығы, бірегейлігі Солтүстік, Батыс және Шығыс Қазақстанның қола дәуірінің ескерткіштерінде байқалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. -Алма-Ата, 1966.
2. Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. // МИА. -Ленинград, 1960. №88.
3. Маргулан А.Х. Открытие новых памятников культуры эпохи бронзы Центрального Казахстана. -Москва. 1960.
4. Кривцова-Гракова О.А. Алексеевское поселение и могильник. // Тр.ГИМ.1948. Вып.5.
5. Акишев К.А. Некоторые итоги археологических работ 1957 г. на территории Казахстана. // Изв.АН КазССР. Сер.ист., археол.и этн.1958.Вып.3(8).
6. Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. -Алма-Ата, 1992.
7. Акишев К.А., Агеева Е.И. Археологические работы 1956 года. // Изв.АН КазССР. Сер.ист., археол.и этн.1958.Вып.1(6).

РЕЗЮМЕ.

В статье автор рассматривает взгляды казахстанских исследователей на андроновскую культуру.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан зерттеушілерінің андрон мәдениетіне көзқарастары қарастырылған.

ПРОЦЕСС ФОРМИРОВАНИЯ МЕХАНИЗМОВ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ВЛАСТИ И НПО В КАЗАХСТАНЕ

Идрисова А. Н. - магистрант (г.Алматы, КазНУ имени Аль-Фараби)

Становление гражданского общества является следствием эволюции демократических традиций и происходит одновременно с развитием правового государства, которое создает определенные условия для существования гражданского общества, а также его ценностей. Последние десять лет в мире официальное признание роли гражданского общества в развитии демократии становится все более ощутимым.

Осуществление преобразований в обществе, связанные с построением эффективной экономики и дальнейшего развития демократии в Казахстане, связывают с развитием различного рода неправительственных организаций. Именно они являются своеобразным социальным регулятором общественных отношений, выполняют роль посредников между государством, и гражданами, берут на себя выполнение многих функций социальных преобразований и работ в обществе. Особое место и значение НПО в этих процессах подчеркнуто Президентом Республики Казахстан Нурсултаном Назарбаевым: «...ключевой элемент демократизации – укрепление роли неправительственных организаций в строительстве гражданского общества» /1/.

Становление неправительственного сектора совпадает со становлением казахстанской государственности, периодом развития Казахстана как демократического, социального государства с рыночной экономикой. В Казахстане за 10 лет независимости сформировался неправительственный сектор, состоящий из числа общественных объединений, фондов, негосударственных некоммерческих учреждений, решающий социально значимые проблемы общества /2/.

Неправительственные организации - это некоммерческие организации, созданные гражданами на добровольной основе для достижения ими общих целей, не противоречащих законодательству, являющиеся одним из механизмов регулирования общественных отношений. Деятельность неправительственных организаций направлена на развитие гражданской инициативы, повышение роли общественных организаций в решении социальных проблем, достижение устойчивого развития общества.

На сегодня система неправительственных организации в Казахстане как основной институт гражданского общества в некоторой степени выполняет функцию связующего звена между негосударственными органами и основной массой людей. Во всех развитых странах неправительственные организации образуют публичный третий сектор общества, играя огромную роль и выражая общественные интересы граждан самым прямым и непосредственным образом, будучи социальными партнерами государственного и предпринимательского секторов и входя в сбалансированный механизм обеспечения общественного существования. При поддержке НПО осуществляются социально направленные программы, обеспечивается общественная оценка законопроектов, программ самого различного назначения, защита гражданских прав, поддерживается полноценность существования личности и реализация её индивидуальных и общественных устремлений /3/.

НПО в Казахстане пока не достигли того уровня, что бы стать авторитетными институтами гражданского общества, но темпы их развития позволяют делать самые оптимистичные прогнозы. Уже сейчас четко определились основные функции казахстанских неправительственных организаций. Во-первых, НПО пропагандируют гражданскую деятельность, такую, например, как здравоохранение и гуманитарная помощь. Во-вторых, функции НПО в ряде случаев носят благотворительный характер. В-третьих, установленным фактом является то, что общества, в которых имеется развитый некоммерческий сектор, сохраняют более сильные коммерческие сектора.

В Казахстане НПО принято называть общественными организациями третьего сектора, так как первым сектором является государство, вторым соответственно, бизнес. Во всем мире третий сектор оказывает огромную помощь в социальной политике государства. Ведь защищать социально уязвимые слои общества это не только прямая обязанность государства, но и каждого гражданина своей страны.

У каждого государства свой путь развития и построения сильного гражданского общества. На сегодняшний день и в Казахстане происходит процесс формирования механизмов взаимодействия власти и НПО. Создана Палата общественных экспертов при Мажилисе Парламента Республики Казахстан. Этот первый шаг необходимо развивать дальше /4/.

Для стимулирования деятельности НПО введен Государственный социальный заказ. Практика первых лет уже продемонстрировала все несовершенства этого закона, открывающие широкие возможности для злоупотребления со стороны государственной бюрократии. Но надо отдать должное государственной политике поддержки неправительственного сектора. Уже на первом этапе были созданы и приняты ряд законодательных актов в поддержку НПО. В целях консолидации совместных усилий по решению социально значимых проблем НПО объединяются в различные союзы. Успешно действуют АННОК (Ассоциация некоммерческих неправительственных организаций), КНОК (Конфедерация неправительственных организаций Казахстана), образованная в апреле 2001 года. По данным экспертов насчитывается свыше 5 тысяч НПО только в Алматы. Ведь если подумать - это немалое количество даже для таково мегаполиса как наш город. Но от количественного преимущества хотелось бы качественной, плодотворной работы с их стороны. Конечно, в каждом районе акимате существуют специально созданные отделы по работе с неправительственными организациями, но их работу должны видеть и на себе ощущать мы с вами.

Указом главы государства утверждена Концепция развития гражданского общества Республики Казахстан на 2006-2011гг. В реализацию этого указа правительством утвержден план мероприятий по реализации концепции. Но не будем забывать, что проявлять свою гражданскую позицию должен каждый гражданин своего государства, и только общими усилиями мы сможем преодолеть нелегкий, но очень нужный для нас путь развития /5/.

В настоящее время исследовательская деятельность в области изучения различных аспектов жизнедеятельности неправительственного сектора не столь обширна как в сфере изучения гражданского общества, но уже видна положительная динамика в этом вопросе. Общетеоретические вопросы становления и развития третьего сектора разрабатываются в работах американских и западных исследователей, таких как П. Друкер, Д. Монтгомери, Д.Алмонда. В Казахстане серьезный интерес для разработки эффективной методологии по проблематике гражданского общества и неправительственных организации представляют труды НА.Назарбаева. Различные теоретические аспекты становления и развития гражданского общества активно разрабатываются целым рядом ведущих казахстанских ученых: К.А.Абишевым, Б.Г.Аяганом, Ж.Х.Джунусовой, Г.Ж.Ибраевой, М.С.Машаном и другими.

В настоящее время отсутствуют исследования, посвященные анализу влияния неправительственных организаций на политический процесс в Казахстане. Одна из первых работ по изучению политических аспектов развития НПО как института гражданского общества является диссертационная работа Н.Саханова /6/.

В Казахстане, изучением социальной и политической феноменологии неправительственного сектора заняты в основном специалисты практики общественно-политического развития, работающие в международных донорских структурах, иностранных экспертных организациях, государственных органах и НПО. Интересные разработки в области изучения общетеоретических аспектов развития неправительственного сектора есть у таких признанных лидеров неправительственного движения как В.Сиврюкова и А.Думбаев. Безусловно, заслуживают внимания исследовательские работы бывшего директора Департамента

внутренней политики Министерства информации РК Г.Телебаева и редактора журнала «Спектр развития» И.Франц, посвященные анализу процесса становления и развития неправительственных организации в исторической ретроспективе. Значительный вклад в исследования правовых аспектов развития неправительственного сектора внесли труды ведущих казахстанских правозащитников Е. Жовтиса, С. Золотникова, А. Андреева /7/.

Таким образом, в третьем секторе заняты в основном деятели или основатели общественных организации, также они являются авторами некоторых пособий для неправительственного сектора.

Еще в далеком прошлом ключевые идеи античной концепции гражданского общества, детальное представление об этом в своих трудах описывали Сократ, Платон, Аристотель. Аристотель: «Всякое государство представляет своего рода общение, всякое же общение организуется ради какого-либо блага... больше других и к высшему из всех и обнимает собой все остальные общения. Это общение и называется государственным или общением политическим» /8/.

Такая трактовка гражданского общества дает широкое поле возможностей для разработки современных концепции развития гражданского общества, которые базируются на примате коммуникационной системы в процессе общественно политического развития. Несомненно, построение гражданского общества во благо, прежде всего самого народа, нужно и это понимали еще в далеком прошлом, но у каждого государства свой путь и на этом пути могут быть ошибки. Само по себе гражданское общество представляет собой систему общественных институтов и отношений, которые необходимы для реализации частных и групповых интересов. Поэтому формирование гражданского общества, а также развитие сети гражданских институтов должно являться приоритетом социальной и правовой политики государства. Эффективность такой политики напрямую зависит от учета всего разнообразия социальных институтов, и от приведения в соответствие с заложенными принципами гражданского общества институциональной структуры. Поскольку местное самоуправление является наиболее близкой к населению формой власти, то основы гражданского общества должны основываться на местных сообществах.

Государственная политика в области местного самоуправления должна не только учитывать исторические, этнокультурные и религиозные особенности жизни местного самоуправления, но и включать механизмы превращения местных сообществ и входящих в его состав ассоциаций и объединений в самостоятельные и ответственные субъекты гражданского процесса. Создание и развитие местных сообществ в большой степени зависит от силы их связей с заинтересованными и активными людьми (гражданами). Эти связи создают единую картину гражданского общества в Казахстане.

В данном ключе особую значимость приобретает понятие социального капитала, который является ядром гражданского общества. Развитие гражданского общества и демократии происходит за счет сильной социальной политики и программ, в основе которых заложена стратегия развития социального капитала на местном уровне. Понятие социального капитала должно быть ключевым при разработке правительственных программ повышения общественного благосостояния и улучшения качества предоставляемых социальных услуг. Радикальное изменение внешней среды делает большинство теорий устаревшими или слабыми и бессильными в попытке объяснения происходящих процессов в современном мире. Рассмотрения такого нового для казахстанской науки понятия как «социальный капитал» в контексте демократии и гражданского общества заставляет обращаться к работам зарубежных авторов, ибо на Западе оно уже давно является неотъемлемой

частью гражданского общества. Одной из концепций, разрабатывающей понятия социального капитала, является теория социального прагматизма Джона Дьюи /9/.

Поскольку развитие социального капитала – процесс многогранный, то выделить его из системы местного сообщества для аналитического изучения достаточно сложно. Теория социального прагматизма Джона Дьюи является точным инструментом для понимания стратегии, направленной на развитие социального капитала, конечной целью которой является создание потенциала местного сообщества на основе сотрудничества и партнерства его членов. Новый взгляд на социальный капитал как на рациональный подход к современной социальной политике, основан на анализе исторических и теоретических предпосылок. Теоретической базой в данном случае является концепция социальных сетей и социальных ресурсов, отраженная в работах Дж. Колмана и П.Бурдье, которые считали, что социальный капитал является подходящим способом для повышения индивидуального статуса и статуса семьи, а так же уровня материального благосостояния в обществе /10/.

Представители другого теоретического подхода рассматривают социальный капитал как инструмент, усиливающий гражданскую ответственность и демократические институты. Этот подход основан на идеях Токвиля о гражданском достоинстве. Придерживаясь данного подхода в изучении современного общества, Роберт Патнем смог выявить источник социального капитала. Он считал, что социальный капитал возникает из отношений различных групп сообщества. Поскольку люди взаимодействуют друг с другом через групповое участие, то они тем самым формируют уникальность сообщества, его нормы, учатся доверять друг другу и объединяться для получения общих результатов. Высокая гражданская сознательность способствует экономическому развитию, обеспечивает высокий уровень политического участия, а также увеличивает ответственность правительства. Социальный капитал, как и финансовый капитал, является ресурсом, который создается сообществом с целью обрести свое единство. Патнем полагал, что рассмотрение социального капитала невозможно без таких элементов как добровольность, некоммерческие социальные организации, вовлечение индивидов в жизнь сообщества. Вот этот самый выше сказанный социальный капитал надо накапливать и создавать, ведь каждый из нас осознает что общество, в котором мы вместе живем по большой мере зависит от нас самих, и только мы сами сможем построить сильное гражданское общество без которого немыслимо свободное демократическое общество.

ЛИТЕРАТУРА

1. Информационный справочник о неправительственных организациях РК. -Астана. 2000.
2. Программа государственной поддержки неправительственных организаций РК на 2003-2005 годы. Постановление правительства РК от 17.03. 2003 года №253.
3. Нугуманова К Ж. Неправительственные организации - базовая основа гражданского общества. // Казахстан-Спектр. 2003. №4 (26)-с.19.
4. Назарбаева Д. Активизация участия граждан в процессе принятия государственных решений – необходимое условие повышения конкурентоспособности страны. // Саясат. 2006-№10- С.5.
5. Там же. С.6.
6. Н.Саханов. Диссертационная работа «Неправительственные организации Казахстана как институт гражданского общества».
7. Там же.
8. Аристотель. Политика. -М., Мысль, 1986.-С.376.

9. Гасий ВВ. Социальный капитал, гражданское общество и демократия в теории социального прагматизма Дж.Дьюи. //Вестник МГУ, серия 18. Социология и политология. 2005. №3-С.170.
10. Там же. С.173.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазіргі күндегі мемлекеттік емес сектордың дамуына ҮЕҰ-ның айтарлықтай орынды үлес қосатындығы, олардың қоғамның үшінші секторын құрайтындығы, нарықтық саяси модернизацияның негізгі ортақ элементі болып табылатындығы айтылған. Мемлекет пен ҮЕҰ арасындағы өзара байланысы көрсетілген.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль неправительственных организаций в строительстве гражданского общества.

ШЫҢ ШЫСАЙ ҮКІМЕТІНІҢ ШЫНЖАНДА ЖҮРГІЗГЕН САЯСАТЫ

Қалидолла Әділбек – магистрант (Алматы қ., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ)

Шынжаңның билігіне Шың шысай келген кездегі өлкедегі саяси жағдай күрделі қалпында қалған еді. Ол Шынжаңның басшылығын ресми түрде қолына алғанымен, аймақтың барлық дерлік аудандары көтерілісшілердің қолында болды. Қожанияздың билігіне солтүстік Шынжаңның бірқатар аудандары қарап үлгерген еді. 1933 жылы Қожанияз әскерімен Үрімжіге бет алған кезде ол Монғолия арқылы тағы да 10 мың сәрі күміс ақшаға тең келетін қару-жарақ, киім-кешек, т.б орасан зор көлемдегі көмек алды. Сондай-ақ, 30-дай ұйғыр жастарын Монғолияға оқуға жіберді /1, 113б./.

«12 сәуір саяси өзгерісінен» кейін құрылған үкімет құрылымы уақыттық тәртіп сақтау комитеті еді. Шың шысай әскери күшке сүйеніп тартып алған бұл билікті Нанжин үкіметі дереу мойындай қоймады. Оның саяси жағдайы өте күрделі болды. 1933 жылы мамырдың орта мезгілінде, Ма жұңнің екінші рет Шынжаңға келіп, Морайды басып алып, Шонжыға шабуыл жасады. Әр реткі шайқастың бәрінде жеңіске жетіп отырды. Шың шысай өлке армиясы шығыс-солтүстік жапон басқыншыларына қарсы отан құтқару армиясы мен Шынжаңға 1918 жылдан 1920 жылдары қашып шегінген ақ гвардия армиясынан жиыны 5 000 адамды бастап көмекке барады. 10 маусым күні Нанжин ұлттық үкіметі мемлекет қорғаныс министрлігінің орынбасары Хуан мүсұнды хал сұраушы ретінде Үрімжіге «жарастыру» және «хал сұрауға» жібереді. Ма жұңнің өз күшіне арқаланып, келісімге келгісі келмей батысқа жорық жасамақшы болады. Маусымның 12 күні Шың шысай мен Ма жұңнің зиниглуанда соғысады. Бұл шайқаста Ма жұңнің жеңіліп қалады да, ақыры қалған 3 мың адамын бастап Пішән, Тұрпанға шегінеді. Шың шысай өлке отралығының саяси ауқымы тұрақсыз болғандығы себепті Үрімжіге қайтады /2, 405 б/.

Шың шысай билігіне жергілікті халықтар иланбады. Алдымен Іле тың игеру ұлығы Жаң Пиюанға келсек, ол кезінде Жин шуріннің қол астында болған, атағы Шың шысайдан жоғары еді. Оның үстіне Іле мен Тарбағатайды талай жыл билеген, белгілі күшке де ие еді. Онан соң Лию үнлуңды алсақ, ол өлкелік үкіметтің төрағасы, бірақ, Шың шысай «армия мен халықты бөліп басқару» деген сөзінде тұрмай, жеке

өзі билеп төстеп білгенін істеді. Сондықтан ол іс жүзінде қуыршаққа айналып қалды. Мамырдың 1-де Нан жиың орталық үкіметі оның билігін мойындап, шекара қорғаныс армиясының бас қолбасшылығына тағайындайды /3, 25 б. /.

1933 жылдың көктеміне қарай, көтеріліске шыққан ұйғырлар, қазақтар, қырғыздар мен моңғұлдар Шинжаңның 90% территориясына бақылау орнатады. 1933 жылы 10 шілдеде олар көтерілісшілер азат еткен аудандарда «Шығыс Түркістан Республикасын» (ШТР) жариялады. Кейінірек Қашқар қаласында орын тепкен «Шығыс түркістан ислам республикасының» уақытша үкіметі құрылды. Оның ұйғыр феодалдарының қайраткерлері Мұхаммед имен Сәбит дамолла басқарды. Хотанда құрылған бұл үкімет кейінірек Қашқарға қоныс аударған болатын.

Шинжаңның Құмыл, Баркөл, Тұрпан қалаларына ие болған көтерілісшілердің басында тұрған мұсылман феодалдық топтардың өкілдері Шинжаңда дербес мемлекет ШТР құру жолындағы күрестерін исламдық ұрандармен бүкіл Орталық Азияға көздеді. 1933 жылы қарашада Шығыс Түркістан ислам Республикасының басшылары Шың шысайдың үкіметін мойындамайтындықтарын білдірді. Олар Шинжаңда парламенттік республика құруды, оның саяси бағдарламасын, декларациясын, конституциясын көздейтіндіктерін мәлімдейді. Осы уақытша үкіметтің барлық құрлымдарында мұсылмандық бай топтардың өкілдері сайланады. Көтерілісшілер ШТР ислам іліміне негізделген мемлекет деп, ал Қожаниязды ШТР-ның президенті деп жариялайды /4, 330 б./ Бұндай шешім ШТР басшыларының саяси ұстанымдарының солқылдақтығын көрсетеді. Ал Қожаниязға Кеңес Одағы Моңғолия арқылы өз кеңесшілерін жіберіп, оны Шың шысаймен тіл табысуға дербес мемлекет құру идеясынан бас тартуға үгіттеуін тоқтатпайды /2, 228 б./ Солайша 1934 жылы Қожанияз Үрімжіге келіп Кеңес Одағының ұсынысымен бұл пікірді қабыл алғандығын мәлімдейді де, Шың шысай оны өзінің орынбасары етіп тағайындайды.

Бұл кезде Ма жүңидың армиясы Шинжаңның үлкен бөлігіне ие болып, Қашқар, Жаркент, Қарашәр, Ақсу, Қотан қалаларын басып алды. Енді ол әкімшілік орталық Үрімжі қаласына қауып төндіреді. 1933 жылдың күзінде оның әскерлері Алтай аймағынан Шәуешекке шабуыл жасап, онан ары құмылға бармақ болады. Ал Шың шысайдың қолындағы әскери күш әлі жеткіліксіз еді. Сондықтан қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Шың шысай құпия түрде Кеңес Одағының Шинжаңға кеңес әскерлерін енгізу жөнінде көмек сұрайды. Сталин Шың шысайдың өтінішін қабылдап әскер енгізуге рұқсат береді. 1933 жылдың аяғында Кеңес Оданынан оған бір топ әскери кеңесшілер көмекке жіберіледі. Ал жағдай шиеленісе түскен қиын сәттер тұсында «Алтай отряды» дейтін кеңестік әскери күштерді де аттандырады. Шинжаңға енгізілген бұл қызыл армияның бөліктері Шың шысай әскерлері сияқты жасандырылып, Шинжаңның солтүстік жағынан енгізіледі. Кеңес үкіметі Шыңжаңға енгізген әскеріне жергілікті әскерлердің киімін кигізіп, сонымен қатар гоминдандық ту белгісімен бүркемеленген әскери ұшақтар жіберіледі. Сөйтіп олар Шың шысайға оның жауы Ма жүңидың әскерлерін талқандап, оның Шинжаңдағы билігін сақтап қалуға көмектеседі.

1934 жылы көктемде Шың шысай әскерлері Кеңестік қызыл армияның үш қызыл полкімен «Алтай отрядының» көмегімен Ма жүңидың оңтүстік Шинжаңдағы қарулы қарсылығын бір жолата күйретеді. Соғыс аяқталған соң Кеңес әскерлері еліне қайта оралады /4, 330 б./ 1934 жылы қазанда Шың шысай Кеңес Одағының әскерлерінің көмегімен «Шығыс Түркістан Ислам Республикасының» қарсылық көрсетуші топтарын талқандап, оның өмір сүруін тоқтатады /5, 89 б./

Сүйтіп Шың шысай Шинжаңдағы саяси билікті біраз уақытқа болса да тұрақтандырады. Бірақ, Шинжаңдағы жағдай толық шешілген жоқ еді. Шинжаңдағы мұсылман халықтарының 1931-1934 жылдардағы көтерілісі басып

жаншылды. Қытай әскерлерімен кеңес әскерлері күш қоса отырып «Ұйғұрстан немесе Исламдық Түркістан Республикасын» құру жолындағы Шинжаң халықтарының азаматтық күресін бесігінде тұншықтырады. Бірақ өлкенің халқы бірден тыныштала қалған жоқ. Көтеріліс ошақтары әр жерден шығып отырды /6, 500 б./.

1933 жылы 12 сәуірдегі саяси өзгеріс арқылы Шынжаңның билігіне отыра салысымен, Шың шысай Кеңес Одағы үкіметінің кеңесшілерінің қатысуымен дайындалған экономикалық және әлеуметтік бағдарламаны жариялайды. Ол төмендегідей мәселелерді қамтиды: Шынжаңның барлық халықтарының тең құқылылығы; адамдарды жұмысқа алған кезе оларға еңбек ақысын төлеу кезінде ұлт аралық теңдікті сақтау; баспа сөз жиналыс бостандығы; Бұрынғы әкімшіліктің заңсыз қаулыларын жою; байланыс жолдарын жақсарту, халықтың тұрмысын көтеру; Шынжаңның кен байлықтарын ашу және оны игеру; кедей шаруаларға көмек көрсету; көрші елдерге тату, достық ниетті көзқарас ұстау; қаржы көздерін біріктіру /4, 339 б./. Осылайша саяси салада Кеңес Одағы мен жақындасу, империализмге қарсы тұру желеуін көтеріп «алты ірі саясатты» біртіндеп түзіп шықты. 1934 жылы наурызда Шың шысай империализмге қарсы тұру, бейбітшілік, құрылыс алып беру сынды үш үлкен саясатын ортаға қояды. Сол жылы тамыздың бірінде Шың шысай өлке армиясын империализмге қарсы армия деп жариялайды. 1935 жылы Кеңес Одағы партия мүшелерінен бір тобы Шынжаңға келеді. «империализмге қарсы тұру қоғамы» құрылып, мүшелері 2400-ге жетті. 14 бөлімше қоғамнан құрылып, Іле, Алтай, Тарбағатай жерлеріне орналасады. Сонымен бірге Кеңес Одағымен жақындасып, Кеңес Одағы партиясымен бірлесу, империализмге, Жапон басқыншыларына қарсы тұру, Шынжаңды ашу және құру қағидаларын дәріптеді. Сонымен бірге жергілікті орындардың өзін-өзі басқару, қиянатшы паракор мәнсаптілермен зорекер жуан жұдырықтарды жоғалту, әр ұлт халықтарының мәдениетін жоғарлату, құлдық және күндік қалдықтарын жою міндетін қояды. Ұлы шегімдіктерді саудалауға. Халыққа сөз сөйлеу, баспа сөз еркіндігін береді, т.б. Сондықтан Шынжаңдағы әр ұлт халқының және шығыс-солтүстікті Жапон басқыншыларына қарсы армияның қорғауы мен қолдауына ие болып, Шың шысайдың өз үкіметін бекемдеудегі басты қаруына айналды /7, 465 б./.

Шың шысай Кеңес Одағымен жақындасу, империализмге қарсы тұру желеуін көтеріп шыққан соң, Кеңес Одағы саяси-экономика, әскери жақтардан Шың шысай үкіметіне көмектер берді. 1933 жылы желтоқсан және қаңтарда Кеңес Одағы Шың шысайдың талабына сай қызыл армия бөлімдерін жіберіп, Шың шысай армиясының Жаң фианға шабуыл жасап, Ма жұңиынді жеңіп, Шың шысайдың үстемдігін орнықтыруына көмектесті. 1934 жылы көктемде Шың шысай кеңес үкіметінің 10 мың адамдық әскери қару-жарақпен қамтамасыз етуін, бір бөлім кеңес одағы коммунистік партия мүшелерінің Шынжаңға келіп, қызмет істеуін талап етті. 1935 жылы көктемде Кеңес Одағы Шың шысайдың экономикасын қалпына келтіру, құрылыс жүргізу, мәдениет оқу-ағартуды көркейту үшін оған 5 млн. алтын рублий қарыз берді. Мұның аз бөліміне қару-жарақ сатып алғаннан басқа, көп бөлімін тас жол салуға, машина сатып алуға, завод құруға жұмсады. Кеңес Одағының техниктері мен мамандарынан бір топ адам Шынжаңға келіп, құрылыс жоспарын жасауға көмектесті. 1934 жылы 12 сәуірде «12 сәуір саяси өзгерісінің» бір жылдығы толған күні Шың шысай билік жүргізу принципіндегі 8 ірі жарнаманы ортаға қойды. Олар: ұлттар теңдігі, діни сенім еркіндігі, ауыл-қыстаққа көмектесу, қазынаны ретке салу, мансаптыларды тексеріп анықтау, оқу-ағартуды дамыту, өзін-өзі басқаруды жолға қою, әділет ісін жақсарту. 1935 жылы 12 сәуірде Шың шысай тағы да 9 түрлі жаңа міндетті ортаға қойды. Яғни, пәк болу, экономиканы дамыту, соғыстан сақтану, бейбітшілікті қорғау, ауыл шаруашылығын қолдау. Шынжаң мәңгі Қытай

территориясы екендігін сақтау, империализмге қарсы тұру, Шынжаң-Кеңес Одағы достық саясатына мәңгі табанды болу, жаңа Шынжаң құру, әр ұлттың бек-төрелер, молла, лама қатарлылардың қоғамдық орыны мен құқық мәселесіне кепілдік ету. 9 түрлі міндет 8 ірі жарнаманың толықтамасы және дамытулуы болып табылып, іс жүзінде 6 ірі саясаттың мазмұндары қамтылған /4, 345 б./.

1936 жылы Кеңес Одағының көмегімен Шынжаңдағы алғабасар қайраткерлердің көмегінде Шың шысай империализмге қарсы тұрып, Кеңес Одағымен жақындасу негізінде тағы да ұлттық теңдік, бейбітшілік, құрылыс жүргізу, өкіметке адал болу сияқты 4 саясатты айқын жинақтап шығып, сол кездегі өлкелік үкіметтің билік жүргізу программасы етті. Міне бұл Шың шысайдың 6 ірі саясаты еді /8, 124б./.

Шың шысайдың осындай саясаттарын жариялап, оны іске асыру арқылы да бедел жинап, өзінің билігін нығайту мақсатын көздегені болды. Оның саясатының түпкі мақсаты бәрі бір Қытай мемлекетінің ұлттық мүддесінен алыс кетпеді. Ол Шынжаңның Қытайдың бөлінбес бір бөлігі ретінде санайтын принципті ұстанды. Шың шысай бұл Кеңес үкіметінің көмегімен іске асырған жұмыстарының барлығы саяси қитұрқылықпен жасалған шаралар еді. Ол осы әрекеттері арқылы өзінің үстемдік диктатурасын орнату және өлкеде тұрақтылықты сақтағысы келді. Осы мақсаттарын іске асыру үшін, жергілікті халыққа осындай кейбір жеңілдіктер жасау жөніндегі бағдарламаларын жариялауға тура келді. Бұл бағдарламаларды жүзеге асыру үшін өлкедегі ішкі саяси жағдайдың тұрақты болуы, қалыптасқан экономикалық (әсіресе КСРО мен) байланыстар орнату қажет болды. Ал Кеңес Одағы Шың шысайға көмек көрсету арқылы өзінің мемлекеттік мүдделеріне сай мақсаттарын іске асыруға болатындығын ойлап, оған көмек беруге кірісті. Әсіресе Шың шысай мен Чаң кайши арасындағы күрделі де шиеленісті қатынасты тиімді пайдалану, кеңес дипломатиясының басты міндеті болды /5, 112б./.

Шың шысайдың Кеңес Одағының көмегіне арқа сүйеп, онымен тығыз байланыс орнату Шынжаң халқының экономикалық жағдайына оңды әсер етіп, олардың тұрмыс жағдайы жақсара бастайды. Кеңес одағымен орнатылған кең экономикалық байланыстар нәтижесінде Шынжаңның шаруашылығы түзеле бастайды. Кеңес үкіметінің берген несиелері арқасында жол құрылысы мен өнеркәсіп орындары жанданып, ауыл шаруашылығы, білім беру денсаулық сақтау салалары дамуға бет алды /4, 356б./.

40-шы жылдардың басында халқаралық жағдайда өте маңызды өзгерістер болды. 1941 жылы фашистік Германия КСРО-ға шабуылын бастайды. Осыдан бастап Шынжаң мен Кеңес Одағының қарым-қатынасы нашарлай бастайды. Осыны пайдаланған Нанжиң үкіметі Шынжаңда өз үстемдігін толық орнату үшін жаңа іс-шараларға алып баруды жеделдетеді. Биліктен айырылып, қуылуын сезген Шың шысай қалыптасқан күрделі жағдайдан шығудың жолын іздеп Чаң кайшимен тіл табысуға ұмтылады. Ол енді Қытай орталық үкіметімен жақындасып, КСРО- мен дұшпандық қатынасқа көшеді. Өлкедегі кеңестік ықпалды әлсіретуге кірісіп, Қытай компартиясы өкілдеріне қысым көрсету әрекетін бастайды /8, 143б./.

Ол енді бастапқы кезде халыққа уәде еткен демократиялық принциптерінен бас тартып, билікті сақтап қалудың басқа қатаң шаралар қолдану әдісін, диктатураға бет бұра бастады.

1941 жылдың екінші жартысынан бастап Шың шысай Шынжаңдағы жауапты қызметтерде отырған кезінде Кеңес одағымен ҚКП ұсынған барлық коммунистерді қызыметтерінен алып тастайды. ҚКП мүшелер арасында арандату әрекетін ұйымдастырып, коммунистерді түрмеге жауып, тұтқындауды күшейтеді. 1942 жылы 29 тамызда Үрімжіге Чаң кайшидің әйелі саясатқа белсенді түрде араласушы Сұң милиң келеді. Ол Дубанға күйеуінің жіберген хатын береді /7, 507б./.

Гоминданмен ара қатынасты осылайша жақсартқан Шың шысай 1942 жылдан бастап,

коммунистермен ұлт азаттық қозғалыстарды ұйымдастыру-шыларға ашық террорлық әрекетін бастайды. Жаппай террорлық әрекеттер гоминдаңның ұлы хандық шовинистік саясатының көрінісі бола отырып, ол Шың шысайдың 30 жылдары Шынжаңда өз билігін орнықтыру мақсатымен Кеңес Одағының көмегіне арқа сүйей отырып, жүргізген ұлттар туралы саясатына қарсы бағытта жүрді /9, 87 б./.

40-шы жылдардың басында Алтайдағы қазақтар Шың шысайдың озбырлық, аяусыз қанау, ұлттық езгі, қырып-жою мен ауыр салықтарымен шырмау саясатына қарсы көтеріліс басталған. Бұл көтеріліс 1944 жылға келгенде Шынжаңның басқа аймақтарын шарпып, кең көлемді ұлт-азаттық көтеріліске ұласты. Кеңес Одағының көмегінен айырылған Шың шысай көтерілісті басып-жанштауға шамасы жетпейді. Ұлт-азаттық толқулар дамып, Шынжаңдағы негізіне қазақтар орналасқан Іле, Тарбағатай, Алтай аймақтарындағы халықтың “үш аймақ көтерілісі” деп аталатын гоминдаң билігіне қарсы ұлт азаттық көтерілісі басталып, өте тез дамып, көлемі ұлғая түседі /6, 503 б./.

Бұл өз алдына зерттеуді қажет ететін тақырып, сондықтан бұл көтерілістің барысына тоқталмадық.

Шың шысай болса онсыз да ушығып тұрған жағдайды күрделендіріп, өзіне қарсылық көрсеткендердің барлығын, жазалауға көшу арқылы үлкен қателіктерге ұрына бастайды. Жаппай жазалау кезінде ол гомидандық топтардың өкілдерінде тұтқындауға кіріседі. Тұтқынға түскен гомидандықтардың біразын атып та тастайды. Генералдың бұл әрекеті гоминдан жетекшілерінің арасында наразылық тудырып, бұл үлкен жаңжалға әкеліп соғып, 1944 жылы 31 тамызда Чаң кайши амалсыздан қалыптасқан жағдайды бәсеңдету үшін Шың шысайды қызметінен босатуға шешім қабылдауға мәжбүр болады.

Сүйтіп, Шынжаңды қатыгез, өте қу, айлакерлікпен 11 жыл билеген Шың шысай Шынжаңның саяси сахнасынан осылайша кетеді. Шынжаңның басшылығына Шың шысайдан кейін гомидандың белгілі қайраткері У жүншин келеді. Бұл кезде Шынжаңда Шың шысайдың билігінің соңғы кезіндегі қатал саясатына қарсылық ретінде халықтық көтерілістердің өршіп тұрған кезеңі болатын. Осы көтерілісшілерді басуға әрекеттенген У жүншин жергілікті халықты ауыздықтау саясатын күшейтеді. Ал бұл керісінше сипатқа ие болып, халық көтерілісін онан ары тереңдетеді /7, 323 б./.

Жалпы Шың шысай үстемдігі кезінде Шынжаңның саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайы бастапқы кезіне белгілі дамушылықтармен алға ілгерлеушіліктерге ие болды. Бірақ, саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты Шын жаңның әлеуметтік-экономикалық жағдайы тоқырауда қалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Богасловски В.А, Москалов А.А. Национальный вопрос в Китае. –М., 1984.
2. Мұстафа Шоқай. Таңдамалары. 1-том. -Алматы, 1998.
3. Кузеншов В.С. Исыламның Қытайдағы саяси тарихы (XX ғ. 30-49 ж.ж.). -Үрімжі, 1996.
4. Нұржамал А. Тарихы талқыға толы Шынжаң. –Алматы, 2003.
5. Гулжан Ахметқызы. Шынжаңдағы қазақтардың саяси-әлеуметтік жағдайлары (1919-1949 ж.ж.). -Алматы, 2002.
6. Шынжаңның жергілікті тарихы. -Үрімжі, 1991.
7. Шынжаңның қысқаша тарихы. –Үрімжі. 1983. 3-том.
8. Жақсылық Сабитұлы. Қытайдағы қазақтар. -Алматы, 2002.
9. Имамәлі М. Қазақ тарихынан зерттеулер. –Үрімжі. 1995.

РЕЗЮМЕ

В статье автор на основе научных исследований казахстанских и китайских историков рассматривает внутреннюю и внешнюю политику правительства Шин Шыся в Синьцзяне

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан және қытай зерттеулерінің негізінде Шыңжаңдағы Шин Шысай үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты қарастырылған.

ПЛЕМЕНА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В ДО ТЮРКСКИЙ ПЕРИОД IV-VI вв.

Калиев Ж.А. – магистрант (г. Алматы, КазНУ им. аль-Фараби)

История Казахстана полна «белых пятен», и хотя на современном этапе эти неизученные проблемы постепенно раскрываются, все равно в Отечественной истории еще остается много вопросов. Одна из таких проблем, это история племен на рубеже древности и средневековья. В VI веке на территории Казахстана утверждается господство Тюркского каганата. Этому событию предшествовали значительные этнические передвижения племен в IV-VI веках. В статье речь пойдет о проблемах этнической истории прошлого Казахстана. Дается попытка создания целостной историко-этнической картины населения Казахстана в середине I тысячелетия н.э.

В статье мы рассмотрим несколько вопросов: 1) первое упоминание; 2) язык, 3) происхождение племен, 4) территория расселения, 5) миграция племен. Для удобства разделим вопросы по темам: 1) хиониты, 2) угры, 3) савиры, 4) теле, 5) Юэбань, 6) чуйские племена, 7) абары.

Впервые хиониты упоминаются в Авесте, как племена «хиона». Сакские племена Приаралья в IV в. уже известны как хиониты. На северо-западе они граничили с племенами увар, уграми, на севере с савирами, на востоке с абарами, на юге с эфталитами. Первое их упоминание относится к 346 г., когда они во главе с Грумбатом вторглись в Согд. В 359 г. Грумбат в союзе с шахом Сасанидского Ирана Шапуром II воюет против Византии. При осаде крепости Амиду погиб сын Грумбата. Фавст Бузанд сообщил, что в 371 г. царь кушан Аршакуни, наместник Балха поднял восстание против Шапура II. В 375-378 годах восставших поддержали хиониты, которых подавили эфталиты. В 472 г. эфталиты вытеснили хионитов из Согда. Остатки хионитов волеются в состав кангаров (печенегов).

По мнению С.Г. Кляшторного, хиониты - есть самоназвание эфталитов, которые делятся на спет хион (белые хиониты) и кармир хион (красные хиониты) /1/. М.И. Артамонов считает хионитов отюреченными уграми, смешанными с ираноязычными племенами Казахстана. По словам Феофана Византийца, царь кермихионов Аскел отправил посольство в 563 г. в Константинополь. После этого имя хионит нигде не встречается.

В результате смешения пришлых гуннских племен с приуральскими уграми и местными аланами, появились племена с угорским физическим типом, сарматской культурой и тюркским языком: огуры, увары, оногуры, сарагуры, савиры, болгары (кутургуры, утургуры), хазары. Кроме этих племен существовали и другие. Так например, по сообщению Феофилакта Симокатты: «Угры – одно из самых сильных племен в силу своей многочисленности и благодаря военным упражнениям в полном вооружении. Они живут на востоке, там, где течет река Тиль, которую тюрки

обыкновенно называют Черной. Древними вождями этого племени были уар и хунни» /2/. Захарий Ритор упоминает 13 кочевых народов Евразии: аунгур, аугур, савир, бургар, куртагар, авар, хазар, дармар, сиригур, баграсик, кулас, абдел, эфталит. Иордан сообщает о 5 народах - акацир, булгар, альтцигир, савир, гунугур.

Савиры упомянуты Птолемеем во II веке, который указал их ниже аорсов, рядом с борусками до Рипейских гор, из которых вытекает Танаис. Это угорские племена Западной Сибири, от которых и происходит название региона. Изгнанные абарами в 461-465 годах из Сибири, савиры заняли прикаспийские степи до Дербента. С 507 г. савиры начинают постоянно тревожить кавказскую границу Ирана. Феофан Исповедник сообщил о вторжении савир в 516 г. в Армению, Каппадокию, Галатию и Понт. Агафий сообщает о численности савир, определяемую им в 100 тысяч человек. Сарагуры, оногуры, савиры, хазары – вышли из тюркизированной угорской среды /3/.

Китайская транскрипция теле читается современными тюркологами в форме тегрек. «Тан шу» сообщает, что теле вначале V в. до н.э. назывались чиди (красные кочевники) и обитали в Шаньси. Во II в. до н.э. чиди были вытеснены в степь Алашань под названием дили. По древней легенде, записанной китайцами, теле происходят от младшей дочери хуннуского шаньюя и волка. «Предки гаогюйцев составляли 12 родов: 1) Лифулу, 2) Тулу, 3) Ичжань, 4) Далян, 5) Нухэ, 6) Дабо, 7) Алунь, 8) Моюнь, 9) Сыфынь, 10) Фуфуло, 11) Кююань, 12) Юшупей». В 338 г. покорены племенем тоба, но в 390 г. ушли к северу от Гоби и там приняли название Гаогюй (высокая телега) /4/.

Первое упоминание тюркоязычного союза племен теле связано с народом гаогюй (высокая телега), которое известно по китайским источникам с 338 г. В этот год тобасский хан покорил теле, живших к западу от Ордоса. В 490 г. они перекочевали в Джунгарию и распространились до Селенги. В 492 г. старейшина теле из рода фуфуло Афучжило поднял восстание против жужаней и завоевал государство Юэбань. Тогда же теле разделились на две части: северный правитель Афучжило принял титул «Великий император», а южный – титул «Наследный государь». В 494 г. эфталиты захватили южную часть государства Гаогюй, а в 496 г. покорили северную часть. Во главе покоренных теле эфталиты поставили Мивоту. В 508 г. Мивоту участвуя на стороне Вэй разгромил жужаней. Однако, уже в 516 г. жужани подчинили себе Гаогюй. В 521 г. младший брат Мивоту, Ифу восстановил независимость. Но в 534-540 годах жужани уничтожили Гаогюй. Теле представляли из себя конфедерацию 12 племен. По мнению Л.Н.Гумилева телеский племенной союз возник в III веке до н.э. в Ордосе /5/. Распад конфедерации теле произошел, вероятно, в 628 г., когда одно из его племен сяньто (сиры) заняло господствующее положение. В результате распада телеской конфедерации племена, составлявшие её основу, распространились от Хингана до Дуная, со временем составивших основу тюркоязычных народов Евразии.

Впервые хунны встречаются в китайских источниках в 822 г. до н.э. В 176 г. до н.э. гунны Модэ появляются у восточных границ Казахстана. Миграция тюркоязычных гуннских племен на территорию Казахстана проходила в три этапа. Первое переселение гуннов в Казахстан в 46 г. до н.э. В 42 г. до н.э. гунны и кангюй разгромили столицу усуней. В 36 г. до н.э. китайский экспедиционный корпус разрушил ставку Чжичжи на Таласе. В 91 г. ханьская армия разгромила ставку гуннов у Баркуля, а шаньюй бежал в кангюй. Однако, 200 тысяч гуннов осталась в Семиречье, где создало государство Юэбань. Сообщая о Юэбани, китайские авторы отметили сходство языка этого государства с языком гаогюйцев (теле), т.е. тюркским. В 155 г. сяньби вытеснили гуннов в Восточный Казахстан и Семиречье (6). Дионисий Периегет упоминает гуннов в Приаралье в 160 году, Птолемей в 175

году говорит о «хунах» уже в Причерноморье. Гунны тесня алан, смешались с уграми, и распространили тюркский язык задолго до прихода самих тюрков. Последняя волна гуннов 160 г. создала империю Атилы (род. ок. 395 г., умер в 453 г.) от Жаика до Рейна /7/.

Л.Н.Гумилев считает чуйские племена Семиречья и Джунгарии чуюе, чуми, чумугунь, чубань, потомками хуннов. К тому же племя чумугунь указано исследователем как предок кимаков. Позднее чумугунь наравне с тюргешами войдет в состав левого крыла дулу, а часть чубань с именем шато основали в Китае династию Поздняя Тан (923-956).

В отношении аваров в исторической науке имеется несколько точек зрения по происхождению этого племени. Некоторые ученые отождествляют аваров с жужанями (Маркварт, Пельо, Шаван, Грум-Гржимайло, Бернштам). Например, С.Г.Кляшторный утверждает, что в 551 г. после своего разгрома жуань-жуани частью бежали в Корею и Северный Китай, а частью на запад, где они стали известны под именем аваров. Включив в состав своих орд многочисленные позднегуннские племена Поволжья, Приазовья и Северного Кавказа, эти авары в 558-568 годах прорвались к границам Византии, создали в долине Дуная свое государство /8/.

Однако, по мнению М.И. Артамонова и Л.Н. Гумилева жужани, разгромленные тюркутами в 552-555 годах и бежавшие в Бэй Ци, не могут быть аварами, тоже разбитые тюркутами, и бежавшие по свидетельству Ф.Симокатты, частично в Таугаст (Табгач) к сяньби Тоба, а частью к мукри в южной Джунгарии. Здесь абары вместе с мукри (мохэ), в дальнейшем, по заключению Л.Н.Гумилева, составили народ тюргешей (Аристов, Грум-Гржимайло).

По М.И. Артамонову предки тюргешей - абары. В 552 г. аба присутствуют на похоронах Бумына, в качестве представителей самостоятельного государства. В 555 г. тюрки разбили аба и эфталитов и вышли к Аралу. В 558 г. Тюрки, покорив угров, вышли к Волге. В это же время, авары через аланского вождя Сарозия отправили посольство Кандиха в Константинополь. Греков поразил внешний вид авар – волнистые волосы, занятые в косы. Византия, нуждаясь в союзниках против Ирана, согласилась поселить авар в Паннонии и выплачивать им ежегодную дань. Численность аварского войска, по словам тюркских послов, достигала 20 тысяч человек. Византия старалась использовать авар в целях подавления враждебных племен (савир), однако, вскоре авары помогли врагам Византии кутургурам, против утургур, а также совершали набеги на славян (анты). В 565 г. авары и кутургуры в союзе с франками вторглись в Тюрингию. В 567 г. авары и лангобарды разгромили гепидов в Паннонии. В 568 г. после ухода лангобардов в Италию авары заняли Паннонию. В 630 г. после смерти Баяна кутургуры подняли восстание против авар. Однако государство аваров просуществовало ещё 170 лет, пока Карл Великий не разгромил в союзе со славянами и болгарами Паннонию в 804 г. /9/.

Есть оснований для отождествления авар с племенем аба. В 585 г. во время великой смуты в тюркутском каганате аба напали на ставку претендента в каганы Далобяня (Торемена), а в 603 г. участвовали в восстании телесских племен против кагана Дяньгу Бугяхана (Кара Чурина). После чего на месте аба появляются тюргешы. Этнически аба не принадлежали ни к телесской группе, ни к чуйским племенам – потомкам хуннов, но были остатком древнего этнического пласта, упоминаемого с I века н.э.

По сообщению Ф.Симокатты, в 598 г. каган Кара-Чурин отправил письмо к Маврикию, в котором говорилось о победах Истеми над абделами (эфталитами), аварами (абар) и огорами. Далее византийский автор сообщает, что во времена Юстиниана часть племен уар и хуни бежала в Европу. «Назвав себя аварами, они

дали своему вождю почетное имя кагана». Племена берсельт, уннугур, савир решив, что к ним идут авары, принесли уар-хунни дань. Последние воспользовались этим недоразумением и приняли имя авар, которых Симокатта называет «псевдоаварами» /10/.

События прошлого объясняют причину «ошибки». В V веке абары были грозной силой. Так, в 463 г. в Константинополь явилось посольство от сарагур, урогов и оногур и сообщило, что они покинули свою страну, будучи изгнанными савирами, которых в свою очередь прогнали абары, бежавшие от некоего народа, обитавшего на берегу океана.

По сообщениям Менандра мы узнаем о причинах затягивания войны тюрков с аварами. «Авары не птицы, чтобы, летая по воздуху, избежать мечей тюрков, они не рыбы, чтобы нырнуть в воду и исчезнуть в глубине морской пучины, они блуждают по поверхности земли. Когда покончу с эфталитами, нападу на авар и они не избегнут моих сил» так говорил Истеми византийским послам о своих планах (11). Менандр сообщает, что тюрки называют аваров «вархонитами».

Таким образом, в IV-VI веках на территории Казахстана обитали племена уральской семьи (угры, савиры, увары), индо-европейской семьи (хиониты), алтайской семьи (абары, теле, чуми, чуюэ, чумугунь, чубань). Племена Семиречья и Приаралья создали несколько государств Хионитов (353-472), Юэбань (155-490), Гаогюй (490-498). Соседние государства Хорезм (350 г. до н.э.-714 г. н.э.), Жужань (359-551), Эфталиты (378-567), Кидариты (417-468) оказывали социально-политическое влияние на племена Казахстана. Хиониты, потомки сакских племен Приаралья упоминаются с 346 по 563 г. Угры (огор, увар) происходят от финно-угорских племен Западной Сибири и упоминаются в источниках с I-VII вв. Позднее угры стали основой для сложения мадьярских племен в Западном Казахстане. Савиры, появившись в Западной Сибири, упоминаются в 175 г. в Северном Казахстане, в 461 г. на Северном Кавказе и с приходом хазар в 651 г. вливаются в его состав. Теле, потомки гуннских племен, которые с 338 г. переселяются из Ордоса на Алтай, где их конфедерация просуществовала до 630 г. Абары, древнее население Жетысу, упоминавшееся с I в. по 603 г., позднее вместе с мукри составят племя тюргеш. Чуйские племена (чуми, чуюэ, чумугунь, чубань), также потомки гуннских племен, упоминаемых с I в. по VII в. в Жетысу и Джунгарии. Государство Юэбань существовало с 155 по 490 г., основанное гуннскими племенами и охватывало Жетысу, Джунгарию. Потомки Юэбань вошли в состав дулу и нушиби.

Сегодня прямые потомки позднеантичных племен Казахстана представлены венграми, ханты, манси, болгарами, чувашами, башкирами, алтайцами, татарами, кумыками, балкарцами, карачаевцами и другими тюркоязычными народами Евразии.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государство и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. СПб., 2004. С.82.
2. Феофилакт Симокатта. История. М., 1957. С.67.
3. Артамонов М.И. История хазар. Л., 1962. С.65.
4. Бичурин И.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. А., 1998. т.1. С.217-220.
5. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М., 1993. С.16-21.
6. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. А., 1992. 69-72с.
7. Жумагулов К.Т. Великое переселение народов в Евразийском пространстве //Вестник КНУ. 2002, сер. истор., №2 (25), 9-12с.

8. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. А., 1992. С.78.
9. Гумилев Л.Н. Три исчезнувших народа. // Страны и народы Востока, вып. II, М., 1961. 106-109с.
10. Феофилакт Симокатта. История. М., 1957. С.69.
11. Менандр Протектор. Продолжение истории Агафиевой. / Прошлое Казахстана в письменных источниках. V в. до н.э. - XV в. / Под ред. Б.Б, Ирмуханова. А., 1997.-С.140.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается история древнего Казахстана IV-VI в.в., становление средневековых племен Казахстана, их этнический состав, территория и т.д.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ежелгі Қазақстанның IV-VI ғ.ғ. этникалық тарихы қарастырылады. Қазақстанның ерте ортағасырлық тайпаларының қалыптасуы, этникалық курамы, орналасқан жерлері көрсетілген. Түріктердің енуіне дейінгі Қазақстан жеріндегі тайпаларың жалпы лингвистикалық сипаттамасы берілген.

СКИФ-САҚ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қасымғожин Д.Т. – магистрант (Алматы қ., Әл-Фараби атындағы ҚазҰМУ)

Б.з.б. II-мыңжылдықта Орталық Азияның далаларынан бастап, Сібірді қоса, Қаратеңіз бойларына дейінгі кең байтақ кеңістікте таралған скиф-сақ әлемін зерттеуде, олардың әлеуметтік-саяси және қоғамдық құрылысын танып-білудің маңызы аса зор. Аталған мәселелерді шешу, жазба деректерді қарастыру арқылы, археологиялық, этнографиялық, антропологиялық, лингвистикалық материалдарды толық пайдаланған кезде ғана, кешенді түрде зерттеулер нәтижесінде іске асуы мүмкін.

Еуразия далаларының көшпелілеріне арналған еңбектер XVIII ғ. пайда бола бастады. Скиф-сақ мәселелері бойынша алғашқы зерттеулерде олардың саяси тарихына көп көңіл бөлінгендігін атап өту қажет. Көшпелілердегі таптық қоғам мұндай еңбектердің көпшілігінде жоққа шығарылды, ал мемлекеттіліктің пайда болуы көсемнің жеке билігінің күштілігімен түсіндірілді. Осы тәрізді көзқарастар XIX-XX ғғ. аралығындағы еңбектерде де көрініс тапты, олардың басым көпшілігінде көшпелілер қоғамының ішкі жіктелуіне баса мән берілмей, мемлекеттің пайда болуын көшпелі тайпалардың отырықшы халықтарды жаулап алуымен түсіндіруге бейім болды.

Скиф-сақ тайпаларының қоғамдық-әлеуметтік құрылысын ғылыми түрде зерттеу ісі XIX ғ. екінші жартысында қолға алына бастады. Бұл күрделі мәселе бойынша алғашқылардың бірі болып төңкеріске дейінгі кезеңде құнды пікірлер айтқан көрнекті орыс ғалымы М.И. Ростовцев болатын. Ол б.з.б. VII-V ғғ. өзінде қуатты скиф бірлестігі пайда болған деп есептеп, скиф-сақ тайпаларының қоғамдық құрылысын «әскери-феодалдық» ұйым ретінде анықтады. Ростовцев Скифияны қалыптасқан мемлекеттілігі бар таптық қоғам ретінде санаған алғашқы зерттеуші болып табылады. Ғалым скифтерді Еуразияның басқа көшпелілерімен салыстыру жолын алғашқылардың бірі болып бағыттады /1/.

Скиф зерттеушілерінің бірі Готье болса, көшпелілер державасының грек мемлекетіне де, парсы патшалығына да ұқсамайтындығын атап өтті. Оның пікірінше, көшпелілердің мемлекеті жақсы ұйымдастырылған атты әскердің, анағұрлым әлсіз тайпалардың, сонымен қатар көрші отырықшы халықтардың үстінен қараған билігі түрінен көрінеді.

Скиф-сақ тайпаларының қоғамдық және саяси ұйымдасуларын зерттеуге XIX ғ. аяғында алғашқылардың бірі болып талпыныс жасаған А.С. Лаппо-Данилевский болатын. Ол скифтерде рулық құрылыс басым болғанымен, олар өз дамуында варварлық пен өркениеттіктің аралығына жетті деген пайымда болды. Қазіргі ғылым тілімен айтқанда тапқа дейінгі қоғамнан таптық қоғамға өтпелі кезеңде тұрды /2/

Көшпелілердің қоғамдық құрылысының кеңінен зерттелуі кеңес дәуірінде орын алды. XXғ. 20-жылдарында кей еңбектерде де ерте көшпелілер қоғамдарында таптық сипаттағы рулық дәстүр басым болғандығы айтылды.

Скиф-сақ тайпаларының әлеуметтік-қоғамдық құрылысын зерттеуде 30-ж. жарық көрген С.П.Толстов пен Б.Я.Владимирцевтің еңбектері маңызды рөл атқарды. Бұлардың алғашқысы, көшпелілер жер өңдеушілер секілді өз дамуында міндетті түрде алдымен құл иеленушілік, сонан кейін барып феодалдық даму сатысына өтеді деп есептеді. Белгілі скифтанушы А.П.Смирнов та өзінің алғашқы еңбектерінде скифтерде құл иеленушілік құрылыс болды деген тұжырымды ұстанды.

Осылайша, 30-жылдары еуразияның көшпелілерінде Батыс еуропалық халықтардан көп айырмашылығы жоқ феодалдық қатынастар үстем болған деген пікірлер басым болды. «Көшпелі феодализм» ұғымы бірте-бірте қолданыстан шығып, оны «патриархалды-феодалдық қатынастар» ұғымы ауыстырды.

XXғ. 40-ж. скифтердің қоғамдық құрылысы жөнінде айтарлықтай еңбек сіңірген ірі кеңес ғалымдарының бірі, атақты скифтанушы М.И.Артамонов еді. Ол скиф-сақ қоғамында құлиеленушілік маңызды рөлде болған жоқ деп есептеді. Ғалымның ойынша, көшпелілерде негізгі экономикалық бірлік рулық қауымға біріккен патриархалды семьялар болды. Артамонов скиф-сақ қоғамындағы белгілі бір теңсіздікті, оның байлар мен кедейлерге, ақсүйектер мен қарапайым тайпа өкілдеріне бөлінгендігін мойындай отырып, бұл айырмашылықтар әлі таптық бөлінуден алыс болғандығын атап өтті. Зерттеушінің жазуынша, скиф-сақ мемлекеті әскери-демократиялық құрылымдағы әртекті тайпалар біріккен, әлсіз орталықтандырылған бірлестік болып табылды. Геродот дәуіріндегі, және одан кейінгі скифтер мен сақтар берік мемлекеттік бірлестік құруға бейім емес, тайпалардың шашыраңқы одағы /3/.

Ерте көшпелілер арасындағы құл иеленушілік қатынастардың дамуы мен алғашқы мемлекеттік құрылымдардың пайда болу уақыты туралы сауалдар, ғалымның пікірінше бір ортақ мәселе болып табылады.

Скиф-сақ тайпаларының қоғамдық-әлеуметтік ұйымдастырылуы мен таптардың түзілуін зерттеуде Б.Н.Граковтың еңбектері айрықша рөлге ие болды. Зерттеушінің көзқарастарына сүйенсек, скиф-сақ тайпалық одақтары б.з.б. VII ғ. алғашқы жартысында этникалық жағынан туыстас рулардың бірлестігі ретінде пайда болған, оларда көшпелі тұрмыс отырықшылықтан басым тұрған. Б.з.б. V ғ. соңына дейін скиф-сақ қоғамы әскери-демократиялық болған, бірақ көсем (патша) шексіз билікке қол жеткізген. Олардың қоғамында үнемі көшпелі тайпалардың үстемдігі күшейіп отырған, бұл олардың өндірушілерді әртүрлі алым-салықтар салу арқылы қанауынан көрінген.

Б.з.б. V ғ. аяғы – IV ғ. басында Скифияда құл иеленушілік мемлекет пайда болған, мұндағы қаналушы тап патшалық скифтердің басқа тайпаларды, солардың ішінде егінші тайпаларды құлға айналдыруының нәтижесінде пайда болған еді /4/.

Скифтердегі мемлекеттің пайда болуына олардың Солтүстік Қаратеңіз бойындағы грек колонияларымен сауда және басқа да қарым-қатынастары әсер етті.

Граков өзінің 50-ж. жарық көрген еңбегінде де скифтердің ертеректе алғашқы қауымдық құрылыс жағдайларында өмір сүргенін, ал таптық құл иеленушілік қоғам мен мемлекет оларда б.з.б. V ғ. соңынан ерте құрылмағанын айтқан болатын. Ол соңғыларының пайда болуын Скифияда Атей патшаның монархиялық билігінің орнауымен байланыстырады /5/.

Өткен ғасырдың 60 жылдары көшпелілердің қоғамдық құрылысының сауалдары бойынша зерттеушілердің арасында терең қайшылықтар орын алды.

70-жылдары Д.Б. Шилов пен А.М. Хазанов құл иеленушілік концепцияға қарсы шығып, скиф-сақ қоғамын ерте таптық деп анықтады. Аталған тайпалардағы терең әлеуметтік-экономикалық жіктелуді аңғарған бұл зерттеушілер скиф-сақ қоғамын өз сипаты бойынша ру-тайпалық мәнде және әскери демократияға сай келетін, осы сатының ең жоғарғы даму деңгейінде болған деген шешімге келеді. Бұл кезеңге патриархалды құлдық тән еді, негізгі өндіруші және қанаудың негізгі нысаны әлі құл емес, еркін қауым мүшесі болатын /6/. Сол жылдары ірі кеңес скифтанушы ғалымы А.А.Тереножкин де өзінің аталған мәселеге арнаған іргелі еңбегін жарыққа шығарды /7/.

Соңғы уақыттарда көшпелілер өз беттерімен тек ерте таптық деңгейге ғана жетеді, ал олардың одан ары дамуы отырықшы-егінші қоғамдармен арадағы өзара қарым-қатынастарымен анықталады деген пікірлер пайда бола бастады. Мұндай тұжырымдар, көшпелілерді көрші егінші және қала тұрғындарынан бөліп алып қарастыруға болмайды деген оның алдындағы тұжырымдардың дамытылуы болатын.

Скиф-сақ қоғамында құлдардың болғандығын, әлеуметтік теңсіздіктердің орын алғандығын археологиялық деректер растайды. Өткен ғасырдың 60-ж. Украина жеріндегі ірі скиф обаларын қазу барысында құлдардың жерлеулері де анықталды. Мысалы, Борисполь қаласының маңындағы обаларда көсем табытының сыртқы жағындағы ағаш қималарға құлдарды бір-бірлеп жерлеген /8/.

Скиф қоғамында құлдықтың орын алғандығын антикалық дерек көздері де растайды. Геродот келтірген бір аңыз-әңгімеде патшалық скифтердің Алдыңғы Азияға жасаған жорықтан кейін өз құлдарымен соғысуға мәжбүр болғандығын айтылады. Кеңінен тараған бұл әңгіменің желісінен де аталған тайпаларда нағыз классикалық түрде болмаса да құлдықтың кездескендігін, соңғыларының өз билеушілеріне қарсы бас көтергенін аңғарамыз. Скифтердің өз батылдықтары мен әскери күштілігінің арқасында көптеген өңірлер мен халықтарды жаулап алып, өздеріне кіріптар еткендіктерін ежелгі тарихшылардың бірі Сицилиялық Диодор да атап өткен.

Археологиялық деректерге тағы да сөз берсек, сақ-скиф көсемдерінің жерлеу орындары – Есік, Бесшатыр, Пазырық, Аржан, Берел, Күлоба, Чертомлык секілді атақты обалар мен қатардағы жерлеу ескерткіштерін сыртқы сипаттары бойынша да, ішіндегі олжалары бойынша да ешқандай салыстыруға келмейді. Биіктіктері ондаған, диаметрлері бірнеше ондаған метрге жетіп, түрлі бағалы металдармен, асыл тастармен көмкерілген қару-жарақ, өнер туындылары, тұрмыстық бұйымдар кездесетін алғашқыларына қарағанда, биіктіктері метрден де аспайтын қатардағы ру мүшелерінің молалары өте қарапайым бұйымдардан тұрады. Алдыңғыларының кейбірінен тамаша жарақталған, толық әбзелдерімен қойылған жылқылар шықса, соңғыларының межесі құр символикалық түрде қойылған ауыздықтар мен жылқы тушасының бір бөліктері ғана. Қымбат қару-жарақ орнына, қарапайым обаларда темір семсерлер мен найза ұштары ғана ұшырасады, ал скиф-сібір аң стилінде орындалған өнер бұйымдары мүлдем дерлік кездеспейді десе де болады. Осылардың

өзінен-ақ скиф-сақ қоғамында әлеуметтік теңсіздіктің болғандығы талас тудырмайды.

Геродот скиф патшасының өзіне қарасты тайпалардан қызметшілер алатынын жазған. Оларды кейіннен өлтіріп, патшамен бірге жерлеген /9/. Бай обалардың барлығының дерлік сол замандарда тоналуын да теңсіздіктің бір көрінісі ретінде қабылдауға болады. Скифтердің құлдарға қатал қарағанын төмендегі деректен де көреміз. Жазба деректердің айтуынша, олар қолға түскен әрбір жүзінші әскери тұтқынды соғыс құдайы – Ареске құрбандыққа шалған.

Скиф-сақ қоғамындағы мүліктік және әлеуметтік теңсіздіктің себептерін ежелгі ру-тайпалық негізден іздеуге болады. Әскери аристократия өз дәулеті мен қоғамдағы орны бойынша қауымдағы қарапайым малшылардан анағұрлым жоғары сатыда тұрды. Кедейленген қауым өкілдері де ақсүйектерге тәуелді жағдайда болды. Негізгі мал шаруашылығында әскери тұтқындардың еңбегі кеңінен пайдаланылды. Осындай әскери үлгіде құрылған қауым скифтерге көптеген тайпалар мен халықтарға үстемдік жүргізіп, олардан белгілі бір мөлшерде алым-салық жинауға мүмкіндік берді.

Сақ-скиф тайпаларының қоғамдық құрылысын қорыта келгенде, аталған көшпелілердің көп сатылы ру-тайпалық ұйым ретінде болғандығын байқауға болады. Скиф-сақ қоғамында негізгі әлеуметтік қабаттар – билеуші патша әулеті, әскери және ішінара қызмет етуші аристократия, абыздар, қатардағы еркін көшпелілер және кедейленген әрі тәуелді көшпелілер болып табылады. Соңғылары көбіне үстем тап өкілдері тараптарынан қанауға ұшыраған. Әлеуметтік сатының ең төменінде құлдар орналасты.

Скиф және сақ тайпаларының қоғамдық жіктелуін анықтауда негізінен осылардың алғашқылары туралы мәліметтер кеңінен қолданылғанын айта кету қажет. Себебі, Солтүстік Қаратеңіз бойының скифтері туралы деректер ежелгі жазбаларда едәуір мол ұшырасады. Кеңес дәуірінде де ерте көшпелілердің мемлекеттілігі туралы зерттеулер скиф мәдениетін кеңінен талдау арқылы жасалды. Қазақстан мен Сібір, Орта Азия өңірлерін мекендеген сақ, сармат, дах-массагет тайпалық одақтарының әлеуметтік-қоғамдық құрылысы көп жағынан скифтермен үндес болғанымен, аздаған өзгешеліктері болуы мүмкіндігін де жоққа шығармаймыз. Бұл тайпаларда классикалық үлгідегі құл иеленушілік болмаған деген ойдамыз.

Қорыта келгенде, аса ірі скиф-сақ әлемін жаңа технологиялармен әлі де жете зерттей түсу қажет. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешімдерге келуге жаңа археологиялық ашылымдар, олжалар, тың деректер ғана көмектеседі деген сенімдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Грач А.Д. Древние кочевники в центре Азии. -М., 1980. С. 45.
2. Неихорд А.А. Скифский рассказ Геродота в Отечественной историографии. -М., 1970. С. 163.
3. Артамонов М.И. Сокровища скифов. М., 1973. С. 36.
4. Граков Б.Н. Скифы. М., 1971. С. 30.
5. Граков Б.Н. Скифский Геракл. М., 1950. С. 7.
6. Хазанов А.М. Социальная история скифов. М., 1975.
7. Тереножкин А.А. Общественный строй скифов. М., 1977.
8. Артамонов М.И. Сокровища скифских курганов. Л., 1966. С. 102.
9. Акишев К.А. Саки азиатские и скифы европейские // Археологические исследования в Казахстане. А., 1973. С. 10.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается историография сакской государственности: общественный строй, государственность, управление, общественная система и военная тактика.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала сақтардың қоғамдық құрылысы мен мемлекет тарихының зерттелу жағдайына арналған. Қазан төңкерісіне дейінгі және кеңестік кезеңдегі зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасай отырып, автор сақтардың өз мемлекеті, өзіндік басқару жүйесі және әскери әдіс тәсілі болған деп қорытындылайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІМЕН САЛЫСТЫРҒАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қуатбекова М.А. - магистрант (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Бүгінгі таңда демографиялық ахуал жақсармай қандай да болсын мемлекет өзіндік даму дәрежесіне жете алмайды. Себебі халқы неғұрлым көп болса, ну ормандай тұтасып, қалың отырса, ел мен жердің мүддесіне ешкім қол сұға алмас...

Халық санын өсіру - мемлекеттік міндет, сондықтан Елбасымыз Қазақстан халқына арнаған жолдауында халық санын көбейтуді басты мақсаттың бірі деп алды. Әрине, Қазақстанның этникалық өзегі болып табылатын қазақ халқы саны жағынан да, сапасы жағынан да өсуді қажет етеді. Сол себепті де мемлекет тууды өсіру, өлім-жетімді азайту және кезінде түрлі себептерге байланысты кетуге мәжбүр болған қазақстандықтарды қайтаруды үдету үшін түрлі шаралар жүргізіліп жатқанына баршамыз куәміз.

Орта Азия мен Қазақстан жері қазіргі бүкіл Евразия алып құрылығына кең жайылып кеткен түркі тілдес халықтардың ежелгі этникалық қалыптасқан ошағы және біртұтас аймақ ретінде 4 миллион шаршы шақырым жерді алып жатыр.

Орта Азия мен Қазақстан ұзақ жылдар бойы әлеуметтік-экономикалық мешеулікте қалып келді және олардың демографиялық өсуі де ұзақ уақыт тежелу жағдайында болды. Ал, қазіргі уақытта әрбір елді-мекен өз ұлтының даму деңгейін, яғни өсу қарқындылығын арттырып отыруға тырысуда. Бұл аса маңызды күрделі мәселе. Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстандағы халықтың өсуіне ежелгі ұлттық дәстүрлері көбірек септігін тигізуде. Олар әлеуметтік-экономикалық жағдайларға қарамастан, ұрпақ өсіруге қатты көңіл бөлуде.

Орталық Азия халықтарының қатарына қазақ, өзбек, тәжік, қырғыз және қарақалпақ жатады. Олардың ішінде тек қазақтар ғана демографиялық кезеңнің орташа сатысынан өтті, соның салдарынан табиғи өсу қарқыны тез баяулайтын болады. Ал басқа ортазиялық халықтарға келетін болсақ, олардың мол демографиялық потенциалы түбінде міндетті түрде Өзбекстан мен Тәжікстанның Ферғана жазығы, Ташкент (агломерация), Заравшан, Вахш Гиссар, Хорезм, Мары сияқты оазистерін халықтың тығыз шоғырланған аймақтарына айналдырады. Бұл оазистер қазірдің өзінде әлем бойынша халық көп шоғырланған аудандарға (1 шаршы шақырым 800-900 адамға дейін келеді) жатады /1/.

Атақты демограф М. Тәтімов барлық Орта Азия халықтары 2000 жылы 57 миллионға жетті, соның ішінде қазақтар 12,5 миллион, Орта Азия халықтары 44,5 миллионды құрайтынын атап көрсетті. Демек, осы жылдағы барлық өткен кезеңдегі өсімнің орташа жылдық қарқыны 2,7% құрап отырғанын айғақтайды.

БҰҰ-ның мәліметтері бойынша, 2015 жылы Орталық Азияның аймақтық халқы 1,5 есеге, яғни 2000 жылдағы 57 миллионнан 75 миллионға дейін жетеді екен. Осының ішінде тек Өзбекстан тұрғын халқының саны 22,3-тен 33,2 миллионға артады деп болжайды /2/.

Қазақстан Республикасы XX ғасырдың басында барлық Орта Азия халықтарының бестен екісін құраса, бүгінгі таңда және келешекте, XXI ғасырдың аяғына таман көршілес туысқандардың арасында бестен бір бөлігін құрайды. Жинақталған әлемдік өсім тәжірибесі мен халықтың дамуы анық көрсеткеніндей біздің Қазақстан өзінің демографиялық сипатында Орта Азия жағдайынан Ресей Федерациясы жағдайына өтпелі кезенді бастан кешіруде.

Орта Азия мен Қазақстанды жайлаған туысқан елдердің 1997-1998 жылдардағы жалпы тұрақты халық саны төмендегі кесте бойынша сипатталады /3/ .

Кесте.

	Қазақстан	Өзбекстан	Қырғызстан	Тәжікстан	Түрікменстан
1998 Халық саны (жыл басында; мың адам)	15 641,9	23 873	4 666	6 065	4 688
1997 Ерлер (%)	49	50	49	50	50
Әйелдер (%)	51	50	51	50	50
1998 Халық тығыздығы (1 км ²)	5,8	50,4	23,3	42,4	9,3
1997 Жас мөлшер үлесі 0-14 жас % 65 жас және одан жоғары %	30 7	40 4	37 6	44 4	40 4

1991 жылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан кейін, трансформациялық үдіріс басталып, бөлек этностық топтар тарихи Отанына оралу мүмкіндігі ашылған сайын, Орта Азияның басқа елдеріндегідей, Қазақстанда да халықтың санында және құрылымында айтарлықтай өзгерістер болды.

Туу деңгейі төмендеп және өлім-жітімнің көбеюінің, сонымен қатар халық санының табиғи өсімінен асатын көші-қонның айтарлықтай жағымсыз сальдосының нәтижесінде 1992 жылдан бастап республикадағы халық санында 2001 жылдың соңына дейін төмендеу беталысы болды. 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап халықтардың туу өсімінің, көшіп келушілер ағымының өсімі мен көшіп кетушілер ағымының төмендеуі нәтижесінде халық санының өсуі байқалды.

Қазақстан Республикасында 1999 жылы бірінші Ұлттық халық санағы жүргізу жұмысы аяқталды. Халықтың жынысы, қалалық және селолық мекендерде тұруы бойынша, сондай-ақ, байырғы ұлт-қазақтардың саны жөнінде мәліметтер алынды.

1999 жылғы халық санағы нақты 15 049,1 мың халықтың, 14 952,7 мың тұрақты халықтың, соның ішінде 7 984,3 мың қазақтың бар екенін немесе оның тұрақты халықтың 53,4 % екенін көрсетті. /4/

Халықтың жалпы санының өзгеруіне, бірінші кезекте, халықтың туу және өлім-жітім деңгейі өзгеруі әсерінен қалыптасатын табиғи өсім әсер етеді.

Тәжікстан Республикасында берілген мәліметтер бойынша табиғи өсім 1991 жылы 32,6 %, 1995 жылы 22,7 % көрсетті./5/

1991-2005 жылдары ішінде жалпы республика бойынша халықтың табиғи өсімі 1 687,7 мың адамды, соның ішінде қалалық мекендерде 572,7 мың адамды (33,9 %), ауылдық жерде 1 115 мың адамды (66,1%) құрады/6/

Американ демографы Бернштам шығыс халықтарының оның ішінде Өзбекстан мен Тәжікстанның болашақта 4-5 есе өсе алатынын айта келе, әрбір халықтың саны туралы жаңсақ болжам келтіреді. Оның пайымдауынша 2050 жылы Қазақстан халықтарының саны күрт кемиді. Алайда қазақтар бала санын әрі қарай шектеп, екі баланың әдетте біржола көшкенінің өзінде, ғалымдардың болжауы бойынша, өсіміміз кем дегенде 2,5 немесе 3 есе көбейе алатынын дәлелдейді.

Алайда, демография мәселесі бойынша проблема көп. Қазақстан Үкіметі таяу жылдарда жергілікті халықтың жалпы санын 20 миллионға жеткізуді көздеп отыр. Бұлай етпесе де болмайтын сияқты. Себебі, жыл сайын қазақ халқының санының 70 мың адамға асауы кімді де болса алаңдатады. (Сәбилер өлімі, елде таралған түрлі жұқпалы аурулардың көбюі т.с.с.). Қазақстанды қазақтандыру мәселесі шетелдердегі қандастарымызды атамекендеріне қайтармайынша өз шешімін таба алмас. Сондықтан жақын арада 500 мың қандас бауырларымызды алыс шетелдерден өз елімізге қоныс аудару мақсатын жедел түрде жүзеге асыруымыз қажет. Өйткені, атажұртқа жарты миллион қазақты қайтару Елбасымыздың өзі қойған межесі емес пе?

«Тегіміз бір түрікмен, өз ағамыз өзбек және бір туған қырғыз бауырларымыз болашақта өз бетімен жерімізге келіп, біздің санымызға сан қоспаса, олардан келетін тілімізге де, дінімізге де, елдігімізге де еш зиян жоқ. Бірақ саны тез өсіп, түбінде алпыс миллионды алқымдай алатын өзбектің өз жеріне сыймай кетуден мүмкін болатын сан өктемдігін алдын алған жөн», - деп көрсетті атақты демограф-ғалым Мақаш Тәтімов.

Сонымен Орта Азия халықтарының өсу қарқыны біркелкі және жоғары деңгейде жүріп жатса, ал қазақтар жері кең, табиғи байлығы мол бола тұра, олардан 1,5 есе баяу өсуде. Қазақ халқы қазір өз туыстарынан баяу өскенімен, жерінің кеңдігі нәтижесінде және ұшан-теңіз байлығы арқасында ұзақ уақыт бойы өсе алары анық. Ал қазіргі демографиялық жағдайымыз неғұрлым тез өсуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мақаш Тәтімов. Демографиялық болжам – келешекке көзқарас. // Қазақстан. Заман. – 2002. 19 сәуір. – 13 б.
2. Садовская Е.Ю. Основные тенденции миграционных движений в Казахстане на рубеже XX века. // Казахстан и современный мир. – 2003. – № 1 (4). – С. 61.
3. // Казахстан и страны СНГ. – 1998. - № 17 – С. 6.
4. // Қазақстан және оның аймақтары. – 1999. – № 3 – 8 б.
5. С точки зрения демографии. – <http://www.mirror.kiev.ua/index.htm>
6. Демографический ежегодник Казахстана: Статический сборник. –А., 2005.

РЕЗЮМЕ

В статье дается сравнительный анализ демографического развития Республики Казахстан с некоторыми государствами Центральной Азии.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан Республикасының көрші Орталық Азия елдерімен салыстырмалы демографиялық ахуалі көрсетілген.

МОНГОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Қыпшақбаев Қ. - оқытушы (Қызылорда қ., Агротех.колледж)

Қазіргі кезде Қазақстаннан тыс жерлерде 5 миллионнан аса қандастарымыз тұрады. Сырттағы қазақтар бұрынғы КСРО құрамындағы 14 мемлекет пен әлемнің 25 елінде өмір сүріп жатыр. Олардың миллиондайы диаспораны, қалған 4 млн-нан астамы Қазақстанмен жапсарлас елдердегі ирредиенттерді құрайды.

Монғолиядан қазақтардың репатриациялануы Қазақстанның сыртқы және ішкі саяси істерінің күрделі мәселелері болып табылады. Монғол қазақтарының жаппай репатриациясының басталуы 1991 жылдың ақпанда 97 қазақтың келуінен басталады. Олар Талдықорған облысындағы Сарыөзек мекеніне орналасты. Олардың ішінде атақты МХР құрылыс министрлігінің орынбасары, ақсақал Зуха, инженерлер институтын Польшада тамамдаған Тоқтар, Белоруссияда ЖОО оқыған Жәлелбек т.б. бар. МХР Баян Өлгий аймағына ҚР Президенті жанындағы стратегиялық зерттеу институты социологиялық сұрау ізденістерін 1992 жылы жүргізгенде, ондағы қазақтардың 80,5% еліне қайтқысы келген.

Монғолия қазақтары өз Отанына қайту себептерін былайша көрсеткен:

- 29,6 % өз балдарына жоғары сапалы білім бергісі келген;
- 20,3% өз ата-бабалары Отанында тұрғысы келген;
- 14,4% ұлт мәселесіне орай;
- 8,2% кәсіби жұмыс табу үшін;
- 3,1% өз туыстарымен араласу үшін;
- 4,0% ауылдық жерде тұру үшін.

Келуге кедергілерді айта отырып, оның себептерін былай көрсеткен:

- материалдық қиыншылық 28%;
- заң орындарының қыспағы 23,5%;
- Қазақстандағы саяси жағдайлар-15,0%.

Сонымен монғол қазақтарының Қазақстанға қайту себептерін топтастырсақ 2 арнаға саяды: ұлы мәдениетін сақтау мен дамытуға кедергі; қазақтардың тұрмысының төмендігі, әлеуметтік инфраструктура төмендігі.

1991-1994 жылдары Монғолиядан Қазақстанға 60 722 адам келген. Оралмандар алдында азаматтық алу, тұрғын үй, жұмыс табу мәселелері бірден шешіле қоймаған. Кейбір отбасылар қайтып кеткен. (11 адам). 1996 жылы 12 мамырдағы мәлімет бойынша Қазақстанға келген отандастардан 60 қазақ жанұясы Қазақстан азаматтығын алмаған.

1991-1997 жылдары Қазақстанға 64 мың қазақ репатриацияланды. Олар негізінен Павлодар, Қостанай, Қарағанды облыстарына орналасқан /1/. Бұл елдердегі қандастарымызды қай жағынан алып қарасақ та шет елдік қазақтар деп айтуға ауыз бармайды. Олар өздері тұрып жатқан жерлерінде сан, сапа, тарихи тұрғыдан да сол мемлекеттің ішкі саясатына әсер ете алады /2/. Монғолия қазақтары бір кездері саны жағынан халхалардан кейінгі 2-ші орынға шығып, қазақтардың зиялы қауымы қазақ тілін монғол тілімен тең дәрежеге көтермек болған.

Шетелдердегі қазақтар ұзын саны 40-тан астам мемлекетте тұрады /3/. Бүгінгі республикамызды олардың елу, жүз жылдардан кейінгі тағдыры ойлантады.

Монғолия қазақтарының ұлттық рухани өсіп-өркендеуі белгілі бір дәрежеде жүріп жатыр. Монғолияның қазақтары тұратын Баян-Өлгей аймағының құрылғанына 60 жылдан асты. Бұл өңір ана тілін, салт-дәстүрін таза сақтаған аймақтың бірі. Бұл өңірден 60 мыңнан астам ағайынымыздың қоныс аударуы еліміздің ұлттық үрдісіне өз ықпалын тигізеді.

Бүгінгі Қазақстанға келгендер монғол қазақтарының 40% жуығын құрайды /4/. Бәріміз мойындауға тиіс даусыз бір шындық бар - қазіргі тәуелсіз қазақ елі мен шетелдегі сан миллиондаған қазақтарды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Қазақтардың әл-ауқатын, рухани құндылықтарын шетелде көтеру үшін елімізде біршама қомақты шаралар жасалды:

- шетелдегі отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын;
- халықтың көші-қоны туралы заң.

Осы заңдардың жүзеге асуы үшін міндеттелген арнайы Қауымдастық дүниеге келіп, оралман сөзі енгізілді. Осы қауымдастықтың Монғолияда жүргізген зерттеулерінде мына мәселелердің бауырластар арасында туындап отырғаны айқындалды:

- тіл мәселесі;
- мектеп және оқыту мәселесі;
- ақпарат мәселесі;
- әдебиет, өнер мәселесі;
- ұлттық рух, менталитетті сақтау мәселесі /5/.

Атамекенге XX ғасырдағы көштің басы 1955 жылы және 1962 жылы басталып еді. Оралмандардың өсімі жақсы, 1955 жылы 10.04-01.05 аралығында, небәрі 20 күн ішінде ғана өткен 200 мың қазақ, бүгінде 1 млн-ға жетті /4/. Соңғы мәлімет бойынша, 2002 жылдың өзінде елімізге 34 мыңнан астам оралман келген.

Шетелдегі қазақтардың атамекенге қоныс аударуы - Қазақстан мемлекетінің даму стратегиясының маңызы зор басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақ ұлтының өкілдері қай елде өмір сүрмесін, тарихи Отаны- Тәуелсіз Қазақстанға бет бұрып, келешек өмір-тірлігін ұлттық ортада жалғастыруға ұмтылуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры: происхождение и развитие. -А., 1997.
2. Жомарт Жәніс. Диаспора жайлы жаңаша ойлау. //Жас алаш, 22.10.2002ж.
3. Назарбаев Н. Бұл құрылтай қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанының белгісі. // Сыр бойы, 31.10.2002ж.
4. Тәтімов М. Қазақтың жиынтық саны қанша. //Шетелдегі қазақ диаспорасы және ана тілді сақтау мәселелері. -Алматы, 2000. Халықаралық конференция материалдары.
5. Шетелдегі қазақтардың мәдениеті мен әдебиеті. ҚРО Мұрағат көрме ұйымдастырған мәліметтерінен және экспонаттарынан. //Шетелдегі қазақ диаспорасы және ана тілді сақтау мәселелері. -Алматы, 2000. Халықаралық конференция материалдары.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Монғолия қазақтарының қазақ жеріне оралу мәселелері қарастырылған. Шетелдердегі қазақтардың елімізге оралуына жағдай жасау қажеттігі айтылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы казахов-оралманов из Монголии, говорится о необходимости создания благоприятных условий для возвращения казахов, живущих за границей.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БОЛЬШЕВИКТІК ПАРТИЯЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Сатбаева С. – магистрант (Қызылорда қ., ҚМУ)

Большевиктер билік басына келгеннен кейін мемлекет басқаруындағы лауазымды қызметке сенімді адамдарды тағайындау науқаны басталады. 1923ж. ұйымдастыру - есептеу басқармалары өндірістің салалық жоғары басқару орындарының пікірлеріне қарама-қайшы, мемлекеттік және қоғамдық қызметке тағайындауда номенклатуралық принципті күштеп енгізген болатын.

1923 жылдың 12 маусымында бұрын қабылданған құжаттар негізінде РК(б)П ОК кеңейтілген «Тағайындау туралы» келесі қаулысын қабылдайды. Осы жылдың қазан айында ОК есептеу-әміршілдік қызметтегі адамдардың негізгі міндеттері туралы шешімді бекітті. ОК ұйымдастыру бюросы 1925 жылдың 16 қарашасында «Кадрларды таңдау және қызметкерлерді тағайындаудың тәртібі туралы» жаңа, кеңейтілген ереже және номенклатураның жеке құрамын бекітті. Бұдан былай біртіндеп ондай құжаттар баспасөзде жарияланбайтын болды. 1917 ж. кейін пайда болып өз маңызын 1920-шы жылдарға дейін сақтаған сайлау принципіндегі мемлекеттік аппаратқа тағайындауды өз бақылауында ұстаған. Оған сол кездегі құжаттар айғақ. Мысалы, 1925ж. 16 қарашасындағы ОК-нің Ұйымдастыру бюросының партиялық тағайындауға ұсынған номенклатураға КСРО Орталық Атқару Комитеті, Комиссарлар Кеңесі /923/, РКЛЖО ОК /51/, Кәсіподақтар Бүкілодақтық Орталық Кеңесінің /425/, барлығы сайланатын органдар бойынша 1590 үміткерлер тізімі енгізілген /1/.

Билік биігіндегі топтың алғашқы сатысына (ата-анасының әлеуметтік, кәсіптік) - 1924 жылы әлеуметтік тегіне қарай партия қатарына 1917 жылда кірген революционерлердің пайыздық көрсеткіші - 92% құраған. Келесілері: мамандығы жоқ қызметкерлер және орта білімділер - 29,6%; маманданған және жоғары дәрежедегі жұмысшылар 25,4%; шаруалар - 12,6%; мамандығы жоқ жұмысшылар - 9% болған, 1930-шы жылдың аяғында ОК қатарында 1924ж. революционерлердің тек 6% сақталып, 94% номенклатура өкілдері құраған, ондағы шаруалар құрамы 1,5 есе өсіп, әр түрлі дәрежедегі интеллигенция өкілдері екі есеге азайды.

1920 жылдан бастап Қазақстан Республикасында коммунистік партиясының құрылуы мен оған мүшелікке қазақ азаматтары тартыла бастады, 1937 жылға дейін өмір сүрген жергілікті партия Қазақстан Компартиясына айналып, мүшелері 16 578 - ден 51 881 адамға жетіп, 3 есе өскен. Олардың алдында шешуді қажет ететін көптеген міндеттер тұрды.

Бұл міндеттердің маңыздылары - пролетариат қатарын көбейту және көп ұлттық коммунистік партияны біріктіру жаңадан құрылған Кеңес үкіметінің алғашқы өзекті мәселелерін шешу. Қазан жеңісі мен азамат соғысынан кейін партияның құрамы қарқынды өсті. РКП/б/-ның III съезіне дейін партия қатарында 313 766 коммунист болса, РКП/б/-ның X съезіне дейін 732 321-ге өсті. Бұл партияның халық арасындағы беделінің өскендігін көрсет еді. Әсіресе, 1920-1921ж.ж. партияға мүшелікке ұсыныс бергендер саны артты. Бұл жағдай Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарына тән еді, сонымен бірге Қазақстанның партия ұйымында да орын алды. Айталық, өлкені ақ гвардияшылардан тазарту, партия ұйымының әлсіреуіне әкелді, 5,5 млн. тұрғыны бар өлкеде, коммунистер қатары 5-6 мың адамды құрады. Сондықтан, Қазақстан партия ұйымының алдында:

- біріншіден жергілікті партия ұйымын біріктіру;
- екіншіден партия ұйымына осы партияға сенімді адамдарды тарту;
- үшіншіден қазақ шаруаларының арасында үгіт жұмыстарын күшейту қажет болды;

Жаппай партияға кіргізу науқаны лениндік принциптерге сай келмеді, партияға дұрыс іріктеу жүргізу үшін текетірес басталды. Бұл іс-шаралар 1919-20ж.ж. аралығында Петроградтан қолға алынып, бүкіл елде үлкен белең алды. Ал, Қазақстанда бірінші болып Орал губерниясының коммунистері ат салысты, себебі олар 1919 ж. ақ гвардияшылардан азат етілген еді. Партия ұйымында ол кезде 10 адам болды. Олардың саны аз болса да олар әр түрлі деңгейде кездесулер өзікізіп, РКП/б/-ның бағдарламалары мен жарлықтарымен таныстырды, сонымен бірге дәйекті дәлелдермен партияның саясатын түсіндірді. Нәтижесінде қалада партия мүшелері 4 есеге өсті. Қазақстанның басқа қалалары мен ауылдарында партия апталықтары өтті. Жергілікті халықтың партия мүшелігіне тарту мақсатында айтарлықтай түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қазақстан халқының өмір сүру ерекшелігін ескере отырып олар «Қызыл керуендер» ұйымдастырды, жәрмеңкелерде үгіт насихаттарын жүргізді, соның арқасында көптеген шаруалар, кедейлер, батрактар және зиялы қауым өкілдері партия қатарына мүшелікке кірді. 1920жылы ортасына қарай Сырдария, Жетісу, Бөкей губерниясының көпшілігі коммунистер қатарында еді. Партия апталығында 6599 адам мүшелікке қабылданды. Қазақстанның партия ұйымы 2 есеге өсті. Партияның мүшелігіне жаппай қабылдау - 1920 жылдың маусым айынан 1921 жылға дейін созылды. Қазақстанның партия ұйымдарының саны уақыт өткен сайын толықтырылды (26 677). Партия мүшелерінің санының өскені шаруалардың соншалықты мүддесін жақтаған әлеуметтік- экономикалық іс-шаралар өткізілді. Субъективті факторда орын алды, атап айтатын болсақ партияны өз жеке басының пайдасы үшін пайдаланғандар да табылды. Жаппай партияға қабылдау Лениндік принципті жойды. Себебі, қабылдау кезінде кеткен қателіктер ескерілмеді және оның есебі тіркелмеді. Мұндай жағдай тек Қазақстан партия ұйымдарына ғана емес, бүкіл Кеңес үкіметіне тән болған еді.

1917-1920 ж.ж. бастап 57% - 27% дейін пролетариат саны азайса, керісінше 19% - 49% дейін шаруалар саны өсті. Бұл партияның құрамындағы шаруалардың санын кемітті, партияның саясатына кедергі келтірді. Әсіресе бұл жағдай Қазақстан партия ұйымдарына қатысты еді, шаруалар 45% болса, қазақтардың партия мүшелерінің 74,4% болды, жұмысшылар саны 13,1% құрады /2/. Партия мүшелерінің әлсіздігі байқалды. Партияның құрамында бай ұлтшылдар, кулактар да болды. Сөйтіп әр түрлі ұлтшыл топтар мен таптар орын алды. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстан халқына өте ауыр болды, сол жылдары ашаршылық, жұт белең алды. ЖЭС – жүргізілуі, нарықтық қатынастарының дамуы ауқаттылардың көбеюіне жол ашып, партияның әлсіреуіне әкеп соқтырды. Аталған топтардың партия құрамынан шығару байқалды. 1921 жылы маусымынан қыркүйекке дейін Қазақстан партия ұйымының саны 2 мың адамға азайды.

Партия ұйымы жіберген қателіктерге мынадай жағдай әсер етті: 1920-1921 жылы аралығында талапқа сай ұйымдастырылмаған партия ұйымдары кездесті және жекелеген коммунистер (одиночник) саны көбейді, олар мүшелік билеттің жарнасын төлемегендіктен, олар бірден партия қатарынан шығарылды. Алайда, олар партия тізімінде қалуы партияның нақты есебін және коммунистердің тізімін жасауды қиындатып жіберді, бұл жағдай кейбір партия ұйымдары санының азаюына алып келді. Осыған орай Торғай губерниясының хатшысы: «РКП/б/ мүшелігіне кандидаттар саны жазға дейін 120 болса, ал есептеу кезінде кандидаттар саны 36 адам ғана болды. Ленин РКП/б/ ОК партия ішілік жағдайларды мұқият қадағалады. Мұқият ғылыми талдау жүргізу арқылы осы келеңсіз жағдайларды жою жолдары анықталды. Аталған талдау жұмыстары X съездің құжаттарында көрсетілді» /3/.

Съезд өткен соң Орталық Комитет тағы да жергілікті партия ұйымының назарын ЖЭС-қа аударды. Съезд: РКП/б/ мүшелерінің жеке тізімін және партия саясатын шаруалар мүддесі үшін өзгертуді және коммунистік емес элементтерді партия

қатарынан жоюды талап етті. Біздің қатарымыз партияға шын берілген коммунистермен толықтырылуы керек деп атап көрсетті /4/. Съезд шешімдеріне орай 1921 жылы партияның құрамын тазарту жүргізілді. Ал, 1922 жылы партия құжаттарын (партия билеттері) алмастыру санағы жүргізілді. Қазақстан партия ұйымының нақты саны есептелінді.

<i>Партия ұйымдары</i>	<i>Тазартуға дейін</i>	<i>Тазартудан кейін</i>	<i>1922ж. сынақтан кейін</i>
Семей	7 844	6 627	4 995
Ақмола	6 913	5 614	4 489
Орынбор	5 134	4 228	3 562
Қостанай	2 127	1 476	1 498
Орал	1 504	1 305	1 018
Ақтөбе	728	617	585
Бөкей	485	180	459
Адай	59	59	101
Барлығы ҚАКСР	24 794	20 406	16 707

Тазарту, сынақ және партияның құжаттарын айырбастау Республиканың Киробком, Кирбюро және РКП/б/ ОК-не бірінші рет партияның жағдайын жан-жақты, терең көрсетіп берді. Осы іс-шаралар партия ұйымының кемшілігін айқындады және одан қалай шығу жолдарын нақты анықтап, осы жұмыстарды жақсартудың шешімін шығарды. Өткізілген шаралардан Қазақстан партия ұйымының мүшелерінің басым бөлігі шаруалар екені байқалды. Мысалы, 16,2% (2 697) өзінің әлеуметтік жағдайына байланысты жұмысшылар болды. Кәсіпорындарда жұмыс істегендері 9,7% немесе 1 615-ке кем адам. Коммунистер қатарында шаруалар пайызының аздығы. Олардың дені ауыл шаруашылығында істеді. Олардың ішінде небары 3 876 адам немесе 23,3% ғана партия ұйымында болды. 1930-шы жылдары партия қызметкерлерінің саны артты. 1937 жылы олардың пайыздық көрсеткіші 60% құрады. Тағы да бір маңыздысы - бюрократтану мәселесі мен партиялық номенклатура мәселесі еді. 1921 жылғы Киробком, РКП/б/-ның есебінде 84 жұмысшы республика көлемінде болды. Республикалық партия комитеті аппаратында 1921 жылы 150 адам, ал 1937 жылы шамамен 200-ге жуық жұмысшылар болды /5/.

Сталин 1927 жылғы мәліметтерінде партия құрамында, басқарушы қызметкерлердің саны 3-4 мыңға жетті. Бұл, олар партияның генералитеті болса, әрі қарай 30-40 мың адам - орта офицерлерден тұрды. Одан әрі 100-150 жуығы партия құрамының төменгі жігін құрады. Партияда генералдар мен унтерлердің көптігі - партияның алдына жаңа міндеттер жүктеді: біріншіден, олардың санын қысқарту, екіншіден, номенклатуралық жүйені қайта қарау қажеттілігі туды. Аталған мәселелердің көтерілуі - КОКП-ның XIX конференциясында қоғамның қолдауына ие болды. Қазақстандағы партия қатарында 1 481 немесе 8,9% коммунист – қазақ ұлтының өкілдері. Партия құрамында аз болуын, әлеуметтік негіздің әлсіздігін түсіндіруге болады. Коммунистер санының аздығы жағынан Кеңес үкіметі ішінде алдыңғы қатарда Қазақстан Республикасы тұрды. Қазақстан партия ұйымының күн тәртібінен түспеген мәселе - олардың әлеуметтік құрамын жақсарту еді. Сондықтан халық арасында жүргізілген сауалнамалар нәтижесінде - келеңсіз жағдайлар көрініс берді. Айталық, халықтың сауаттылығының төмендігінің, тіпті сол кездегі коммунистердің де сауатсыздығы анықталды. Қазақстандық партия ұйымы құрамында жоғары білімділер саны небары 21 адамды құраған. Бұл республикалардың ішіндегі ең төменгі көрсеткіш еді. Орта білімділері - 83, ал қалғандары сауатсыз болған. Осы проблеманы шешуге РКП/б/ XI съезі ықпал етті.

Съезде Партия Жарғысына өзгертулер енгізілді. Жарғы бойынша жұмысшылар мен шаруалардың партия қатарындағы ролін күшейту талабы қойылды.

Партия тарапынан жүргізілген санақтан кейін Қазақстандағы партия ұйымында 16 707 коммунист болса, санақтан кейін 1923 жылға қарай 14 042 партия мүшесі болды, яғни 12% азайған. Дегенмен, партия құрамының толықтырылуы баяу жүрді. Сонымен қатар партия мүшелігіне кіруі үшін шаруалар 3 жыл еңбек өтілі бар коммунисттен ұсыныс алуы керек еді, ал сол жылдары ауылдарда ондай коммунистер қатарының болмағаны кері әсер етті.

XX ғасырдың 20-шы жылдарында РКП/б/-ның таптық сипаты өзгеріп, оның қатарындағы зиялылар мен жұмысшылардың орнын шаруалар легі толықтырып, маргиналдар партиясына айналды. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында миллиондаған жазықсыз адамдардың қуғын-сүргінге ұшырап, жапа шегуі - сауаты жоқ шаруалар арасынан шығып, самодержавиелік билік әдісімен қаруланған номенклатураның ісі деген қорытынды жасауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдоллаев Н. Кеңес мемлекеті номенклатурасының тарихынан. // Отан тарихы №2. 2005.
2. Осипов В.П. Всмотриваясь в 20-30 годы. /Из истории организационно- политического развития Компартии Казахстана. -Алма –Ата: Казахстан, 1991. 54-57 б.
3. Ванецкий Н.А. Ликвидация. Сталин, Троцкий, Зиновьев: фрагменты политических судеб. / 1989.7-19 б.
4. Осипов В.П. Полномочный орган ЦК РКП /б/ в Казахстане. -Алма –Ата: Казахстан, 1979.- С.91-98 б.
5. Осипов В.П. Всмотриваясь в 20-30 годы. /Из истории организационно- политического развития Компартии Казахстана. -Алма –ата: Казахстан, 1991.- С.70-78 .

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о трудностях, которые встречались на пути создания Компартии Казахстана.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы өлкедегі Коммунистік партия қатарына қазақтарды тартудағы атқарылған іс-шаралар жайында айтылады. Автор осы жұмыстардың атқарылуындағы қиыншылықтар мен кедергілерге тоқталған.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРІ СУ ЖҮЙЕЛЕРІ: КАСПИЙ ТЕҢІЗІ МЕН АРАЛ ТЕҢІЗДЕРІНДЕГІ БАЛЫҚ АУЛАУ КӘСІПШІЛІГІ

Сыдықов А. –магистрант (Алматы қ., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ)

Балық қазақ халқының ежелден бері жеңік асы ретінде, тағам түрлерін әзірлеуде пайдаланылып келеді. Кейінгі кездері оның тағамдық құндылығы бұрынғыдан да арта түсті. Бұның себептері балықтың құрамында адам организміне қажетті белок, май, углевод және т.б. элементтер бар. Балық жалғыз қазақ халқы емес, барлық елдің тағамында да үлкен орын алады.

Республикада балықтың 140 түрі бар /1, 4б./. Біз бұл мақаламызда Қазақстанның ең ірі су жүйелері Каспий теңізі мен Арал теңізін мекендеген балық түрлерін аулау

кәсіпшілігіне тоқталмақпыз. Каспий теңізінің терістік-шығыс бөлігі мен Арал теңізінің терістік бөлігі біздің республикада орналасқан /2, 36./.

Каспий теңізі (оны ерте заманда Хвалин теңізі деп атап келген) дүние жүзіндегі мемлекет және құрлық аралық экономикалық байланыс пен климат қалыптастыруы жағынан маңызы күшті, табиғи қоры мол, тұйық көл. Суының тұздылығы аз, небары 12-13 промил. Ол меридиандық бағытта 1 200 километрге созылып жатыр, ені 200 километрден 560 километрге дейін барады. Теңіз бетінің аумағы 422 мың шаршы километрге жуық, көлемі 77 мың текше километр шамасында, орташа тереңдігі 184 метр /3, 10-176./.

XIX ғасырдың 50-жылдарында Ресей 24 миллионға жуық пұт балық ауласа, соның 50 пайызы Каспий теңізінің үлесіне тиеді. Отандық балық аулау шаруашылығында теңіз ерекше орын алады. Мысалы, 1913 жылы мұнда 6,2 миллион центнерге жуық балық және теңіз аңдары ауланды. Бұл сол кездегі Россияның ішкі су қоймаларында ауланған барлық балықтың 67 процентін құрады. Мұнда 1936 жылы 5 миллион центнер, 1956 жылы 4,4 миллион центнер балық ауланса, яғни КСРО-да ауланған барлық балықтың 1936 жылы 30,6 проценті, 1956 жылы 15,8 проценті осы теңізден ауланды.

1930 жылдан бермен қарай Каспийдің деңгейі 2 метрдей төмендеген. Ал мұның балық қорына ықпалы өте қолайсыз болды. Өйткені Каспий теңізінде балық аулау кәсіпшілігі көбінесе келіп-кетіп тұратын балықтарға негізделген, ал бұл балықтар өсіп-өну үшін өзенге (оның төменгі сағасына) және теңіздің белгілі аумақтарына өтіп отырады. Сондықтан өзен сағасының өзгеріске ұшырауы балықтардың дағдылы өрістерін ауыстыруға мәжбүр етеді. Демек, бұл олардың өсіп-өнуіне де қолайсыздық туғызады.

Каспий теңізінің ерекшеліктерін төмендегідей кестемен көрсетуге болады:

Кесте – 1.

Сын-сипаты	Солтүстік Каспий	Орта Каспий	Оңтүстік Каспий
Ауданы	80 мың км ²	138 мың км ²	148 мың км ²
Көлемі	406 км ³ Теңіздің 1%	26000 км ³ Теңіздің 1/3%	51000 км ³ Теңіздің 1/3%
Тереңдігі	Орташа тереңдігі - 5 м	Орташа тереңдігі -2,3 м	1025 метрге дейін
Мұз қату көрсеткіші	4 ай	Қатпайды	Қатпайды
Тұздылығы	0-12 %	12,7-12,9 %	12,9 % дейін
Қыстағы судың орташа температурасы	-0,5°C	3-7°C	8-10°C

Кестеден байқағанымыздай, теңіздің солтүстік бөлігі өзінің континенттік климатымен және термиялық жағдайымен, ауа температурасының ауытқуымен және жауын-шашынның тапшылығымен ерекшеленеді. Сондықтан да казак-орыстар теңіздің сол жақ жағалауындағы мол байлықты жыртқыштықпен қысы-жазы аулады.

Теңізде қорытпа, бекіре, итбалық, шоқыр, қаракөз, табан, көксерке, сазан, жайын, ақбалық, минога, лосось, берш, алабұға, қызыл балық, т.б. балықтардың өте мол қоры болады /4, 25 б./.

Бекіре – етінің дәмділігі үшін көп ауланған, ұзындығы 2 метр, салмағы 48-64 кг. жетеді. Уылдырығын шашарда маусым айынан бастап тамыз айына дейін өзенге (Еділ) өтеді. Келесі сәуір, мамыр айларында теңізге қайтып оралады. Ал өзенде өсіп-өнген шабақтары 15-20 см болғанда теңізге келеді. Аталған қызылбалық тұқымдастар ұсақ жәндіктермен, олардың жұмыртқаларымен, моллюскалармен

қоректенеді /5, 17-22 б./ Каспий теңізі бекіре тұқымдас балықтарға өте бай. Елімізде ауланатын бекіре тұқымдас балықтардың 70 проценттен астамы осында өндіріледі.

Жайық өзенінде кездесетін жыртқыш балық туралы алғаш рет мақала жариялаған А.В. Попов болды. Оның 1897 жылы Орыс география қоғамының Орынбор бөлімшесінің «Известиясында» «Заметка о миногах, водящихся в реке Урал и его притонах» атты мақаласы жарық көрді. Бір қызығы, бұл балық туралы А.В. Поповтан кейін ешкім нақты зерттеу жұмыстарымен айналыспаған.

Каспий теңізінің солтүстік жағалауларына балық өнеркәсібінің алпауыттары Гордиев, Сапегин, Смирнов, Абазов, Шляхов, Милованов, Ильин, шығыс жағалауларына Шараев, Дубков, Афанасьев иелік етсе, Жайық өзенінде Морозов, Кутузов, Чошпахов сияқты көпестер үстемдік етті /6, 31 б./.

Қазақтардың балық аулау кәсіпшілігі солтүстік және орталық Каспийдің шығыс бөлігінде, Астрахан облысының шекарасынан бастап шығысқа қарай Орал және Ембі өзендерінің сағаларына дейін, Маңғыстау түбегінің жағалауымен одан әрі Суз мүйісіне дейінгі аймақты қамтиды. Жағалық бойдың ұзындығы 1900 километрге созылады. Осы балық кәсіпшілігінің ауданын шартты түрде Солтүстік, Орта және Оңтүстік деп үш ауданға бөледі. Солтүстік және Орта аудандар Солтүстік Каспийді, ал Оңтүстік аудан Орта Каспийді қамтиды.

Солтүстік ауданның суы тайыз келеді, оның орташа тереңдігі 3 метр, ал терең жері 7 метрден аспайды. Бұл аудан Орал, Каспий бассейнінде балық аулау және балық қорын көбейтуде басты орын алады. Мұнда Орал-Каспий бассейнінде ауланатын балықтың 70 процентке жуығы өндіріледі.

Орталық және Оңтүстік аудандарға қарағанда Солтүстік аудан түгелдей қатып қалады, мұз желтоқсанның бас кезінен келесі наурызға дейін жатады. Бірақ балық аулау қыста да тоқтатылмайды. Қыста мұз астынан қарабалықтар мен қаракөздер ауланады, ал ерте көктемде мұз түскенге дейін қаракөз, ақмарқа, көксерке кейінірек табан, сазан, шоқыр, алабұға және бекіре тұқымдас балықтар ауланады. Сәуірдің аяқ кезінен бастап уылдырық шашу үшін Еділге майшабақ өтеді. Осы кезде ауа райы қолайлы болса майшабақ өте көп ауланады. Жазда және күздің алғашқы кезінде Маңғыстау тұсындағы теңіз қолтығында қарабалықтар (қаракөз, табан, сазан) және бекіре тұқымдас балықтар көптеп шоғырланады.

Орталық аудан Бұрыншақ мүйісінен басталып, Баутино поселкесіне дейін созылады. Бұл жердің суы тереңірек, тұздылығы да жоғарылай түседі. Солтүстік ауданға қарағанда мұнда балыққа азық боларлық су түбінде кездесетін жәндіктер аз. Соңғы жылдары осында суды тұщыландыру шаралары жүзеге асырылуына байланысты балықтың тұщы және жартылай тұщы суда өсетін түрлері тарап отыр, яғни өзіндік балық әлемі қалыптасуда. Бұл ауданда байырғы балықтар жоқ, олардың бәрі солтүстіктен және оңтүстіктен келген келімсектер, бұлардың мұнда болу мерзімі келу себептеріне байланысты. Мысалы, наурыз айының аяқ кезінен мамырдың алғашқы жартысына дейін уылдырық шашу үшін оңтүстіктен солтүстікке қарай шығыс жағалауды бойлап топ-тобымен шоғырланып Долгий майшабағы өтеді, бұларды Долгий аралының тұсынан көп аулайды. Орал және Волга өзендерінің сағаларына уылдырық шашуға бет түзеп шығыс жағалаумен сәуір айының орта кезінде Волга майшабағы, сәл кешірек Каспий майшабағы өтеді.

Сондай-ақ Орталық ауданда жылына екі рет, қыста ақпаннан наурыздың аяғына дейін және күзде итбалық (тюлень) ауланады. Мұнда теңізде ауланатын барлық балық пен итбалықтың 5-7 процентке жуығы алынады.

Оңтүстік аудан шамамен Баутино поселкесінен бастап Суз мүйісіне дейінгі алқапты қамтиды. Бұл арада судың тереңдігі 100-200 метрге дейін барады, әрі ащы болады, балық белгілі маусымда ғана ауланады. Мұнда жергілікті балықтан теңіз

көксеркесін жыл бойы кездестіруге болады. Басқа балықтар – қарапайым килька, кефаль және майшабақ бұл ауданда тек маусымды кезде ғана болады.

Жазда Солтүстік Каспийде уылдырық шашқан килькалар Орталық және Оңтүстік Каспийге ойысқан кезде жолшыбай теңіз жағалауында көптеп шоғырланады. Осы кезде кильканы шағын сүзекілермен аулауға болады.

Жазда Оңтүстік ауданда анчоус килькалары (майшабақ тектес ұсақ теңіз балықтары) көптеп шоғырланатындығы байқалады. Әдетте бұлар 30-40 метрге дейінгі тереңдікте болады. Сондықтан ол 1950 жылға дейін ауланбай келді. Осы тереңдіктен анчоус килькаларын электр жарығының көмегімен арнаулы тор арқылы аулау игерілді. Орта есеппен жылына 230 мың центнер анчоус килькасы ұсталады.

Бекіре балықтар жазда өрістеп, қыста паналау үшін Оңтүстік ауданға көптеп шоғырланады. Бұлардың негізгі өрістері Ералы мен Кендірлі аумақтары. Бекіре балықтар бұл маңда көктемде, сондай-ақ күзде, оңтүстіктен солтүстіктен қарай шұбап көшкенде де көп болады. Балық аулауда, әсіресе оны өсіріп-өндіруде Орал-Каспий бассейні өзендерінің үлкен маңызы бар. Олардың ішіндегі ең бастысы – Орал өзені, бұл теңізге құяр жерінде бірнеше салаға бөлінген. Ал бұл жағдай балықтың өсіп-өнуіне өте қолайлы келеді.

Наурыз айынан бастап-ақ Орал өзеніне мұз астымен ақмарқа, мұз түскеннен бастап мамыр айына дейін көксерке мен қаракөз жүреді. Сәуірдің аяқ кезінен табан, сазан, бекіре, шип, алабұға мен шоқыр өтеді. Бұл балықтарды Жайықтан көктемде, жазда және күзде өзен сүзекісімен, ал қыста құрма аулармен аулайды. Еділ өзенінің кәсіпшілік маңызы орасан зор, сонымен бірге ол балықты өсіріп-өндіріп, оның қорларын толықтыру ісінде де шешуші роль атқарады. Калмыков поселкесінен Орал қаласына дейінгі оның орта ағысында және одан жоғарырақ бекіре тұқымдас балықтар қыстап шығады да, көктемде уылдырық шашады.

Теңіз ауданының өзендеріне тән ерекшелік – оларда су асты өсімдіктері қалың өседі де, балықтың жүріп-тұруына бөгет жасайды. Мұнда табан, сазан және қаракөз уылдырық салады. Бұл аудандағы өзендерден балық көктемде су жайылғанда және жазда ауланады.

Ембі өзені теңізбен тек көктемде су тасыған кезде және оның үстіне жел оңтүстік және оңтүстік-шығыс бағытта болғанда ғана жалғасады. Ембінің сағасында көлдер тізбегі көп, оларға уылдырық төгу үшін көктемде қаракөз келеді. Ембінің теңізбен байланысының тұрақсыздығы салдарынан біраз балықтар және олардың шабақтары осы көлдерде қалып қояды. Оларда балық тек оқта-текте ғана ауланады.

Солтүстік Каспийде және оған келіп құятын өзендердің атырауларында бүкіл Каспий бассейнінде мекендейтін бағалы балықтардың (бекіре, табан, көксерке, сазан, қаракөз және басқалар) 75-80 процентке жуығы ауланады.

Каспий теңізінде балық әлемінің түр-түрі 97-ге жетеді. Мұнда карп тұқымдас балық түрі өте көп. Бұғанақ балықтардың 32 түрі, майшабақтың 22 түрі бар.

Каспий теңізіндегі кәсіпшілік маңызы бар балықтар – алабұға, бекіре, шоқыр, ақбалық, Каспий лососы, қаракөз, көксерке, табан, сазан, шортан, ақмарқа, майшабақтың бірнеше түрлері. Кәсіпшілік маңызы бар балықтардың көпшілігі жартылай көшпелі болып келеді.

Арал теңізі дүние жүзіндегі ең ірі көлдердің ішінде үшінші орын алады. Аралды әдетте теңіз деп атағанмен ол көл. Арал теңізінің көлемі түбектермен қоса есептегенде 65 мың шаршы километр. Теңіздің ұзындығы 500 километр, ал енінің ең кең жері 300 километрге дейін барады. Теңіздің орташа тереңдігі 23 метрге жетеді.

Орта Азияның аса ірі екі өзені – Амудария мен Сырдария осы Арал теңізіне құяды. Теңіздің солтүстік жағынан келіп құятын Сырдария өзені бассейнінде Қамыстыбас, Ақшатау көл жүйелері бар, бұлар 314,3 шаршы километр алқапты

суландырады. Сырдарияның суы жайылатын аймақта аумағы 106 шаршы километр алаңды алып жатқан көптеген көлдер бар.

Арал теңізіндегі судың ағысы мен бағыты, ғалым Берг (1908) анықтағандай, Солтүстік жарты шардың көптеген көлдеріндегідей емес, мұнда сағат тілінің ізімен жүріп отырады.

Арал теңізінде кәсіпшілік маңызы бар балықтар көшпелі және жартылай көшпелі болып келеді, олар тұщы сулы аумақтарда уылдырық шашады. Осығын байланысты бұл балықтар үшін сырдария өзені мен оның атырауындағы көлдердің ерекше үлкен маңызы бар, өйткені мұнда қоректік заттар өте көп. Сырдария өзенінің атырауы 175 шаршы километр аймақты алып жатыр. Мұнда негізінен табан, сазан, қаракөз балықтары өсіріледі. Атыраудағы уылдырық шашатын су қоймасының жалпы көлемі 110 шаршы километрге жуық, бұл 10-15 миллиондай балықтың уылдырық шашуына мүмкіндік береді.

Батыс Қазақстан аймағындағы балық шаруашылығының дамуына өзіндік әсерін тигізген осы – Арал теңізі. Онда Жайық казактарының балық аулауы 1775 жылдан бастау алады. Осы жылы Жайықтың казактары азық-түлік мақсат үшін теңізден алғаш рет балық аулайды. Алғашқы кезде теңіздегі балық аулау тек азық-түлік мақсатында жүргізілді. 1898 жылы 12 ақпанда Қазан университетінің профессоры Н.Ф. Катанов «Киргизы, их прошлое и настоящее» атты дәрісінде Арал көлінде итбалық та кездесетінін атап өтеді.

Аралда балық кәсіпшілігін дамыту үшін 1905 жылы темір жолдың салынуы күшті түрткі болады. Темір жол қатынасының ашылуына байланысты Арал теңізінен балық аулау ісі кеңінен өрістей түсті. Арал теңізінен 1907 жылы жөнелтілген балықтың жалпы бағасын 2 миллион сомнан кем емес деп есептеуге болады. Сонымен азық-түліктің көлемі мен бағасы Қаратеңіз және Мурманск балық шаруашылығының өнімділігі мен бағасына қарағанда Арал теңізі алқабында жоғары екенін көрсетеді /7, 43 б./.

1909 жылы Арал теңізі бекетіндегі бір пұт балықтың (қоныстанушылар басқармасының жазбалары бойынша) бағасы төмендегідей:

Кесте - 2.

<i>Балықтың түрлері</i>	<i>Бағасы</i>
Сазан	90 тиыннан 2 сом 40 тиынға дейін
Табан мен торта	50 тиыннан 1 сом 40 тиынға дейін
Жайын	1 сом 60 тиыннан 3 сомға дейін
Қаяз	2 сомнан 3 сомға дейін
Шабак	5 сомнан 7 сомға дейін
Шортан	60 тиыннан 2 сомға дейін
Ақмарқа	1 сом 50 тиыннан 3 сомға дейін
Көксерке	1 сом 50 тиыннан 2 сом 50 тиынға дейін

Мәселен, 1910 жылы 334 мың центнер балық ауланды. Балық аулау кәсіпшілігінде теңіздің оңтүстік бөлігі маңызды роль атқарады, барлық өндірілетін балықтың 65 проценті осында ауланады.

Арал теңізі бассейнінде бекіре, лосось, табан, сазан, көксерке, шортан, алабұға тұқымдарына жататын 20 түрлі балық бар. Бекіре балықтары тобынан Арал теңізінде тек шип кездеседі. Аралда карп тұқымдас балықтар басым келеді. Карп тұқымдас балықтар – табан, сазан, қаракөз, шемая, қаяз, ақмарқа, ақкөз, чехонь, қызылқанат, аққайран, мөңке және Түркістан қаязы. Ақкөз балық теңіздің оңтүстік және оңтүстік-батыс бөлігінде көп болады. Чехонь бүкіл теңізге бір мөлшерде тараған. Қызылқанат

Сырдария атырауындағы көптеген көлдерде ауланады. Аққайран мен шортан мұнда өте аз.

Алабұғаның үш түрі – көксерке, алабұға және таутан балық кездеседі. Көксерке теңіздегі ең тұрақты балық. Оның үлесіне бүкіл теңізде ауланатын балықтың 1,7 проценті келеді. Алабұға мен таутан балық сирек ұшырайды және ешқандай кәсіпшілік маңызы жоқ. Арал теңізінде ауланатын балықтардың ішінде сазан басқа су қоймаларымен салыстырғанда бірінші орын алады, ал Аралдың өзінде табаннан кейінгі екінші орында.

Арал теңізінің солтүстігінде балық аулаудың маусымды кезеңдері: қаңтар айында теңіздің едәуір бөлігін мұз басады да, балық мұз астынан ауланады. Балықшылар қаңтарда теңізді тастап балықты Сырдария атырауындағы көлдерден аулайды. Көлдердің көпшілігінде табан ауланады және ол теңіз балығынан әлде қайда ұсақ келеді. Табаннан басқа мұнда чехонь, сазан және қаракөз де ұсталады. Қыста Сырдария мен оның сағасына таяу аймақтардан қыстаған табан алынады.

Қазақстан жерінде су көздері өте көп. Біз жоғарыда қарастырған Каспий теңізі мен Арал теңізінен де басқа барлық өзендер мен көлдерге балық түрлері таралған. Су жағасына орналасқан жергілікті халық негізінен балық аулаумен айналысады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қайымов Қ. Балықтар әлемінде. -Алматы: Қайнар, 1973. - 191 б.
2. Телеуғалиев Т. Балық аурулары. -Алматы: Қайнар, 1967. - 128 б.
3. Күленов К. Қазақстанның балық байлығы. -Алматы: 1967. - 212 б.
4. Биологическая продуктивность Каспийского моря. -М.: Наука. 1974. – С. 25.
5. Томасийчук Н.П. Промысловые рыбы Волго-Каспия. -М. 1951. – С. 17-22.
6. Рыбные богатства Казахстана. -Кзыл-Орда, 1923. – С. 31.
7. Добросмыслов А.И. Города Сыр-Дарьинский области. -Ташкент, 1912.- С. 43.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена рыбному промыслу Каспийского и Аральского морей и истории промысла. Автор описывает крупные виды рыб, их распространение, сезон ловли.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Каспий және Арал теңіздерінен балық аулау кәсіпшілігі жайында айтылған. Ауланатын балықтардың түрлеріне және кәсіпшілік тарихына да тоқталған.

ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ АНГЛО-ШОТЛАНДСКИХ ОТНОШЕНИЙ

Токенова А. – магистрант (г.Алматы, КазНУ имени аль-Фараби)

В изучении истории международных отношений особое место занимают англо-шотландские отношения в средние века. С конца XV века Европа вступила в новый период международных отношений. К этому времени в ряде стран завершается территориальное объединение и складываются условия для образования феодально – абсолютистских государств.

Политическая карта Европы была отражением глубоких социально-политических перемен, характерных для XVI века и обусловленных процессом генезиса капитализма. Возникновение капиталистического уклада сопровождалось

постепенным формированием наций, ростом значения национальных интересов отдельных народов. К началу XVI века Англия, Франция, Испания, Португалия, Дания и Швеция уже достигли значительных успехов в складывании государственного единства.

С рождением абсолютистских монархий на первый план выступали противоречия между большими государствами, к которым примыкали средние и мелкие страны. Столкновения между государствами перерастали в общеевропейские конфликты, в которых, однако, не допускалось преобладание какой-либо одной страны. Именно англо-шотландские отношения стали одним из важных проблем в истории международных отношений. Отмечая приоритеты исследования всемирной истории, доктор исторических наук, профессор К.Т.Жумагулов подчеркивает также необходимость изучения прошлого и настоящего различных регионов земного шара, прослеживая взаимосвязь народов, государств, эпох, культур в глобальном всемирно-историческом процессе, начиная с древности, средних веков и вплоть до наших дней /1/. Поэтому изучение данной темы вызывает большой интерес и не теряет своей актуальности и сейчас.

Историографический анализ работы был сделан на основе изучения широкого круга работ, имеющих по данной теме. Те или иные вопросы англо – шотландских отношений привлекали к себе внимание многих исследователей советского периода. Англо – шотландские отношения в ракурсе международных отношений рассматриваются в трудах Ю.Е.Ивонина /2/, С.Д.Сказкина /3/, а также в «Истории дипломатии» /4/. Авторы этих исследований дают всесторонний анализ англо – шотландским отношениям, уделяя при этом большое внимание абсолютизму Тюдоров.

Особенности абсолютизма Англии и ее влияние на внешнюю политику подробно рассматриваются в работах А.В.Исаенко /5/, В.В.Штокмар /6/, М.М.Ябровой /7/, Дж.Тревелиян /8/, в статье Н.М.Мещеряковой /9/. В целом в советской историографии разрабатывались в большей мере проблемы, связанные с абсолютизмом. Что касается англо-шотландских отношений, то здесь ученые ограничиваются лишь общими, краткими обзорами, представленными в научных статьях. Необходимо отметить, что основательных исследований, связанных с рассматриваемой проблематикой пока еще нет. Работы, вышеперечисленных авторов, в основном представлены в виде статей. Это обусловлено тем, что идет процесс изучения и накопления материалов по истории англо-шотландских отношений.

В казахстанской историографии проблемами всемирной истории занимается доктор исторических наук, профессор К.Т.Жумагулов /10/. Историографический обзор трудов также выявляет актуальность данной темы.

Основным источником для более полного понимания существа проблемы является сборник документов «Англия в эпоху абсолютизма» под редакцией Ю.М.Сапрыкина /11/, где даются интересные сведения о англо-шотландских отношениях, в частности имеются документы, которые характеризуют основные направления деятельности Тюдоров в отношении Шотландии.

Следующую группу источников составляют произведения знаменитых мыслителей – гуманистов, это работы Бэкона Фрэнсис /12/, Томаса Мора /13/.

Таким образом, представленные группы документов, являются источниками по изучению предложенной темы и решению поставленных в работе целей и задач.

Во внешней политике Англии видное место занимает ее отношения с Шотландией. Шотландия в XVI в. была самостоятельным королевством. В ее горной части господствовали феодально-патриархальные отношения; товарное производство развивалось медленно, городов было мало; жители занимались

скотоводством и охотой и жили еще родовыми общинами - кланами. Южная Шотландия развивалась быстрее, население ее наряду со скотоводством занималось и земледелием, а товарное производство развивалось интенсивнее, чем на севере. Особенно быстро складывались и укреплялись связи с экономически развитой Англией; в Южную Шотландию переселялись многие англичане.

Вследствие слабых экономических связей между областями страны процесс политического объединения Шотландии в XVI в. еще не закончился, отсутствовала даже единая денежная система. Экономически слабая, раздираемая внутренней борьбой Шотландия стала объектом захватнических устремлений Англии, а также Франции и Испании.

Особенно активной в борьбе за Шотландию была Англия. В XVI в. с усилением в Англии абсолютизма Тюдоров их стремление подчинить своей власти слабого соседа весьма возросло. Успехи капиталистического уклада в Англии и развитие ее внешней торговли делают Шотландию выгодным источником сырья, особенно шерсти, и емким рынком для сбыта английских товаров.

Усилия первых Тюдоров оттеснить своих соперников в борьбе за влияние в Шотландии и разорвать традиционный франко-шотландский союз не имели успеха. В своей шотландской политике они использовали два способа - установление династических связей со Стюартами (царствовавшей в Шотландии династией) и вооруженные вторжения на ее территорию и войны с ней. В 1502 г. Генрих VII Тюдор выдал свою дочь Маргариту замуж за шотландского короля Якова IV и короли даже договорились между собой о мире на вечные времена. Тем не менее это не изменило положения и Генрих VIII провел несколько войн с Шотландией и выиграл ряд сражений. Намеченный брачный союз его наследника, будущего английского короля Эдуарда VI с Марией Стюарт не состоялся. Дворяне Шотландии разделились на сторонников французов и сторонников англичан; они обычно поддерживали тех, кто больше им платил /5, с.121/.

В 1542 году король Шотландии Яков V умер. Шотландская корона перешла к его малолетней дочери, правнучке Генриха VII Тюдора, Марии Стюарт. Ее отправили во Францию, где воспитали католичкой, а Шотландией в качестве регентши стала управлять мать королевы - Мария Гиз, представительница могущественного во Франции рода Гизов. В Шотландию были введены французские войска, которым удалось изгнать английскую армию. В результате страна подпала под власть французской короны, французские войска заняли важнейшие крепости, а высшие должности в государстве оказались в руках французской знати. Особенно укрепились французы в Шотландии после того, как Мария Стюарт стала женой короля Франциска II.

В это время в Шотландии усилилось движение за кальвинистскую реформу церкви. Кальвинизм получил широкое распространение не только среди горожан, но и среди значительной части феодалов (особенно на юге), которые рассчитывали при помощи Реформации завладеть церковными богатствами и использовать пресвитерианский строй новой церкви для усиления своих позиций в борьбе против Стюартов, отдавших страну под власть католической Франции. Был создан союз кальвинистов - Конвенант. Идеологом шотландской Реформации стал Джон Нокс (1514-1572), бывший священник англиканской церкви, который эмигрировал во время католической реакции из Англии и прожил несколько лет в Женеве среди кальвинистов. Нокс в своих

проповедях призывал к свержению королевы-католички и добивался объединения Англии с Шотландией.

Когда в Шотландии вспыхнули народные выступления против католической церкви, кальвинисты начали военные действия против французов. Этим воспользовалась Елизавета Тюдор. Она помогала шотландским кальвинистам оружием и деньгами, рассчитывая с их помощью не только подчинить Шотландию, но и избавиться от опасной претендентки на английскую корону в лице своей кузины Марии Стюарт. Папа римский и католические державы связывали свои планы свержения Елизаветы с престола с возведением на престол Марии Стюарт, которая, по их расчетам, должна была навсегда покончить с Реформацией в Англии. В 1559 г. Мария и ее муж приняли титул английских королей. В ответ на это Елизавета послала свой флот против Шотландии, который помог шотландским кальвинистам одержать победу. В 1560 г. в Эдинбурге был подписан договор, по которому французские войска выводились из Шотландии и власть в стране переходила к совету из 12 представителей аристократии (5 из них назначались парламентом, а 7 - королевой), объявлялась свобода вероисповедания, а Мария Стюарт и ее муж должны были отказаться от своих прав на английскую корону. Шотландский парламент поспешил ввести в стране пресвитерианский строй церкви, а также приступил к секуляризации церковных богатств, раздавая большую их часть аристократии /16, с.76/.

Таким образом, в конце 60-х годов XVI в. французское влияние в Шотландии ослабло и у власти оказались проанглийские элементы из кальвинистов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Жумагулов К.Т. Проблемы изучения Всемирной истории в Республике Казахстан. // Отан тарихы. -2001. - № 3. – С.78-80.
2. Ивонин Ю.Е. Становление европейской системы государств. Англия и Габсбурги на рубеже двух эпох. Минск, 1989.; Ивонин Ю.Е. У истоков европейской дипломатии нового времени. Минск, 1984.
3. Сказкин С.Д. Из истории социально-политической и духовной жизни Западной Европы в средние века. М., 1981.; Сказкин С.Д. Международные отношения в Европе в конце XV и первой половине XVI в. / Из истории социально-политической и духовной жизни Западной Европы в средние века. М., 1981.
4. История дипломатии. 2-изд. / под ред. В.А.Зорина, В.С.Семенова, С.Д.Сказкина, В.М. Хвостова. М., 1959. Т.1.
5. Исаенко А.В. Английская королевская реформация XVI века. Орджоникидзе, 1982; Исаенко А.В. Пуританская реформация в Англии в XVI – начале XVII века. Орджоникидзе, 1980.
6. Штокмар В.В. Очерки по истории Англии XVI века. Л., 1957; Штокмар В.В. Экономическая политика английского абсолютизма в эпоху его расцвета. Л., 1962.
7. Яброва М.М. Очерки истории колониальной экспансии Англии в эпоху первоначального накопления. Саратов, 1966.
8. Тревельян Дж. М. Социальная история Англии. М., 1959.
9. Мещерякова Н.М. Основные черты генезиса капитализма в промышленности Англии XVI – первой половины XVII в. // Проблемы генезиса капитализма. М., 1978.
10. Англия в эпоху абсолютизма (Статьи и источники). / Под ред. Ю.М.Сапрыкина. М., 1984.
11. Бэкон Фрэнсис. Новая Атлантида. Опыты и наставления нравственные и

политические. 2-изд. М., 1962.
12. Мор Томас. Утопия. М., 1978.

ТҮЙІНДЕМЕ

Автор мақалада ағылшын–шотланд қатынастарының зерттелу деңгейін қарастырады.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена проблемам изученности англо-шотландских отношений.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ МОҢҒОЛИЯ ЖЕРІНЕ ҚОНЫСТАНУЫ

Төлеухан Зияш - магистрант (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Моңғолия қазақтары негізінен Қытайдың Алтай аймағындағы керейлердің бір бөлігі. Олардың Моңғолия жеріне қоныстануының да өзіндік терең сыры бар. Олар алғаш Алтайдың теріскей бетіне ауа көшіп, Моңғол жеріне қоныстана бастағалы бері міне, 130-140 жылдың жүзі болды. Осы жылдар ішінде небір қиыншылығы мен қуанышы бірдей аумалы төкпелі ауыр жылдарды артта қалдырды.

Қазақтың атамекенін тастап, алыс жақын шет елдерге үдіре көшуінің алғашқы себебі тарихта “Ақтабан шұбырынды, алакөл сұлама” деп аталып қалған жоңғар қысқан 1720-1750 жылдардың аралығы. Бұл жылдарда керей қазағы Сыр бойына ығысып одан Алтай, Іле; Тарбағатай немесе Шығыс Түркістан өлкесіне келіп мекендейді /1/.

”Ақтабан шұбырындының” ауыр апаты кезінде Жоңғар феодалдарының қарулы қолы қорғануға мұршасы келмеген бейбіт елді шауып- шаншып, қырғындап., үй мүлкін тонап, малын айдап кетті, тірі қалғандары атамекені мен мал мүлкін тастап қашуға мәжбүр болды. Осылайша қазақ диаспорасы алғаш Шығыс Түркістанда қалыптасса, кейін біртіндеп, Моңғол жеріне әртүрлі жағдайлармен қоныстана бастады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, абақ керейдің кейбір рулары Моңғол жеріне малдарын отарлатып, жазда жайлауда, қыста қыстауда болып, кейін біржола қоныс аудара бастады. Біздің бұл қорытындымызды көптеген тарихы мәлеметтермен дәлелдеуге болады.

Ә.Мініс, А.Сарай 1960 жылы жазған еңбектерінде қазақтардың Моңғол жеріне қоныстануын өз еңбектерінде былай деп жазады: Қазіргі Баян-Өлгей аймағының қазақтары XIX ғасырдың екінші жартысында немесе 1868-1869 жылдардан бастап, Қобда өлкесіне біржола қоныстана бастады /2/.

Тарих ғылымының докторы Қ.Зардыхан керейлердің кейбір руларының Моңғолияға мекендегені жайлы көптеген тарихы деректерге сүйене отырып, «қазақтың бір тобы Алтайдың Қобда бетіне асып-келіп, моңғол жеріне мекен ете бастаған тұсы сөзсіз 1860 жылдар деген қорытынды жасайды /3/.

Жергілікті кейбір ғалымдардың еңбектерінде керейдің Жантекей, Шеруші рулары 1860 жылдардан бастап, Қобданың шұрайлы жерлеріне жайылым іздеп қоныс аудара бастағанын айтады. Қазақтардың Моңғол жеріне қоныстауына тек жер мәселесі ғана емес басқада әртүрлі факторлар әсер еткен.

Бір бүйірден орыс, екінші бүйірден Қоқан қысқан XIX ғасырдың басы, осы қысылтаян заманда қазақтар өзінің бұрынғы ата мекені Тянь-шаньның солтүстік өңіріне көптеп қоныс аударуға мәжбүр болған. Керегесінің көгі қанмен өрілген

Шығыс Түркістан жерінде сан қилы сұмдықтардан үріккен елдің бір бөлігі Моңғолия, Түркия тағы басқа елдерге үдіре көшті.

Қазақ көшінің үшінші бір ағыны Ресейдің империялық саясатына қарсы қазақ, қырғыздың 1916 жылғы Ұлт азаттық қозғалысының тұсы. Осы бір “жігіт бермеу” ереуіліне қатысқан адамдардың алды дарға асылып, орыстың оғына ұша бастағанда қазақтың бір шеті келешек ұрпағының күйі үшін Қытайға, Моңғолияға босты /3/.

Қазақ өз басына шаңырақ көтерген соңғы бес ғасырда алты мәрте (1723 жылғы ақтабан шұбырынды, 1750 жылдардағы керей көшкен, 1916 жылғы дүрбелең, 1929-32 жылғы аштық пен жұт, 1932-37 жылғы саяси құғын сүргін) жан сауғалап, жат жерге үдіре көшуге тура келді /15/. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқаны үшін жазаланушылардан жәбір көрген Қаракерей наймандар Қыран Ертіс арқылы Қобда бетіне асты (4). Бұл жайлы ғалым Зардыхан былай деп жазады; ...осындай жазмыш тағдырмен найманның бір тобы 1916 жылы Шцуй, Жайсаңын тастап Қытай асып, кешікпей 1919-20 жылдары моңғолға келіп мекендеген болатын. Ата жұрты қазақ елінде хан жарлығына қарсы тұрып қырғын көрген осы топ моңғол жеріне келген соң 1937-38 жылдары “Қазан төңкерісінің қашқыны” атанып және саяси-қырғынға ұшыраған.

Ресей патшалығының 1916 жылы Қазақ елінен жұмысшы және әскер алуға қабылдаған жарлығы қазақтарға үлкен қайғы әкелгендіктен халық оған наразылық көрсете бас көтереді. Басқыншы, басымшылыққа төзе алмаған қазақтар атамекендерін тастап шет елге ауа бастайды. Олардың көпшілігі жастар еді /4/.

Баян-Өлгей қазақтары әр бір жылдары, қилы-қилы себептермен Шығыс Қазақстан, Ресейдің Қос-ағаш, Шығыс Түркістаннан келген ағайындармен толығып отырды. Мәселен, 1916, 1920, 1932-жылдарғы нәубет салдарынан Қазақстаннан көптеген отбасылары келді /4/. Ел-жұртынан айырылған қалың ел жаңа ел, жаңа жерге үйреніп еңсесін көтеріп, есін жиғанға дейінгі ұзақ жылдарды тағы да көшпенді өткізді. Қазақтардың Қытайдан Қобдаға өтіп көшуінің бір себебі қытайдың ішкі саяси жағдайы ауырлауына байланысты болды. Қытайда 1850-1865 жылдары атақты Тайпиндердің көтерілісі шыққан еді. Сондай-ақ мал шаруашылығындағы қазақтар үшін малды өсіру, оны аман сақтап қалу, өріс-қоныс мәселесі, жайылым жағдайы да қазақтарды Алтайдың теріскей бетіне яғни, Қобда бетіне ауа көшуіне ықпал етті. Ел билеушілер, сұңғыла адамдар ең алдымен “жұрт шалып” Қобда қойнауларын бақылап қайтысып жүрді. Кейіннен бір жола Қобда бетіне қоныс аударуға шешім қабылдады. Осы көтеріліске қазақтар басқа аз ұлттармен бірдей қатысты. Сонымен қатар Қобда бетіне әуелі мал отарлатып кейде жайлап келіп-кетіп жүрген қазақтар бұл өлкенің шөбі шүйгін, суы мол жайылымдарының қолайлы табиғатын, халықтың сиректігін көріп кетіп жүрді. Бұл жай керей тайпасының жекелеген руларының Қобда бетіне ауа көшуіне түрткі болды /5/.

Қазақтар Алтай тауын асып көшіп келген негізгі себеп жерге байланысты еді. Көшпелі рулардың өндірісінің негізгі құралы болған жер мен жайылым мәселесі XIX ғасырдың орта кезінен бастап батыс Моңғолияда ерекше жолға қойылды /6/.

Ғалым Зардыхан Қинаятұлының “Жылаған жылдар шежіресі” /7/ атты кітабында Моңғолия қазақтарының қоныстауын “Керейлердің көші 1860 ж-дан басталып, 1911 жылғы мұңғұлдың ұлт азаттық қозғалысының жеңісі және мұңғұл қазақтарының арасында “Жалама айдаған жылдар” деп аталатын 1912-1913 жылдарға дейін жалғасқан”- жазды. 1911-1912 жылдары Моңғолияның ұлт-азаттық қозғалысының нәтижесінде орнаған моңғолдың Боғдахандығы өкіметіне қазақ қол қойған хат жолдап моңғол елі тәуелсіз болғанына алғысын білдіріп, Боғда хандық мемлекетінің әрбір шешімін толық орындайтынын мәлімдейді /8/.

Қазақ халқының жарты ғасыр бойы өз жерім болса деген арманы орындалып, 1912 жылғы Боғда жарлығы бойынша қазақтар алғаш рет Моңғол азаматы тұрғысынан моңғолдармен тепе-теңдік жағдайында жер меншігіне ие болуға құқық алды.

Осылайша өзге елде өсіп-өніп келген қазақ диаспорасының зерттеуге тұрарлық өзіндік тарихы қалыптасты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ұлықпанұлы Б. Дәлуун қазақтарының тарихы мен шежіресі. -Өлгей.1998.
2. Ә.Мініс, А.Сарай. МХР БӨ аймағы қазақ халқының тарихынан. -Өлгей.1960
3. Зардыхан Қ. Жылаған жылдар шежіресі. -Алматы, Мерей, 1995. 43 б.
4. Зардыхан Қ. Моңғолия қазақтары. // Көш газеті. 1999. №4.
5. Хурметхан М. Моңғолиядағы қазақ субэтностының қалыптасуы мен дамуы. - Алматы-Ұланбатор. 1997ж. 177 б.
6. Сарай А. Революциядан бұрынғы Моңғолия қазақтары. -Өлгей. 1992, 18б.
7. Зардыхан Қ. Инаятұлының “Жылаған жылдар шежіресі”. -А., Мерей,1995.
8. Қинаятұлы З. Жалама айдаған жантүршігерлік жылдар. // Қазақ елі газеті, 1998, №42.

РЕЗЮМЕ

В статье исследуются история и пути переселения казахов в Монголию.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақтардың Моңғолияға қоныс аудару тарихы мен жолдары қарастырылған.

ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ 1867-1868 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕФОРМАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ТИГІЗГЕН ЗАРДАПТАРЫ

Досымова М.К. - магистрант (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Сонау ХІХ ғ. 30-40 ж.ж. бастап Ресей империясы отарлау саясатын ашық жүргізіп, табиғи ресурстары мол Қазақстанға саяси, әскери тұрғыдан пәрменді түрде орныға бастады. Қазақ жерін жаулап алу үрдісі екі бағытта жүргізілді, бірі - орыс жұртының өз бетінше, ешкімнен сұрамай отарлау (вольная колонизация), екіншісі - ресми отарлау (правительственная колонизация), - деп нақтылай түсті сол кезеңдегі тарихымызды терендей зерттеген Т. Шонанұлы. Оның пікірінше, қазақ жерін көп талаған, қазақ шаруаларының даму үрдісінде үлкен зиянын тигізген ресми отарлау әрекеті болды /1/. Автор әрі қарай, Ресейдің қазақ жерін отарлауы барысында саяси экономикалық мақсаттарды да көрсете отырып, не себептен орыс-казактарын қазақ жерлеріне орналастыруын атап көрсетті. Мәселен «үкімет сол кезде әуелі қылмысты болып, жазаға бұйырылып, Ресейге зиянынан басқа пайда тигізбейтіндерін қазақ арасына орнықтыруға ұмтылды. Өлім жазасына кесілген және саяси қызметі үшін жазаланғандарды жіберді. Екіншіден, салық төлемей Ресейге пайда келтіруден қалған мұжықтарды көшірді. Бұларды атты казак етіп жазды. Үшіншіден, бұрынан еркіндіктегі жауынгер атты казактарды орналастырды. Сонымен қатар еліне шоқпар сілтеуге казактан артық құрал жоқ екенін естен шығармады» деді /2/.

ХІХ ғ. 20 жылдарына дейін патшалық Қазақстанды хан, сұлтандар арқылы билеп-төстеп келсе, Ресей енді ХІХ ғ. 20-жылдарынан жалпы империялық негіздегі бастап реформалар немесе ережелер арқылы басқаруды қолына алды.

Дәлірек айтсақ, 1822 ж. «Сібір қырғыздары жөніндегі» және 1824 ж. «Орынбор қырғыздары жөніндегі» жарғылар арқылы Қазақстанда хандық билік жойылды. Соның негізінде патшалық орта жүзді бөлшектеп округтік приказдар арқылы басқарды. Әрбір приказдың басында аға сұлтандар тағайындалды, болыстарды да сұлтандардан сайлап басқаратын болды. Кіші жүз даласын патша үкіметі Батыс, Орталық және Шығыс бөліктерге бөліп, оларға өзі тағайындаған аға сұлтандар мен дистанция бастықтары арқылы билік жүргізетін болды /3/.

1822 жылғы «Жарғының» сипаты мен мазмұны тек отарлық мақсатта болғандықтан орта жүздің мемлекеттік статусы жойылып, өзін-өзі басқарудан қалды. Осы жарғының жобасымен 1824 жылы кіші жүзге арналған «Орынбор қырғыздарының жарғысы» атты реформа да Ресейлік басқаруды батыс Қазақстанға орнатты. Осылайша саяси еркіндікті жоюды әріден бастаған Ресей қазақ даласынан жаңадан жаулап алынған жерлерінде өз заңдылығын орнатып, ішке қарай енумен болды.

Ресей мемлекетінің қазақ халқының саяси билігінен біржола айырып, өзінің толық отарына айналдыруға белсене кіріскен кезі ХІХ ғасырдың 60-шы жылдары болатын. Ғасырлар бойы Орта Азияны жаулап алуға ұмтылып келген патшалыққа әуелі осы бағыттағы тек экономикалық қана емес, стратегиялық пиғылдары тұрғысынан да сенімді плацдарм болып табылатын Қазақстанды империяның толыққанды отарына айналдыру қажет болды. Оған тек қазақ даласындағы әкімшілік басқаруды өзгерту арқылы ғана қол жеткізу мүмкін еді.

60-шы жылдардың ортасында Ресей Орта Азияны түгелге жуық, ал Қазақстанды толығымен өз иелігіне айналдырды. Енді Қазақстан үшін де империяның басқа ұлт аймақтардағы сияқты өзіндік ерекшеліктері бар арнайы тәртібі дайындалып, күшіне енгізілді. Бұл Қазақстанды Ресей империясының отары ретінде толығымен заңды түрде бекіткен 1867-1868ж.ж әкімшілік басқару реформалары болып табылады.

1867 ж. 11 шілдеде «Сырдария мен Жетісу облысын басқару» –туралы, ал «1868 жылғы 21 қазан Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын басқару» туралы уақытша ереже бекітілді. Орыс патшасы ІІ Александр екі ережені бекіту туралы жобаға қол қойды. Ереже екі жылға уақытша тәжірибе ретінде ғана деп енгізілген ол іс жүзінде 25 жылға созылды.

ІІ Александр бекіткен №61 құжатта «Жетісу мен Сырдария облыстарын басқару туралы» уақытша ереженің жобасы жарияланды. Түркістан генерал-губернаторлығы территориясы жайлы жобада: «Түркістан облысынан Ташкент ауданын 1867 ж. Сырдария өзенінің арғы бетінен басып алынған жерден Семей облысының Тарбаға жотасынан Оңтүстікке қарай жатқан бөлінген құрамды екі облыс: Жетісу мен Сырдария облыстары бар Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды», - деп көрсетілген.

Түркістан генерал-губернаторлығы 1867 жылы Ереже бойынша екі облыстан тұрды: Орталығы Ташкент қаласы болған Жетісу облысынан тұрды.

Жетісу және Сырдария облыстары басқару ісі генерал-губернаторға сеніп тапсырылды, оған сонымен қатар Түркістан әскери округі әскерлерінің қолбасшысы атағы берілді. Генерал- губернатор патша қалауы бойынша тағайындалды және босатылды.

1867-1868 ж.ж. реформа бойынша әкімшілік басқару жүйесі Генерал-губернаторға, ал облыстық басқару ісі әскери губернатормен облыстық басқармаға тиесілі болды. Әскери губернаторға облыстағы әскери және әскери-халықтық басқару жүктелді, ал сондай-ақ Жетісуда орналасқан казак әскерлерін оның Наказной атаманы есебінде басқаратын болды. Облыстық басқармаға губерниялық басқару

міндеті жүктелді. Ол жеке бөлімдері үшін белгіленген талаптарды басшылыққа ала отырып, оларды мүмкін болғанша жергілікті жағдайда қолдануға тиіс болды /4/.

1867-1868 ж.ж. реформалар нәтижесінде қалыптасқан басқару жүйесі халық тағдырына немқұрайлы қарады. Генерал- губернаторлар қызметін ешкім қадағаламады.

1867-1868 жылдардағы «Ереже» бойынша облыстық басқарма арқылы (коллегиалды) орган болып бекітілгенімен, іс-жүзінде бәрі шартты түрде болды. Болыстыққа сайлауға ұмтылғандар көп болады. «Болыс болуға ұмтылу,-деп жазды Ф.К. Гирс өз есебінде,- көбірек жалақы алумен, екінші жағынан алғанда бір болыстың тұрғындарынан салық жинауға қол жеткізумен, жиналған қаржыдан өзіне жасырын үлес алып қалумен түсіндірілді».

1867-1868 ж.ж. әкімшілік басқару реформасы негізінде Оңтүстік Қазақстанда құрылған жаңа басқару жүйесі әскери басқыншылық сипат алды. Орыс әкімшілігі аппаратының билігі әскери күшпен, қарулы күзетпен нығайтылды, бұл жағдай өлкедегі халықтың отарлық езгіге түсуін күшейтіп рухани және материалдық жағынан қысым көрсетуіне жол ашты /5/.

Осылайша «бөліп ал да, билей бер» деген патшалықтың қағидасы Қазақстанда орын алды. Басшылық сатысы мол бұл биік аппаратындағылар бас-басына түрлі құзырлыққа ие болу пұрсатын халық үстінен қалай болса, солай қолданатын болды. Бұл жөнінде қайғы-қасірет шеккен халық өз тағдырын өлең шумақтарында былай бейнелеген:

Бір орыс, бір қазақ қойып «помощник» деп,
Олар да іс ете алмайды екен басып-көктеп,
Жалғыз-ақ болар жерің уезной
Алдыңнан қуалайды «пошел кет» деп!
«Сен болмасаң, анаған барамын»— деп,
Күн қайда, кететұғын сөзін кектеп.
Барар жер, басар тауың болмаған соң,
Қападан міне алмайсың тігеректеп,
Бір ауыз тым болмаса тіл білмейсің,
Өлдің ғой, біздің қазақ тентіректеп /6/

«Уақытша Ереже» бойынша, қазаққа ең ауыр қауіпті тиген ормандарды Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп жариялауы еді (210, 238-баптар). Бұдан былай патша үкіметі қазақтың өз жерін өзіне тек «қоғамдық пайдалануға» ғана беретін болды. Жер мәселесінің осылай шешілуі патша үкіметін қазақ жерлерін жаппай отарлауға мүмкіндік берді. Ресейден қоныс аударып келгендерге құрылыс жұмыстары үшін, егіншілікпен, саудамен, қолөнермен айналысу үшін тегіннен-тегін жерлер, ағаштар алу құқығының берілуі (226-229 баптар) жаппай отарлаудың бастамасы еді /7/.

1867-1868 жылдардағы реформаларды дайындауға қатысып, Жетісуды ол шетінен бұл шетіне дейін аралап өткен А. Гейнс казак қоныстанушыларының бейбастық әрекеттерін былай деп өтінішпен баяндаған: «Жақын маңдағы ағаш атаулыны түп тамырымен қазып алып, тып-типыл еткені сондай бұрын орман өсіп тұрған жерге келген кезде бір шыбықты да көрмейді»

Сонымен бірге, казактар жаңа қоныс орнын тандаған кезде қазақтардан ең шұрайлы жерді тартып алып отырды, ал жергілікті халықты құнсыз, қуаңшылық жерге ығыстырып отырды.

Толық жазасыздық жағдайда казак әскерлерінің жүгенсіздігі олардың кейде «қазақтар малын алуға шығып» оны тартып алып, ол жергілікті халықты құнсыз, ал «қарусыз қазақ өз құқығының қорғаушы құрбандығына ұшырап қалатын» жағдайға

дейін жетті,-деп Жетісуда болған саяхатшы П.П. Семенов Тянь-Шанский ашуызымен жазған /8/.

1867-1868 ж.ж. әскери тірек пункті міндетін атқарған казак қоныстары қазақтарды шұрайлы да құнарлы мекендерінен айырумен бірге, оның егіншілік мәдениетінің де дамуына кедергі жасады, мал шаруашылығының дәстүрлі қоныс аудару жүйесін бұзды. Патша үкіметі түрлі артықшылықтар берген казактар панасыз қазақ жұртына түрлі зорлық-зомбылықтар жасап отырды. Казактар қазақ жеріне, табиғатына немқұрайлы қарап, орманды ысырапсыз пайдаланып, біразын тып-типыл жоқ етті. Жоғарыда айтқанымыздай (А.Гейнстің еңбектерінде) жергілікті халықтан тартып алынған егіншілікке жарамды жерлерді құнары таусылғанша пайдаланып, содан соң оларды тастап басқа жерлерге кетіп отырған.

Казактардың ормандарды ысырапсыз пайдаланып, Жетісудың әсем табиғатына ауыр зардаптар тигізіп жатқанын Түркістан генерал-губернаторы К.П.Кауфман 1867 жылы қазан айында Жетісу өңірінде болған кезінде өз көзімен көрген болатын. Ол казактардың мынандай әрекетіне ашуланып, 1867 жылы жазды: «Түркістан генерал-губернаторы құрылғаннан бері мен Жетісу облысындағы ормандардың сақталуына, олардың жөн-жосықсыз шабылуына, құрып кетуіне көңіл бөліп келемін. Дегенмен, соңғы 10 жыл ішінде өңірде ормандар азайып, құрып кету жағдайына жетіп отыр. Ормандарды сақтау тұрғындардың отынға, құрылысқа деген күнделік қажеттіліктерін өтеу үшін ғана қажет емес. Ормандар жердің құнарлығын, тозбауын қамтамасыз ету үшін аса маңызды. Ормандардың оталуы жердің өнімділігіне тікелей әсер етіп отырғаны байқалуда. Оған Қапал қаласы мен станциясының бүгінгі жағдайы дәлел бола алады. Онда казактардың көргенсіз әрекетінен ормандар жойылып, егістік алқаптар жарамсыз күйге түсті. Мен осыған 1867 жылы сапарымның кезінде облыс басшысына орманды шабуға шек қою үшін тиісті шаралар қолдануды тапсыруға мәжбүр болдым», - деп жазды /9/.

Сонымен қатар, әскери күш ретінде отарлау саясатында белсенді рөл атқарған казактар, жергілікті халықты күшпен ығыстыру нәтижесінде алған құнарлы жерлерді игеруге келгенде айтарлықтай егіншілік мәдениетін таныта алмады. Оны мынандай мәліметтерден аңғаруға болады: XIX ғасырдың 80 жылдары Жетісу облыс басшылығы облыста тұратын казактардың шектен тыс артық жер иемденіп отырғандығын, ал жерлердің игерусіз жатқандығын мойындауға мәжбүр болып, казактар иеленген 214511 десятина жерді алып, оның 7529 десятинасын қалаларға, ал қалған бөлігін қазақтарға қайтарған /10/.

Сонымен қатар, отаршыл билік орындары рухани саладан отарлауды көздеп, нығайтумен болды. Осы мақсатта шіркеу, монастырь салу үшін жерлерді талап, сонымен қатар, оған қаржыны аямай бөлді. Құлық-сұмдықтың түрлі жолдарын қолданған патшалық әкімшілік христиан дінін қабылдағандарға түрлі артықшылықтар жасап, оларға қолдау көрсететіндігін айтып үгіттеумен болды. Православие дініне өткендерге жәрдем ақша бөлінеді деп қызықтырды. Орыстандыру шоқындыру ісі жоғарыда айтылғандай жер мәселесімен де тығыз байланыстырылды. Мәселен генерал-губернатор Колпоковскийдің қоныс аударған орыс шаруаларын қазақтар арасына село етіп қоныстандыруға берілетін түрлі жеңілдіктерді де жасауға тырысты.

Патша үкіметінің өлкеде шоқындыру, орыстандыру саясатының іске асуы барысы жайлы Қ. Кеменгерұлы «Қазақ тарихы атты» еңбегінде былайша көрсеткен: «Қазақты шоқындыру саясаты туды. Мұны орындау үшін ел арасында миссионер шыға бастады, бұлардың ісі ұлтқа зияндығы сезіле бастаған соң, қазақтар қарсы құрал қылып исламға өте бейімделді. Дүниеге қызығып шоқынған орыс қалаларындағы қазақ жұмыскерлерден, рудан пана таба алмай тығылған ғашық адамдардың бірен-саран шоқынғандар болды», - деді /10/. Егер де өз еркімен

христиан дініне кірмеген қазақтар болса, ол жағдайда қорқытып, зорлап, аяусыз жазалап, ұрып-соғып кіргізді. Отарлық билік орындарда орыстандыру саясаты халық ағарту ісімен ұштастырды. Ресей империясы үстемдігі орнаған орыс тұрғындарына арналған оқу орындары ашылып, қызмет ете бастады. Мәселен Жетісу өңіріндегі ең алғашқы-орыс оқу орны қазақтар қоныстанған Сергиополь станциясында 1852 жылы ашылған еді. Отаршыл әкімдердің қолдауымен Жетісуда алты станциялық мектеп (Кіші Алматы, Саргиополь, Ұржар, Лепсі, София, Капал станцияларында) және бір поселкілік мектеп болды.

1867 жылы 25-қазанда Түркістан генерал-губернаторы К.П.Кауфман өлкедегі әскери-губернаторға халық-ағарту ісін қолға алу жөнінде нақты нұсқаулар жөнелтті. Оның Жетісу облыстық әскери-губернаторы Колпаковскийге жолдаған нұсқау хатында: «Халық ағарту ісіне империялық мүдде тұрғысынан қарап, облыста мектептердің санын көбейту жолында қолдан келген шараның бәрін жасаңыз» - делінді.

Мемлекеттік қазынадан бөлінген қаржы бастапқы кезде казак станциялары мен орыс поселкілеріндегі тұрғындардың балаларын оқытуға жұмсалды. Жергілікті қазақ-қырғыз балаларын оқытуға қазынадан қаржы бөлу көзделмеді. Дегенмен, жергілікті халық балаларының орыс оқу орындарында оқымауы - Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфманды аландатқан болатын. Оның пікірінше, жергілікті халық балаларының орыс мектептерінде оқу империяның тұтастығын қамтамасыз етеді, сондықтан да олардың православия дінін қабылдамағандығы кедергі болмауға тиіс- деді /12/.

Дегенмен де отаршылдық саясат түрлі жолдармен жүргізілді. Соның ішінде жергілікті халықты қанау, мазақ ету, ұрып-соғу т.б. да жағдайлармен жүргізілді. «Уақытша ережелердің» негізімен салық жүйесіне де өзгерістер енгізілді. Түгін салығы екі есе ұлғайтылды, әр шаңырақ жылына 3 рубль төлеуі тиіс болды (168 бап). Онымен қоса жергілікті әкімшілікті және ауылдарға келген патша чиновниктерін «асырау», «баптап күту», халық ағарту ісін, жолдар мен көпірлер құрылысын өтеу сияқты міндеткерліктер де халықтың мойнына жүктелді (204-207, 209 баптар).

«Уақытша ережеде» жоғарыда айтылғандай мұсылман дінін қазақтарға және қазақтардың қоғамдық өміріне ықпалын шектеуге бағытталған шаралар да қарастырылды. «Ережеде» мұсылман дін иелерінің құқығына көптеген шектеулер қойылса, керісінше христиан дінін қабылдайтын қазақтарға жеңілдіктер берілді. Қазақтарға балаларын ана тілінде оқытуға тиым салынып, орыс-қазақ мектептерінің ашылатыны айтылды. Осылайша «Ережеде» қазақ даласында әкімшілік қайта құрулар жасау - өлкені орыстандыру мақсатындағы рухани отарлау жұмысымен қатар қойылды.

Жоғарыда айтылғандай «Уақытша ережені» даярлағанда қарапайым халықтың жағдайы мүлдем ескерілмеді. Ата-қоныс жерлерінен айырылған халық адам айтқысыз мүшкіл жағдайда қалды. Жерінен, елінен үмітінді үз дегендей келімсек қарашекпен Сахараға орнығып жайланып жатты. «Шағынатын, арызданатын жерің жоқ. Ауызыңды ашсаң итжеккеннен бірақ шығасын», - деп Өмірқалиев ақын өлең шумақтарында былай дейді:

Жауға шабар елің жоқ,
Сақадай болып сайланып.
Төсек жады мырзалар,
Ала баспақ байланып,
Үй күшіктей үреді.
Отының басын айланып,
Жердің алды құрайып.
Дуан салып жайланып.

Датынды айтсаң орысқа
Сібірге кеттің айдалып.
Бейнең қандай болды екен
Қарасаңшы бір мезгіл
Қолдарына айна алып/13/.

Сонымен империялық басқару жүйесін жетілдіру мақсатында жүргізілген бұл реформалар отаршыл әкімшілік шендерін әлдеқайда кеңейтіп, қазақ даласында Ресей империясының мемлекеттік аппаратының белгілі бөлігін құрады. Патша үкметі әкімшілік билігін түгелімен өз қолына жинақтады, сөйтіп қазақ халқын Ресей империясының отарлау саясатының құрамына айналдырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шонанұлы Т. Жер тағдыры - ел тағдыры. – Алматы, 1995. –224 б.
2. Сонда. 30-31 беттер.
3. Әбенова Б.С. 1868 ж. әкімшілік басқару реформасының Орынбор өлкесіне енгізілуі және оның зардаптары.
4. Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі (XIXғ. 1917ж.).- Астана., 2004. 64-65 б.
5. Шуланбекова Г.К. 1867 жылғы Оңтүстік Қазақстанның саяси жағдайыж. // Вестник. №3, 2004.
6. ҚР ОМА, 25 қ. І.1 20.20 іс, 194 т.
7. Әбенова Б.С. 1868 ж. әкімшілік басқару реформасының Орынбор өлкесіне енгізілуі және оның зардаптары.
8. Қазақстан тарихы, 3 том. Алматы, 2002.- 415б.
9. Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі. – Астана., 2004. 116 б.95-97 б.
10. Сонда.
11. Сонда.
12. Әбенова Б.С. 1868 ж. әкімшілік басқару реформасының Орынбор өлкесіне енгізілуі және оның зардаптары.
13. Қазақ кітабы және цензура. //Ақиқат, №2. 1999 ж. 45 б.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о последствиях для Казахстана царской реформы 1867-1868 годов.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада патшалық Ресейдің 1867-1868 жылдардағы реформасының Қазақстанға тигізген зардаптары туралы айтылған.